

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

**РАДИОЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
ӘСКЕРИ-ИНЖЕНЕРЛІК ИНСТИТУТЫ**

**ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР.
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТ
ТАРИХЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ**

**курсанттар мен студенттердің жыл сайынғы
XIV ведомствоаралық ғылыми-теориялық конференция
ЖИНАҒЫ**

2025 ж. 29 сәуір



СБОРНИК

**ежегодной XIV межведомственной научно-теоретической
конференции курсантов и студентов**

**МОЛОДЕЖЬ И НАУКА.
О ВКЛАДЕ ГЕРОЕВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЫ В ИСТОРИЮ НАЦИИ**

29 апреля 2025 г.

Алматы

**ББК 68.49 (5 Каз) 3 я 613
Қ 79**

Редакционный совет:

Кабаков Н.Д., генерал-майор

Кабышев Е.М., полковник

Исмагулова Н.С., майор

Алтынбек Қ.С., капитан

Куантаева З.Т., гражданский персонал

Қ 79. Молодежь и наука. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации. – Сборник материалов научно-теоретической конференции / Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи. – Алматы, 2025 г. – 361 с.

Сборник подготовлен по материалам XIV ежегодной межведомственной научно-теоретической конференции курсантов и студентов «Молодежь и наука. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации» (Алматы, 29 апреля 2025 г.)

В сборнике материалов конференции представлены доклады курсантов и студентов высших учебных заведений Республики Казахстан. На конференции рассмотрены актуальные проблемы военного образования, вопросы истории, экономики и политики. Большое внимание уделено вопросам повышения качества подготовки специалистов.

Сборник материалов конференции предназначен для курсантов и студентов, профессорско-преподавательского состава, научным подразделениям высших военных учебных заведений МО РК, КНБ РК, МВД РК и других силовых структур.

**ББК 68.49 (5 Каз) 3я43
© Военно-инженерный институт
радиоэлектроники и связи, 2025**

ОРГАНИЗАЦИОННЫЙ КОМИТЕТ

Председатель	Кабышев Е.М., заместитель начальника института (по учебной и научной работе) – начальник учебно-методического управления, полковник
Заместитель	Исмагулова Н.С., профессор – начальник научно-исследовательского отдела, к.ф.н., профессор, майор
Члены комитета	Алтынбек Қ.С., начальник редакционно-издательского отделения, капитан Куантаева З.Т., старший научный сотрудник

050035, город Алматы, улица Жандосова, 53.

Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи.

Телефон научно-исследовательского отдела: 8/727/303 69 07, эр 233 18.

№	СОДЕРЖАНИЕ	стр
1	Кабышев Е.М. Вступительное слово	9
2	Мейрамбек Д. Майданда болған қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы және әскери тәрбие	11
3	Есенгельдинова М.Б. Көркем шығармаларды оқытуда «telegram_bot» платформасын пайдаланудың тиімді жолдары	13
4	Ерсінбаев Е.С. Сохранение памяти о Великой Отечественной войне у будущего поколения	17
5	Рахимжанқызы А. Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен қауіптер	20
6	Амурзаков А.Б. Великая Отечественная война как часть боевой истории Республики Казахстан	24
7	Акылбай Х.Д. Жеңіске жеткізген техникалар	26
8	Карбекова А.Р. Жастар және ғылым: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ғалымдары мен инженерлерінің үлесі	29
9	Біржанұлы Ш., Ахмаджанов Д.С., Воронцов И.А. Создание прототипа Пушки Гаусса с помощью современной элементной базы	30
10	Сағымбек Е. Нанороботтар	37
11	Ержан М.Е., Хасен Е.Х., Акбаров Б.Б., Дисюков Ч.А. Моделирование печатного диполя для патч – антенны с круговой поляризацией	42
12	Алимов А.А. О совершенствовании каналов передачи данных в радиотехнических подразделениях	46
13	Серікұлы С. Вклад специалистов радиоэлектронной борьбы в победу в Великой Отечественной войне	49
14	Дисюков Ч.А. Помехозащищенный универсальный блок питания	51
15	Даркулов Д.Н. Проведение киберспортивных соревнований среди студентов	54
16	Ахмаджанов Д.С., Байсабаев Ж.Ж., Габбасов Т.В. Особенности применения сложных директорных антенн в радиолокационных станциях	57
17	Ахмаджанов Д.С., Байсабаев Ж.Ж. Особенности излучений плоских излучающих поверхностей разных форм	60
18	Улдахан Ж. Понятие, виды Вооруженных конфликтов	62
19	Есиркепов Д., Жумасов А., Ясын А. Железный купол: эффективная система противоракетной обороны Израиля	66
20	Бектанов О.Е. Маршрутизация в мультисервисной сети	70
21	Үшкемпір С. Инженерлік графика пәніне электрондық оқулық құрастыру	75
22	Карпиков А. Разработка эффективного поршневого двигателя для дронов	78
23	Абеуов Н.Н. Разработка программного приложения для расчета диэлектрической проницаемости материалов методом Николсона-Росса-Вейра	80
24	Сағиев Ә. Жылу өткізгіштік тендеуіне қойылған Коши есебі	84
25	Мұратбек М.А. Chat GPT – инновациялық чат-бот	86
26	Ақбаров Б.Б., Иманбаев Т.Б. Разработка антенны Rfid с круговой поляризацией	89
27	Абдраимов Д. Системы программирования и основные сведения о языке C++»	92

28	Алибатыров Д. Сферы применения и возможности языка программирования Python	96
29	Куатбаев А. Булевы функции	99
30	Аскербек Е. Антропогенные факторы, влияющие на окружающую среду	100
31	Абдильдин Э.Д. Актуальный анализ языка программирования C++	105
32	Муралим А. Желілік электр станциялары	108
33	Татен А.М., Мырзабек Н.З. Адам өміріндегі физика	110
34	Жумасов А. Тайна числа π	113
35	Сағымбек Е.К. Нанотехнология	119
36	Korpebay A.A. Lessons of cybersecurity from WW2: espionage, code breaking and digital protection	121
37	Нышанәлі Е. Вклад специалистов радиоэлектронной разведки в победу в Великой Отечественной войне	123
38	Asiya A.S. The use of abbreviations in the field of information technology: a means of accelerated communication and semantic unification	127
39	Omar Zh.Y. Great patriotic war heroes and their enduring role in shaping scientific thought	129
40	Tumar B.U. Kazakhstan's role in the great patriotic war and echoes of war in modern Kazakhstan	132
41	Нурманов Е.С. Молодежь и наука. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю	138
42	Бектұрсын Н. Жастар тіліндегі жаңа трендтер және оларды қазақ тіліне аударудағы қиыншылықтар	140
43	Жұмаділлә М. Халқы үшін туған ерді елі өсіреді	144
44	Қуатбаев А.Б. Қару-жарақтардың шығу тарихы	148
45	Тлеулес Е.Қ. Қазақ батырларының өмірі – жастарға өнеге	150
46	Гарупжанов О.Е. Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық қазынасы	153
47	Асқарұлы М. Воины-герои Советского союза – североказахстанцы, участники Великой отечественной войны 1941-1945 г.г.	155
48	Жайлобайуулу У. Что такое патриотизм?	160
49	Алғаш Н.А. Қазақ халқының аты аңызға айналған ұлы – Бауыржан Момышұлы	161
50	Канатов А.К. Усовершенствование процесса формирования профессионально-коммуникативных умений у курсантов ВВУЗа	164
51	Тұрсынғажы А.А., Сабыров А.Б. Молодёжь и наука. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации	169
52	Мырзағазыұлы Н. Герои-казахстанцы Великой Отечественной войны: подвиг, достойный памяти	173
53	Канатов А.М. Некоторые аспекты успешных достижений в Великой Отечественной войне	175
54	Ахмаджанов Д.С. Молодежь и наука. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации	179
55	Тұрсынбай А.Н. Ағылшын балалар әдебиетіндегі тұрақты тіркестердің қазақ тіліне бейімделуі	181
56	Алибатыров Д.Д. Героизм казахстанцев на фронтах Великой Отечественной войны	185

57	Даркулов Д.Н., Иванов Н.В. Молодежь в науке: мотивации, взгляды, жизненные стратегии	190
58	Серікбай М.Б. Анимациялық фильм кейіпкерлерінің есімдерін қазақ тіліне аудару ерекшеліктері	194
59	Уваров А.А. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации	198
60	Оңғарбек А.Н. Ұлы Отан соғысының әйел батырлары: жеңіске қосқан үлесі және олардың қазіргі жастар үшін маңызы	202
61	Ақан А.Б. Вклад героя Великой Отечественной войны Малика Габдулина в историю нации	205
62	Бекболат Н.С. Ұлы Отан соғысы ардагері: Әди Шәріпов	207
63	Васильев А.А. Герои Великой Отечественной войны: Талгат Бегельдинов	210
64	Байгулов А.Н. Творчество сына аула в Великой Отечественной войне	214
65	Абсалықов М.М. Ар-намысты биік қойған дарабоз сарбаз	217
66	Сапарбек А. Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасы	219
67	Ахмаджанов Д.С. Развитие патриотизма у курсантов высших военных учебных заведений Республики Казахстан	222
68	Елемес А.Т. Оқырман және әскери басылымдардың тәрбиелік рөлі	225
69	Қалибек Д.А. Бауыржан Момышулы – тактика ведения войны	228
70	Мұратбек М.А. Патриоттық рух – басты құндылық	229
71	Муралим А.Р. Тіл – халықтың қазынасы, ұлттың жаны	232
72	Құдайберген А. Мәтін арқылы ой мен тілді дамыту	235
73	Тойшы М. Қазақтың қанатты қызы – Хиуаз Доспанова	238
74	Төлеутай О. Б. Момышұлы шығармаларының тәрбиелік мәні	240
75	Қайдаров Д. Қазақтың даңқты генералдары	243
76	Khasan S.R. English war correspondents on the great patriotic war	245
77	Махаметов А.Р. Ғылым және патриотизм: Қаныш Сәтбаевтың соғыс жылдарындағы еңбегі	249
78	Оразбек А.А. Ұлы Отан соғысының батырлары: бүгінгі мәдениеттегі тарихи мұра	252
79	Мұқан С.С. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі экономикалық терминологияның ерекшелігі	254
80	Амурзаков А.Б. Казахстанские герои Великой Отечественной войны, как пример для современной молодежи	258
81	Мэлс А.А. Туризм саласындағы аудармашылардың рөлі	261
82	Танирберген Н. Ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей тәржімеленген көркем шығармаға аудармашылық талдау	265
83	Берикказинов А.А. Лица победы: как цифровые технологии помогают молодёжи сохранять память о героях Великой Отечественной войны	268
84	Қадыр Қ.Ә. Жоба жұмысы: соғыстан кейінгі жастардың ғылымға қосқан үлесі	272
85	Тәуекел А. Аудармадағы аударылмайтын сөздер	275
86	Ауесбек А. Ұлы Отан – отты соғыс жылдардағы генерал Сабыр Рахымовтың ерліктері	278

87	Мұхтар Ж. Ерліктің қайталанбас символы	282
88	Сұлтанбек М. Единство и толерантность в Казахстане: влияние Великой Отечественной войны	285
89	Аязбаев А., Толеуғалиев Д. Подвиг казахстанцев – героев-летчиков	287
90	Токтасын А.Б. Судьбы народов, депортированных в Казахстан во время Великой Отечественной войны	289
91	Жүрсін Н. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Еуропадағы партизандық күреске қазақстандықтардың қосқан үлесі	293
92	Абдраимов Д.А. Роль аутентичного материала в изучении английского языка	295
93	Еркін Ғ. Ағылшын тілін білу – заман талабы	297
94	Алискер А.Р. Лингвострановедческий подход в обучении иностранному языку курсантов военного ВУЗА	299
95	Лепес Д.А. Креативность как основа подготовки курсантов военного ВУЗа при обучении иностранному языку	302
96	Воронцов И.А. Вклад казахстанских женщин-связистов в исход Великой Отечественной войны	305
97	Карпиков А.М. Творческий путь Розы Баглановой	307
98	Беделбай А. Эмоциялық көңіл-күйді білдіретін фразеологиялық бірліктерді аударудағы ұлттық-мәдени сәйкестік	309
99	Капас Р.Е. Совершенствование подготовки кадров в военно-учебных заведениях государств-участников СНГ: проблемы, пути их решения и перспективы	313
100	Тынышева Г. Жастардың ғылым мен қоғамдағы белсенді рөлі: қазіргі мен болашақтың құрылысшылары	316
101	Бақтыбаева Н. Ұлттық мақтаныш: ардагерлердің жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы рөлі	317
102	Кемельбек А.Н. О вкладе героев Великой Отечественной войны в историю нации	319
103	Нураддин Л. Жастардың ғылым мен қоғамдағы белсенді рөлі: қазіргі мен болашақтың құрылысшылары	321
104	Сейдуалы Д. Шешендік өнердің рухани сөз өрнектері	322
105	Гаипназаров Р. Дәлелді сөйлеу шеберлігі	324
106	Алтынбек А. Баубек Бұлқышевтің әскери-патриоттық рухтағы әдеби мұрасы	326
107	Молдабек Д.Ғ. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармасындағы батыр бейнесі	329
108	Молдаханов Д.С. Абай поэзиясындағы саятшылық өнер (қыран бүркіт, жүйрік ат)	332
109	Сетан Г.Р. Изучение английского языка: перспективы и возможности	334
110	Чолпанғалиев А.У. Преимущества знания английского языка на просторах интернета	337
111	Өтебай О.Б. Молодежь и наука. Вклад героев Великой Отечественной войны в историю нации	340
112	Құдайбергенова Ә.Д. Ұлы Отан соғысының жас қаһармандары: жасөспірімдер мен жастардың тарих пен ғылымға қосқан үлесі	341
113	Маканов Ә. Б.Момышұлының әскери-педагогикалық мұрасы және оның жалпы әскери жоғары оқу орындарында курсанттарды тәрбиелеудегі маңызы	343

114	Құттыбай Д.А. Қазақстан Ұлы Отан соғысында (1941-1945 ж.ж.). Барлығына бір жеңіс!	347
115	Калиев Н.Е. Ұрпақтар сабақтастығы: соғыс батырларының өнегесі қазіргі жастар үшін	350
116	Арипов Д.Г. Воспитание курсантов на героическом примере воинов- казахстанцев в годы Великой Отечественной войны	353
117	Абдумуратов Н.К. Великая отечественная война глазами потомков	356

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар, курсанттар!

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына қош келдіңіздер!

Бүгінгі ғылыми конференция «Жастар және ғылым. Ұлы Отан соғысы» сынды маңызды мәселелерге арналып отыр.

Биыл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс, 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғысының жеңіспен аяқталғанына 80 жыл толып отыр. Бұл батырлық пен ерліктің, қайсарлық пен бірліктің символына айналған айтулы мереке. Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның бейбіт аспаны, тұрақтылығы мен өркендеуінің жемісі – қастерлі Жеңіс мерекесі аясында елімізде маңызды іс-шаралар өткізілуде, бүгінгі конференция соның дәлелі.

Елге мұра, ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңісті ұлықтау, қан майданда оқ пен оттың арасында өмірлерін қиған және тылда жанкешті еңбектерімен жеңіске үлестерін қосқан ардагерлерімізді, есімдері ерлік шежіресінде жазылған батырларымызды құрметтеу, даңқты жолдарын үлгі-өнеге тұту – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Соғыс жылдары миллиондаған адам майданға аттанып, Отан үшін жанын қиды. Қазақстаннан 1 миллион 200 мыңнан астам жауынгер соғысқа қатысып, олардың жартысына жуығы майдан даласынан оралмады.

Соғыс жылдарында Қазақстанда жүздеген әскери бөлімдер жасақталды, мыңдаған тонна азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ майданға жөнелтілді. Тыл еңбеккерлері күндіз-түні ұйқысыз еңбек етіп Жеңістің жақындауына бар күш-жігерін салды. Бұл еңбек пен ерліктің, бірлік пен рухтың көрінісі болды. Халқымыздың батыр ұл-қыздары – Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегелдинов сынды ер жүрек азаматтарымыздың есімі әрдайым жадымызда. Ардагерлеріміздің ерлігі – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргетасына айналған тарихи сабақ.

Бывают события, которые по прошествии десятилетий стираются из памяти людей и становятся достоянием архивов. Но есть события, значение которых не только не уменьшается со временем, а, напротив, с каждым новым десятилетием приобретают новую значимость, становятся бессмертными.

Война, ставшая для нас Великой Отечественной, которая была в прошлом веке, 80-ую годовщину которой мы будем отмечать 9 мая, до сих пор откликается травмирующей болью в каждой казахстанской, каждой постсоветской семье. Еще многие годы исследователи будут обращаться к теме Второй мировой войны вновь и вновь. Это не просто юбилейная дата, это живая память о подвиге миллионов людей, отстоявших свободу и независимость нашей Родины.

Почему же мы вновь вспоминаем о ней?

Потому что мы хорошо знаем цену миру, мирной жизни! Потому что она дорого нам обошлась. Мы понимаем, что за все, что мы имеем – жизнь и праздник в нашей жизни, мы обязаны тем, кто воевал, погибал, выживал в тех адских условиях, когда казалось, что невозможно было выжить. За плечами этого праздника страшное время войны, разрушенные города и села, сломанные судьбы, миллионы смертей. События ВОВ не должны быть стерты из нашей памяти, сколько бы ни сменилось поколений после ее окончания. В этот день мы вспоминаем тех, кого с нами нет, и поздравляем тех, кто дошел до этого светлого дня. Совсем немного осталось ветеранов, но они вновь наденут ордена и встретятся, чтобы вспомнить военное прошлое. Мы склоняем головы перед героями той войны – перед теми, кто сражался на фронтах, трудился в тылу, кто пережил блокаду, концлагеря, кто поднимал страну из руин в послевоенные годы. Их стойкость, мужество и вера в Победу – это пример для всех нас. Наша задача – сохранить эту память. Передать ее будущим поколениям не как сухую дату в учебнике, а как живое знание, как часть нашей идентичности и нравственного выбора. Особенно сейчас, когда историческая правда подвергается искажениям и забвению. В этой связи будет уместно привести высказывание о сути войны нашего легендарного полководца и известного писателя

Бауыржана Момышулы: «Война – частное и временное, но самое критическое явление в жизни человека. Она на долгие годы решает судьбу его родины, судьбу его народа. Народ бессмертен. Война – великий экзамен народной мощи и воли. Сколько бы ни длилась она, являясь потрясающим событием в человеческой жизни, но оставляет лишь глубокий шрам. Через десятилетия, подлечив раны, народ продолжает жить, он не погружается и не утопает в бездне войны, а стоит выше – над войной, строит, руководит, движется вперед».

Сегодняшняя конференция – это не только дань уважения прошлому, но и разговор о будущем. О том, как сохранить преемственность поколений, как воспитывать молодежь в духе патриотизма, уважения к истории и готовности защищать Родину.

Дорогие друзья, пусть память о Великой Победе объединяет нас, вдохновляет на добрые дела и помогает строить мир, в котором подобная трагедия никогда не повторится.

Разрешите выразить всем Вам, в особенности гостям из других учебных заведений признательность и благодарность за участие в конференции проводимой в стенах Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи.

Ұлы Жеңіс – бұл тек өткен тарих емес, бұл – бүгінгі ұрпаққа қалдырылған ұлы аманат, ол болашаққа бағдар беретін, елдігіміз бен бірлігімізді ұлықтайтын рухани мұра. Біз бейбіт өмір сүріп жатқанымыз үшін сол жеңісті жақындатқан аға буынға қарыздармын. Бүгінгі ұрпақтың міндеті – сол ерлікті ұмытпау, тарихты терең тану, бейбітшіліктің бағасын білу. Баршаңызды Ұлы Жеңістің 80 жылдымен құттықтаймын!

Конференция жұмысы табысты болуына тілектеспін!

МАЙДАНДА БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ТӘРБИЕ

Д. МЕЙРАМБЕК

ҚР ҰҚК Академиясының курсанты

Ұлы Отан соғысы тек әлем тарихындағы ең ірі әскери қақтығыс қана емес, сонымен қатар біздің халқымыздың өміріндегі маңызды кезең болды. Бұл уақытта қоғамның барлық салаларының дамуына соғыс әсер етті, оның ішінде өнер мен мәдениет те ерекше орын алды. Соғыстың ауыртпалығы мен қираған дүниеге қарамастан, өнер мен мәдениет халықтың рухын көтеру, патриоттық сезімін күшейту үшін маңызды құралға айналды. Әдебиет, музыка, кино, театр, бейнелеу өнері – барлығы Ұлы Отан соғысы кезінде жаңа мәнге ие болды, адам жанының еркіндігі мен мықтылығын көрсетті.

Соғыс кезіндегі өнердің басты мақсаты – халықтың рухын көтеру, жеңіске деген сенімді нығайту, фашизмге қарсы күреске жұмылдыру болды. Сонымен қатар, өнер соғыс құрбандарының есімін мәңгілікке қалдыру үшін де қолданылды.

Әдебиет Ұлы Отан соғысы кезінде халықтың рухын көтерудің негізгі құралдарының бірі болды. Көптеген жазушылар соғысқа қатысты шығармалар жазып, майданда болғандардың ерлігін, жауынгерлердің батылдығын, тылдағылардың еңбегін суреттеді.

Мысалы: Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармасы. Балауса жастық шағынан бері, Совет армиясының үздік мектебінде шыңдалған, Ұлы Отан соғысының отты күндерін басынан кешірген даңқты қаһарман, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы туралы баяндайтын атақты шығарма.

Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасы. Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романы – қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбына жазылған алғашқы шығарма, әскери мемуар. «Москва үшін шайқас» - Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының қаламынан туған бұл роман түгелдей тарихи шындық пен нақты дәйекті оқиғаларға құрылған. Роман мазмұны Екінші дүние жүзілік соғысының отын тұтатқан неміс басқыншыларына қарсы соғыста елін қорғаған ержүрек ерлер, соғыс зардабы, шабуыл мен қорғаныстың айла-тәсілдері, батырлық пен шешімталдық, туған жер, достық, сағыныш сынды құндылықтарды баяндайды.

Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала» повесі. Повесте автор Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған. Бұл повесте сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде, Украина жерінде жау тылында, партизандар қатарында болған он жасар қазақ баласының басынан кешкен қилы-қилы өмір соқпағы суреттеледі.

Бейнелеу өнері соғыс жылдарында адам рухын көтеруге және жеңіске деген сенімді нығайтуға қызмет етті. Соғыс суреттері мен батальды картиналарда халықтың ерлігі мен мықтылығы, соғыс қасіреті мен жеңіс үшін күресі бейнеленді. А.Алексеев, И.Глазунов сынды суретшілер өз жұмыстарында майдандағы жеңістерді, батырлықты, сонымен қатар соғыстың ауыртпалықтарын көрсетті. Мұндай картиналар майданда жүрген адамдарға күш пен жігер беріп, жеңіске деген сенімді арттырды.

Соғыс кезінде музыка мен әндер үлкен рөл атқарды. Олар тек көңіл-күйді көтеріп қана қоймай, сонымен қатар халықты біріктіруге, патриоттық сезімді қалыптастыруға және дұшпанға қарсы күреске ынталандыруға қызмет етті. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Қазақстан композиторлары 300-ден астам музыкалық шығармалар: опералар, симфониялар, әскери-патриоттық әндер жазды. Соғыс жылдарында опера өнері дами түсті. 1942 жылы Е.Брусиловскийдің «Гвардия, алға!», 1944 жылы А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» опералары қойылды. Соғыстан кейінгі жылдарда Е.Брусиловский мен М.Төлебаевтың «Амангелді», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров»,

М.Төлебаевтың «Біржан - Сара» опералары жазылды. 1949 жылы осы операның авторларына және негізгі партиясын орындаушыларға КСРО Мемлекеттік сыйлықтары тапсырылды.

1940 жылы «Көктем» атты алғашқы қазақ балеті қойылды. Соғыс жылдарында Қазақ музыкалық театрының балетіне Г.Березова жетекшілік етіп, сахнада әлемге әйгілі артистер өнер көрсетті. 1942 жылы маусымда Галина Уланова Алматыда алғаш рет театр сахнасына шықты.

Республикада жаңа театрлар ашыла бастады. 1937 жылы Қызылордада Корей музыка-драмалық театры, ал 1944 жылы Алматыда Балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырылды. 1937 жылы Қазақ театры академиялық театрға айналды, бірқатар актерлер республиканың халық және еңбек сіңірген артистері атақтарын алды. Облыстық және көркемөнерпаздар театрларының саны артты. Ш.Айманов, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, К.Қармысов, Х.Бекеева сияқты актерлер елге танылды, Ы.Ноғайбаев, Н.Жантөрин және т.б. актерлік өнер жолын бастады.

Кино өнері соғыс жылдарында адамдардың бойында ерлік, патриотизм сезімдерін оятудың басты құралдарының біріне айналды. Кинематографистер Ұлы Отан соғысының ауыр да, ұлы сәттерін бейнелеп, халықты жеңіске жұмылдыру үшін көп күш жұмсады. Осы кезеңде түсірілген көптеген фильмдер халық арасында кең танылып, олар жеңіс үшін күреске ынталандырды.

«Сталинградская битва», «Ленинград» сияқты фильмдер халықтың батырлығын көрсетіп, майданда және тылда еңбек еткен адамдардың ерліктерін суреттеді. Кино шығармалары көрермендерді рухтандырып, олардың жеңіске деген сенімін арттырды. Фильмдерде халықтың бірлігі мен ерлігі көрсетілді, сондай-ақ әрбір адамның жеңіске қосқан үлесі мадақталды.

Одан бөлек Қазақ киносында біршама дамыған болатын. 1938 жылы Қазақстанда тұңғыш көркем фильмдер студиясы ашылды. 1938 жылдың соңында Алматы кинохроника студиясы ұйымдастырылып, қазақтың тұңғыш дыбысты деректі фильмі «Жамбыл ата» көрерменмен табысты. Осы жылы «Ленфильм» киностудиясында қазақстандық кинематографистердің алғашқы көркем фильмі - «Амангелді» түсірілді. Қазақстанның кино саласында 1941 жылы эвакуацияланған «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларымен бірлескен киноактерлер мектебі құрылды. Мәскеу және Ленинград киностудиялары Қазақстан астанасына қоныс аударып, олар Алматы көркем фильмдер киностудиясымен бірігіп көптеген фильмдер түсірді. Олардың қатарына «Екі жауынгер», «Илья Муромец» және т.б. фильмдерді жатқызуға болады. 1945 жылы Алматы көркем фильмдер киностудиясы тұңғыш рет өз күшімен «Абай әндері» фильмін жарыққа шығарды. Сол жылдары «Буратиноның бастан кешкендерінің» авторы А.Н.Толстой, Самуил Маршак, жазушылар Михаил Зощенко және Константин Паустовский, «Степа ағайдың» авторы және қазіргі белгілі кинорежиссер Никита Михалковтың әкесі Сергей Михалков, атақты режиссер С.М.Эйзенштейн, белгілі актерлер Николай Черкасов, Михаил Жаров, Любовь Орлова, Марина Ладынина, Николай Крючков, Борис Андреевтер Қазақстан астанасында тұрып, еңбек етті. 1943ж. түсірілген комедия жанрындағы "Ақ гүл" атты қыскаметражды фильмі де сәтті шыққан туындылардың бірі болды. Ұлы Отан соғысы кезінде жалпы саны 120 деректі фильм мен 500-ге жуық киножурналдар экранға шықты.

Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінде көптеген мәдени мекемелер жабылды немесе эвакуацияланды. Алайда, мәдениетті сақтау және халықтың рухын көтеру үшін театрлар, кітапханалар, мұражайлар және басқа да мәдени ұйымдар жұмысын жалғастырды. Соғыс кезінде халық мәдениетінің сақталуы, рухтың құлдырамауы үшін көптеген өнерпаздар шығармашылықпен айналысты.

Оккупацияланған аумақтарда да мәдениет тоқтаған жоқ. Қиын жағдайларға қарамастан, партизандық топтар мен оккупацияланған қалаларда мәдени шаралар

ұйымдастырылып, халықтың рухы көтерілді. Театрлар мен концерттер ұйымдастырылып, патриоттық әндер мен поэзия оқылды.

Соғыс өнер мен мәдениетті терең өзгерістерге ұшыратты. Бейнелеу өнері мен әдебиеттен бастап, кино және музыкаға дейінгі барлық жанрлар соғыстың ауыртпалығын және жеңіске деген үмітті көрсетуге бағытталды. Бұл кезеңде шығармашылық адамдардың майдандағы ерлігін, тылдағы еңбекқорлықты және халықтың бірлігін жоғары деңгейде суреттеді.

Әдебиет пен өнер тек сол кездегі жағдайды бейнелеп қана қоймай, болашаққа да үндеу тастады. Осы шығармалар, әсіресе, жастар үшін маңызды болды, өйткені олар өткеннің қателіктерінен сабақ алып, болашақта бейбіт өмірді сақтап қалу қажеттігін сезінуге мүмкіндік берді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында өнер мен мәдениет үлкен рөл атқарды. Ол халықтың рухын көтеріп, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Әдебиет, музыка, кино, бейнелеу өнері – барлық осы салалар адамдардың сенімін нығайтып, оларды жеңіске жетуге ынталандырды. Сол кездегі шығармалар мен өнер туындылары бүгінгі күнге дейін ұмытылмай, халқымыздың ерлігін, бірлігін, жеңіске деген сенімін бейнелеп келеді. Өнер тек өткеннің көрінісі ғана емес, сонымен бірге келешекке деген үміт пен сенімділіктің символы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Б.Момышұлы: Москва үшін шайқас (Жазушы, 2009 жыл);
- 2 Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала» (Атамұра, 2003 жыл);
- 3 Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін) Кабульдинов З. (Атамұра, 2019 жыл);
- 4 Қазақстан тарихы порталы (<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8987>).

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА «TELEGRAM BOT» ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

М.Б. ЕСЕНГЕЛЬДИНОВА

*6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,
I курс студенті, Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті*

Г.Е. ЕСИРКЕПОВА

*ф.ғ.к., доценті Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті*

Түйіндеме. Мақалада «Telegram BOT» бағдарламасын жасауға қысқаша нұсқаулық берілген. Сонымен қатар боттың жауап беру тізбектері, құрылымы жазылған. Әдебиет сабағын түсіндіру кезінде заманауи бағдарламаларды пайдаланудың тиімділігі анықталып, практикалық тұрғыдан көрсетілді.

Түйін сөздер: TelegramBot, әдебиет пәні, жауап беру тізбегі, әдебиет пәнін оқыту, тиімділік.

Annotation. The article provides a brief guide to creating the Telegram BOT program. In addition, response chains and the structure of the bot are prescribed. The effectiveness of using

modern programs in interpreting a literature lesson has been determined and demonstrated from a practical point of view.

Аннотация. В статье представлено краткое руководство по созданию программы «Telegram BOT». Кроме того, прописываются цепочки ответов и структура бота. Определена и продемонстрирована с практической точки зрения эффективность использования современных программ при интерпретации урока литературы.

Мақсаты: Сабақ барысында «Telegram Bot» платформасын пайдалану арқылы оқыту процесін тиімді ету, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, және білім беру сапасын жақсарту.

Міндеттері:

1. **Жасанды интеллект құралдарын оқытуға енгізу:** Жасанды интеллекттің көмегімен сабақ барысында қолдануға болатын құралдар мен платформаларды зерттеу және таңдау.

2. **Оқу материалдарын жекелендіру:** Оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын анықтап, маңызды ақпараттармен таныстыру.

3. **Тиімді кері байланыс:** Жасанды интеллект арқылы оқушылардың білімін талдау және олардың білімі туралы уақытылы және нақты кері байланыс беру.

4. **Оқушылардың белсенділігін арттыру:** Сабақтарда жасанды интеллекттің интерактивті мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыру.

5. **Білім нәтижелерін бағалау:** Жасанды интеллект арқылы оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде талдау және бағалау.

Bot (робот сөзінің қысқартылған түрі) – адамның кей қызметін атқара алатын программа. Бот – бұл автоматты түрде немесе пайдаланушы анықтаған режимде адамдар жиі қолданатын интерфейстер арқылы бірқатар әрекеттерді орындайтын бағдарлама.

Telegram – бүгінгі таңда танымал мессенджерлердің үздік 5-тігіне кіреді. Ол чат боттарға бұрынғы сұранысты қайтарды. Себебі бұл мессенджерде боттардың мүмкіндігі айтарлықтай кеңейтілді.

Telegram bot – бұл пайдаланушыларға мессенджердің өзі арқылы әртүрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін автоматты режимде құрылған арнайы аккаунт.

Боттар Бұл бағдарламамен басқарылатын арнайы виртуалды көмекшілер. Сұраныс бойынша әртүрлі әрекеттерді орындай алады: жаңалықтарды, хабарлар бағдарламасын және басқа да көптеген ақпаратты көрсету. Олардың жұмысын ыңғайлы кестеге теңеуге болады. Іс-әрекетті белгілі бір уақытта боттар арқылы орындау екі түрлі болады:

- Қарапайым - оларға командалар мен іздеу сұраулары жіберіледі.
- Кіріктірілетін - чаттан шықпай-ақ, іздеуді жүргізуге мүмкіндік береді және сол іздеу нәтижелерін таратады.

Мысалы, атауы @gif болып табылатын бот оның атауынан кейін енгізілген кілт сөздер негізінде суреттерді ұсынады. Мұғалім жұмысы үшін ең пайдалы және тиімді @quizbot боты болуы мүмкін. Оның көмегімен көптеген сұрақтары бар әртүрлі тестілер, сауалнамалар, викториналар жасап, олармен бөлісуге болады. Бот емтихандық тест стилінде көріну үшін сұрақтың алдынаа мәтін немесе мультимедианы қосуға мүмкіндік береді. Тест үшін уақыт шегін орнатуға болады. Бот қолданушылардың қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін және оларға қанша уақыт қажет болғанын қадағалайды. Сонымен қатар бот әрбір викторина бойынша анықталған көшбасшылардың жалпы тізімін жүргізеді. Тест жасау өте оңай, @quizbot-ті Telegram-да ашып, «START» түймешігін басу кере те, ұсынылған нұсқаулар негізінде тиісті әрекеттерді орындау қажет [1,46].

Сабақта қосымша платформаларды пайдаланудың артықшылығы:

Оқыту процесінің қолжетімділігі: көптеген платформалар кез келген құрылғыдан қолжетімді, сондықтан оқушылар өздеріне ыңғайлы жерде оқи алады.

Интерактивтілік: оқушыларды әртүрлі форматтарда (видео, ойын, тест) оқыту, қызығушылығын арттырады.

Жеке оқыту траекториясы: Платформалар әр оқушының білім деңгейіне сәйкес жеке бағдарламалар құруға мүмкіндік береді.

Сабақта Telegram боттарды пайдалану оқыту процесін тиімдірек және интерактивті етуге мүмкіндік береді. Telegram боттар әртүрлі тапсырмаларды автоматтандыруға, оқушыларға жедел кері байланыс беруге, және оқу материалдарын қызықты түрде ұсынуға көмектеседі. Бұл қызметтерді ботқа тапсырмаларды жүктеу арқылы үй жұмысын тексеру немесе автоматтандырылған тесттер жасау үшін пайдалануға болады. Келесі бір түрі тесттер мен сауалнамалар алу. Боттар арқылы мәтін, сурет, видео сияқты оқу материалдарын жылдам әрі оңай жеткізуге болады. Оқушылар тапсырмаларын жіберген кезде, бот автоматты түрде кері байланыс беріп, нәтижелерін талдап, оқушылардың қай тақырыптарда қиналып жүргенін анықтауға мүмкіндік береді. Жеке консультациялар. Боттарды қолдана отырып, оқушыларға жеке консультацияларды ұйымдастыруға болады. Әр оқушы өз сұрақтарын бот арқылы қойып, жылдам жауап ала алады. Боттар арқылы сабақ кестесі, тапсырмаларды өткізу мерзімдері және тест күндері туралы ескертулер беріп отыруға болады. Байқандарыңыздай түрлі мақсатқа жету үшін боттарды пайдалану тек әдебиет пәні үшін емес, барлық сабақта мақсатқа жетуге көмектеседі.

Telegram bot жасауға арналған нұсқаулық. Қазіргі таңда түрлі мессенджерлер арқылы бағдарлама құру арнайы IT маманы болуды талап етпейді. Сіздерде нұсқаулыққа сүйене отырып, өзіңізге қажет тізбектерді боттың көмегімен құра отырып, сабаққа пайдалана аласыз. Ең алдымен Python немесе JavaScript тілдерінде бот бағдарламаларын жазу үшін BotFather және Telegram Bot API сияқты боттарды пайдалануға болады. Иә, боттың көмегі арқылы бот құру. Сіз құрған бот пайдаланушының әр сұрағына жауап беріп, өз бетімен хабарлама жіберіп отыру үшін сізге сервер көмегі керек болады. Puzzle_Bot сервері тізбектерді оңай әрі тиімді құруға арналған. Командаларды жүзеге асыра отырып, өзіңіз қалаған ботты жасау үшін ең басты ереже, тізбектерді дұрыс құру. Дұрыс құрылған тізбектер мен схемалардың арқасында ғана сіздің бот тұтынушыға қажет жауапты бере алады. Жауаптарды енгізе отырып, олардан туатын сұрақтарға жауап беру батырмасын қосу арқылы, сіз оқушыларды ақпаратты дұрыс алуға дайындайсыз.

№	Сервер немесе бот пәрмені
1	botFather /start /newbot жаңа бот құруға арналған.
2	Дизайндық редакция жасау үшін боттың /Edit Bot пәрменін таңдау
3	Алгоритм жүргізу. Puzzle_Bot немесе SendPulse конструктор батырмасы арқылы тізбектер енгізу
4	Дайын болған ботты сақтау, сынақтан өткізу

Кесте. Боттарды құруға арналған сервер

Telegram боттарды қолдану оқытуды жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады және оларды заманауи технологиялармен жақынырақ таныстырады. Оқытушыға платформаларды қолдану бойынша ұсыныстар:

Оқу мақсаттарына сәйкес платформаларды таңдаңыз. Әрбір платформаның өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан сабақ мақсатына сай келетін платформаны қолдану керек.

Интерактивтілікті қолдаңыз. Оқушыларға өз пікірін білдіруге, талқылауға, қатысуға мүмкіндік беретін платформаларды пайдалану оқуға деген ынтаны арттырады.

Түсіндіру және қолдау көрсету. Платформаны алғаш қолданғанда оқушыларға түсіндіріп, оларға қолдау көрсеткен дұрыс.

Жүйелі бағалау. Платформаларда тест және тапсырмалар нәтижелерін бағалау арқылы оқушылардың прогресін бақылауға болады.

Қосымша платформаларды сабақ барысында пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартуға үлкен мүмкіндік береді. Көркем

шығармаларды оқытуда Telegram боттарды пайдалану оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, оқыту процесін интерактивті етуге көмектеседі. Боттар арқылы шығармаларды талдау, мазмұнын түсіну және мәтінмен жұмыс істеу тиімдірек болады.

Көркем шығармаларды оқытуда Telegram боттарды пайдалану жолдары:

Шығарманың мазмұнын талдау: Telegram бот арқылы шығарма бөлімдерін бөліп талдауға болады. Әр тараудан кейін оқушыларға сұрақтар қойып, жауаптарын автоматты түрде жинап, кері байланыс беру арқылы олардың шығарманы қаншалықты түсінгенін анықтау оңай болады.

Тесттер мен викториналар: Оқушылар шығарманы оқып болған соң, бот арқылы викторина немесе тест өткізуді ұйымдастыруға болады. Викторина арқылы оқушылардың шығарманы есте сақтау деңгейін тексеруге және маңызды мәліметтерді қайталауға мүмкіндік туады.

Шығармашылық тапсырмалар: Бот оқушыларға шығарма кейіпкерлеріне арнап хат жазу, әңгіме соңын басқа жолмен аяқтау немесе басты кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттау сияқты тапсырмалар бере алады. Оқушылардың жауаптары ботта сақталып, мұғалімге қарауға оңай болады.

Қысқаша мазмұн және мәтін үзінділері: Шығарманың басты эпизодтарын, қысқаша мазмұнын немесе үзінділерін бот арқылы бөлісуге болады. Бұл оқушылардың шығарманы толық оқып шығуға үлгермеген жағдайда негізгі ойды түсінуіне көмектеседі.

Пікірталас ұйымдастыру: Бот арқылы оқушылардан шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы сұрақтар қойып, оларды пікірталасқа тартуға болады. Әр оқушының жауабын бот сақтайды және оны мұғалімге талдауға ұсынады.

Қосымша материалдар беру: Шығарма авторы, тарихи кезеңі, шығарманың пайда болу себептері және басқа да мәліметтерді оқушыларға ұсыну үшін ботты пайдалану ыңғайлы. Мысалы, бот арқылы автор туралы қызықты фактілер, шығарманың негізгі мотивтері, тарихи контекст туралы ақпарат беруге болады.

Кейіпкерлерді талдау: Бот арқылы кейіпкерлер туралы талқылау жүргізіп, олардың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, шығарманың жалпы идеясына қосқан үлесін талдауға болады. Оқушылар ботқа жауап беріп, әр кейіпкердің рөлін түсінуге мүмкіндік алады.

Оқырман күнделігі: Бот оқушыларға "оқырман күнделігін" жүргізуді ұсына алады. Бұл күнделікке оқушылар өз әсерлерін жазып, шығарма барысында пайда болған сұрақтарын, ерекше тұстарын тіркеп отырады.

Шығарма бойынша шығармашылық жұмыстар: Бот оқушыларды шығарма тақырыбына байланысты эссе, өлең, сурет салуға ынталандыра алады. Мұғалім осы шығармашылық жұмыстарды жинап, сыныппен бөлісе алады.

Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған [2,1]. Әр платформада дайындалған тапсырмалар, сұрақтар мен жауаптар бағдарламада жазылған әдебиетті оқытудағы мақсатқа жетуде мұғалім үшін көмекші бола алуы тиіс. Демек, басты назарға алатынымыз, ботты құруда емес, бот арқылы қажетті ақпараттарды беруде екенін естен шығармаған дұрыс.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың адамы – жаратылыстану мен

гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі – білімде. Сондықтан оқушыны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білім алушыға іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу [3,16]. Демек, дайындалған ботта тек техникалық жағынан ғана емес, әдебиет, берілетін ақпараттың жеткізілу жолын бағдарлау, оны сұрыптау өте маңызды. Әдебиеттегі көркем шығарманы оқу арқылы оқушыда сұрақ туындаса, оны өз бетінше ойланып жауабын табуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша ГИД. Алматы. 2020, 30 бет.
- 2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 193-қосымша. Негізгі білім беру деңгейінің
- 3 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы. 30 бет.
- 4 Орта білім беру ұйымдарында «қазақ тілі» және «қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022 жыл, 264 бет

СОХРАНЕНИЕ ПАМЯТИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ БУДУЩИМ ПОКОЛЕНИЯМ

Е.С. ЕРСІНБАЕВ

*Студент военной кафедры АО «Международный
университет информационных технологий»*

С.Н. ЧУКЕИТОВ

*магистр технических наук, начальник цикла
Военная кафедра АО «Международный университет
информационных технологий»*

XX век стал одним из самых трагичных периодов в истории человечества. Две мировые войны, многочисленные конфликты, гонка вооружений - все это унесло миллионы жизней, оставило разрушенные города и покалеченные судьбы. Вторая мировая война (1939–1945) стала крупнейшим вооруженным конфликтом в истории, в котором участвовали более 60 государств.

Великая Отечественная война (1941–1945) стала решающим этапом Второй мировой войны, в ходе которого народы Советского Союза отстояли свободу и независимость своей Родины, понеся огромные жертвы. Советский Союз потерял свыше 27 миллионов человек, включая 11,3 миллиона военнослужащих (1).

Годы войны стали временем не только страшных разрушений, но и невероятных подвигов. Миллионы людей показали мужество, стойкость и самоотверженность, став примером для будущих поколений. Важность сохранения памяти о Великой

Отечественной войне трудно переоценить. Это не просто часть истории, это урок для каждого нового поколения, предупреждение о том, как легко можно оказаться на краю гибели, если забыть уроки прошлого.

Сегодня важно не просто помнить о тех событиях, но и передавать знания о них будущим поколениям. Историческая память – это не просто факты и даты, это основа национального самосознания. Если молодое поколение не будет знать о подвигах своих предков, оно рискует потерять связь с прошлым и допустить повторение ошибок.

Сохранение памяти о Великой Отечественной войне требует системного подхода:

- изучения истории;
- популяризации знаний через массовую культуру;
- развитие патриотического воспитания.



Значение сохранения исторической памяти

История показывает, что забытые уроки прошлого могут привести к повторению трагедий. Великая Отечественная война унесла миллионы жизней, и цена победы была невероятно высокой.

Героические подвиги солдат, самоотверженность тружеников тыла, мужество подпольщиков и партизан – все это является частью общей истории, которую нельзя забывать. Память о войне должна хранить не только памятники и мемориалы, но и воспоминания людей, которые пережили ужасные события.

Особое внимание стоит уделить тому, как Великая Отечественная война и ее последствия повлияли на общество в целом. За годы войны произошли глобальные изменения в социальной, экономической и культурной жизни. Перемены затронули практически все сферы жизни: от политики до повседневных бытовых привычек. Сохранение этой памяти позволяет не только отдать дань уважения, но и понять, какие уроки можно извлечь для того, чтобы избежать подобных катастроф в будущем.

Нельзя допускать искажения исторических фактов. В последние десятилетия в некоторых странах ведется политика пересмотра итогов Второй мировой войны. Это выражается в попытках принизить вклад СССР в Победу, а иногда даже оправдать преступления нацистов. Такие попытки опасны, поскольку они подрывают историческую правду и создают ложную картину прошлого. Признание войны и ее последствий важны для целостности исторического восприятия и для предотвращения повторения конфликтов.

Методы сохранения памяти о Великой Отечественной войне

Сохранение памяти о Великой Отечественной войне требует многостороннего подхода, который охватывает различные аспекты общественной жизни. Ниже приведены методы, которые могут способствовать сохранению исторической правды и формированию патриотизма среди молодежи:

Изучение истории на научном уровне: преподавание истории должно быть основано на фактах, а не на мифах. Доступ к архивным материалам и документам того

времени должен быть расширен. Кроме того, необходимо вести исследования о повседневной жизни людей в годы войны, чтобы понять, как война воздействовала на разных людей, независимо от их социальной принадлежности.

Популяризация среди молодежи: создание образовательных программ и материалов, доступных для молодежной аудитории через современные средства коммуникации, такие как социальные сети, интернет-ресурсы, кино и литература. Молодежь должна иметь возможность познакомиться с реальными историями тех, кто пережил войну, через фильмы, книги и игры. Открытие виртуальных выставок и создание онлайн-курсов может существенно увеличить доступ к этой информации.

Патриотическое воспитание: важной частью сохранения памяти является патриотическое воспитание, которое помогает укрепить у молодежи чувства гордости за свою страну, ее историю и героев. Это может быть реализовано через тематические мероприятия, поисковые отряды, волонтерские акции, а также через организации, занимающиеся патриотическим воспитанием. Особое внимание стоит уделить активной роли ветеранов в этом процессе.

Использование массовой культуры: создание мемориальных комплексов, исторических музеев, а также продвижение материалов, рассказывающих о Великой Отечественной войне через кино и телевидение. Таким образом, массовая культура становится важным инструментом в формировании исторической памяти. Важно также внедрение тем войны в современные фильмы и сериалы, что позволит глубже понять роль той эпохи.

Международный опыт и примеры

Примером успешного сохранения исторической памяти о войне является Япония, где после Второй мировой войны были разработаны стратегии, направленные на предотвращение новых войн. Осознание своей вины за преступления, совершенные во время войны, позволило японцам не только сохранить память, но и передавать уроки будущим поколениям. Историческое сознание в Японии включает в себя признание ошибок и поиск путей предотвращения войн в будущем. Важно отметить, что Япония добилась этого через образование и культуру, продвигая такие ценности, как мир и отказ от насилия.

Вклад Казахстана в победу в Великой Отечественной войне (1941–1945) был значительным и многогранным. Из республики, население которой составляло около 6 миллионов человек, на фронт были призваны более 1,2 миллиона казахстанцев, что составляло примерно 20% от общего числа жителей. К сожалению, более половины из них не вернулись с войны (2). Подвиги казахских воинов, таких как Бауыржан Момышулы, Маншук Маметова и Алия Молдагулова, должны быть частью не только национальной истории, но и мировой памяти о той войне. Эти героические имена остаются символами мужества, самоотверженности и стойкости, и они должны быть известны всем поколениям. Казахстанские мемориалы, такие как памятники в Алматы и других городах, служат напоминанием о той огромной цене, которую заплатил народ.

Сохранение памяти о Великой Отечественной войне – это не просто дань уважения предкам, а необходимость для будущих поколений. Только зная свою историю, народ может сохранить свою идентичность и предотвратить новые трагедии. Мы должны сделать все возможное, чтобы передать наследие той эпохи будущим поколениям, чтобы они могли извлекать из этой истории уроки для построения мира без войн.

Будущие поколения должны получать достоверные знания о войне. Для этого необходимо:

- развивать историческую науку и обеспечивать доступ к архивным данным;
- популяризировать историю через современные форматы, включая кино, литературу и интернет-проекты;
- развивать патриотическое воспитание в школах и вузах;

- использовать массовую культуру для формирования устойчивой исторической памяти.



Системная работа по сохранению памяти о Великой Отечественной войне и передачи правды о тех событиях является залогом того, что трагедии прошлого не повторятся в будущем. Это наш долг перед теми, кто отдал свою жизнь за свободу и будущее нашей страны. История – это не просто прошлое, это основа будущего, и от нас зависит, каким оно будет.

Список использованных источников:

- 1 <https://encyclopedia.mil.ru/encyclopedia/dictionary/details.htm?id=12770%Dictionary> 40 morf
- 2 <https://eurasia.expert/ekspert-obyasnil-vklad-kazakhskoy-ssr-v-razgrom-natsistov/>.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚАУІПТЕР

А. РАХИМЖАНҚЫЗЫ

*Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы
Алматы академиясының 2 курс курсанты*

А.Ә. ҮМБЕТОВА

*М. Есболатов атындағы Алматы академиясы,
Жалпы білім беретін пәндері кафедрасының
аға оқытушысы, пед.ғылымдарының магистрі,
полиция подполковнигі*

«III опаснее ядерной энергии» – Патриарх Кирилл

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қазіргі заманғы әлемнің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бұл технологиялар экономиканы, білім беруді, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару сияқты салаларды түбегейлі өзгертуде. Дегенмен, олардың кеңінен қолданылуы жаңа қауіптерді де туындатады, мысалы, деректердің қорғанысыздығы, кибершабуылдар және әлеуметтік теңсіздіктер.

**Цифрлық технологиялар мен ЖИ-дың мүмкіндіктері
Экономикалық даму**

Цифрлық технологиялар бизнес үдерістерін автоматтандыру, өнімділікті арттыру және жаңа нарықтарды ашуға мүмкіндік береді.

ЖИ-дың қолданылуы:

- **Қаржы саласында:** Несиелік тәуекелді бағалау, алаяқтықты анықтау. Мысалы, 2020 жылғы Kaspi.kz қосымшасындағы техникалық ақау. ЖИ алгоритмдері клиенттердің қаржылық деректерін талдап, олардың несиелік қабілеттілігін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді. Бұл дәстүрлі әдістерге қарағанда неғұрлым нақты және әділ шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

- **Денсаулық сақтауда:** Дәрігерлерге диагноз қоюға көмектесу, пациенттердің денсаулық жағдайын мониторингілеу. Мысалы, IBM Watson for Oncology алгоритмі. Ол онкологиялық жағдайларды 95%-дық дәлдікпен және МРТ мен рентген суреттерін талдайды. Ittini Guide атты қазақстандық стартап ЖИ негізіндегі платформаны іске қосты, ол қан талдауларын 98,7% дәлдікпен талдап, жасырын инфекцияларды анықтауға және ағзаның әртүрлі әсерлерге реакциясын бақылауға мүмкіндік береді.

- **Өнеркәсіп саласында:** Tesla зауыттары автомобильдерді құрастыру үшін роботтарды пайдаланады. Үлкен деректерді талдау: логистикалық оңтайландыру (мысал: Amazon). Тағы да қоса кетсек, Goldman Sachs 600 трейдерді 2 қызметкерге және AI алгоритмдеріне ауыстырып, шығындарды 40% қысқартты. Қызмет көрсету мақсатында 200 разработчик-программисттер жұмысқа алынды.

Қоғамдық қызметтер

Электрондық үкімет пен смарт-қалалар азаматтарға мемлекеттік қызметтерді жеңілдетеді. Мысалы:

- **eGov:** Құжаттарды онлайн алу. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Дмитрий Мунның айтуынша, eGov порталында ЖИ агенттерін енгізу азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуды жеңілдетеді делінген.

- **Білім беру:** ЖИ-не негізделген білім беру платформалары студенттерге жекелендірілген оқуға мүмкіндік береді. Мұғалімдерге үй жұмыстарын тексерісе алады. ЖИ технологиялары ерекше қажеттіліктері бар студенттерге білім алуда қолдау көрсетеді. Мысалы, мәтінді сөйлеуге айналдыратын немесе керісінше бағдарламалар көру немесе есту қабілеті шектеулі студенттерге көмектеседі.

Параметр	Жасанды Интеллект	Адам
Деректердің жылдамдығы	5 млн таңбаны бірнеше секундта өңдейді	Шамамен 3500 минут қажет
Есте сақтау қабілеті (жады)	Шексіз, деректерге лезде қол жеткізу	Шектеулі, қайталау қажет
Дәлдік	Алгоритм дұрыс болса, қателер минималды	Шаршау немесе алдын-ала пікірлер әсерінен қатерлерге бейім
Эмоционалдық	Жоқ	Шешімдерге әсер етеді (көңіл-күй, эмпатия)
Шығармашылық	Өрнектерді қайталау (мысалы, мәтін немесе сурет генерациялау)	Түбегейлі жаңа идеяларды ойлап табу қабілеті

Халықаралық келісімдер мен заңдар:

Еуропалық Одақтың Жасанды Интеллект Акті (Artificial Intelligence Act) жасанды интеллектіні реттеуге арналған маңызды халықаралық құжат болып табылады. 2024 жылдың 1 тамызында Еуропалық Одақтағы жасанды интеллект (AI) туралы жаңа заң (ЕО AI актісі) күшіне енеді. Бұл іс-шара осы заңда белгіленген талаптардың сақталуына қатысты маңызды кезеңдердің бастамасы болмақ. Тиісті технологияларды қолдануды реттеу мақсатында әзірленген құжат азаматтардың құқығына қауіп төндіретін

қосымшалар мен қызметтерге тыйым салуды қамтиды. Мысалы, сексуалдық, нәсілдік немесе дінге негізделген биометриялық санаттарға, сондай-ақ жеке тұлғалардың суреттерін интернеттен немесе бақылау камераларынан рұқсатсыз шығаруға тыйым салынады.

2025 жылдың 2 ақпаны – азаматтардың құқықтарына қауіп төндіретін қолданбаларды пайдалануды тоқтатудың соңғы мерзімі. Жасанды интеллектіні дамытатын және қолданатын компаниялар осы күнге дейін мұндай технологияларды пайдалануды тоқтатуы керек. Заңды бұзу ауыр айыппұлдарға әкеледі. Тыйым салынған жүйелерді пайдаланғаны үшін компанияларға 35 миллион еуроға дейін немесе әлемдік жылдық кірістің 7% мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл ЕО-ның азаматтардың құқықтарын қорғауға және AI-ны реттеуге деген көзқарасының маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құжаттары:

Қазақстан Үкіметі 2024-2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасын қабылдады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, жасанды интеллектіні қолдану 2030 жылға қарай жаһандық ЖІӨ-ні 14%-ға арттыруы мүмкін. Инфрақұрылымды дамыту шеңберінде елімізде суперкомпьютерді орналастыру, деректерді өңдеу орталықтарын салу, Ұлттық ЖИ платформасын құру және талшықты-оптикалық байланысты дамыту көзделген. Сонымен қатар адами капиталдың өсуі үшін бірқатар білім беру және акселерациялық бағдарламаларды іске асыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 17 жоғары оқу орны ЖИ бойынша 15 бағытты енгізді. Осы мамандықтар бойынша пәндерді 2 196 студент оқиды.

Қазақстанда жасанды интеллектіні енгізу және инвестициялар:

Қазақстан 2023 жылы жасанды интеллектіні енгізуге дайындық бойынша әлемдегі ТОП-50 елдің қатарына кірді. 2024 жылы Қазақстанда IT-компаниялардың саны 18 683-ке жетіп, соңғы үш жылда 16%-ға өсті. Сонымен қатар, IT-қызметтердің экспорты 529 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. 2024 жылы Hero's Journey стартапы 6 миллион доллар инвестиция тартты, бұл Қазақстандағы стартаптар арасында ең ірі қаржыландырулардың бірі болды.

AI қауіптері: нақты жағдайлар мен схемалар

2024 жылы киберқылмыстардың саны рекордтық деңгейге жетіп, шығындар 10 миллиард еуроны құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе көп. Deep Instinct есебіне сәйкес, 2024 жылы кибершабуылдардың 85%-ы жасанды интеллектімен байланысты болды.

1. **Жұмыссыздық:** 2025 жылға қарай автоматтандыру 85 миллион жұмыс орнына (ДЭФ) әсер етеді. Мысалы, есепшілердің орнына ЖИ арқылы есеп-қисаптарды жасауға болады. Зауыттарда адамдардың қара күшінің орнына, арнайы роботтар ауыр заттарды тасымалдай алады.

2. **Deepfake:** 2022 жылы Украинаны тұрақсыздандыру үшін жасанды интеллект жасаған Зеленскийдің "капитуляция" туралы бейне пайда болды. Мысалы, адамдардың бет-бейнесін, дыбыс ырғағын, дауысын пайдаланып, ЖИ арқылы жалған ақпараттарды жасап және оны тез таралуына ықпал етеді.

3. **Кибершабуылдар:** ЖИ-ды пайдаланатын хакерлер жаңа әдістерді қолданады:

- *Фишинг:* ЖИ арқылы жазбаларды жасанды түрде жасау.
- *Автоматтандырылған шабуылдар:* Желілерді тез тарататын вирустар.

Және де ЖИ мен робототехниканың дамуы қоғамға көптеген мүмкіндіктер әкелгенімен, олар жаңа этикалық және әлеуметтік мәселелерді де туындатады. Мысалы, 2024 жылы Оңтүстік Кореяның Гуми қаласында әкімшілік қызметкер ретінде жұмыс істеген роботтың баспалдақтан құлап, істен шыққан оқиғасы тіркелді. Кейбір ақпарат құралдары бұл оқиғаны “роботтың суициді” деп атады. Бұл жағдай роботтардың жұмыс жүктемесі мен олардың техникалық қызмет көрсетуіне қатысты сұрақтар туғызды. Робот Bear Robotics компаниясы тарапынан жасалған және құжаттарды жеткізу, қаланы

насихаттау сияқты міндеттерді атқарған. Куәгерлердің айтуынша, оқиға алдында робот бір нүктеде айналып тұрған. Осы оқиға жасанды интеллект пен роботтарды енгізу барысында туындайтын жаңа мәселелерді көрсетеді. Бұл технологияларды қолдану кезінде олардың сенімділігі, қауіпсіздігі және этикалық аспектілерін ескеру маңызды.

AI қауіптерінің шешу жолдары

1. Жұмыссыздық пен автоматтандырудың әсеріне қарсы шаралар:

- **Қайта даярлау және біліктілікті арттыру:** Жұмысшыларды ЖИ, робототехника және IT салаларына қайта даярлау. Мемлекеттік және жеке сектордың бірлескен бағдарламаларын құру.
- **Жаңа салаларды дамыту:** Автоматтандыруға тәуелділікті азайтатын креативтік және басқарулық жұмыс орындарын құру.
- **ЖИ-мен ынтымақтастық:** Адамдар мен роботтардың бірлескен жұмысын қолдайтын жүйелерді енгізу (мысалы, адамдар роботтарды басқарады).

2. DeepFake және жалған ақпаратпен күрес:

- **Ақпаратты тексеру құралдары:** AI-қарсы детекциялық жүйелерді дамыту (мысалы, Google Deepfake Detection Challenge).
- **Заңнамалық реттеу:** Жалған ақпарат таратушыларға қатаң жазаларды енгізу.
- **Азаматтарды цифрлық сауаттылыққа үйрету:** Ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға арналған білім беру бағдарламалары.

3. Кибер шабуылдарға қарсы шаралар:

- **ЖИ-не қарсы қорғаныс:** AI-ды пайдаланатын киберқауіпсіздік жүйелерін қолдану (мысалы, кездейсоқ шабуылдарды болжау).
- **Екі факторлы аутентификацияны (2FA) кеңінен енгізу.**
- **Фишингке қарсы білім беру:** Қызметкерлерді фишингті анықтау бойынша жаттықтыру.
- **Автоматты жаңартулар:** Желілердің қауіпсіздігін үнемі жаңартып отыру.

Қорытынды:

Жасанды интеллект пен сандық технологиялардың дамуы қоғамға айтарлықтай мүмкіндіктер әкелді: медицинада дәлдікті арттыру, экономиканы тиімділендіру, тұрмыстық өмірді жеңілдету. Дегенмен, бұл технологиялар жұмыссыздықтың өсуі, деректердің құпиялылығының бұзылуы, этикалық және әскери тәуекелдер сияқты сындарлы мәселелерді туғызады. Тәуекелдерді басқару үшін маңызды қадамдар:

Заңнамалық реттеу (мысалы, деректерді қорғау және автономды қаруды шектеу).
Этикалық негіздерді нығайту (алгоритмдердің ашықтығы, әділдік).

Адам ресурсын дамыту (цифрлық біліктілікті көтеру, жұмыс күшін қайта дайындау).
Технологиялардың пайдасын максимизациялау және қауіптерді минимизациялау үшін мемлекеттер, компаниялар және ғылыми қауымдастықтың үйлестіруі қажет. ЖИ-дың әсері тек техникалық шешімдерге емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық стратегияларға негізделуі тиіс. Салқын талдау және уақтылы шаралар технологияларды қоғамның болашағына бағыттауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 **Google DeepMind.** Deepfake Detection Challenge / Google AI Blog. – 2020. – <https://ai.googleblog.com>
- 2 **IBM Security.** AI in Cybersecurity: Threats and Defenses / IBM Security. – 2022. – 45 с. – <https://www.ibm.com/security>

- 3 **Б.Шнайер**, Click Here to Kill Everybody: Security and Survival in a Hyper-Connected World / Б.Шнайер. – Нью-Йорк: W. W. Norton & Company, 2018. – 320 с. – ISBN 978-0-393-60888-5.
- 4 **Ли К.-Ф.** AI Superpowers: China, Silicon Valley, and the New World Order / К.-Ф. Ли. – Бостон: Houghton Mifflin Harcourt, 2018. – 256 с. – ISBN 978-1-328-66991-9.
- 5 **Еуропалық Одақ.** Artificial Intelligence Act / ЕО. – 2023. – 150 с. – <https://eur-lex.europa.eu>.
- 6 **Қазақстан Республикасы.** Цифрлық даму концепциясы (2021–2025) / ҚР Үкіметі. – Астана, 2021. – 80 с.

ВЕЛИКАЯ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА КАК ЧАСТЬ БОЕВОЙ ИСТОРИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А.Б. АМУРЗАКОВ

*курсант 2 курса Военно-инженерного
института радиоэлектроники и связи*

Г.А. ЗВЕРЕВА

*Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи,
старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных
дисциплин, магистр, подполковник запаса*

В нынешних условиях для возрождения государственного самосознания, государственного мировоззрения в умах людей необходимо восстанавливать историческую память народа, формировать историческое самосознание, которое и будет лежать в основе казахстанского патриотизма, даст возможность осознать необходимость сохранения исторической памяти своего государства, воспитать любовь к своей стране. История казахского народа представляет собой важнейшую часть всемирной истории – вот почему ее изучение занимает важное место в формировании казахстанского патриотизма и исторического сознания. Патриотическое воспитание – одно из приоритетных направлений сегодняшней работы с молодежью.

В сознании многих людей патриотическое воспитание подрастающего поколения сводится лишь к выполнению воинского долга, что значительно сужает содержание понятия патриотического воспитания. Процесс должен охватывать гораздо более широкие пласты. Особенно это касается воспитания патриотизма на самой ранней стадии развития человека. Воспитание должно подготовить человека к одной из главной роли в жизни – к роли гражданина, которая предусматривает выполнение гражданских обязанностей – чувства долга перед страной, обществом, родителями, чувство национальной гордости и патриотизма, уважение Конституции государства, государственной символики, ответственность за судьбу страны, бережное отношение к национальным и природным богатствам государства.

Сегодня большое внимание уделяется боевой истории Республики Казахстан и это закономерно и понятно. Чем совершеннее становится наше общество, тем дороже ему прошлое Родины, тем острее стремление познать его в полном объеме. Ученые Института истории государства МОН РК подготовили и издали новую книгу «Қазақ жауынгері ұлы Отан соғысы майданында» – «Казахстанцы в Великой Отечественной войне». Это 640-страничное историко-документальное исследование коллектива авторов на казахском и

русском языках под редакцией доктора исторических наук, профессора Буркитбая Аягана тиражом 2000 экземпляров выпустило в свет алматинское издательство «Онер».

Здесь собраны уникальные материалы, касающиеся актуальной и малоизученной темы - вклада казахов в общую победу в Великой Отечественной войне. Впервые освещены ранее неизвестные страницы истории войны, дана объективная оценка процессам, происходившим в те суровые годы. Казахи храбро сражались на фронте. 500 человек стали Героями Советского Союза, А.Т.Бегельдинов, С.Луганский, Л.Беда и И.Павлов удостоены высокого звания дважды. Помнить и знать тех, кто отстоял мир на земле, – священный долг каждого человека (1).

Празднование Дня Великой Победы проходит практически во всех образовательных учреждениях Казахстана, не остается в стороне и наш ВУЗ. Курсанты ВИИРЭиС участвуют в различных мероприятиях районного и городского масштаба – прохождении торжественным маршем, показательных выступлениях с оружием, возложении венков на аллее ветеранов, встречах с ветеранами Великой Отечественной войны.

В формировании облика современного воина-патриота важную роль играют воинские ритуалы – торжественные церемонии, эмоционально выражающие смысл, содержание традиций, связанных с важнейшими событиями в жизни общества. Это особая форма социального общения, в которой находят отражение мировоззрение определенных социальных групп или общества в целом, а также нравственные идеалы.

На протяжении всей отечественной истории одним из главных воинских ритуалов праздничного характера являются парады. Они вызвали у воинов гордость за принадлежность к могуществу и славе оружия, причастность к героизму и мужеству, проявленными их предшественниками.

В этом юбилейном году 80-летия Победы в Великой Отечественной войне курсанты 1-го курса нашего института принимают участие в параде в нашей столице – городе Астана. Я с уверенностью могу сказать что, Казахстан находится в крепких руках защитников Отечества – патриотов своего государства. Нигде больше не увидишь той искры, которая присутствует в глазах моих товарищей во время долгих тренировок на плацу. Наши сердца пылают гордостью за свое государство и за то, что мы являемся его защитниками.

Необходимо укреплять историческое сознание и определить значимость и роль Казахстана в новой исторической эпохе. Осознание своей истории дает энергию и духовно питает и сплачивает общество. Все дальше от нас суровые годы Великой Отечественной войны, но внимание народа к великим событиям минувшего, историческим победам, одержанным воинами в битве с фашизмом, не ослабевает. Не только сегодняшняя молодежь, но и грядущие поколения всегда будут свято чтить память о тех людях, благодаря которым мы живем на земле. Исторический подвиг наших предков вдохновляет военнослужащих современной казахстанской армии на постоянное развитие военного дела, совершенствование боевой подготовки. Справедливо говорится, что Родине служить нельзя вполсилы. Ратный труд требует максимальной мобилизации всех моральных и физических сил, полной самоотдачи. Дело чести каждого военнослужащего стать мастером своего дела, классным специалистом.

Историческая память – это, прежде всего, национальная идея. Обществу необходимо хранить социально значимую информацию в любом виде, в любом носителе. Исторический путь, пройденный народом, откладывается в его социальной памяти и формирует традиционные установки его культуры. Освоение духовного наследия ушедших поколений, восстановление исторической памяти откроет нам дорогу для расцвета нашего Казахстана, духовного развития общества (2, с.344).

В настоящее время в изучении военной истории актуальны вопросы военного и духовного наследия народа. Накопленный в годы Великой Отечественной войны боевой опыт является для нас военным наследием старшего поколения, а проявленный ими героизм (в боях или мирном труде) и их имена – духовным наследием. Они должны

служить примером для современных и будущих защитников Отечества, и чем больше и ярче будут освещены вопросы военно-духовного наследия, тем сильнее проявление патриотических чувств народа.

Следует отметить, что казахстанцы в годы войны были едины в своих чувствах, патриотический дух населения с момента объявления войны призвал их к вооруженной защите Отечества. «В эти дни в военкоматы и райкомы партии столицы Казахстана непрерывно шли рабочие, колхозники, служащие, ученые – люди всех возрастов и профессий. Шли коммунисты, комсомольцы и беспартийные.

Много было молодежи – вневоинских и призывников. Все они просили послать их на фронт. Этим добровольцев было великое множество» – вспоминал об этих днях Б.Момышулы (3, с. 8).

Великая Отечественная война – одна из наиболее трагических страниц в истории человечества. Триумфальная и победоносная армия фашистской Германии, завоевавшая западную Европу, нашла свое поражение на территории Советского государства. Казахстан внес свой непомерный вклад для Победы над фашизмом.

Воины-панфиловцы проявили в боях против немецких захватчиков под Москвой массовый героизм, роль и авторитет командира дивизии были огромными. Генерал-майор И.В.Панфилов, обладая военным талантом и организаторской способностью, сумел создать дивизию, под ударами которой не устояли крупные соединения немецко-фашистской Германии (4).

В настоящее время явно прослеживается возникшая необходимость проведения научно-исследовательских работ по различным направлениям науки, продиктована она тем, что время все дальше уносит дни войны, и со сменой поколений забываются подвиги героев.

В связи с этим возникают различные проблемы, связанные с изучением особенностей поведения и управления человеком (воинским коллективом) в военной обстановке, а также и в военно-духовном воспитании характера воинов.

Исходя из вышесказанного, помнить подвиги героев – необходимость. Пропагандировать и воспитывать казахстанских военнослужащих, прививая им воинский дух и чувства причастности к победе над фашизмом – обязанность, которая должна найти свое решение в масштабе республики с принятием соответствующих программ по изучению военно-духовного наследия казахского народа.

Список использованных источников:

- 1 «Қазақ жауынгері ұлы Отан соғысы майданында» - «Казахстанцы в Великой Отечественной войне» /Под общ.ред. Б.Аягана.- А.: Онер, 2009. - 640 с.
- 2 Культурология: Учебник для студентов вузов и колледжей/Сост. Т.Габитов.- Алматы: Раритет, 2008. – 424 с.
- 3 Момыш-улы Б.Психология войны. - А.:Казахстан, 1996. – 176 с.
- 4 Момыш-улы. Б. Генерал Панфилов. Изд.3-е. – Алматы: Казахстан,1973. – 156 с.
- 5 Разгром немецко-фашистских войск под Москвой (ноябрь 1941 г. – январь 1942 г.). Под редакцией Маршала Советского Союза Соколовского В.Д. – М.: Воениздат МО СССР, 1964. - 444 + 17 вкл.

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН ТЕХНИКАЛАР

Х.Д. АҚЫЛБАЙ

Сабыр Рахымов атындағы Әскери колледжі, 1 курс ұланы

Н.Қ. ДІЛДӘБЕКОВА

*Сабыр Рахымов атындағы Әскери колледжі, физика пәнінің
оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

Биыл 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 80 жыл. Сұрапыл соғыс 1418 күнге созылды. Қан төгіс майданға Қазақстаннан 1 млн 200 мыңнан астам адам аттанды. Олардың тең жартысы қан майданнан елге қайтып оралған жоқ. Отан үшін от кешкен аға буын, батыр ата-бабаларымыздың қайталанбас ерліктерін, есімдерін Ұлы Жеңіс мерекесі алдында жас ұрпаққа қайта жеткізуді және жастарды Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Сұрапыл соғыстың сәтті бітуіне, қазіргі таңда Ұлы Жеңістің 80 жылдығын тойлауымызға әскери техникалар орасан зор үлес қосты. 80 жылдан астам уақыт өтседе соғыс жылдарындағы қару-жарақ, техникалар адамзат баласының ұрпағының басты назарында. Бүгін біз екінші дүниеүзілік соғыс кезінде қолданыста болған техникалар жайлы айтатын боламыз.

Броньды машиналар шығаратын әскери өндіріс зауыттар құрылды. Әскери – өндірістік кешендер мыңдаған ұшақтар мен танктер шығарып отырды. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдарындағы маңызды болған әуе және танк әскерлерін құруға үлкен мүмкіндік берді. Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағы әртүрлі әскери техникаларды кеңінен қолданды. Солардың ішінде ең танымалдары:

Танктер: Т-34 – Соғыстың ең үздік орташа танктерінің бірі. Жоғары маневрлік қабілеті мен мықты броньдауымен ерекшеленді. КВ-1 – Қалың броньдалған ауыр танк, бірақ баяу болды. ИС-2 – Соғыстың соңында пайда болған қуатты ауыр танк, немістердің "Тигр" танктерімен күресу үшін жасалды. Т-34 танкі 1940-1944 жылдары Ұлы Отан соғысының барлық ұрыстарында пайдаланылған кеңес заманының ең таңдаулы әрі баршамызға танымал қару-жарағы. Кошкиннің бастамасымен Харьков қаласындағы конструкторлық бюроның қолға алуымен пайда болған қару КСРО-ның қызыл әскерінде біршама уақыт пайдаланылған. 1942-1945 жылдары Орал мен Сібір жерлерінде орналасқан зауыттарда күн-түн демей осы танктың мыңдаған данасы жасалынып отырды. Т-34 үлгісін модернизациялау мен жетілдірілуімен Оралдағы 183 танк зауыты айналысып отырған. Көптеген әскери қасиеттерге толы Т-34 көптеген әлемдік сарапшылардың оң бағасын алып, екінші дүниежүзілік соғыстың "үздік" танкісі деген атаққа ие болған. Т-34 үлгісі көптеген жаңа танктердің пайда болуына түрткі болып, әскери техникалық өндірістің дамуы мен кең етек алуына үлкен ықпалын тигізді. Күні бүгінге дейін осы үлгінің көптеген даналары әлемнің түрлі мұражайларында ескерткіш ретінде орналасқан.

Жүк және бронетехника: Үш білігі бар Зис-6 көлігінің прототипі ретінде 1930 жылдары кең қолданыста болған АМО-3 екі білікті жүк көлігінің негізінде құрастырылған АМО-3-НАТИ модификациясы болған. Ал олар өз кезегінде американдық «Autocar» машинасының көшірмесі еді. Сондықтан да сериялық көлік алғашында АМО-6 деген атауға ие болып, тек кейін ғана ЗиС-6 болып өзгертілді. Бұл көлік негізінде түрлі модификациялар жасалынып, әскери қажеттіліктердің бәрін өтей алатын. Қару-жаракты да, әскерилерді де тасымалдайтын. Тіпті, алғашқы көмек көрсетуге арналған жедел жәрдем машиналары да осы үлгіге қарап жасалған.

ГАЗ-АА, ЗиС-5 – Кеңес армиясының негізгі жүк көліктері. БА-64 – Жеңіл броневтомобиль, барлау үшін қолданылды. СУ-100 – Мықты танкке қарсы қолданылатын өздігінен жүретін артиллериялық қондырғы.

Артиллерия: Артиллерия Ұлы Отан соғысы кезінде «Соғыс құдайы» деп аталды. Танкке қарсы зеңбіректер 45 мм танкке қарсы зеңбіректер 53-К, 45 мм М-42 және 57 мм

ЗИС-2. Зениттік артиллерияда 37-мм 61-К зениттік зеңбіректер, сондай-ақ 76-мм 3-К және 85-мм 52-К зеңбіректері қолданылды. "Катюша" реактивті жүйесі – Жаппай атқылауға арналған зымыран жүйесі. Жылдамдығы мен жойқын күші жоғары болды. ЗИС-3 – 76,2 мм калибрлі дала зеңбірегі, өте әмбебап қару болды. 122 мм гаубица М-30 – Кеңес әскерінің негізгі артиллериялық құралдарының бірі. БМ-8, БМ-13, БМ-31 сынды артиллериялық қаруларды халқымыз еркелетіп "Катюша" деп атап кеткен. Бұл атаудың қолданылуы кең етек алғаны соншалықты, соғыстан кейінгі жылдары шыққан БМ-14 пен БМ-21 солай аталған. 1939-1941 жылдары Галковский, А.П.Павленко, С.Поповтар аянбай тер төгіп, осы соғыс қаруының түпнұсқасын жасап, дайындаған болатын. Ал 1941 жылдың наурыз айында БМ-13 сынақтан сәтті өткендіктен, ЗиС-6 көлігінің негізінде кино туындылардан бізге таныс толыққанды "Катюша" пайда болды.

Ату қару-жарақтары: Соғысқа дейін автоматты қаруды дамытуға көбірек көңіл бөлінген болатын. Дегенмен, Кеңес әскерінің ату қаруы С.Мосин винтовкасы, Ф.Токарев ойлап тапқан өздігінен зарядталатын винтовка болды. Офицер қаруы ретінде Наган револьверлері мен Ф.Токаревтің ТТ тапаншалары пайдаланылды. Кеңестік атыс қаруының ең танымал туындысы пистолет-пулемет және Ф.Токарев пен В.Дегтярев ойлап тапқан қол пулеметтері соғыс жылдарында қолданылды.

Авиация: Бәрімізге мәлім, Ұлы Отан соғысы кезінде Ил-2 ұшағын қазақтың данқты батырлары Талғат Бигелдинов пен Нүркен Әбдіров тізгіндеп, ерліктің талай үлгісін көрсетті. Тіпті Талғат Бигелдинов ұшқан Ил-2 ұшағы оны көп рет ажал құшағынан құтқарды. Ал онымен Нүркен Әбдіров із кескен жауды іліп, қалың қаскөйді «қоғадай жапырған» деседі. Тарихта ең көп шығарылған соғыс ұшағы. Жалпы саны – 36 мың. Кеңес әскерінде Ил-2-ге «бүкір» (фюзеляжының сұлбасына байланысты) атауы берілген. Ал ұшақты құрастырушылар «ұшатын танк» деп атаған. Оның қалқанының берік болуына байланысты неміс ұшқыштары оны Betonflugzeug – «бетонды ұшақ» немесе Zementbomber «цементтік бомбылаушы» деп атаған.

Ил-2 "Штурмовик" – Танктер мен жаяу әскерге қарсы қолданылған шабуылдаушы ұшақ. Як-3, Як-9 – Кеңес әскери-әуе күштерінің негізгі жойғыш ұшақтары. Пе-2 – Танымал бомбалаушы ұшақ, жылдам әрі тиімді болды.

Бұл техникалар соғыс кезінде Кеңес армиясының негізгі күштерінің бірі болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қару-жарақ технологиялары одан әрі дамып, жетілдірілді. Бұл біздің ғалымдар мен конструкторлардың таланты мен жанкешті еңбегі әлемнің бірде-бір армиясында жоқ қару түрлерін жасауға мүмкіндік берді және Ұлы Жеңіске жетуде маңызды рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Техника тарихы/А.А.Зворыкин, Н.И.Осмова, В.И.Чернышев, Мәскеу, Әлеуметтік-экономикалық әдебиеттер баспасы, 1962. - 772 б.
- 2 В.С.Поликарпов, Ғылым мен техника тарихы: Университет студенттеріне арналған оқулық / В.С.Поликарпов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1999.- 352 б.- ISBN 5-222 005320-1.
- 3 Н.И.Дятчин, Техниканың даму тарихы: оқу құралы / Н.И.Дятчин. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2001. - 320 б. - ISBN 5-222 02136.
- 4 С.А.Мусский, Техниканың 100 ұлы кереметі / С.А. Мусский. - Мәскеу: Вече, 2001. - 432 б. - ISBN 5-7838-1013-4.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ МЕН ИНЖЕНЕРЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

А.Р. КАРБЕКОВА

*«6B02201– Шығыстану» мамандығының 3 курс студенті Абылай
хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті*

Б.Қ. ӘЛИ

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті Шығыстану факультеті,
Шығыстану кафедрасы доценті*

Ұлы Отан соғысы – Кеңес Одағы халықтары үшін ауыр сынақ болды. Қазақстан да бұл қиын кезеңнен тыс қалмады. Фронттағы ерліктермен қатар, соғыста ғылымның, инженерияның, медицинаның рөлі аса маңызды болды. Әскери техниканың дамуы, жаралыларды емдеу, металлургия, радиолокация, химия – осы салаларда еңбек еткен жас ғалымдар мен инженерлер жеңіске өз үлестерін қосты. Алайда, қазақ жастарының ғылымдағы рөлі толық зерттеліп, жеткілікті түрде насихатталып жатқан жоқ.

Бұл мақалада сол жылдары Қазақстаннан шыққан ғалымдар мен инженерлердің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі баяндалады. Соғыс басталғанда Қазақстан маңызды ғылыми және өндірістік орталыққа айналды. Көптеген зауыттар, зертханалар, университеттер Алматы, Қарағанды, Өскемен және басқа қалаларға көшірілді. Осы орталықтарда жас зерттеушілер, ғалымдар, инженерлер мен дәрігерлер соғыс үшін қажетті технологияларды жасап, ғылыми ізденістермен айналысты.

Қазақстанның геология және металлургия саласы соғыс кезінде стратегиялық маңызға ие болды. Соғыстың ауыр жылдарында Қазақстан Кеңес Одағында сирек кездесетін металдарды негізгі жеткізушілердің бірі болды. Бұл металдар танк, ұшақ және қару-жарақ өндірісінде қолданылды (4, б. 112).

Қаныш Сәтбаев – соғысқа қажетті металдардың көзін ашқан ғалым. Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ең ірі ғылыми жетістіктерінің бірі – Қаныш Сәтбаевтың зерттеулері болды. 1941 жылы ол Жезқазған, Қаратау, Ақтөбе аймақтарындағы марганец, мыс, вольфрам кен орындарын зерттеп, олардың қорын дәл анықтады. Бұл металдар әскери техника жасауда аса қажет болды (5, б.78). Г.А.Трусовтың «Наука в годы Великой Отечественной войны» кітабында атап көрсетілгендей, Қазақстан металсыз қалғанда, Кеңес әскери өндірісі тоқтап қалатын еді (1, б.23).

Дінмұхаммед Қонаев соғыс жылдарында Қоңырат кенішінде инженер болып жұмыс істеді, кейін Балқаш мыс қорыту зауытында қызмет атқарды. Ол мыс пен алюминий өндірісін жетілдірумен айналысты. Бұл металдар әскери техника мен ұшақ өндірісінде кеңінен қолданылды (6, б.205).

П.А.Столяренко «Студенты и наука в годы войны» кітабында Қонаевтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің соғыс жылдарында ерекше маңызға ие болғанын жазады (2, б.91).

Қазақстанда соғыс жылдарында тек әскери өндіріс ғана емес, ғылым мен білім де үлкен сынақтан өтті. Жас ғалым Мұхамеджан Қаратаев сол қиын жылдары оқу-ағарту және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруға белсене атсалысты. Ол эвакуацияланған ғалымдардың жұмысын үйлестіріп, жоғары білім жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне көмектесті (7, б.63).

Кеңес әскері жоғары сапалы металдар мен техникамен жабдықталып, майдандағы техникалық басымдықты сақтай алды. Соғыс кезінде Қазақстанда әскери медицина қарқынды дамыды. Эвакуацияланған әскери госпитальдерде қазақ дәрігерлері жаралыларды емдеу мен инфекцияларға қарсы күресте ерекше еңбек етті. Доктор Николай Беклемишев Қазақстанда майдандағы жауынгерлерге арналған вакциналарды әзірлеумен

айналысты. Оның зерттеулері әскери госпитальдерде инфекциялық аурулардың таралуын төмендетуге көмектесті (3, б.47). Н.И.Гращенко «Военно-полевая медицина» еңбегінде қазақ жерінде медицина саласындағы инновациялардың соғыс жағдайында үлкен рөл атқарғанын жазады (3, б.112).

Жараланған сарбаздардың тірі қалу мүмкіндігі артты, ал әскери медицинадағы жаңа әдістер соғыстан кейін де қолданылды.

Шахмардан Есенов соғыс кезінде радиолокациялық жабдықтардың жетілдірілуіне қатысып, Кеңес Одағының әуе шабуылынан қорғаныс жүйесін жақсартуға көмектесті (8, б.154). Б.Е.Черток «Ракеты и люди» еңбегінде соғыстағы радиолокацияның рөлін ерекше атап көрсетеді және осы салада қазақ инженерлері де еңбек сіңіргенін жазады (9, б.134).

Соғыс жылдарындағы ғылыми жетістіктер соғыстан кейін Қазақстанның ғылымы мен өнеркәсібінің қарқынды дамуына негіз болды.

Қорытындылай келгенде Ұлы Отан соғысы жылдары ғылым мен өндіріс тек тәжірибелі мамандардың ғана емес, жас ғалымдар мен инженерлердің де алаңы болды. Олар қиындықтарға қарамастан, ғылыми зерттеулерін жалғастырып, әскери өнеркәсіптің дамуына зор үлес қосты. Соғыс аяқталған соң, көптеген жас ғалымдар майданнан оралып, Қазақстан ғылымының негізін қалады. Олардың еңбегі ел тарихында маңызды орын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Г.А., Щербаков А.А. «Наука в годы Великой Отечественной войны» – Москва: Наука, 1975.
- 2 Столяренко П.А. «Студенты и наука в годы войны» – Ленинград: Издательство ЛГУ, 1980.
- 3 Гращенко Н.И. «Военно-полевая медицина» – Москва: Медицина, 1947.
- 4 Бөкетов Е.А. «Металлургия Казахстана» – Алматы: Ғылым, 1983.
- 5 Сәтбаев Қ. «Қазақстанның минералдық ресурстары» – Алматы: ҚазҒЗИ, 1942.

СОЗДАНИЕ ПРОТОТИПА ПУШКИ ГАУССА С ПОМОЩЬЮ СОВРЕМЕННОЙ ЭЛЕМЕНТНОЙ БАЗЫ

**Ш. БІРЖАНҰЛЫ, Д.С. АХМАДЖАНОВ,
И.А. ВОРОНЦОВ,**

курсанты 2-го курса ВИИРЭиС

А.А. АИШЕВ

преподаватель кафедры ОБРТЭ, подполковник

Актуальность исследования: Пушка Гаусса в качестве оружия обладает преимуществами, которыми не обладают другие виды стрелкового оружия. Это отсутствие гильз и неограниченность в выборе начальной скорости и энергии боеприпаса, возможность бесшумного выстрела (если скорость достаточно обтекаемого снаряда не превышает скорости звука) в том числе без смены ствола и боеприпаса, относительно малая отдача (равная импульсу вылетевшего снаряда, нет дополнительного импульса от пороховых газов или движущихся частей), теоретически, большая надёжность и, в теории, износостойкость, а также возможность работы в любых условиях, в том числе в космическом пространстве.

Объект исследования:

Преобразование электрической энергии в электромагнитную энергию.

Предмет исследования:

Современная электрическая элементная база.

Цель исследования:

Создание прототипа пушки Гаусса на современной элементной базе путем исследования теорем Гаусса и уравнений Максвелла.

Конечный результат:

Прототип Пушки Гаусса.

ВВЕДЕНИЕ

Применение стрелкового оружия, основанного на преобразовании энергии пороховых газов в кинетическую энергию в современных военных конфликтах выявило как достоинства его применения, так и недостатки, к числу которых можно отнести:

- громкость выстрела;
- износ ствола;
- выброс гильзы;
- отдача при выстреле.

В то же время, в середине 20 века была разработана пушка Гаусса, позволяющая производить стрельбу за счет преобразования электрической энергии в электромагнитную энергию.

Создание прототипа пушки Гаусса с помощью современной элементной базы для дальнейшего исследования ее свойств является целью данной работы.

Пушка Гаусса – это вид электромагнитной пушки, которая использует электромагнитные поля для апгрейда проекtilов до очень высоких скоростей. Эта технология была разработана в середине 20 века и получила свое название в честь Карла Фридриха Гаусса, немецкого математика и физика, который сделал важный вклад в области электромагнетизма.

История пушки Гаусса

История создания пушки Гаусса началась в 1930-х годах, когда ученые в США и Германии начали исследовать возможности использования электромагнитных полей для ускорения проекtilов. В 1940-х годах на основе этих исследований была разработана первая пушка Гаусса, которая была способна ускорять металлические шарики до скоростей около 1 000 м/с.

Одним из первых крупных проектов, связанных с разработкой пушки Гаусса, был проект для создания «магнитного ката», который должен был ускорять проекtil до скорости 3,5 км/с. Этот проект был начат в 1960-х годах в США и завершен в 1970-х годах, но его результаты не привели к созданию рабочей пушки Гаусса. Сегодня эти устройства используются в различных областях, включая военную и космическую технику, медицинскую технику, а также научные исследования.

В чем смысл теоремы Гаусса?

Теорема Гаусса для напряжённости электрического поля в вакууме
Общая формулировка: Поток вектора напряжённости электрического поля через любую произвольно выбранную замкнутую поверхность пропорционален заключённому внутри этой поверхности электрическому заряду.

3. ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Принцип действия пушки Гаусса основан на использовании сильных электромагнитных полей – так создается ускоряющая сила для проекtilов. Пушка состоит из пары электромагнитов, расположенных на противоположных сторонах ствола. Когда эти электромагниты заряжаются электрическим током, они создают мощное магнитное поле в стволе. Далее оно ускоряет металлический проекtil, который находится внутри ствола. Пушка может использоваться как для стрельбы одиночных проекtilов, так и для их непрерывного потока.

3.1 Теоремы Гаусса.

В чем заключается суть метода Гаусса?

Это метод последовательного исключения переменных, когда с помощью элементарных преобразований система уравнений приводится к равносильной системе треугольного вида, из которой последовательно, начиная с последних (по номеру), находятся все переменные системы.

В чем смысл теоремы Гаусса?

Теорема Гаусса для напряжённости электрического поля в вакууме
Общая формулировка: Поток вектора напряжённости электрического поля через любую произвольно выбранную замкнутую поверхность пропорционален заключённому внутри этой поверхности электрическому заряду.

Для чего нужна пушка Гаусса?

Пушка Гаусса – это вид электромагнитной пушки, которая использует электромагнитные поля для апгрейда проекtilов до очень высоких скоростей.




Рисунок 1. Иллюстрация принципа стрельбы Пушки Гаусса

Кинетическая энергия снаряда

$$E = \frac{mv^2}{2}.$$

m — масса снаряда.

v — его скорость.

Энергия, запасаемая в конденсаторе.

$$E = \frac{CU^2}{2}$$

U — напряжение конденсатора

C — ёмкость конденсатора

Время разряда конденсаторов

Это время за которое конденсатор полностью разряжается:

$$T = \frac{\pi\sqrt{LC}}{2}$$

L — индуктивность

C — ёмкость

3.2. Уравнения Максвелла

Уравнения Максвелла – система уравнений в дифференциальной или интегральной форме, описывающих электромагнитное поле и его связь с электрическими зарядами и токами в вакууме и сплошных средах. Вместе с выражением для силы Лоренца, задающим меру воздействия электромагнитного поля на заряженные частицы, эти уравнения образуют полную систему уравнений классической электродинамики, называемую иногда уравнениями Максвелла – Лоренца. Уравнения, сформулированные Джеймсом Клерком Максвеллом на основе накопленных к середине XIX века экспериментальных результатов, сыграли ключевую роль в развитии представлений теоретической физики и оказали сильное, зачастую решающее влияние не только на все области физики, непосредственно связанные с электромагнетизмом, но и на многие возникшие впоследствии фундаментальные теории, предмет которых не сводился к электромагнетизму (одним из ярчайших примеров здесь может служить специальная теория относительности).

Суть теории Максвелла – электромагнитного поля, созданной Дж.К.Максвеллом, заключается в следующем: Любое переменное магнитное поле возбуждает электрическое в окружающем пространстве.

Что просто объясняют уравнения Максвелла?

Интегральная форма уравнений Максвелла объясняет, как электрические заряды и электрические токи создают магнитные и электрические поля. Уравнения описывают, как электрическое поле может создавать магнитное поле и наоборот.

3.3. Состав пушки Гаусса.

Пушка Гаусса состоит из Корпус: алюминиевая профильная труба; ствол – простая алюминиевая трубка; рукоять, катушка и крепления для деталей отлиты пластиком на 3D-принтере. Электронная составляющая: провод сечением 1мм, конденсатор Eсros 450v 1000mkf, тиристор 70TPS12 преобразователь на базе ZVS драйвера с отсечкой по напряжению, три высоко токовых аккумулятора 18650, амперметр для контроля заряда аккумуляторов и вольтметр для индикации напряжения на конденсаторе. Снарядом служит простой отшлифованный обрезок болта.

Пушка Гаусса состоит из соленоида, внутри которого находится ствол (как правило, из диэлектрика). В один из концов ствола вставляется снаряд, сделанный из ферромагнетика. При протекании электрического тока в соленоиде возникает электромагнитное поле, которое разгоняет снаряд, «втягивая» его внутрь соленоида.




Рисунок 2. Пушка Гаусса. Схема электрическая принципиальная

На концах снаряда при этом образуются полюса, ориентированные согласно полюсам катушки, из-за чего после прохода центра соленоида снаряд притягивается в обратном направлении, то есть тормозится. В любительских схемах иногда в качестве снаряда используют постоянный магнит, так как с возникающей при этом ЭДС индукции легче бороться. Такой же эффект возникает при использовании ферромагнетиков, но выражен он не так ярко благодаря тому, что снаряд легко перемагничивается (коэрцитивная сила).

Для наибольшего эффекта импульс тока в соленоиде должен быть кратковременным и мощным. Как правило, для получения такого импульса используются электролитические конденсаторы большой ёмкости и с высоким рабочим напряжением.

Параметры ускоряющих катушек, снаряда и конденсаторов должны быть согласованы таким образом, чтобы при выстреле к моменту подлета снаряда к соленоиду индукция магнитного поля в соленоиде была максимальна, но при дальнейшем приближении снаряда резко падала. Стоит заметить, что возможны разные алгоритмы работы ускоряющих катушек.




Рисунок 3. Состав пушки Гаусса

3.4 Ход работы

Принцип запуска снаряда основан, как мы уже представили, на законах физики, а именно – на втором уравнении Максвелла или, как его называют, законе Гаусса. Он гласит: "Изменение электрического поля в пространстве создает вихрь магнитного потока", и, чем сильнее электрическое поле, тем большей силы магнитный поток оно создает. Изучив этот закон, мы применили его в нашей сфере. Зажав кнопку подачи тока на конденсатор, мы заряжаем его на нужную нам величину (450v), затем отпускаем, остановив процесс зарядки. Чтобы пустить напряжение на катушку, снова нажимаем кнопку. В момент прохождения тока по проводу катушка создает вокруг себя магнитное поле, которое затягивает металлический снаряд в канал ствола. Напряжение действует всего долю секунды, поэтому к тому времени, как снаряд подойдет к центру магнитного поля, оно пропадет, и пуля по инерции вылетит из канала ствола.

Как водится, начать мы решили с простейшей конструкции – однокатушечной индукционной пушки. От эксперимента с многоступенчатым разгоном снаряда было принято решение отказаться, сделав упор на более простом исполнении с целью проверки работоспособности предложенной схемы. Это также связано с отсутствием практического опыта и наличия специализированных программ, способных построить сложную систему коммутации на мощных тиристорах и точно настроить моменты последовательного включения катушек.

Для изготовления прототипа изделия необходимые составные элементы были куплены как в магазинах, так и изготовлены на 3Д-принтере. В радиомагазине были закуплены несколько конденсаторов с напряжением 350-400 В и общей емкостью 1000-2000 микрофарад, эмалированный медный провод диаметром 0,8 мм, батарейные отсеки для «Кроны» и двух 1,5-вольтовых батареек типа С, тумблер и кнопку. Остальные элементы были закуплены в интернет-магазинах радиодеталей, а также изготовлены на 3Д-принтере в школе инновационного развития Алатауского района.

3.4.1. Катушка индуктивности

Главный силовой элемент нашей пушки – катушка индуктивности. С ее изготовления было начато изготовление изделия. Взяв отрезок соломинки длиной 30 мм и две большие шайбы (пластмассовые, можно применить картонные), собрали из них бобину с помощью винта и гайки. Далее наматывали на нее эмалированный провод аккуратно, виток к витку (при большом диаметре провода это довольно просто). Особенно внимательно смотрели за тем, чтобы не допустить резких перегибов провода, на целостность изоляции.

Время работы катушки индуктивности

Это время, за которое ЭДС катушки индуктивности возрастает до максимального значения (полный разряд конденсатора) и полностью падает до 0. Оно равно верхнему полупериоду синусоиды:

$$T = \pi\sqrt{LC}$$

L — индуктивность

C — ёмкость

Стоит заметить, что в представленном виде две последние формулы не могут применяться для расчетов пушки Гаусса, хотя бы по той причине, что по мере движения снаряда внутри катушки, её индуктивность все время изменяется.

Закончив первый слой, залили его суперклеем и начали наматывать следующий. Так поступили с каждым слоем. Всего нужно намотать 12 слоев. Затем можно разобрать бобину, снять шайбы и надеть катушку на длинную соломинку, которая послужит стволом. Готовую катушку проверили, подключив ее к 9-вольтовой батарее: она удержала на весу канцелярскую скрепку, значит, мы добились успеха!

3.4.2. Мощность и конденсаторы

Для формирования мощного электрического импульса как нельзя лучше подходит батарея конденсаторов (в этом мнении мы солидарны с создателями самых мощных лабораторных рельсотронов). Конденсаторы хороши не только большой энергоемкостью, но и способностью отдать всю энергию в течение очень короткого времени, до того как снаряд достигнет центра катушки. Однако конденсаторы необходимо как-то заряжать.




Рисунок 4. К объяснению формирования электрического импульса

К счастью, нужное нам зарядное устройство есть в любом фотоаппарате: конденсатор используется там для формирования высоковольтного импульса для поджигающего электрода вспышки.

Подбор емкости конденсаторов — это вопрос компромисса между энергией выстрела и временем зарядки орудия. Мы остановились на четырех конденсаторах по 470 микрофард (400 В), соединенных параллельно. Перед каждым выстрелом мы в течение примерно минуты ждем сигнала светодиодов на зарядных контурах, сообщающих, что напряжение в конденсаторах достигло положенных 330 В. Ускорить процесс заряда

можно, подключая к зарядным контурам по несколько 3-вольтовых батарейных отсеков параллельно.

Однако стоит иметь в виду, что мощные батареи типа «С» обладают избыточной силой тока. Чтобы транзисторы на платах не сгорели, на каждую 3-вольтовую сборку должно приходиться 3–5 зарядных контуров, подключенных параллельно. На нашем оружии к «зарядкам» подключен только один батарейный отсек. Все остальные служат в качестве запасных магазинов.




Рисунок 5. Внешний вид изделия

3.4.3. Меры безопасности

В качестве коммутирующего элемента для низковольтных схем (сотни вольт) идеально подходят тиристоры (мощные управляемые диоды), для высоковольтных (тысячи вольт) – управляемые искровые разрядники. Сигнал на управляющие электроды тиристоров или разрядников будет посылать сам снаряд, пролетая мимо фотоэлементов, установленных в стволе между катушками.

Момент выключения каждой катушки будет всецело зависеть от питающего ее конденсатора. Будьте внимательны: избыточное увеличение емкости конденсатора при заданном импедансе катушки может привести к увеличению длительности импульса. В свою очередь это может привести к тому, что после прохождения снарядом центра соленоида катушка останется включенной и замедлит движение снаряда. Детально отследить и оптимизировать моменты включения и выключения каждой катушки, а также измерить скорость движения снаряда поможет осциллограф.

Мы никому не советуем держать под пальцем кнопку, разряжающую батарею 400-вольтовых конденсаторов. Для управления спуском лучше установить реле. Его управляющий контур подключается к 9-вольтовой батарейке через кнопку спуска, а управляемый включается в цепь между катушкой и конденсаторами. При сборке высоковольтного контура необходим провод сечением не менее миллиметра, для зарядного и управляющего контуров подойдут любые тонкие провода. Проводя эксперименты со схемой, всегда следует помнить: конденсаторы могут иметь остаточный заряд. Прежде чем прикасаться к ним, разряжайте их коротким замыканием.

3.5. Процесс стрельбы.

Процесс стрельбы выглядит так: включаем тумблер питания; дожидаемся яркого свечения светодиодов; опускаем в ствол снаряд так, чтобы он оказался слегка позади катушки; выключаем питание, чтобы при выстреле батарейки не отбирали энергию на себя; прицеливаемся и нажимаем на кнопку спуска.

Результат во многом зависит от массы снаряда. Нам с помощью короткого гвоздя с откусанной шляпкой удалось прострелить банку с энергетическим напитком, которая взорвалась. Следующим выстрелом запустили гвоздь в стену с расстояния 50 метров.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Таким образом, за счет использования теоремы Гаусса и уравнения Максвелла мы сконструировали пушку Гаусса. Применение ее в качестве наглядного пособия при обучении заметно повысит качество усвоения темы преобразования электрической энергии в магнитную энергию.

В ходе работы были получены, обобщены знания в области преобразования электрической энергии. Изучены и проверены различные схемы и методы преобразования электрической энергии в магнитную энергию. В ходе создания пушки Гаусса были получены навыки разработки, сборки, работы на 3D принтере и пайки подобных устройств. Решалось множество проблем, возникающих в ходе создания устройства, которые носили познавательный характер. В ходе выбора и сравнения методов стрельбы, было рассмотрено и опробовано некоторое количество различных технологий, которые выявили достоинства и недостатки разных методов, что привело к оптимальному результату. Данное исследование привлекло широкое внимание слушателей и увеличило объем передаваемой и самое главное воспринимаемой обучающимися информации.

Список использованных источников:

- 1 Коротко о главном [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.shem.net/docu/review/ru/articles/2020/12/16/pushka_Gaussa/index.html (Дата обращения: 15.11.2024).
- 2 Пушка Гаусса [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%A4%D0%9C-1> (дата обращения 16.10.2024).

ӘОЖ 620.18

НАНОРОБОТТАР

Е. САҒЫМБЕК

*2-курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери инженерлік институты*

М.М. САДУЛЛАЕВА

*педагогика ғылымдарының магистрі, ЖФП кафедрасының аға
оқытушысы Радиоэлектроника және байланыс әскери
инженерлік институты*

Түйіндеме. Бұл жобада қазіргі заман талабына сай технологиялардың ішіндегі нанороботтардың маңыздылығын және әскери саладағы қолданысы туралы баяндалады. Компьютерлік бағдарламаны пайдалану арқылы нанороботтардың сызбасы салынды, содан кейін кең таралған 3D принтердің көмегімен наноботтың макеті басып шығарылды.

Түйін сөздер: наноробот, макет, әскери сала, химиялық сәуле, автоматтандыру, ғылыми, жарылғыш наноробот.

Жобаның мақсаты: Нанороботтардың маңыздылығы мен құрылымы, қарулы күштерде соғыс уақытында пайдалану. Наноробот жасаудың тиімді жақтары олардың жоғары дәлдікпен жұмыс істеуі, қауіпті ортада қолдану мүмкіндігі және ғылыми зерттеулерді дамыту

Наноробот

Наноробот – бұл өте кішкентай, әдетте нанометрден де кіші көлемдегі робот. Мұндай роботтар өте кішкентай өлшемдерге ие болғандықтан, оларды

микротехнологиялар немесе нанотехнологиялар көмегімен жасайды. Олар көбінесе медицинада, биотехнологияда және әскери салада қолданылады. Мысалы медициналық нанороботтар ағза ішіндегі ауру ошақтарына дәрі-дәрмек жеткізу, хирургиялық операциялар жасау немесе диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін, ал әскери салада барлау, шабуыл, қорғау және құтқару операциялары үшін пайдаланылады.

Нанороботтардың қозғалуы мен бағытталуы үшін әртүрлі технологиялар қолданылады. Олардың ішінде магнит өрістері, ультрадыбыстық толқындар, жарық сәулесі, химиялық реакциялар және тағы да түрлері кездеседі. Мысалы, магнит өрісін қолдану арқылы дәрігерлер нанороботтарды қажетті орынға бағыттай алады.

Нанороботтар саласындағы зерттеулер мен жетістіктер озық медициналық технологиялар мен әскери саланың дамуына ықпал етуде және олардың қолдану мүмкіндіктері жыл сайын артып келеді.

Нанороботтардың нақты тапсырмаларды орындау мүмкіндігі олардың дизайнына, басқару жүйесіне, энергия көздеріне және қолданылатын ортаға байланысты болады. Әрбір наноробот нақты міндеттерді атқаруға арналғандықтан, олардың қозғалыс, бағыттау және басқару әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Төменде нанороботтардың тапсырмаларды қалай орындайтыны туралы бірнеше негізгі аспектілер келтірілген.

Нанороботтардың тапсырмаларды орындау тәсілдері

1. Қозғалу әдістері. Нанороботтардың қозғалу әдістері олардың мақсаты мен қолдану ортасына байланысты. Мысалы:

Магниттік өріс арқылы басқару. Медициналық нанороботтар ағза ішінде қозғалу үшін сыртқы магнит өрісін пайдаланады. Бұл әдіс роботтарды басқаруды жеңілдетеді, себебі сыртқы магнит өрісі олардың бағытталуын және қозғалыс жылдамдығын дәл бақылауға мүмкіндік береді.

Ультрадыбыстық толқындар. Ультрадыбыстық энергия арқылы микророботтарға қозғалыс беру, әсіресе, сұйық ортада қолдануға тиімді. Бұл әдіс нанороботтарды ағзадағы сұйықтықтарда немесе басқа тұтқыр ортада жылжыту үшін пайдаланылады.

Химиялық реакциялар. Кейбір нанороботтар жанармай немесе биологиялық сұйықтықтармен әрекеттесіп, пайда болған химиялық энергия арқылы қозғалады. Мысалы, ішек ішінде қозғалу үшін ішек сұйықтықтарын пайдаланып қозғалу әдісі бар [1].

2. Бағыттау және навигация. Нанороботтардың бағытталуы да маңызды, әсіресе, күрделі орталарда нақты тапсырмаларды орындағанда. Навигация үшін әртүрлі сенсорлар мен бейнелеу жүйелері қолданылады.

Бейне немесе лазерлік навигация. Кейбір нанороботтар кішкентай камералармен немесе лазерлік сенсорлармен жабдықталған, бұл оларға нысандарды анықтауға және нақты позициясын табуға көмектеседі.

Биомиметика. Кейбір роботтар тірі организмдердің қозғалыс үлгілерін қайталайтын арнайы құрылымдармен жабдықталады. Мысалы, амебаның қозғалысы тәрізді құрылымдар жасалады, бұл роботтарға органикалық ортада қозғалуға мүмкіндік береді

3. Тапсырманы орындау механизмдері. Нанороботтардың тапсырма орындау тәсілдері оларды қолдану саласына байланысты әртүрлі болуы мүмкін [1].

Дәрі-дәрмек жеткізу: Медициналық нанороботтар дәрі-дәрмекті нақты қажетті жерге, мысалы, ісік жасушаларына жеткізе алады. Бұл үшін дәрігерлер оларды магнит өрісі немесе ультрадыбыстық толқындар арқылы бағыттай алады. Дәріні қажетті жерде босату үшін арнайы механизмдер қарастырылған.

Молодёжь, вдохновлённая подвигами героев, готовит научные статьи, исследует архивные документы. Многие школьники и студенты пишут работы о своих родственниках – участниках войны, тем самым углубляя знание родословной и укрепляя семейные и национальные традиции. Кроме того, современные технологии позволяют значительно расширить доступ к исторической информации. Электронные архивы, интерактивные карты боевых действий, цифровые биографии героев становятся важным

ресурсом для научной работы и образовательной практики. Таким образом, память о Великой Отечественной войне интегрируется в современное научное и образовательное пространство.

Героизм, проявленный в годы Великой Отечественной войны, остаётся неисчерпаемым источником вдохновения. Молодёжь, обладающая знаниями и уважением к прошлому, становится движущей силой научного и духовного развития страны. Сегодня, как никогда, важно помнить уроки истории и строить будущее, основываясь на примерах мужества, стойкости и любви к Родине, которые продемонстрировали герои Великой Отечественной войны

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР

Н. БЕКТҰРСЫН

6B02302 – Аударма ісі, 4 курс

Н.Р. ШЕНГЕЛБАЕВА

*ф.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті*

Түйіндеме. Жастар тілі қарқынды дамып, әлемдік трендтерге бейімделуде. Ағылшын тілінен енген жаңа сөздер қазақ тілінде мағыналық сәйкестік, мәдени айырмашылықтар және грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан аударуда қиындықтар тудырады. Жастар тіліне тән сөздерді аудару үшін оларды дыбыстық заңдылықтарға сай бейімдеу, жаңа баламалар жасау, және бірлескен тілдік жұмыс жүргізу сияқты шешімдер ұсынылады.

Тірек сөздер. Жастар тілі, жаңа сөздер, трендтер, әлеуметтік желілер, аудару қиындықтары, мағыналық сәйкестік, мәдениетаралық айырмашылықтар, грамматикалық ерекшеліктер, бейімдеу, балама терминдер.

Аннотация. Молодежный язык стремительно развивается и адаптируется к мировым трендам. Новые слова, заимствованные из английского, вызывают трудности при переводе на казахский язык в связи с различиями в значении, культурными особенностями и грамматическими правилами. Предлагаются такие решения, как адаптация новых слов по звуковым законам, создание новых терминов и совместная работа специалистов по языку.

Ключевые слова. Молодежный язык, новые слова, тренды, социальные сети, трудности перевода, семантическое соответствие, культурные различия, грамматические особенности, адаптация, альтернативные термины.

Annotation. Youth language is rapidly evolving, adapting to global trends. New words borrowed from English pose translation challenges into Kazakh due to semantic mismatches, cultural differences, and grammatical particularities. Suggested solutions include adapting terms phonetically to Kazakh, creating new equivalents, and collaborative efforts among language professionals.

Key words. Youth language, new words, trends, social media, translation challenges, semantic alignment, cross-cultural differences, grammatical particularities, adaptation, alternative terms.

Қазіргі заманда жастар тілі қарқынды дамып, әлемдік трендтерге бейімделіп келеді. Әлеуметтік желілердің кең таралуы, интернет арқылы алмасатын мәдениет, әлемдік танымал тұлғалар мен оқиғалардың әсері жастар арасында жаңа терминдер мен сленгтің пайда болуына ықпал етуде. Жастар арасында жиі қолданылатын бұл жаңа сөздер қазақ тіліне аударуда бірқатар қиындықтар тудыруда.

Жастар тіліне жаңа сөздер көбінесе ағылшын тілінен енеді. Мысалы, “челлендж”, “флешмоб”, “хайп”, “сторис”, “лайк” сияқты сөздер қазақ жастарының ортасында кеңінен қолданылып жүр. Бұл терминдер көбіне қысқа әрі нақты мағынаға ие болғандықтан, жастар арасында оңай қабылданады және күнделікті қолданысқа түседі. Сонымен қатар, интернет пен жаңа технологиялардағы терминология да жастар тіліне әсер етуде. Мысалы, TikTok, Instagram секілді платформалардағы трендтер қазақ жастары арасында “хайп” немесе “трендке ену” сияқты сөз тіркестерін қалыптастырады.

Жасөспірімдер әдетте сленгті ерекше әсер қалдыру, өзіне сенімділік сезімін беру, өзгеше болу, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету, тілдік қорды байыту үшін қолданады екен.

Жаңа сөздерді қазақ тіліне аудару барысында бірнеше маңызды қиындықтар туындайды:

1. Мағыналық сәйкестіктің болмауы. Кейбір сөздерді қазақ тіліне аударғанда олардың бастапқы мәнін жоғалту ықтималдығы жоғары. Мысалы, “лайк” сөзін “ұнату” деп аудару кезінде оның әлеуметтік желідегі нақты мағынасы толық қамтылмайды. Себебі “лайк” – тек ұнату ғана емес, сонымен қатар қолдау, қызығушылық білдіру сияқты қосымша мағыналарды да білдіреді.

2. Мәдениетаралық айырмашылықтар. Жаңа сөздер көбіне шетелдік мәдениеттен келетіндіктен, олардың қазақ мәдениетімен сәйкестігі болмауы мүмкін. Мысалы, “челлендж” сөзін “сынақ” немесе “шақыру” деп аударуға болады, бірақ бұл аудармалар бастапқы ағылшын тіліндегі мағынаның барлық қырын жеткізе алмайды.

3. Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері. Жаңа сөздер кейде қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне сәйкес келмейді. Мысалы, “сторис” сөзін қазақша көпше түрде қолдану үшін “стористер” деп айтуға тура келеді. Бұл сөз бастапқы қалпынан алыстап, түсініксіз болып кетуі мүмкін.

Жастар тіліндегі тренд сөздерді қазақ тіліне бейімдеу үшін бірнеше әдіс қолданылады:

- *Жаңа сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай бейімдеу.* Кейбір сөздерді аудармай, олардың қазақ тіліндегі дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес икемдеу арқылы қолдануға болады. Мысалы, “хайп” сөзін өзгеріссіз қабылдап, жастар арасында кеңінен таратқан абзал. Себебі оны қазақ тіліне аударғанмен ол сөз түсініксіз болып, мағынасын жоғалтып алуы мүмкін.

- *Жаңа балама терминдер ойлап табу.* Кейбір терминдерге жаңа қазақша балама жасау арқылы аударуға болады. Мысалы, “блогер” сөзін “жазбагер” немесе “желіші” деп қолдану арқылы жаңа терминдер қалыптастыру.

- *Бірлескен тілдік жұмыс жүргізу.* Лингвистер, аудармашылар, жастар және әлеуметтік желі белсенділері арасында жастар тіліне енген жаңа сөздерді бірлесіп талқылау, олардың қазақша баламаларын ұсыну арқылы қазақ тілінде жаңа терминдерді қалыптастыру қажет.

Жастар арасында кеңінен қолданылатын кейбір тренд сөздер мен олардың қазақ тіліндегі қолдану мысалдары:

«Краш» - ұнату немесе ғашық болу сезімі;

«Фейк» - шындыққа жанаспайтын ақпарат немесе жалғандық;

«Изи» – ағылшынша «easy» деген сөзден шыққан, оқылуы бойынша қолданады, аудармасы "оңай" дегенді білдіреді;

«Хейт» – біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, теріс пікір білдіру, ол кейде біреуді әлеуметтік желілерде біреуді қорлау кезінде қолданылады;

«Гоу» – ағылшынның "go" деген сөзі, бердеңені бастауға немесе бір жерге баруға арналған шақыру ретінде қолданылады. Бұл сленгіні қолданатындар "гоу" дегеннің өзін ұзақ көріп, оны "го" деп жазады;

«Сорян» – «sorry» сөзінің қысқартылған нұсқасы.

Заманауи тренд сөздердің қолдану қасиеттері:

Креативтілік: Жастар сленг сөздерін жасауда шығармашылық тұрғысынан еркіндікке ие. Олар жаңа сөздер құрастырады, бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейтеді немесе өзгертеді. Мысалы, “сорян” (sorry) термині жастар арасында кеңінен таралып, “кешір” деген мағынада қолданылуда.

Жылдамдық: Сленг сөздері көбінесе қысқа және түсінікті болуымен ерекшеленеді. Жастар арасында жылдам ақпарат алмасу үшін мұндай сөздердің пайда болуы өте тиімді.

Символизм: Сленг сөздері жастардың белгілі бір әлеуметтік топтарға немесе мәдениетке жататындығын көрсетеді. Мысалы, “хейт” сөзі жастар арасында теріс пікір білдіруді білдіреді, ол кейде біреуді қорлаумен қатар, әлеуметтік медидадағы контекстте қолданылады.

Контекстуалдық қолдану: Сленг сөздерінің мағынасы көбінесе контекстке байланысты. Бір сленгтің бір контексте қолданылуы басқа контексте мүлдем өзгеруі мүмкін.

Жастар арасында белсенді қолданылатын жаңа сөздер мен сленгтер де жаргон түріне жатады, өйткені олар заманауи мәдениеттен туындай отырып, белгілі бір жас санаты мен топтың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Жаргон – бұл белгілі бір әлеуметтік топтар немесе кәсіби қауымдастықтар қолданатын ерекше сөздік қор немесе сөйлеу мәнері. Жаргон көбінесе сол топ мүшелерінің бір-бірін жылдам және нақты түсінуіне арналған және сыртқы адамдар үшін түсініксіз болып келеді. Жаргон – белгілі бір әлеуметтік топқа тән сөздік қолданыстардың ерекше жиынтығы, және ол көбінесе сол топ ішінде арнайы мәнге ие.

Жаргонның ерекшеліктері мен функциялары:

Жаргонның басты ерекшелігі – оның бірегейлігі мен құпиялылығы. Жаргон сөздері көбінесе дәстүрлі сөздерден өзгеше мағынада қолданылады, сондықтан топтың ішіндегі адамдарға ғана түсінікті болады. Жаргонның негізгі функциялары мыналар:

- *Топ ішіндегі сәйкестікті күшейту:* Жаргон топ мүшелері арасындағы бірегейлікті арттырады, өйткені ортақ сөздер мен кодтар қолдану сол топқа жататындықты көрсетеді.

- *Құпиялылықты қамтамасыз ету:* Жаргонның көмегімен белгілі бір ақпаратты сыртқы адамдардан жасырын қалдыруға болады, себебі сол сөздер тек ішкі адамдарға ғана түсінікті болады.

- *Қарым-қатынасты жеңілдету:* Жаргон сөздері көбіне қысқа және нақты, сондықтан олар ақпаратты жылдам жеткізуге арналған.

Жастар жаргоны – заманауи мәдениеттің ажырамас бөлігі және ол жастардың қарым-қатынасында маңызды рөл атқарады. Жастар жаргоны интернет пен әлеуметтік желілердің кең таралуымен бірге қарқынды дамып келеді. Мұндай жаргонға көбінесе ағылшын тілінен енген сөздер мен сленгтер кіреді. Мысал ретінде келесі сөздер мен фразаларды атап өтуге болады:

«Топ» – ағылшынша «top» деген сөзден шыққан, ең үздік, жоғарғы деңгейдегі нәрсе немесе адам деген мағынада қолданылады;

«Универ» – орыс тілінен енген, «университет» сөзінің қысқартылған түрі;

«Рофл» – ағылшынша «Rofl» сөзінен шыққан, әзіл мазақ ету қалжындау кензінде қолданылады;

«Общага» – орыс тіліндегі «общезитие» сөзінің қысқартылған түрі, қазақ тілінде бұл жатақхана;

«Кринж» – ағылшын тіліндегі «cringe» сөзінен енген, ыңғайсыз немесе ұят жағдай, жағымсыз сезім тудыратын әрекет;

«Окей» – ағылшын тіліндегі «okay» сөзінен шыққан, келісімді білдіру үшін қолданылады;

«Хайп» – ағылшын тіліндегі «hype» сөзінен шыққан, назар аудару, танымал болу, шу тудыру кезінде қолданылады;

«Чилл» – ағылшын тіліндегі «chill» сөзінен шыққан, жастар арасында демалу немесе босаңсу деген мағынада қолданылады;

«Тренд» – ағылшын тіліндегі «trend» сөзінен алынған, қазіргі уақытта танымал бағыт немесе сән деген мағынада қолданылады.

Жастар жаргоны тұрақты дамып отырады, өйткені трендтер мен жаһандық мәдениет оның негізгі көзі болып табылады. Жаңа тренд сөздерге қатысты қоғамда әртүрлі пікірлер қалыптасады: бір бөлігі оларды қазақ тілінің дамуы үшін қажеттілік деп санаса, ал екінші бөлігі жаңартылған тренд сөздер қазақ тілінің шұбарлануына алып келеді деген сыни көзқараспен қарайды. Бұл мәселеде тіл мамандары мен қоғам арасындағы ашық пікір алмасулардың рөлі үлкен. Жастар тіліндегі жаңа сөздерді қабылдау үрдісіне қалың көпшілікті тарту қазақ тілін дамытуға оң ықпал ете алады. Ол үшін ең алдымен жаңа тренд сөздердің қазақ тіліндегі қолданылуын зерттеу керек. Жастар тіліндегі жаңа сөздер мен терминдерді қазақ тіліне аударудың және бейімдеудің тиімділігін арттыру мақсатында оларды жүйелі түрде зерттеп, қолдану тенденцияларын талдау қажет. Бұл зерттеулер қазақ жастарының қазіргі кездегі тілдік қажеттіліктерін жақсы түсінуге көмектеседі, сондай-ақ жаңа терминдер жасау үшін пайдалы болады.

Қорытынды

Жастар тіліндегі жаңа сөздер мен трендтерді қазақ тіліне аудару тілдік және мәдени ерекшеліктерге байланысты бірқатар қиыншылықтар туғызады. Бұл мәселелерді шешу үшін қазақ тілінің байлығын және икемділігін пайдалану қажет. Жаңа сөздерді қазақ тілінде бейімдеп, аудармашылар мен лингвистердің бірлескен жұмысын жүргізу арқылы қазақ жастарының тілін заман талабына сай жаңартуға және дамытуға болады. Жастар тіліндегі жаңа сөздер мен терминдер тек тілді байытып қана қоймай, сонымен қатар жастардың өзіндік жеке тұлғасын қалыптастыруға, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілерде немесе интернетте кең таралған тренд сөздер жастардың басқа елдердегі замандастарымен ортақ тіл табуына ықпал етеді. Бұл құбылыс жаһандық мәдениет алмасудың бір бөлігі ретінде жастардың көзқарасына, құндылықтарына әсер етіп, тілдің де әлеуметтік рөлін күшейтеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сатыбалдиева Ж.Б. (2021). Жастар тіліндегі жаңа сөздер: пайда болу себептері мен аударудағы қиындықтар. Қазақстандағы лингвистикалық зерттеулер.
- 2 Молдабекова Р.С. (2018). Қазақ тіліне енген ағылшын тіліндегі жаңа терминдер: аударма тәжірибесі. Тілдік инновациялар.
- 3 Мирзаева Г.М. (2019). Жастардың коммуникациясындағы жаңа трендтер: проблемалар мен шешімдер. Тіл және мәдениет.
- 4 Насиров А.Р. (2022). Жастар тіліндегі сленг: сипаттамасы мен қолдану ерекшеліктері. Журналистика және тіл зерттеулері.
- 5 Ақжол Р.Т. (2020). Тіл мен қоғам: Жастар жаргоны мен әлеуметтік медианың ықпалы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
- 6 Галкин А.С. (2018). Жаргон және сленгті тіл білімінде зерттеу: Теория мен тәжірибе. Санкт-Петербург: РГГУ баспасы.

ХАЛҚЫ ҮШІН ТУҒАН ЕРДІ ЕЛІ ӨСІРЕДІ

М. ЖҰМАДІЛЛӘ

2 курс курсанты РЭжБЭИИ

Р.М. КУСАИНОВА

т.ғ.к., ӘГП оқытушысы, РЭжБЭИИ

Қазіргі таңда біз қазақ халқының аса дарынды қолбасшысы, соғыс өнерінің асқан шебері, ерлік даңқы жер жарған ұлттық батырымыз Бауыржан Момышұлының асыл қасиеттері арқылы жастардың бойында тамаша қасиеттер дарытуға басты назар аударамыз. Табиғатынан артық туған, тілге шешен, еліміздің салт дәстүрінің кемел білгірі Бауыржан Момышұлының есімі бүкіл жершарына белгілі. Бүгінгі ұрпақ батырдың әділеттілігі, өз халқын ағынан жарыла жақсы көруі мен оның өткенін, қазіргісін, болашағын ойлап, өмірінің соңына дейін қайрат қылуы, елдікті, ерлікті мұрат тұтуы, досқа адал, дұшпанға бас иемейтін өр мінезділігі сияқты асыл қасиеттерін өнеге тұтады.

Қазақта «ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бар. Халық қаһарманы, аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы да бірден саңқылдаған даусы жеті қат көкті жарып жерге жететін қыран болып қалықтаған жоқ. Біріншіден, сол қыран мінез «қанына тартады», дегендей қанымен берілген болса, екіншіден қыранға тән көптеген қасиеттер жанұясындағы, елдегі тәрбиемен дарыды.

Бауыржанның атасы Имаш өте көреген, шешен кісі болса керек. Дүниенің есігін жаңа ашқан немересіне былай деп бата берген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді

Сыңары болсын, құлыным [1,8].

Атасының асыл сөзі дарыған Бауыржан қырандай қырағы, шырақтай жарық, бабаларындай батыр болып, халқымыздың тарихында, ұрпақтың жүрегінде қалды.

Балалық шағын еске алып батырдың жазғаны: «Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы, адал тандарым менің. Онда мен кішкентай сәби едім.

Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді» [1,17]. Сәби шағынан бауырының ыстығын, жанының жылуын немерсінен аямай оны аймалап, сүйіп өсірген әжесі Қызтумас болатын. Ол кісінің әр бір сөзі, қимылы, ісі, мінезі бәрі бәрі болашақ жазушының жадында жатталып қалыпты. «Ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам», «Бесікте жатқанда құлағына ананың әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын», деді кезінде жазушы. Шынында да қазақи мінез, еліне деген ыстық сезімі біріншіден ананың сүтімен, екіншіден әженің әлдиімен даритынын батырдың өмірінен көреміз.

Әжем маған малдың «тілін» ұғудан бастап ел тануға шейін үйретуші еді. Дүние тарихы, жаратылыс, шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын? дейді.

Бауыржанның әкесі «өз бетінше оқып тоқыған адам». Араб әліппесінде, орыс әрпінде үйреніп, «есеп қисапқа да» жақсы болған. «Өз жанынан өлең шығарып, жиын тойда айтысқа да түсіп жүріпті». Әжесі «балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды» дейтін көрінеді. Сондықтан да Момыш ат жалын тартып мінген халге жеткенде әкесі Имаш шаруа билігін соның қолына береді. Содан бастап ағайын туғандардың арасындағы барлық қатынас, ас той, дау дамай бәріде Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Ел алдында қадірі үлкен болғаны, соншалық тіпті ауылдың атын Момыш ауылы деп атап кеткен көрінеді. Білімділігі, көрегендігі шығар Момыш жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны сайланады да, он жеті жыл старшын болып тұрады. Әділдігін көрген ел оны «тура Момыш» атап құрметтеген. Дүние, мал жинағанды қаламаған қолы ашық кісі болыпты. Бауыржанның бойынан әкесінен дарыған осы қасиеттердің бәрін байқауға болады.

Бауыржан Момышұлы әкесінің қазақтың салт дәстүрін, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерінің жоғары болғанын, әкесінің нағашысын қол қусырып, иіліп қарсы алатыны жайында жазғаны бар. Ал өзінің еңбекқорлығының түп төркіні әкесінде жатқандығын да баяндайды. Момыш он саусағынан өнер тамған ұста, етікші, зергер болған адам. Өте алыста, бұлдыр сағым болып елестейтін кездерді еске алғанда Бауыржан: «Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған», деп жазады. Міне, осы тәрбие болашақ жауынгерді қандай жан азабына салған жағдай болсада төзіп, өз ақылымен, өз күшімен, өз еңбегімен тұйықтан жол тауып шығып, тағдырдың салған тәлкегін табандылықпен қыңқ етпей көтеруге үйреткен.

Әкесінің ел басқару үлгісі қиын қыстау кезеңде ұлы үшін қол басқару үлгісі болды. Көп нәрсені дер кезінде атқармаса өкінішке әкелетінін әкесінен естіген. «Егінді салуда бір күн кешіксең өнім ала алмайсың» дейтін. Осы сөз есіне түсіп қарбалас шақта шешім қабылдағанда бір сәт кешіксе жеңіске жете алмайтынын түсінді.

Адам әкесін мақтан тұта алатын болса ол еш уақытта жамандыққа бара алмайды, себебі біріншіден алдында әкесінің үлгісі тұрады да, екіншіден әкем не дер еді деген ой болады.

Бауыржан әскери болып алыс сапарға жүрердегі әкесінің берген батасын қиын кезде қайта қайта еске алып жүріпті. «Ер жігітке бәрі сын. Арынды болсың шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсын намысың. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма» деген сөздер қаншама рет ойына оралып ұлдың намысын қайрады. Ажал төніп талай рет жан алқымынан алған сәттерде де алдында әкесінің бейнесі тұрғаны сөзсіз.

«Мен жазғанда әкем қарап тұрғандай болады», деп Бақытжан айтқандай, Бауыржанда «Әкем не дер еді?», деп әр ісін әкесінің тұрғысынан қарауды үйренген. Ал кейінгі ұрпақтың батырлары Бауыржан не дер еді деп өсті. Егерде Баукеңнің шығрамасындағы:

«Мен қазақпын жаралған, сүт пен еттен.

Менде ар бар, менде ой бар жан тебіренткен.

Халқымның қарапайым бір ұлымын,

Жанымды арым үшін құрбан еткен», деген жолдарды оқымаса желтоқсан қаһарманы Қайрат:

«Қазақ деген затым бар

Қайрат деген атым бар.

Еркек тоқты құрбандық,

Атам десек атыңдар», деп айтар ма еді?

Осы сәтте оның көз алдында «Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма», деп батыр ағасы тұрған шығар. Міне ерліктің атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы.

Бала Бауыржанның жүрегіне батылдықты ұялатқан, болашақ өмірінде көп көмек етер ой түйсік қалдырған адамның бірі көкесі Момынкұл еді. Асауды құрықсыз көндіргенін жазғанда жазушының оның іс қимылына сүйсініп отырғаны анық сезіледі. Ағасының асқан ептілігін, шапшаңдығын және ойланбастан қаптаған қолға жалғыз да шапқан ертедегі батырларға тән батылдығын айтады. Көкесі көкпар, күрестерде алдына жан салмайтын адам болғанын баяндай келе Бауыржан оның ізеттілігін, үлкенді қалай сыйлағанын атап кетеді. Жас Бауыржан әкесі мен көкесінен көрген осындай өнегелі істерінен үлгі алып өскен. Той думанға араласып сауық құрғанды ұнататын көкесі өзі де қыстың ұзақ кешетерінде халық жырларын, қисаларды әндетіп оқып елді риза қылатын болған.

«Көкем жарықтық» өле өлгенше ел ішінің ең қалаулы жыршысындай өтіп еді ау. Қисалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпінді, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, Көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам», дейді [1,43]. Білімге құмар жас жүректің сусынын қандырған осы баға жетпес байлық өмір бойы азығы болды емес пе?

Осылай халық қазынасынан қанып ішпесе елі көкке көтерген ақиық жазушы болар ма еді, біз мақтан тұтып ол туралы ақиқатпен аңызды араластырып айтар ма едік?

Көкесінен көрген естігендері жаудың ортасында жүргенде талай ойға оралып, талай ерлікке жетелеген. Өздері қоршауда жүріп шабуылға шығу халқының батылдығын көріп, біліп өскен батырдың батырының қолынан ғана келеді. Қаншама рет батальон өте ұтымды маневр жасап, адамдар мен техниканы сақтай отырып қоршаудан шықты. Егерде жас кезінде жыр қисалардан қазақ батырларының соғыс тәсілін естіп, ұғып өспесе командир Бауыржан осыны істей алар ма еді?

Бауке жазушы болып өткенді сараптағанда мінез-құлқының қалыптасуына, өмірге, әсіресе атбегілік өнеріне көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткен адам – деп, Аққұл атасын еске алады.

Атбегілік өнерінің, бәйге, көкпардың асқан білгірі, жылқыға деген сүйіспеншілігі туа біткен ерекше тұлға болған ол кісі. Өзіне жарасар тәкәпарлығы бар Аққұл атасының тіпті атқа отырысы да ерекше болып көрінетін айналаға.

«Аққұл ерде маңғаз отыр екен. Маған ер әбзелі ақ күміспен көмкерілген боз айғыр мен ақсақалды Аққұл екеуі осы сәтте біртұтас құйылған сом мүсіндей сезілген еді», дейді атасын елестетіп. Жылқының сұлулығы мен ақылына сүйсінбеген, разы болмаған халық жоқ шығар жер бетінде. Бірақ қазақтай жылқы жанын түсініп, аялай, сыйлай білген халық, кемде кем. Ондай иесін жылқыда барлық жан тәнімен ұға білген. Аққұл атасы осыны тек өмірімен емес, ажалымен де дәлелдеп кеткен кісі.

Көкпар десе арқасы қозып, бір орнында шыдап тұралмайтын Аққұл атасының көкпарда көрсеткен өнерін Бауыржан үлкен ризашылықпен суреттеген: «Сол ақ екен, қасқырға құйылған қырандай Аққұл ілгері ұмтыла берді... Біресе ерден ауып түсіп ат сауырын сағалайды, бірде көкпарды ат бауырынан әрі бері ауыстырады».

Жазушы көкпар ойыны туралы жазғанда, Жантөре, Момынкұл, Аққұл аталарының өнерлерін көрсеткен де көкпардың жігітке, болашақ ел қорғаушысына қаншама қажет екенін дәлелдейді. Көкпар ерден батылдықты, күш қайратты, ептілікті, шапшаңдықты, айла әдісті, ұшқыр ой, тапқырлықты талап етеді; шыдамдылыққа, қайсарлыққа, қайтпастыққа үйретеді, ерлікке жетелейді.

Ал көрермендерді шабыттандырады, шаттандырады. Осы жерде Баукеңнің көрегендігі тағы да байқалып тұр, себебі көкпар қазіргі олимпиадалық ойындарынан көбінен асып түсер өнер, жарыс. Сондықтан ұлтымыздың намысын қайрап, жігерін көтеретін болашағы зор ойын.

Кезінде өмірлері үшін күресте өткен бабаларымыз «ұрыста қолымнан қаруымды тастамай өлсем арманым болмас еді», дейтін көрінеді. Иә, талай рет қоршаған қалың

қолды жарып өткен батыр, соғыстан кейінгі өмірінде ерлікке айналдыра білді. Талай қиындықты, түсінбеушілікті, қызғанышты, өзгеде қоршаған кесепаттарды жарып өтіп адамдықтың шырқау биігіне көсіле жетіп, мәңгі даңққа ие болған жоқ па. Көкпар өнеріне қанып өспесе, ақылы асқан Аққұл атасы болмаса қайран Баукең осылай істей алар ма еді?

Өзін баладан атаға, адамнан данаға шейін өсірген ата әже, ата ана, тума туыс, ел тәрбиесі, деп түсінген Баукең елді біріктіретін, жастарды қасиетті ата жолына бағыттайтын салт дәстүрлерді, көпке үлгі болардай үлкендердің арасындағы қарым қатынастар туралы көп жазып, айтып кетті.

Билікке таласып отырғанның өзінде билер бір бірін қалай сыйлай білгенін, бір ауыз сөзге қалай тоқтай білгенін қазіргі «билерге» үлгі етпеді ме?

Немесе жанұяның тарыққан, ашыққан кезін жазғанда бірі тары, бірі сауын сиырын беріп көмектесіп, бала шағаны аман алып қалған елдің қамқорлығын барлығымызға үлгі етпеді ме?

Құда түсу, күйеу бала ұрын келу, қыздың елін аралау, қыз ұзату, той думан сияқты салттарда да жастарға өнеге болар көп жайлар жатыр. Олар: ата дәстүрін қастерлеу, тума туысты қадірлеу, қыз барған жерінде сыйлы болу үшін, елді ұятқа қалдырмау үшін бірлесіп жүгін жиып, киіндіріп, көмектесу, яғни «бір жеңнен қол шығару». Сонымен қатар той өнерлінің өнерін шындай түсетін, талаптының талпынысын күшейтетін, қиялдыға шабыт беретін мереке думан.

«Ұрпақ өзге жағымсыз қылықтарға еліктемесін десек осы мереке тойларымыздан айырылып қалмауымыз керек», дейді дана Баукең. Себебі, ұл ұлтын сүйіп мақтан тұту үшін, ол ұлтының тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық өнер мәдениетін, өнегелі тұлғаларын жақсы білу керек. Адам мақтан тұтатын Отанын, шын сүйетін жарын, ардақтайтын ата-анасын ғана қорғайды. Бабасын, атасын, әкесін тану арқылы ғана өзін танып сыйлай алады.

«Өз қадірін білмеген, ел қадірін білмейді, деген кезінде Баукең. Өзін сыйлап, өзін түсіне алған кісі ғана өмірдегі өз жолын табады, өзгегеде жол көрсете алады.

Ұлы философ Сенекеден өмірдегі ең үлкен жетістігіңіз қандай дегенде «Өзіме өзім дос болғаным» депті. Біздің Баукеңде елін түсіну арқылы өзін түсінген адам және бәрімізді осыған шақырған дана.

Павел Степанович Белан «Бауыржанды ұлы қолбасшы деуге болмайды, себебі ол үлкен қолды басқарған жоқ», дейді [2,28]. Қолбасшы сөзінің анықтамасына келгенде дұрыс та шығар, бірақ өмір шындығын анықтар болсақ, ол нағыз қолбасшы. Себебі ол қалай жүзді, мыңды басқарса, солай түменді де басқарар еді.

Ит ішпес көлінің жағасындағы шайқаста Әбілмансұр атасының атын ұранға айналдырып «Абылайлаған» дауысы қазақ жігіттеріне қандай рух берсе, Бауыржан деген аттың өзі қазіргі жауынгерлердің рухын сондай биікке көтермеді ме. Бүкіл елдің рухын көтерген адамды қалай ғана ұлы қолбасшы деп айта алмаймыз?

Баукеңнің ұлылығы оның өзі үшін соғысқанында емес, сонау Кенесары, Садықтар сияқты болашақ қазақтардың намысы үшін соғысқанында. Тек біздер емес бізден кейінгі ұрпақтарда «осындай Бабамыз болған», деп мақтанып жүруіміз үшін, басымызды түсіріп емес, көкірегімізді көтеріп жүру үшін жанын шүберекке түйіп қан кешкен.

Ондай ерлікті ұрпағы еш уақытта ұмытпайтынына бүгін көз жетеді. «Ерлікті естен шығару халық қайғысы» дейді батыр өз сөзінде. «Әр жауынгер, әр ұл халықтың тірегі», десе біз әр ұлды уықпен, мемлекетті шаңыраққа теңер едік. Уық мықты болса шаңырақ шайқалмайды. Ал уықтың мықтылығы оның негізінде: неден жасалып, қалай дайындалғанында. Сол дайындаудың, яғни тәрбиелеу негізі неден жатқанын ұлы Бауыржан мына сөздеріен айтқан: «бірде бір ұстаз нақ өзімнің әжемдей, әке шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиеттің айдынында жүздіре алған жоқ». Ия, мол құлаш сермеп кез келген тасқыннан өту үшін, еркін қанат қағып Бауыржандай биікке көтерілу үшін әр адамның сарқылмас бұлақтай әжесі, асқар таудай әкесі, дархан даладай

анасы, теңіздей толқындаған елі болу керек. Сонда ғана Баукеңе сүйсіне қарағандай, ұрпағымыздың көкте қалықтағанына қызыға қарар едік.

Ер ажалды, ел мәңгілік. Сол мәңгілік ғұмырында жинаған даналықты ел ұлының қанына құйып, санасына сіңдіре алса адал Адам өсіреді. Ондай адам елінің даңқын өсіреді. Батыр Бауыржанды дүниеге алып келген даламыз, дана Бауыржанды тәрбиелеген еліміз әлі де талай ерлігіне әлем сүйсінетін; өнер, біліміне барша халық тамсанатын ұл қыз туатынына сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ұшқан ұя. Алматы, 2003.
- 2 Бағдар №1, 2004.

ҚАРУ-ЖАРАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

А.Б. ҚУАТБАЕВ

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери инженерлік институты*

Д.А. УТЕНОВА

Мемлекеттік тіл кафедрасының доценті-цикл басшысы

«Қазақ халқының қару-жарақтарының шығу тарихы» тақырыбы, әсіресе қазіргі уақытта, тарихи, мәдени, әлеуметтік және әскери тұрғыдан өзекті болып табылады. Қазақ халқының қару-жарақтары тек әскери құралдар ғана емес, сонымен қатар халықтың өмір салты, дәстүрлері мен дүниетанымын көрсететін мәдени мұра болып табылады. Қару-жарақтардың эволюциясы, олардың шығу тегі мен қолданылу ерекшеліктері, қазақ қоғамының тарихы мен мәдениетінің терең қабаттарын ашып көрсетеді.

Біріншіден, қазақ халқының қару-жарақтарының шығу тарихы халықтың мәдениеті мен тарихын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақтары, олардың құрылымы мен қолдану тәсілдері, халықтың өмір салты мен соғыс тактикасын сипаттайды. Мысалы, садақ, найза, қылыш және қалқан сияқты қару түрлері, олардың қолданылу мақсаты мен әскери дәстүрлері, қазақ қоғамының әскери мәдениетінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Екіншіден, қару-жарақтардың шығу тарихы арқылы қазақ халқының әскери тарихын, соғыс өнерін және қорғаныс стратегияларын түсінуге болады. Бұл ақпараттар ұлттық идентичтілікті қалыптастыруда, жастарға патриоттық тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының ерлік дәстүрлері мен батырлық тарихы, олардың тәуелсіздік үшін күресіндегі рөлі, бүгінгі ұрпақ үшін тарихи сананы қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Үшіншіден, қазіргі заманда әскери тарих пен қару-жарақтардың эволюциясы халықаралық қатынастар мен қауіпсіздік мәселелерінде маңызды. Қазақ халқының қару-жарақтары мен әскери дәстүрлері, олардың қазіргі заманғы қауіпсіздік стратегияларымен байланысы, зерттеуге тұрарлық тақырып. Бұл аспект қазіргі заманғы әскери ғылым мен стратегияны дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Сондықтан, «Қазақ халқының қару-жарақтарының шығу тарихы» тақырыбы тарихи, мәдени, әлеуметтік және әскери тұрғыдан өзекті болып табылады. Бұл зерттеу қазақ халқының қару-жарақтарының тарихи, әлеуметтік және мәдени аспектілерін ашып көрсету, сондай-ақ олардың заманауи қоғамдағы рөлін талдау мүмкіндігін береді. Зерттеу

барысында қару-жарақтардың өндірісі мен қолданылуындағы технологиялық өзгерістер, олардың халықтың өміріне әсері, сонымен қатар тарихи оқиғалармен байланысы да қарастырылады (1).

Тарихи контекстте, қазақ халқының қару-жарақтарының шығу тарихы ежелгі замандардан басталады. Алғашқы қару-жарақтар табиғи материалдардан, яғни тас, ағаш және сүйектен жасалған. Уақыт өте келе, металлургияның дамуы арқасында, қару-жарақтар да жетілдіріліп, күрделі форма мен функцияға ие болды. Мысалы, садақ пен жебе – қазақтардың аңшылықта және соғыста қолданған ең негізгі қаруларының бірі болып табылады. Қазақ садақтары көбінесе ағаштан жасалып, жоғары сапалы жебелермен толықтырылды.

Орта ғасырларда, қазақ халқының қару-жарақтары түркі халықтарының әскери дәстүрлерімен ықпалдасып, дамыды. Қазақтардың соғыс тактикасы мен қару-жарақтарының дизайны оларды соғыс алаңында тиімді етті. Бұл кезеңде қазақтардың қару-жарақтары тек соғыс үшін ғана емес, сонымен қатар олардың мәдениетінде, салт-дәстүрлерінде де маңызды рөл атқарды. Мысалы, қару-жарақтар мерекелер мен жоралғыларда, сондай-ақ батырлардың ерліктерін дәріптеуде қолданылды.

Осылайша, қазақ халқының қару-жарақтарының шығу тарихы – бұл көпқырлы ғылыми проблема, оның теориялық және практикалық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл зерттеулер қазақ мәдениетінің, тарихының және әлеуметтік құрылымының тереңдігін түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ халқының қару-жарақтары – бұл тек әскери құралдар ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани байлығы мен мәдени мұрасының маңызды бөлігі (2).

Қазақтардың қару-жарақ өндіруі мен қолдану дәстүрлері олардың мәдениеті мен өмір салтына тығыз байланысты. Қазақ қоғамында қару-жарақ тек қана соғыс құралдары ретінде емес, сонымен қатар ұлттық идентификация мен ерлік символы ретінде де қарастырылған.

1. Қару-жарақтың шығу тарихы

Қазақ жерінде қару-жарақтың пайда болуы мен дамуы көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Көшпенділердің өмірі мал шаруашылығымен, аңшылықпен және жаугершілікпен өтті. Сондықтан, қару-жарақ өндіру қажеттілігі туындады. Б.з.д. I мыңжылдықта қазақ жерінде темір өңдеу технологиясы дамып, алғашқы қару-жарақ түрлері пайда болды. Темірден жасалған қанжарлар, найзалар, садақтар мен жебелер, сондай-ақ, түрлі бронялар мен қалқандар қазақ жауынгерлерінің негізгі қару-жарақтары болды.

2. Қару-жарақтың түрлері

Қазақ халқында қару-жарақтың бірнеше түрлері болды. Олардың арасында:

– Садақ: Қазақтың ұлттық қаруы. Садақтың бірнеше түрлері болды, олар аңшылық пен соғыс кезінде қолданылды. Садақтың жебелері әдетте темірден немесе сүйектен жасалды.

– Найза: Найза ұзын, өткір ұшы бар қару. Ол жауынгерлік шайқастарда және аңшылықта қолданылды. Найзаның ұзындығы мен формасы әртүрлі болды, бұл оны әр түрлі мақсаттарға бейімдеуге мүмкіндік берді.

– Қанжар: Қанжар – қысқа, өткір қару. Ол көбінесе жақын шайқастарда қолданылды. Қазақтың қанжарлары әдемі ою-өрнектермен безендірілген, бұл олардың эстетикалық құндылығын арттырды.

– Броня мен қалқан: Қазақ жауынгерлері өздерін қорғау үшін түрлі бронялар мен қалқандарды қолданды. Бронялар көбінесе темірден немесе теріден жасалды, ал қалқандар көбінесе ағаштан немесе металлдан дайындалды (3).

Бүгінде этнографиялық зерттеулердің маңызы артып келеді, себебі олар қазақ халқының дәстүрлі қару-жарақтарын қолдану мәдениетін, олардың әлеуметтік және әскери рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы біз халықтың өмір сүру салты, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

арасындағы байланысты зерттей аламыз. Бұл зерттеулер қазақ қару-жарақтарының тек әскери құралдар ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдени мұрасының бір бөлігі екенін көрсетуге мүмкіндік береді.

Кросс-мәдени талдау да маңызды аспект болып табылады. Басқа халықтардың қару-жарақ тарихымен салыстыра отырып, қазақ қару-жарақтарының ерекшеліктерін анықтау, олардың мәдени контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл үшін әлемнің әртүрлі мәдениеттерінің қару-жарақ тарихын зерттеу, қазақ халқының әскери өнерінің басқа мәдениеттермен байланысын ашуға көмектеседі.

Бұл қару жарақтың шығу тарихын жастарға қызықты қылып жеткізу үшін ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру, саладағы мамандармен пікір алмасу, тәжірибе бөлісу – бұл білмейтін жас ұрпаққа өзіміздің тарихымыздың бір құндылығын біліп жүруге көп ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халқының қару-жарақтарының тарихын көрсету үшін көрнекі материалдар, көрмелер, музей экспозицияларын ұйымдастыру, халықтың мәдени мұрасын насихаттауға көмектеседі (4).

Заманауи технологияларды қолдану қазіргі кезде көп кездесіп жатыр соның ішінде, 3D моделдеу, виртуалды шындық (VR) технологияларын пайдалана отырып, қазақ қару-жарақтарының құрылымын және олардың қолданылуын көрсету, зерттеуді заманауи деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламаларына қазақ халқының қару-жарақтарының тарихы туралы арнайы курстар енгізу, жастарға ұлттық мәдениетті таныстыруға ықпал етеді.

Қортындылай келе Қазақ халқындағы қару-жарақ өндіру және қолдану дәстүрлері тек тарихи маңызы бар емес, сонымен қатар, қазіргі заманғы мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Қазақтың қару-жарақтары олардың тарихы мен мәдениетінің айнасы ретінде қызмет етеді. Бүгінде бұл дәстүрлерді сақтау және дамыту арқылы қазақ халқы өзінің бай мәдени мұрасын құрметтеп, болашақ ұрпаққа жеткізуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбдәкімұлы Ә. Қазақ даласының жауынгерлік өнері – қазақ батырларының соғыс өнері, қару-жарақ қолдану әдістері туралы зерттеу.
- 2 Нұржанов Ә. Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары – қазақ халқының ұлттық қару-жарақтарының даму тарихы мен түрлеріне шолу.
- 3 Жетпісбай Б. Қазақтың соғыс қарулары – дәстүрлі қылыш, найза, садақ, қалқан сияқты қару түрлері туралы зерттеу.
- 4 Байпақов К. Қазақстанның ортағасырлық жауынгерлік мәдениеті – қазақ жауынгерлерінің қарулану ерекшеліктері мен әскери тактикасы туралы ғылыми еңбек.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ӨМІРІ – ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ

Е.Қ. ТЛЕУЛЕС

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери инженерлік институты*

Г.Д. РЫСБЕКОВА

*филология ғылымдарының магистрі, мемлекеттік тіл
кафедрасының аға оқытушысы Радиоэлектроника және
байланыс әскери инженерлік институты*

Қазақ халқының тарихы – ерлік пен батырлықтың жарқын үлгісі. Бүгін де батырлардың ерлігі мен өнегелі өмірі тек тарих беттерін де емес, жастардың санасында да

сақталуы тиіс. Батырлардың қайсарлығы мен патриотизмі өскелең ұрпаққа үлкен өнеге болып табылады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы сыртқы жаулардан қорғану үшін күрес жүргізген. Осы жолда ұлттың азаттығы үшін жанын қиған Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр, Сұраншы, Баян, Райымбек батырлар.

Қабанбай Қожағұлұлы – 1692 жылы дүниеге келіп, 1770 жылы қаза табады. Кейбір мәліметтерде «Алакөлге малынып жатқан Барқытбелдің күнгейінде дүниеге келген нәрестені ата-анасы азан шақырып, Ерасыл деп ат қойыпты» (1, 736.). Арқада туып, Арқадағы Есіл мен Нұра ортасындағы Қабанбайдың Үшбұлағы аталатын жерде дүниеден өткен деседі. Ал сүйегі Үшбұлақтан 3 шақырым жерде «Найман қорым» аталатын қырдың үстінде. Батырдың өмірбаянына қатысты тарихи деректерді Амангелді Төлемісов жинақтап, өз баяндамасында қалың қауымға ұсынды. «Ту көтеріп, ел қорғаған сүйікті батырына халық Ерасыл, Нарбала, Избасар, Қабанбай, Хан батыр, Дарабоз, Көкірек әулие деген ат-есімдер берген», – дейді тарихшы. Баяндамашының деректері бойынша, Қабанбай батыр Қытай жазбаларына 1757-1758 жылдардан бастап «қазақтың туму Батұлы – яғни бас батыры» ретінде хатқа түсіп, Қазақ хандығының Абылай, Әбілпейізден кейінгі 3-ші ірі тұлғасы, кейде Абылай, Әбілпейіз, Әбілмәмбеттен кейінгі 4-ші ірі тұлғасы ретінде аталып отырады. Циянлұң патшаның 1760 жылы 25 наурыз күні Қазақ хандығына жолдаған хатында: «Қазақтың Аблмамбет, Абылай, Әблпейіз және Қабанбайларына...» деген есімдердің аталуына қарап біз осындай тұжырымға келеміз. Мұның өзі сол Абылай заманында өткен қазақтың ұлы жыраулары Бұхар, Үмбетей, Саршуаш, кейінгі Мәшһүр Жүсіп, Құрбанғали аталарымыздың Қабанбай батырды бар батырдың басына қойып жырлаған жырларымен және жазба деректерімен бірдей шығып отыр. Орыс деректеріндегі Қабанбай батыр туралы деректерді тарихшы былай тізеді. «Орыс тарихшыларының жазбаларында Қабанбай батыр айрықша аталып отырады. Орыс тарихшысы Кузнецовтің 1750 жылдардағы жазбаларында: «Қазақ қолының солтүстік шығыс бөлігін Қабанбай батыр бастап, оңтүстік шығыс бөлігін Абылай бастап жоңғарларды шығысқа қарай тықсырып барады» – деп жазса, тағы бір орыс тарихшысы Веляминов-Зернов 1752 жылдары Еділ қалмақтары Қытайға қоныс аудармақ болған кезде іргелес отырған Қарақалпақ елін өздерімен бірге зорлап көшіріп әкетпек, болғанда сол елді қалың қол бастап, құтқарып қалған адам қазақтың Қабанбай батыры екендігін жазған.

Қаракерей Қабанбай батыр бейнесі

Даңқты қолбасшы Қабанбай батырдың өмір сүрген жылдары, ұрыс алаңындағы ерліктері мен осы күнге дейін жарияланбаған мағлұматтар келесі ғылыми мақалада көрініс тапты. Қаракерей Қабанбай жекпе-жегі туралы А.Оспанбай: «Қазақтың бас батыры – Қабанбай 103 жекпе-жек өткізіп, оның барлығында жеңіске жеткен» (2, 56.) – деп атап өтеді. Көптеген әдеби-тарихи туындыларда Дарабоз батырдың образы әрқилы жасалды. Бұл туралы «Қазақ романдарындағы Қаракерей Қабанбай батыр бейнесі» баяндамасында Нұрдәулет Ақыш бірнеше шығарманы атап көрсетті. Қазақ халқының тарихындағы елеулі жаугершілік кезеңдер туралы шоқтығы биік дүниелердің қатарында Қабдеш Жұмаділовтің Қаракерей Қабанбай батыр тұлғасын негізге ала отырып жазған «Дарабоз» диалогиясын атап өтуге тиіспіз. «Дарабоз» – Қаракерей Қабанбай батырдың жоңғарлармен болған бір шайқаста көзге түсуіне орай, қатты риза болып кеткен Абылай ханның қойған лақап аты. Жазушы Қабанбай тұлғасын біржақты суреттеумен шектеліп қалмай, оны әр қырынан ашып көрсетуді жөн санаған. Қабанбайдың көптеген жекпе-жектерінің ішінде қалмақтың Шамал ханымен жекпе-жегінің бояуы қанық, әсерлі. Ол ең соңғы мәрте қас жауы Балдыбектің баласы Қарабекке найза сілтеп барып, аттан құлап түседі. Өйткені жетпістен асқан дімкәс қарт Қабанбайды ауру әбден меңдеген болатын. Сөйтіп өмірінің соңғы күндеріне дейін елін, жерін қорғау жолында соғысып жүріп, ат үстінде найзасын қолында ұстап жүріп жан тапсырады» деп түрлі тарихи деректер келтіреді. Әсілі, бұған дейін батырдың тұлғасын ашатын талай дүние жазылды, мектеп

жасындағы балалардың өзінен қазақ батырларын атап бер десе, Қаракерей Қабанбай батырдан бастайтыны шындық.

З.Сәнік., Б.Садықанұлы Қаракерей Қабанбай зерттеуінде: «Қалмақтың қамалын ала алмай Абылай іштей қатты тынады, ширығып амалсыз дағдарады. Ешкім бұзуға дәті шыдамаған кезде Қабанбай мен Еспенбет шығып бұзады. Осы көрініс жырда былай суреттеледі:

Бұзатын бір әдісті тапты батыр,
Бұзғанда айғайлады қатты батыр.
Неше мың болсадағы кейінгі әскер,
Қаптады «Қабанбайлап» артқы батыр.

Қысқасы қазақ жеңіп қалмақты алды,
Қабанбай «хандай» болып ардақталды.
Абылай Қабанбайды «хан» деп қақты,
Қымбатты Еспенбетке тонын жапты.

Осыдан кейін Қабанбай «Хан батыр» деп атанып, абыройы-атағы бұрынғыдан да арта түседі (3, 29 б.).

Қабанбайдың жерленген жері – Ақмола

Ә.Марғұлан атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында Қаракерей Қабанбай туралы 18 дастан сақтаулы. Зерттеуші Камал Әбдірахман батырдың жерленген жері жайында мынадай дерек келтіреді. «Аңыздар мен дастандар батырдың Арқада туып, сонда қайтқаны, жерленгені жөнінде бір ауызды. 1897 жылы Көктұмадағы найман түселінде батырдың тікелей ұрпағы төбе би Сүлеймен мен Маусымбай шежіреші айтып отырып, Кәрібай ақынға «Байжігіттің үйленуі», «Қабанбайдың жаралмышы», «Мұрын Байжігіт» атты дастандарды жырлатыпты, жазғызыпты. Бұлардың түпнұсқасы Астанадағы «Отырар» кітапханасында сақтаулы. Байжігіттің үйленген жері нақтылы айтылады, ол жер – «Жайлауы Дәулеткерей Есіл-Нұра» деп анық көзделеді. Аристов 1816 жылы «Аякөз» маңына байжігіттер деген келіп, қоныстана бастады. Олардың қытаймен екі ортадағы қатынасқа тигізетін әсерін зерттеу қажет» деп жазады. Тарих ғылымдарының докторы Н.Бекмаханова «Легенда о невидимке» атты кібатында былай дейді: «1740-1760 жылдары қазақ даласындағы игі жақсылар қауымдық, жайылымдық және қыстаулық жерлерді иемденіп болды. Қабанбай батыр Есіл мен Нұра өзенінің бойы мен Көкшетай төңірегін жайлады» деп жазады. Міне, аңыз, дастан, тарихи деректер бір жерден шықты. Қабанбай батыр Арқада туып, Арқада қайтыс болғаны тарихи шындық. Баяндамашының айтуынша, қазіргі топонимдер бойынша көптеген ұлы тұлғалардың туып-өскен және жерленген жерінен көз жазып қалудың себебі осы. Бұрынғы рулардың мекен еткен жері басқаша, қазіргі қонысы ауысып кеткен. Бұған дәлел көп. Жетісу жерінде қалмақтың батыры қоныстанса, Аягөзде байсуандар, жалайырлар отырған.

Қабанбай аманаты...

«Қаракерей Қабанбай аманаты тарихи сана және ұлт-ағарту кеңістігінде» атты баяндамасында Кәкен Қамзин «Дарабоз бабамыз талғампаз да сабырлы тарихтың, салиқалы елдің бел баласы. «Басқаша айтсақ, Қаракерей Қабанбай батырдың аманатын осы Көк бұйрығынан, қазақ халқына тиесілі ұлан-байтақ өрістен, сол қонысты жайлаған елдің береке-бірлігінен іздеген жөн. Оның аманаты ХХІ ғасырға аяқ басқан қазақ ұлтының сана инновациясынан, ғылыми-технологиялық қарыштауынан, мәдени-өнери өркендеуінен, ақжүрек-кеңпейілділігінен тарайды», – деді. «Қаракерей Қабанбай батыр ғұмырын зерттеу, шындығын айтар болсақ, бертінде қолға алына бастады. Оның өзіндік себептері де бар. 1930 жылы 18 қаңтарда Сейіт Жұмағұтұлы деген кісі Ілияс Жансүгіровке араб әліпбиімен хат жазады. Осы хатында ол басқа шығармалармен қоса «Қабанбай батыр өлеңі» – бір кітапша толық жібердім деп көрсетеді». Қазір еліміздің территориясында 25 мыңдай мәдени-тарихи ескерткіш бар екен. Енді батырларымыздың ерлігін өскелең ұрпаққа, болашақ жастарға насихаттау үшін Ұлы қолбасшыға арналған арнайы әскери,

дипломатиялық мұражай сол қатардан орын алу қажет. Сонымен қатар, Қаракерей Қабанбай батырдың ғылыми жағынан тиянақталған ғұмырнамасын шығару кезекте тұрған үлкен шаралардың бірі деп білемін. Осыларға қоса жаңа деректермен толықтырылған «Қаракерей Қабанбай батыр» энциклопедиясын дүниеге әкелу де – ауқымды істердің бірі. Қазір, өкінішке қарай, Мұқан Төлебаевтың деңгейіндегі композитор жоқ. Дегенмен «Қаракерей Қабанбай» операсын жаза алатын композитор табу да – болашақтың ісі. Оның үстіне Қаракерей бабамызға арналған көп сериялы көркем фильмнің сценарийін, түсірілімін қолға алатын мезгіл де жетті», – деп баяндамашы батыр рухына бағышталған іс-шаралар легімен бөлісті. Қазіргі кезде батырға көптеген ескерткіш орнатылды. Соның бірі – Стамбұлдағы Бахыркөй ауданының Киікті саябағында еңселі ескерткіш бар. Қытайдың Іле аймағында Қабанбайдың есіміне берілген шың бар. Аты аңызға айналған батыр – Қаракерей Қабанбайдың қазақ халқының басына күн туғанда жасаған ерліктері мен Отанына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Оны өз заманының кемеңгер тұлғалары – Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара, Сарышуаш кейіннен Ш.Уәлиханов, Құрбанғали Халид, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, С.Торайғыров, Б.Садықан, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедханов, С.Ғаббасов, З.Қинаятұлы, т.б. ғалымдар жазып, талай ақындар Қабанбайдың ерлігіне өлең-жырларын арнаған. Батырлардың ерлігі халқымыздың жадында мәңгі сақталары даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жаманқараева А., Күздеубаева А. Қазақтың ұлы қолбасшысы - Қабанбай батыр // Қазақтың ұлы қолбасшылары. - Алматы: Принт-С, 2011. – Б. 71-79.
- 2 Оспанбай А. Қазақтың бас батыры – Қабанбай // Түркістан. 2017 ж. 14 мамыр. 4-5 б.
- 3 З.Сәнік Б. Садықанұлы Қаракерей Қабанбай: Аңыз, зерттеу, қиссалар. – Алматы: Жазушы, 2010. – 176 б.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

О.Е. ГАПУРЖАНОВ

3-ші курс курсанты РЭжБӘИИ

С.Е. СУЛЕЙМЕНОВ

ӘГП кафедрасының оқытушысы РЭжБӘИИ

Бүгінгі күнде мен Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының курсанты және тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматымын. Ал бұл маған өз ойымды еркін білдіруге кепілдік береді.

Мені әскери қызметші және жай ғана Республика азаматы ретінде қазіргі қазақ жастарының өз тарихын ұмытып бара жатқаны қатты қанжылтады.

Бабамыз Әбу Насыр Әл Фараби айтқандай: “Тарихты білмей болашақты болжау қиын.” Сол себепті бүгін мен тәуелсіздік жолында өмір кешкен, қазақтың патриот нар тұлғасы Бауыржан Момышұлының тәуелсіз Қазақстанның ұлттық әскери саясатына сіңірген еңбегі туралы айтқым келеді.

Жалпы қазақ халқының тарихы сонау Александр Македонскийдің үстемдігі жетпеген жүрек жұтқан Сақтардан бастауын алады. VIII ғасырда қазақ жеріндегі тайпаларға жасаған Араб басқыншыларының да шапқыншылығы жеңіліспен аяқталған. XIII ғасырда ежелгі түркі тайпалары Шыңғыс хан әскерінің сол қанатын бастап, ержүректігімен көзге түскен. XV ғасырда Қазақ Хандығының құрылуы да жайдан жай

емес. Бойында осы бабалардың қаны ағып жатқан атамызды халқымыздың қаһарманы, Кеңес одағының батыры, атақты жазушы деп қана айта салу аздық етеді. Бұл сөздерге мен тағы: қазақтың тұңғыш әскери ғалымы, ойшыл философ, қазақтың біртуар қолбасшысы деген атақтарды қосар едім.

Бауыржан Момышұлының әскери таланты мен шеберлігі 1941 жылы Мәскеу астындағы шайқаста ашылып, сұрапыл соғыс барысында шындалды. Соғыстан кейін өз білімі мен тәжірибесімен бөлісуді жөн көріп, әскери Академияда тактикадан сабақ берген. Өкімет тарапынан оған жасалған әділетсіздікті бәріміз жақсы білеміз. Бірақ та бұл атамыздың асыл атын ешқашан төмендеткен емес, себебі тарихта шеніне байланысты емес, істеген ісіне байланысты қалады. Бауыржан атамыз қарапайым полковник шенінде қала тұра көптеген мықты қолбасшыларды білім нәрімен сусындатып, өз білгенін үйретіп, шеберлігін үстемдеткен.

1963 жылдың қарашасында Бауыржан Момышұлы өз лекциясында Куба қарулы күштерінің қолбасшыларына: “Егер сендер бірінші класстағы озық әскер құра білсендер – бұл сендерге бейбітшілікті сақтаудың кепілі болады. Қарулы күштер Отанның тәуелсіздігі мен мемлекеттің мүддесін қорғау үшін қажет” деген екен. Дәл осы ойды қазіргі Қазақстан Республикасының әлі күнге дейін толық жетілдірілмеген доктринасына қосса нұр үстінен нұр болар еді деп ойлаймын.

Ешкім де іштей батыр болып тумайды, батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады. Бауыржан Момышұлы жеке құрамды тәрбиелеуге ерекше мән берген:

командирлік өнердің басты мақсаты – жеке құрамның жүрегінің кілтін таба білу, бұйрықтарды берерде дәрежесін түсірмеу. Соғысатын техника емес – адам. Техника тек оның қолындағы қару ғана. Сол себепті тәрбие мен моральді факторға, әсіресе ұрыс үстінде ерекше мән берген шарт.

әскери қызмет мемлекеттің әр азаматына киелі міндет. Әскери қызметтен қандай да бір сылтаумен қашу өте үлкен қылмыс. Егер ол әскери қызметтен қашса демек ол жалған патриот, намысы жоқ адам.

әр азамат үшін әскердегі қызмет бұл – моральді және физикалық шындалатын мектеп. Әскер бұл – ішкі жан дүниенді тәрбиелейтін, сыртқы келбетінін жинақылығын келтіретін, қиын сәттерде адамгершілігінді сақтап қалуды үйрететін мектеп. Өз Отанын сүйетін әр азамат бұл мектептен өтуі міндет.

адамның әскерге дейінгі тәрбиесі де өте маңызды.

жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейі – қатаң әскери тәртіпке тікелей байланысты.

әр жауынгер заңдарды, әскери жарғыларды, командирлерінің бұйрықтарын бұлжытпай ұстануы тиіс.

әр жауынгер жоғары тәртіпті ұстанып, өз қаруын жоғары деңгейде қолдана білуі, әскери ұжымды құрметтеуі, қиын жағдайда жолдасына қол ұшын беріп, оларды жаман қылықтардан ұстап қалуы тиіс.

әскери тәртіпке қол жеткізудің ең дұрыс жолы – жеке құрамға түсіндіру арқылы ұйымдастыру. Бұйрықты қинап орындатқызу – ең қате шешім.

жеке құрам командирді үлкен ағасы ретінде қабылдауы тиіс. Ол қол астындағы адамдарды жекеше сөйлесу арқылы жан жақты білуі тиіс.

жеке құрам командирге, ал командир жеке құрамға сенуі өте маңызды.

командир өз жеке құрамын ашумен емес, ақылмен тәрбиелеу керек. Ол әділ болуы, жеке құрамды жайдан-жай мақтап, жайдан-жай сөкпеуі тиіс. Ешқашан жауынгердің қадыр-қасиетін түсіруге жол бермеу өте маңызды шарт.

Құрметті конференция қатысушылары, Бауыржан Момышұлы қазақ тіліне, ұлттың салт-дәстүріне, қазақ халқының тарихына да көп көңіл бөлген. Сол себепті Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің тәрбиелеу жүйесіне осы құндылықтарды жетілдіруді қолға алу керек деп ойлаймын. Халық пен әскер жақын түсінік. Біздің

әскерімізде қаншалықты көп ұлт өкілдері болғанымен, олардың рухтары қазақи болуы керек.

Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық қазынасы бүгінгі күнге дейін өз күшін жоғалтқан жоқ. Сол себепті осы теорияны Қазақстан Республикасының әскери кадрларын тәрбиелеу жолында қолдану өте дұрыс шешім болар еді деп ойлаймын. Сонда қазағымның әскерінің мықтылығы одан әрі шындалар еді. Ал әскері мықты мемлекеттің тәуелсіздігі мәңгі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Сағадат Нұрмағамбетов 1914 жылы қазіргі Ақмола облысы Ақкөл ауданы Қосым ауылында туған, үйдің кенжесі. Әкесі – Қожахмет, анасы – Айса, ағасы Сағит. Сағадат дүниесігін ашуға бір ай қалғанда әкесі Қожахмет өмірден озады. Айса жалғыз қалып, екі ұлын асырау үшін бар күшін салады. Алайда елімізді ашаршылық жайлаған 1931 жылы Сағит пен Сағадат отбасының тірегі болған аналарынан айырылып, тұл жетім қалады. Ол кезде Сағадат бар-жоғы 7 жаста еді.

Сағадат үшін жалғыз ағасы Сағит әке де, шеше де болады. Бірақ сұм соғыс ағасын да көп ұзатпай майдан даласына алып кетеді. Ол ағасын жанындай жақсы көрген екен.

«Ағам шымыр денелі, жұдырығы тоқпақтай, қой көзді, анама ұқсайтын еді», – дейді Сағадат Нұрмағамбетов.

Алайда Ұлы Отан соғысына аттанған оның жалғыз ағасы Новгород түбіндегі шайқаста қаза табады.

Отбасынан айырылған Сағадат Нұрмағамбетов ерте есейіп, жастайынан алғыр, өжет болып өседі. Туыс атасы Әлжан айтқан Қобыланды батыр, Алпамыс батыр туралы жыр-дастандарды сүйсіне тыңдайды. Ол Ақкөл ауданындағы (бұрынғы Алексеев) мектепте оқыған. Екі сыныпты бір жылда бітіріп, зеректігімен ерекшеленеді. Сағадат география және тарих пәнінің мұғалімі болуды армандаған.

«Жұмулы көзбен ол әлем картасынан кез келген жерді көрсетіп бере алатын», – дейді батырдың замандастары естеліктерінде.

Сағадат Қосым ауылында соғыс жылдары есепші, клуб меңгерушісі қызметтерін атқарады.

1941 жылдың шілде айында 18 жаста Кеңес әскері қатарына қабылданып, Түрікменстанда пулеметшілер дайындайтын училищені үздік аяқтайды. Кейін взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады. Кубань, Дон, Молдавия жерлерінде, Одер, Шпрее өзендерінің бойында жан алысып, жан беріскен шайқастарға қатысады.

1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 1 күн ішінде 110 фашист пен 11 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеушісі істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 1 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 64 фашист әскерін өлтіреді.

Нәтижесінде Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жердің көзін жояды. Осылайша, оның ротасы кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды.

Сенаттың бұрынғы төрағасы, қазіргі Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шайқастарды кеңес әскерінің қолбасшысы Георгий Жуков өзі бақылағанын айтады.

«Нұрмағамбетов қатысқан ұрысты Кеңес одағының маршалы Жуков бақылапты. Ол Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыры атағын беруге ұсынады. Бұл нақты ерлік еді», – дейді ол «Долг, Честь, Подвиг Саадата Нурмагамбетова» атты деректі фильмде.

Осылайша, 1945 жылдың 17 ақпанында 11 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі (1, 486.).

«Медальдарды армия қолбасшысы жеке өзі табыстады. Ол кеудемізге «Ленин» ордені мен «Алтын жұлдызды» тақты. Бізді шынайы ниетімен құттықтады. Толқынысымды жасыра алмадым. Қазақтың жетім баласына мұндай зор құрмет көрсетілгеніне сене алмадым. Әкем мен анам, Сағи ағам, отандастарым бұл жетістігімді көрсе екен деп ойлады», – дейді ол өз естелігінде.

1945 жылдың 8 мамырда Нұрмағамбетов екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылады. Оның батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысады. Ол бұл уақытта майор атағымен атқыштар дивизиясын басқарады. 1945 жылы Берлинде Нұрмағамбетов 100-ден аса Гитлер әскерінің көзін құртып, 9 фашист бекінісін жояды, әрі 1560 жау әскерін тұтқынға алады. Осы шайқаста Нұрмағамбетов бірінші рет жараланады.

Алайда қазақ сарбазына екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атағы берілмейді.

«Ол 500-ден астам фашистің көзін жойды. 1 мыңнан астам жау әскерін тұтқынға алды. Пешков есімді полк командирі Нұрмағамбетовке екінші рет Кеңес одағы батыры атағын беруге ұсыныс жасайды. Бірақ Сағадат ағамыз бұл атақты ала алмай қалды», – дейді мәжілісінің депутаты, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев Нұрмағамбетовке арналған деректі фильмде.

1945 жылдың 31 мамырында Сағадат Нұрмағамбетов Қызыл ту орденімен марапатталады. Қазақтың қаһарман жігіті соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946 – 1949 жылдар аралығында Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Кейін әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда білім алды.

Ал 1989 жылы Қазақ КСР соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіндегі ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды.

Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі. Қазақ елі тәуелсіздігін алған соң, ол туған елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға бар күшін салды. Оған батырдың жазып қалдырған естеліктері дәлел. Ол 1991 жылы Қазақстан президентінің жарлығымен мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне кіріседі (2, 126.).

«Мен 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болдым. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі өзге ұлттың өкілдері елдеріне кеткісі келді. Оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге «Ант қабылдаңдар. Қабылдамасаңдар, кетіңдер» деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметкерлердің бетін бері бұрдық», – дейді Нұрмағамбетов өз естелігінде.

1991 жылғы 7 мамырда Сағадат Нұрмағамбетов Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты бұл шешімді қабылдау оңайға соқпағанын айтады.

«Тәуелсіздік алған кезде елдің әскерін басқаратын бір генерал іздеп, жалғыз Нұрмағамбетовты таптым», – деп еске алады сол кезді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Қазақстанның Қарулы Күштері қалай құрылды? Нұрмағамбетов қорғаныс министрі қызметіне тағайындалған соң, сапалы әскери мамандарды даярлауға бар күшін салады.

«Жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды «қайда даярлаймыз?» деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады.

Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 150-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды», – дейді Халық Қаһарманы.

1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет қаулысымен Астана қаласындағы «Жас ұлан» мектебіне армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды.

Қорыта айтқанда, Сағадат Нұрмағамбетов Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы атанды.

2013 жылдың 14 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды. Оның артында Лира Сәбирова есімді әйелі, Талғат пен Айсұлу есімді балалары мен 4 немересі қалды. Отан үшін от кешкен батырдың жарқын бейнесі халықтың жадында мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметов Н. (2009). Қазақ батырларының әскери дәстүрлері. Алматы: Қазақ университеті.
- 2 Молдабеков Т. (2018). Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалар. Алматы: Өнер баспасы.

КЕРЕЙХАН АМАНЖОЛОВТЫҢ ӘСКЕРИ МҰРАСЫ

А. САПАРБЕК

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институтының,*

К.Б. АТЕЙБЕКОВА

*педагогика ғылымының магистрі, мемлекеттік тіл
кафедрасының доценті, Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Керейхан Аманжолов – қазақтың батыр ұлы, әскери қайраткер, Қазақ халқының тарихи кезеңдерінде ерекше рөл атқарған тұлға. Оның әскери мұрасы тек соғыс өнері мен ерлікті дәріптеумен ғана шектелмей, қазақ халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі жолындағы күрестердің жарқын көрінісі болып табылады. Аманжоловтың әскери қызметі мен тарихи мұрасы бүгінгі күнде де маңызды, өйткені оның идеялары мен іс-әрекеттері еліміздің патриоттық тәрбиесінде, жастардың Отан алдындағы борышты сезінуінде үлкен рөл атқарады.

Керейхан Аманжоловтың өмір жолы мен әскери қызметі

Керейхан Аманжолов 1900 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Ол жас кезінен әскери салаға қызығушылық танытып, кеңес әскері құрамында қызмет атқарды. Қарулы күштер қатарында қызмет ете жүріп, қазақ жерінде тәуелсіздік үшін күрестің белсенді қатысушысы болды. Аманжоловтың әскери мансабы тек қана отандық деңгейде емес, кеңес әскери жүйесінде де маңызды орны бар.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап Керағаң жазған мақалаларда, кітаптарда қандай мемлекет болсын өз жерін кез келген қол сұғушылықтан қорғауға қабілетті кезде ғана тәуелсіз бола алады, бұған тарих сабақтары дәлел деген ойды алға тартты. Тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап оның мақалаларында Қазақстан Қарулы Күштерін құрудың өзекті мәселелері көтерілді, соның ішінде:

1. Қысқа мерзім ішінде Қарулы Күштерді басқару жүйесін құру;
2. Қазақстан үшін әскери құрылыстың негізгі бағыты – саны аз, сапасы жоғары, икемді, келісім-шарт бойынша жасақталған болашақта кәсіби армия құруға көшу;
3. Жалпыға бірдей әскери міндет туралы заңды қайта қарап, бейбіт уақытта кәсіби армияға көшу қажеттілігін орнықтыру;
4. Отандық әскери білім және ұлттық офицер кадрларын даярлау жүйесін түбегейлі қайта қарау, әлемдік стандарттарға сай білімді, шет ел тілдерін еркін меңгерген, әскери және техникалық даярлықтар шеберлері болып табылатын мамандар даярлау, бір сөзбен айтқанда, нағыз әскери элитаны қалыптастыру;
5. Әскери басқаруда мемлекеттік тілге көшу, белгілі бір мамандық иелері офицер, сержант, әскери қызметшілердің мемлекеттік тілді білуі міндеттеледі;
6. Қысқа мерзім ішінде Қазақстан Қарулы Күштері қатарынан кетпекші болған басқа мемлекеттердің азаматтарын босату.
7. Әскери комиссариаттардың жұмысын басқаруды жергілікті әкімдікке беру;
8. Әскер қатарын толықтыру үшін әскери бөлімдер мен құрамаларда болашақ жауынгерлер үшін мамандандырылған әскери техникалық мектептер мен оқу орталықтарын ашу;
9. Әскери қызметшілердің, олардың отбасыларының әлеуметтік жағдайын уақыт талабына сай шешу мәселесі;
10. Мемлекеттің Қорғаныс министрлігіне бөлінетін бюджетінің ашықтығы;
11. Ресей Федерациясымен ынтымақтастықта Қазақстанның әскери-техникалық саладағы басым бағытты тұрақты сақтау және заңдармен бекіту мәселесі;
12. Қазақстанның Ресей, Қытай, АҚШ және Еуропа елдерімен әскери ынтымақтастығын дәйекті түрде дамыту;
13. Аймақтық ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға басқа көрші елдермен келісім шарттар мәселесін ойластыру.

К.Аманжоловтың тағы бір бітірген үлкен еңбегі – үш томдық “Түркі халықтарының тарихы” атты оқу құралын (студенттерге арналған) шығару болды. Кезінде бұл оқулыққа тосқауылдар да қойылған. К.Аманжолов оған мойымады. Түркі халықтарының тарихын, мәдениетін және ежелгі ел, мемлекет екенін айтып, Білім министрлігінің табалдырығын тоздырды, бірнеше хат жазып жоспарға қосуды сұрады, дегенмен кедергілер көп болды.

Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасы оның көптеген ерлік істерімен байланысты. Ол бірнеше рет майданға қатысып, жаудың қоршауынан шыққан батырлық әрекеттерімен танылды. Аманжоловтың жауынгерлік қабілеті, ақыл-ойы мен стратегиялық шеберлігі оны өз заманында озық әскери қолбасшылардың қатарына қосты. Ол әрқашан өз елінің тәуелсіздігі үшін күресуді, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға ұмтылды.

Қорғаныс стратегиясы және армияны ұйымдастыру.

Аманжоловтың әскери мұрасының маңызды бір бөлігі оның өз елінің армиясын ұйымдастырудағы стратегиялық ойластырылған әрекеттері болды. Оның ойынша, ұлттық армияны құру тек әскери құрылым ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени және тарихи

маңызы бар іс болды. Бұл армия өз халқымен тығыз байланыста болуы тиіс еді. Сондықтан ол армияны ұйымдастыру мен халықтың әскери дайындығына зор көңіл бөлді.

Ұрпаққа мұра болған әскери идеялар

Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасы тек әскери стратегиямен ғана шектелмей, қазақ халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі жолындағы құндылықтарға негізделген. Оның басты идеясында Отанға қызмет ету, елдің тәуелсіздігін қорғау және ұлттық рухты сақтаудың маңызы зор. Осы құндылықтар қазіргі жастар үшін маңызды үлгі болып табылады. Бұл мұра ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қазақ халқының тарихында мәңгі сақталады.

Керейхан Аманжолов қазақ тарихындағы ең белсенді әскери жетекшілердің бірі болды. Ол көптеген шайқастарға қатысып, елінің тәуелсіздігі үшін күресті. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ жерін қорғау жолында Аманжолов батырлығы мен стратегиялық шеберлігімен ерекшеленді. Ол өз әскерін жоғары деңгейде басқару қабілетімен танымал болды.

Керейханның жетекшілігімен болған шайқастар қазақ халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін үлкен маңызға ие болды. Ол тек бір шайқаста ғана емес, көптеген жылдар бойы халықтың мүддесін қорғап, өз қол астындағы әскерді ұйымдастырып, соғыстардың нәтижесіне оң ықпал етті.

Стратегиялық шешімдер мен тактикалық шеберлік

Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасының негізінде оның стратегиялық көзқарастары мен тактикалық шеберлігі жатыр. Ол жауынгерлік іс-қимылдарды ұйымдастыруда тың идеялар мен тәсілдерді қолданды. Оның әскері жиі жорықтарға шығып, жоңғарлар мен өзге де басқыншыларға қарсы табанды соғыс жүргізді.

Әскери көшбасшы ретінде, Керейхан Аманжолов өз әскерінің қатарына тек батырлар мен ержүрек жауынгерлерді ғана емес, сондай-ақ тәжірибелі әрі шешімдер қабылдай алатын адамдарды да тартты. Әскери тәртіп пен ұйымшылдық оның басшылығымен ерекше болды.

Әскери мұраның маңызы

Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасы тек әскери жеңістер мен тактикалық жетістіктерден тұрмайды. Оның әскери жолы ұлттық сананың қалыптасуына, елдің бірлігі мен татулығын нығайтуға үлкен әсер етті. Ол өз әрекеттерімен қазақ халқына ерлік пен батырлықтың мәнін түсіндіріп, осы қасиеттерді өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Қазіргі Қазақстан тарихында Керейхан Аманжоловтың есімі әлі күнге дейін ардақталып, оның мұрасы жоғары бағаланады. Оның ерлігі мен әскери шеберлігі қазақ халқының жауынгерлік дәстүрін әрі қарай жалғастыруға үлес қосқан.

Қорыта келгенде, Керейхан Аманжоловтың әскери мұрасы тек оның әскери даңқымен ғана емес, оның халқына деген сүйіспеншілігімен, еліміздің болашағына деген сенімімен маңызды. Оның ерлікке толы өмірі мен әскери мұрасы бүгінгі таңда да Отан қорғаушылардың, жас буынның тәрбие көзі болып табылады. Аманжоловтың әскери қызметі мен ұстанымдары жастарға патриоттық тәрбие беруде үлкен маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аманжолов К. «Қазақ батырлары: тарихи мұра». Алматы: «Қазақстан» баспасы, 2002.
- 2 Нұрмаханов Б. (2010). Керейхан Аманжолов: әскери қолбасшы және қайраткер. // Қазақстан тарихы журналы, № 12.
- 3 Төлегенов М. (2015). Керейхан Аманжоловтың әскери және саяси қызметі. Алматы: ҚазАқпарат баспасы.

РАЗВИТИЕ ПАТРИОТИЗМА У КУРСАНТОВ ВЫСШИХ ВОЕННЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Д.С. АХМАДЖАНОВ

*курсант 2 курса Военно-инженерного института
радиоэлектроники и связи*

А.Е. ЕРЛАН

*преподаватель кафедры государственного языка Военно-
инженерный институт радиоэлектроники и связи,*

Патриотизм как ценность всегда был основой национальной идентичности и единства. Для Республики Казахстан, находящейся на стыке Европы и Азии, патриотизм приобретает особую важность в контексте обеспечения национальной безопасности и социального согласия. В условиях глобализации и постоянных вызовов, актуальных как для Казахстана, так и для всего мира, воспитание патриотизма среди курсантов высших военных учебных заведений (ВВУЗов) является важнейшей составляющей образовательного процесса.

Курсант – это не только будущий военный профессионал, но и гражданин, который должен обладать глубоким чувством ответственности за судьбу своей страны. В статье анализируются основные методы и подходы, используемые в ВВУЗах Казахстана для формирования у курсантов патриотического сознания, а также роль преподавателей и офицеров-воспитателей в данном процессе.

Патриотизм как основа военной службы

Патриотизм в контексте военной службы представляет собой не только эмоциональное чувство любви к своей стране, но и целый комплекс моральных и этических норм, которые влияют на поведение личности и определяют ее отношение к государству. Для курсантов ВВУЗов патриотизм играет ключевую роль в их становлении как будущих офицеров, которые будут служить в армии и обеспечивать безопасность своей Родины.

В военной профессии патриотизм тесно связан с такими качествами, как дисциплинированность, готовность к самопожертвованию, верность присяге и обязательствам перед народом Казахстана. Важность формирования патриотических ценностей среди курсантов можно объяснить тем, что именно эти качества становятся основой их дальнейшей профессиональной деятельности и личной жизни.

Методы формирования патриотизма в ВВУЗах Казахстана

Формирование патриотизма среди курсантов высших военных учебных заведений (ВВУЗ) Республики Казахстан является важным аспектом их подготовки, поскольку патриотизм связан с глубоким пониманием значения военной службы, ответственности перед своей Родиной и служением на благо государства. Для эффективного воспитания патриотизма используются различные методы, которые могут быть условно разделены на теоретические, практические и психологические.

1. Теоретические методы воспитания патриотизма

Теоретические методы включают преподавание дисциплин, которые способствуют углубленному пониманию истории, культуры и законодательства Казахстана. Эти дисциплины позволяют курсанту не только узнать факты, но и осознать, почему важно защищать свою страну и какие ценности лежат в основе патриотизма.

• **Изучение истории Казахстана и Военной истории:** Важнейшими предметами для формирования патриотизма являются курсы, посвященные истории Казахстана, его государственному строительству, достижениям и героям. Осознание исторического пути страны, побед и трудностей способствует развитию у курсантов чувства гордости за свою Родину и осознания важности их собственной роли в ее будущем.

- **Занятия по Конституции Республики Казахстан и законодательству:** Эти предметы помогают курсантам понять правовые основы государственной системы, гражданские права и обязанности, а также роль армии в обеспечении суверенитета и безопасности страны. Знание законов и норм, которые обеспечивают стабильность и процветание Казахстана, укрепляет у курсантов чувство ответственности перед государством.

- **Пропаганда национальных идеалов и ценностей:** Важным элементом теоретического воспитания является знакомство курсантов с национальными идеалами, такими как уважение к традициям, семье, труду, культуре и языку. Эти ценности укрепляют у курсантов чувство принадлежности к своему народу и Родине.

2. Практические методы воспитания патриотизма

Практические методы направлены на закрепление теоретических знаний и развитие личных качеств курсантов, необходимых для успешного служения в армии и служения Родине.

- **Военные учения и тренировки:** Одним из ключевых аспектов практического воспитания является участие курсантов в различных военных учениях, маршах, тактических тренировках. Эти занятия позволяют курсантам не только освоить военное дело, но и испытать чувство коллективизма, братства, ответственности за своих товарищей и свою страну. Военные учения являются важным инструментом формирования мужества, дисциплинированности и готовности к защите своей Родины.

- **Торжественные мероприятия и праздники:** Праздники, такие как День независимости Казахстана, День защитника Отечества, День Победы, являются важными событиями для формирования патриотизма среди курсантов. Участие в торжественных мероприятиях, возложение венков к памятникам героям и ветеранам войны способствует воспитанию чувства гордости и уважения к историческому наследию страны.

- **Участие в общественно-полезных проектах и волонтерских акциях:** Курсанты активно участвуют в различных социально значимых проектах, таких как помощь ветеранам, участие в экологических акциях, благоустройстве и других мероприятиях, направленных на развитие общества. Это помогает молодым людям не только работать на благо общества, но и развивать чувство ответственности перед своей страной и обществом.

3. Психологические методы воспитания патриотизма

Психологические методы включают работу с личностными установками курсантов, их внутренними переживаниями и мотивацией. Эти методы помогают развить у курсантов уверенность в себе, чувство гордости за свою Родину, ответственность и гражданскую позицию.

- **Развитие внутренней мотивации:** Психологическая работа с курсантами направлена на формирование у них внутренней мотивации к служению Родине. Важно, чтобы каждый курсант осознавал, что служение в армии – это не просто профессиональная обязанность, но и личная миссия, связанная с высшими моральными ценностями, такими как долг, честь, патриотизм.

- **Роль наставников и преподавателей:** Воспитание патриотизма невозможно без личного примера. Преподаватели и наставники, являясь образцами для подражания, могут влиять на формирование патриотических чувств у курсантов. Их личные качества – преданность, честность, дисциплинированность – являются мощным инструментом воспитания патриотизма.

- **Психологическая подготовка и тренинги:** Важную роль в воспитании патриотизма играют психологические тренинги, направленные на развитие лидерских качеств, стрессоустойчивости, умения работать в коллективе. Психологическая подготовка помогает курсантам не только справляться с личными переживаниями и трудностями военной службы, но и укрепляет их уверенность в своих силах, что важно для формирования патриотического сознания.

- **Развитие духовно-нравственных ценностей:** Психологическое воспитание курсантов также включает работу с духовными и моральными ценностями. Курсанты знакомятся с идеями чести, верности, ответственности, которые считаются основополагающими для формирования патриотического сознания. Духовно-нравственные тренинги, участие в духовных практиках и мероприятиях помогают формировать у курсантов глубокое уважение к своей культуре и традициям.

4. Влияние социальных и культурных факторов

Социальные и культурные факторы также играют важную роль в процессе формирования патриотизма. Пример родителей, учителей и общественных лидеров, участие в культурных мероприятиях, таких как фестивали, концерты, выставки, способствует укреплению патриотических чувств. Эти мероприятия дают курсантам возможность лучше узнать культуру своей страны, почувствовать связь с прошлым и гордиться достижениями своего народа.

- **Культурные мероприятия и встречи с ветеранами:** Курсанты часто участвуют в культурных мероприятиях, которые знакомят их с историей и культурой Казахстана, а также проводят встречи с ветеранами и участниками боевых действий. Эти события являются важными моментами для патриотического воспитания, потому что они помогают молодым людям осознать цену мира и свободы, а также укрепляют чувства уважения и благодарности к тем, кто защищал страну.

- **Влияние СМИ и информационных технологий:** В условиях информационного общества важным инструментом воспитания патриотизма является использование современных технологий, таких как информационные кампании, онлайн-курсы, видеоконференции с историками и экспертами. СМИ играют важную роль в распространении патриотических ценностей и могут влиять на восприятие курсантами истории и культуры своей страны.

Проблемы и вызовы воспитания патриотизма у курсантов

Не всегда существует достаточный ресурс для внедрения новейших технологий воспитания, таких как использование информационных и виртуальных технологий, которые могут значительно повысить эффективность воспитательного процесса. Отсутствие единой системы воспитания и тренировки среди различных учебных заведений также является важной проблемой.

Заключение

Формирование патриотизма у курсантов высших военных учебных заведений Республики Казахстан – это не только задача образовательных учреждений, но и всего общества в целом. Важно, чтобы будущие офицеры осознавали свою миссию в обеспечении мира и стабильности, а также понимали важность сохранения и укрепления национальных ценностей. Ключевыми факторами в воспитании патриотизма являются как теоретические знания, так и практический опыт, духовные ценности и моральное воспитание. Развитие этих качеств способствует созданию нового поколения ответственных, преданных и профессиональных военных лидеров, готовых служить на благо своей Родины.

Список использованных источников:

- 1 Касымова Г.С. (2021). Патриотизм и его воспитание у молодежи Казахстана. Алматы: Издательство "Ұлттық білім".
- 2 Назарбаев Н.А. (2012). Три столицы Казахстана. Астана: Ел Президенті.
- 3 Омаров К.К. (2018). Патриотизм в воспитательном процессе высших учебных заведений. Астана: Академия национальной безопасности.
- 4 Мухаметжанова М.Ш. (2015). Роль воспитания патриотизма в военно-профессиональной деятельности курсантов. Казань: Казанский университет.
- 5 Министерство обороны Республики Казахстан. (2019). Положения о патриотическом воспитании в Вооруженных Силах РК. Алматы: Министерство обороны РК.

ОҚЫРМАН ЖӘНЕ ӘСКЕРИ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

А.Т. ЕЛЕМЕС

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
Әскери-инженерлік институтының*

Г.Д. РЫСБЕКОВА

*филологияғылымдарының магистрі, мемлекеттік тіл
кафедрасының аға оқытушысы, Радиоэлектроника және
байланыс әскери инженерлік институты*

Газет – басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері сияқты, үнемі даму үстіндегі қоғамның жаршысы, қозғаушы күші. Газет тілі де ғасырдан ғасырға ұласу барысында молығып, шыңдала түседі, жаңарады. Газет тілінің өзіндік прагматикалық сипаты бар, соған сай, оның да өзіндік міндеттері мен қызметі айқындалған.

Ол – айрықша ерекшелік, айрықша эстетика, айрықша заңдылықтар мен мүмкіндіктерге ие. Газет әлеуметтік және бұқаралық ақпараттар легімен ғана таныстырмайды, тұлғаның әлеуметтік мінезін сипаттауға, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, қоғамдық сананы қалыптастыруға да ықпал жасайды. Газет тілінің дамып-толығуына, өзгеріске ұшырауына қоғамда болып жатқан өзгерістер де тікелей әсер етеді. Демек, қоғамдық жағдаят пен газет тілі өзара бір-бірімен байланысты, тіпті бір-біріне тәуелді. Қоғамдық жаңару газет тіліне өз қолтаңбасын қалдырып отырады. Басқаша айтқанда, газет тіліндегі лексикалық қор мен сөздік құрам, түрлі стильдер әр кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік ахуалының айнасы болып табылады. Демек, қоғамда болып жатқан кез келген оқиға сол кездегі газет тілінде өз көрінісін табады және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тілдік бірліктер ретінде орнығып жалпыхалықтық қолданысқа түсуі ықтимал.

Қазақстандағы газет тілінің тарихы өзінің бастауын XX ғасырдың екінші жартысында шыққан «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты газетінен» алғаны белгілі. Дәл осы басылым беттерінде корреспонденция, мақала, очерк, фельетон сияқты баспасөз жанрларының түрлері пайда болуына орыс журналистикасының ықпал болғаны мәлім. Осы газеттер қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына негіз қалады. Кейін олардың ізін «Айқап», «Қазақ», «Садақ», «Серке», «Сарыарқа», «Абай» сынды газет-журналдар жалғастырды.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының халық алдындағы міндеті орасан зор. Ол қоғам ішінде жаңа сипаттағы әлеуметтік көзқарасты қалыптастырып, оны орнықтыруды мақсат етеді. Коммуникацияның ең басты құралы – баспасөз тілі де, халық тілінің сұрыптан өткен, әбден жетілген әдеби нормасымен жазылуға тиіс.

Қазақ баспасөзінің негізгі міндеті мен бағытын анықтауда А.Байтұрсынұлының рөлі ерекше. А.Байтұрсынұлы қазақ баспасөзі қызметінің қаншалықты міндет арқалайтындығын терең түсініп, газеттің қоғамдық қызметі туралы: «Газет – жұртқа қызмет етеді, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығандары көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» (1, 60б.) – деп атап көрсеткен еді.

Әдеби тілдің тармағы – БАҚ тілі, біріншіден, қарым-қатынас құралы, екіншіден, әлемнің бейнесін жеткізуші, сипаттаушы таным құралы, үшіншіден, таным арқылы түйсінген мағынаны, мәнді жеткізуші құралға айналды.

Газет – жаппай ақпарат пен үгіт-насихаттың неғұрлым қарапайым құралдары және оған көп ықпал жасайтын оқырман мен автордың қатынасындағы жаппай коммуникациялық сипат. Оқырман мен автор құрылымы газет тілін қалыптастыруда әрдайым айрықша орын алып келді. Журналист (автор) оқырман аудиториясының

ерекшелігін, мәдени, білімдік деңгейін, тіпті жас ерекшеліктерін ескере отырып, соған лайықты мақсатты көздейді. Алайда, бұрын автор оқырманға ықпал жасайтын нысан болып танылса, соңғы кезде газет адресантпен тікелей байланыс жасауға, сұхбаттасуға тырысады. Бұл үшін түрлі тәсілдер қарастырылады: әлеуметтік сауалнама жүргізу, оқырман хаттарын жариялап, оған жауап іздеу, газет беттерінде оқырманмен тікелей сұхбаттасу т.б.

Газет пен нақты тілші өз позициясын бір адамның немесе бір шағын топтың атынан емес, ереже бойынша, миллиондаған ниеттестерінің атынан білдіреді. Бір ескертетін жайт: газеттегі шағын жанрлар бір қалыпта қатып, семіп қалған, өзгермейтін, өспейтін, өшпейтін нәрсе емес. Әр кез жаңа мазмұн өзіне лайық, өзін бар қыр-сырымен ашатын жаңа түр, форма іздейтіні белгілі. Сол сияқты шағын жанрдың да бірі ескіріп, бірі жаңарып, тағы бірі жаңадан туып, толығып, молығып жатады. Өйткені, қоғам ілгері дамыған сайын оның алға қойған міндеті, мақсаты, шешуге тиісті проблемалары жаңғыра түседі, жаңа мазмұнға ие болады.

Автор газеттік мәтін арқылы бес негізгі мақсатты көздейді.

Біріншісі, еліміздегі жаңалықтарды хабардар ететін **ақпараттық** қызметімен байланысты. Уақыт және кеңістікте болып жататын елдегі жаңалықпен көпшілік қауымды таныстыратын, қызықтыратын хабарлама газеттік мәтінге тән сипат.

Екінші қызметі – **аналитикалық**, яғни қоғамда болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға талдау жасау, қосымша түсініктемелер беру.

Үшінші – **реттеуіштік** қызметі реципиенттің объективтік болмысты қабылдауына, көзқарасын қалыптастыруға, өзгертуге бағытталады.

Төртінші – **бағалауыштық** сипаты да газеттік мәтін қызметінің аясына енеді. Себебі, мәтін авторы өмірде болып жатқан құбылыстар мен оқиғаларды жалаң хабарлап қоймай, оған көзқарасын білдіруге бағалауыштық лексиканы кеңінен пайдаланады. Газеттік мәтіннің негізгі функциясы ретінде **болжалдық** қызметін атауға болады. Себебі, газет келіп түскен қандай да бір ақпаратқа байланысты алдағы болжамдарды айта отырып, оқырманға әсер етеді. Оның белгілі бір мәселеге, жағдайға деген көзқарасын өзгертуге ықпал жасайды.

Осылайша қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістерді газет тілінің мәтіндері мен ондағы сөздік құрам кең түрде және тез жеткізеді. Сондықтан, жоғарыда айтылған ойлар негізінде, бүгінгі газет тілінде ішкі және сыртқы экстралингвистикалық (әлеуметтік мәдени) факторлар негізінде шұғыл өзгерістер болады. Қазіргі қоғамдағы өмірдің рухани өрісін қамтитын әлеуметтік мәдени өзгерістер кезінде газеттегі шағын жанрлар да мағыналық жағынан жедел дамып, қоғамның әлеуметтік институты ретінде, сөздік қордағы өзгерістерді анағұрлым толық және жылдам көрсетіп отыр.

Газет әрдайым әдеби тілдің барлық лексиконын қабылдайды, дегенмен онда тілдік құралдар қалай болса солай қолданыла бермейді, оларды таңдау мен қолданудың басты критерийі – сөздің жалпыға түсінікті болуы. Газет тілі екі түрлі қызмет атқарады, олардың бірі – белгілі бір жай туралы хабар беру болса, екіншісі – газет оқырманына ықпал ету. Ел ішіндегі «көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады» деп А. Байтұрсынов баға берген осы газет тілі қазір «газет лексикасы» деп аталып жүр. Бұл мәселе шағын жанрлар тіліне де тән. Сондықтан газеттегі шағын жанрлар тілінің атқаратын қызметі қандай, оның стильдік ерекшеліктері бар ма, болса, ол қандай факторлар негізінде жүзеге асады деген мәселе зерттеу жұмысы үшін маңызды.

Газет тілі – аса күрделі және көп қырлы құбылыс, ол зерттелгенде, тұтас күйінде емес, әр түрлі қырынан – логикалық, құрылымдық-жүйелік немесе психологиялық қырларынан зерттеледі. Шағын жанрлар тілінің лексикасын зерттеу барысында, ең алдымен, газет тілінің мәдениетін тілдік норманы сақтап, дұрыс жазу ретінде қарастырған абзал. Бұл ұғым – түсінікке тереңірек ой жүгіртсек, сөздік қоры дамыған оралымды, бай

тілдің ұлт мәртебесін асқақтатуға, қарапайым сөйлеу тілінің сан түрлі бояуға қанығып, көркем, әдеби тілге айналуына да мән беріледі.

Журналистің шығармашылық қуаты да шынайы контекстік образ жасауында ғана емес, қолда бар тілдік материалды жаңарта немесе өзгерте білуінде. Бұл ой газеттік-публицистикалық стильге де тән.

Газет ақпарат жеткізіп, үгіт-насихат тарататын болғандықтан, оның қызметі әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Сондықтан газет тілін әлеуметтік лингвистикамен де ұштастыра зерттеген жөн. Расында да, әр газеттің белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық-саяси ұйымдардың идеологиясын жүргізетіні аян, соның нәтижесінде, газеттерді оқырмандардың жас ерекшеліктеріне, кәсібіне («Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» т.б.), әкімшілік-территориялық аймағына («Алматы ақшамы», «Астана ақшамы» т.б.), жалпы қазақ қоғамына («Егемен Қазақстан», «Түркістан» т.б.) арналуына қарай топтастыруға болады.

Тіл мен қоғам әрқашан бірлікте көрінеді және тіл қоғамдық қатынастар негізінде жүзеге асып отырады. Бұқаралық қатынас та осы тілдік қатынастың бір түрі. Бұқаралық қатынастың газет, радио, теледидар т.б. арқылы жүзегемасатыны белгілі. Бұқаралық қатынас адамзат қоғамының дамуымен бірге дамып, өзгеріп отырады. Бірақ мұндағы ерекшелік – кері қатынастың болмайтыны. Дегенмен бұқаралық қатынас түрлерінің барлығына ортақ болатын оның кез келген аудиторияға ортақ болатыны, мәтіндерінің функционалдық және мазмұндық бірлігі, тақырып ауқымының кеңдігі және жан-жақтылығы. Газет материалдарының осындай мағыналық жағынан толыққанды болуы оның өміршеңдігіне игі ықпал жасап отырады.

Публицистика жанрларының туып, дамуы тілдік стильдердің тармақтарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Яғни тілдік стильдердің пайда болып, жеке өріс алуы тілдегі белгілі жанрлардың дамуымен, өзіндік өріс алуымен тығыз байланысты. Мысалы, XX ғасырдың бас кезінде публицистика жанрының өркендеуі газет-журналдардың көп-теп шығарылып, олардың өзіндік тіл ерекшеліктері қалыптасуымен тығыз байланысты болды.

Газет материалдарының негізгі талаптары болып саналатын, біріншіден, ондағы ойдың бүгінгі күн үшін өзекті болатыны және бұдан бұрын болып кеткен оқиғаның жаңалық сипатын жоятыны. Екіншіден, ондағы материалдың белгілі бір мақсатты көздеп жазылатыны (оның бір әлеуметтік топқа ғана қажетті болуы да мүмкін). Публицистикалық материалдардан оның авторының өзі, саяси көзқарасы, осы мақала арқылы оқырманның назарын қандай мәселеге аударғысы келіп тұрғаны, оны қандай әрекетке итергісі келетіні байқалып отырады.

Газет мәтіні аудиторияға түсінікті болу үшін оқырманның қажеттілігі мен мүддесін ескереді. Осыдан келіп мәтіннің сипаттамасы анықталады. Ақпарат арқылы ақиқат болмысқа, хабарлама мазмұнына, адресатқа көзқарасы, қарым-қатынасы анықталады. Газеттердің ішінде белгілі өзінің аудиториясы, оқырманы болады. Соның бірі – әскери басылымдар. Әскери басылымдардың ішінде оқырманы көп газеттің бірі – «Сарбаз» газеті.

Сарбаз газеті әскери қызметшілерге, сарбаздарға ғана емес, сондай-ақ әскери жаңалықтар легімен таныс болғысы келетін оқырманға арналған.

Әскери басылымдардың негізгі міндеттері мен рөлін былайша жіктеп көрсетуге болады:

1. Оқырманды әскери салада болып жатқан маңызды оқиғалардан хабардар ету;
2. Оқырманның әскери ақпарат таратушы газетке деген қызығушылығын ояту, яғни басылымға назар аударту;
3. Оқырманды баяндалған әскери оқиғалар мен фактілердің дұрыстығына, шынайылығына және оларға берілген бағаның объективтілігіне сендіру;
4. Мәтінде баяндалып отырған оқиғалар мен кейіпкер ретінде алынған тұлғаларға деген оқырман көзқарасын белгілі бағытта қалыптастыру (2,3-5 б.).

Әскери басылымдар оқырманның патриоттық сана-сезімін оятып, елін сүйетін, патроттық сезімі жоғары азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді. Әсіресе, жас сарбаздарға, курсанттарға әскери басылымдарды оқу маңызды. Осылайша, әскери басылымдар оқырманның санасын қалыптастырушы бір бөлшегі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А., Қазақ газетінен // Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. Құраст: Е. Тілешов, – Алматы: 2009. – 364 б.
- 2 Исақұлова Ш., Оқырман және бұқаралық ақпарат құралдары // Педагогические науки // <http://www.rusnauka.com>. 25.11.2024.

БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ – ТАКТИКА ВЕДЕНИЯ ВОЙНЫ

Д.А. ҚАЛИБЕК

*курсант 2 курса Военно-инженерного института
радиоэлектроники и связи*

А.Е. ЕРЛАН

*Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи,
преподаватель кафедры государственного языка*

Бауыржан Момышулы — один из самых известных военных лидеров Казахстана, офицер Красной армии, герой Великой Отечественной войны. Его вклад в разработку тактики ведения боевых действий высоко оценен не только на фронте, но и в военной науке. Момышулы командовал батальоном 316-й стрелковой дивизии (позже 8-я гвардейская дивизия), которая сыграла ключевую роль в обороне Москвы. Он стал автором уникальных тактических решений, позволявших эффективно противостоять превосходящим силам противника (1,с.54)]. В своих трудах и воспоминаниях он подчеркивал важность морального духа бойцов, дисциплины и нестандартного мышления в бою. Тактика Момышулы включала маневренную оборону, использование рельефа местности, неожиданные контратаки и психологическую подготовку солдат. Одна из главных идей Момышулы заключалась в том, что оборона не должна быть статичной. Вместо линейного сопротивления он предлагал использовать гибкие маневры, неожиданные контратаки и ложные отступления. Такой метод позволял наносить удары по врагу с разных направлений, вынуждая его рассредотачивать силы (2,с.12).

Момышулы разработал тактику так называемой «спиральной обороны», при которой войска не занимали жесткую линию фронта, а отходили к заранее подготовленным рубежам, одновременно изматывая врага контратаками. Этот метод применялся во время битвы за Москву и доказал свою эффективность. Момышулы уделял особое внимание моральному состоянию солдат. В своих трудах он отмечал, что страх и долг — два главных чувства на войне. Если страх побеждает — солдат становится трусом, если долг берет верх — он проявляет героизм. В условиях боев в лесной и городской среде Момышулы рекомендовал использовать ландшафт для создания ловушек противнику. Например, при обороне Москвы его подразделения применяли тактику засад, внезапных атак и скрытого маневрирования, что позволило наносить потери врагу без крупных столкновений (3,с.3). Момышулы считал, что моральный дух солдата играет ключевую роль в победе. Он уделял особое внимание подготовке бойцов, обучая их не только тактике, но и психологии войны. В своих трудах он подчеркивал, что дисциплина, чувство

патриотизма и уверенность в победе имеют решающее значение на поле боя. Будучи не только воином, но и педагогом, он учил, что командир должен быть не только стратегом, но и воспитателем. В его книгах рассматриваются ошибки молодых офицеров и пути их исправления(4,с.66).

Бауыржан Момышулы считал, что командир должен быть не просто стратегом, но и наставником для своих солдат. В его книге «Психология войны» подробно описаны качества, которыми должен обладать военный лидер: справедливость, самодисциплина, уважение к подчиненным и способность быстро принимать решения в стрессовых ситуациях. Он подчеркивал, что командир обязан не только разрабатывать тактические планы, но и уметь мотивировать солдат, внушать им уверенность и боевой дух. Один из его принципов гласил: «Командир, не выигравший бой в себе, не имеет права вступать в бой вообще». Методы ведения войны, предложенные Бауыржаном Момышулы, остаются актуальными и сегодня. Маневренная оборона, использование местности, психологическая подготовка бойцов – все это применяется в современных вооруженных конфликтах. Его труды изучаются в военных академиях, а принципы командования и тактики находят отражение в стратегиях современных армий. Бауыржан Момышулы – не только герой войны, но и новатор в области военной тактики. Его методы ведения боя, в том числе «Спираль Бауыржана», демонстрируют уникальный стратегический гений, который позволил советским войскам одерживать победы даже в критических ситуациях. Его труды и тактические принципы продолжают изучаться в современных военных академиях, а его личность остается символом героизма и патриотизма (5,с.10).

Бауыржан Момышулы внес значительный вклад в развитие военного искусства. Его тактика маневренной обороны, спирального отступления и психологической подготовки бойцов стали основой для многих современных стратегий. Он не только командовал солдатами, но и был выдающимся военным мыслителем, чей опыт остается ценным и по сей день. Его труды и воспоминания помогают не только военным, но и обычным людям понять, что дисциплина, решительность и умение адаптироваться к сложным условиям являются ключевыми факторами победы в любом деле.

Список использованной литературы:

- 1 Момышулы Б. Психология войны. – Алматы: Жазушы, 2000.
- 2 Кожаметов Т. Военная стратегия Бауыржана Момышулы. – Нур-Султан: Казахстан, 2015.
- 3 Wikipedia. Момышулы, Бауыржан//ru.wikipedia.org
- 4 DalaNews. Момышұлы тактикасы: соғыста жеңіске жеткізетін қару ма, адам ба? – dalanews.kz
- 5 Акмолинская правда. «Психология войны» Бауржана Момышулы – apgazeta.kz

ПАТРИОТТЫҚ РУХ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

М.А. МҰРАТБЕК

2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс

Әскери-инженерлік институты

А.Т. НУРГАЛИЕВА

*қазақ тілі және әдебиетінің магистрі, мемлекеттік тіл
кафедрасының оқытушысы, Радиоэлектроника және байланыс
әскери инженерлік институты*

Патриоттық рух – бұл адамды өзінің туған еліне деген сүйіспеншілік, құрмет және адал қызмет көрсетуге итермелейтін күшті сезім. Ол әрбір азаматтың жүрегінде өз еліне, оның тарихы мен мәдениетіне деген терең құрмет сезімін оятады. Патриотизм – тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен, өмір сүру салтымен де көрініс табатын қасиет. Туған елге деген адалдық пен құрметті арттыру, ұлттық бірлікті нығайту – патриоттық рухтың басты мақсаты болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде патриоттық рухтың маңызы зор. Елдің дамуы, халқымыздың бірлігі мен тұрақтылығы тікелей патриотизмге байланысты. Патриоттық рух әрбір азаматтың ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды сақтап қалуға ұмтылдырады. Бұл рух ұлттың бірлігі мен мәдениетін дамытуға, жастарды елінің болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Патриотизмнің қоғамда алатын орны ерекше. Оның негізінде ұлттық сананың қалыптасуы жатыр. Әрбір азамат өз елінің тарихын, мәдениетін, тілін құрметтеп, оны болашақ ұрпаққа жеткізуге міндетті. Патриоттық рухты қалыптастыруда білімнің рөлі үлкен. Жастарға патриотизмді дәріптеу, оларды өз еліне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу – бұл еліміздің болашағын жарқын етудің басты кілті.

Әскери қызметкерлер мен қоғам қайраткерлері патриоттық рухты алға тартуда үлкен рөл атқарады. Олар тек сөзбен ғана емес, іс-әрекеттерімен де жастарға патриотизмнің маңыздылығын көрсетеді. Әрбір азамат өзінің еліне деген сүйіспеншілігін тек өз отбасында емес, бүкіл қоғамда, қоршаған ортада көрсете білуі тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі орны мен беделі өсіп келеді. Бұл елдегі патриоттық рухтың күші мен ұлттық бірліктің белгісі. Әрбір азамат өз елінің болашағына сеніммен қарап, оған адал қызмететуі тиіс. Патриоттық рухтың күші арқылы Қазақстан көптеген қиындықтарды еңсеріп, дамудың жаңа жолына түсті. Қазіргі заманғы жастарға осы рухты мұра ретінде қалдыруымыз керек. (1,45-67 б.).

Патриоттық рухтың маңызды көріністерінің бірі – өз елінің тарихын, мәдениетін, тілін қадірлеу. Қазақ халқының ата-бабаларынан қалған бай мұра мен дәстүрлерді сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – патриотизмнің маңызды бөліктерінің бірі. Бұл рухтың әсері арқылы әр азамат өз Отанын мақтаныш тұтып, оны әлем алдында абыроймен танытуға ұмтылады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, елімізде патриотизм ұғымы ерекше маңызға ие болды. Қазақстанның тәуелсіздігі – ұлттың еркіндігі, ұлттық болмысының сақталуы мен дамуының басты кепілі. Патриоттық рухты сақтау, оны жастар арасында дәріптеу – елдің болашағы үшін маңызды міндет. Елді сүйген азаматтарға өз елінің дамуындағы қиындықтар мен кедергілерді жеңе алады.

Еліміздің тәуелсіздігі мен ұлттық мүддені қорғау үшін әрбір азаматтың патриоттық сезімі мен отаншылдығы маңызды. Бұл рух ұлттық бірлікті нығайтып, елді әлемде танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, патриоттық рухты нығайту ұлттық білім мен тәрбиежүйесінде де ерекше рөл атқарады.

Қазіргі заманның өзгермелі қоғамында патриоттық рухтың маңызы одан сайын артып отыр. Әрбір адам өзінің тарихи және мәдени тамырларына, ұлттық құндылықтарына адал болуы қажет. Жаһандану мен ақпараттық технологиялардың дамуы кезінде ұлттық мәдениет пен тілді сақтау, ұлттық өзіндік ерекшеліктерді жоғалтпау – үлкен мәселе.

Қазақстанның жаһандық аренада бәсекеге қабілетті болуы үшін патриоттық рухты арттыру өте маңызды. Отанға деген сүйіспеншілік пен оны құрметтеу азаматтардың өмірінің барлық салаларында байқалуы керек. Өз елінің дамуы үшін жұмыс істейтін азаматтардың патриоттық сезімі еліміздің жалпы дамуына ықпал етеді.

«Отанды сүю – иманнан» дейді дана халқымыз. Әрбір адамның жүрегінде туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімі болуы керек. Патриоттық рух – елдің болашағын

қалыптастыратын басты күштердің бірі. Ол – Отанға деген адалдық, оны қорғауға және дамытуға ұмтылыс, ұлттық құндылықтарды бағалау. (2, 78-95 б.)

Атақты ойшыл Джон Ф. Кеннеди: «Елің сен үшін не істей алады деп сұрама, сен елің үшін не істей аласың – соны сұра» деген. Бұл сөздер әр азаматтың өз Отанына деген жауапкершілігін сезінуі керектігін көрсетеді.

Қазақ халқы үшін патриотизм әрқашан маңызды болған. Ерлік пен елдік ұғымы біздің тарихымызбен біте қайнасып жатыр. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген нақыл сөз тегін айтылмаған. Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп, өз халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың бірлігін насихаттаған. Ал Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деп, елін қорғау жолындағы жанқиярлықты дәріптеген.

Бүгінде патриоттық рух тек әскери ерлікпен ғана өлшенбейді. Ол – туған жерді сүю, салт-дәстүрді құрметтеу, ана тілді дәріптеу, еңбекқорлық, білімге ұмтылу. Шоқан Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» дегендей, нағыз патриот – өз елінің дамуына үлес қосатын, білімді азамат. Қазіргі қоғамдағы патриоттық рух.

Бүгінде патриотизмнің мәні бұрынғыдан кеңейді. Қазіргі патриоттық рух – тек елді жаудан қорғау емес, оны көркейту, дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және әлемге таныту. Қазақ халқының ұлы тұлғалары айтқандай, нағыз патриот – елінің болашағы үшін еңбек ететін адам. Ал еңбек етіп патриоттық рухты оятатын тіліміз және мәдениетіміз. Тіл мен мәдениетті сақтау – патриотизмнің белгісі.

Қазақтың ұлы ақыны Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп, ұлттың болашағы ана тілінде, дәстүрінде екенін айтқан. Бүгінде қазақ тілін сақтау – нағыз патриоттық іс. Ана тілімізді қадірлеу арқылы біз ұлттық рухымызды биік ұстаймыз.

Сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді сақтау – елге деген сүйіспеншіліктің белгісі. Әрбір қазақ өзінің ата-бабасының мұрасын, өнерін, әдет-ғұрпын біліп, оны келесі ұрпаққа жеткізуі тиіс. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа анықтаушы: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген. Бұл қасиеттердің барлығы нағыз патриоттың бойында болуы керек. Қазір нағыз патриот ол жастар. Жастар – елдің болашағы. Сондықтан олардың бойында аултық сана- сезімді, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру маңызды. Бүгінде жастарға үлгі болатын тұлғалар көп. Олардың арасында әлемдік аренада елін танытып жүрген спортшылар, ғалымдар, өнер иелері бар. Ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Сондықтан жастарға сапалы біліммен қатар, ұлттық тәрбие берілуі керек. Қазақ халқы «Ағаш түзу өсу үшін, оны жас кезінде түзе» деп бекер айтпаған.

Қазіргі патриотизмнің көріністері

- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу
- Ана тілін сақтау және дамыту
- Тарих пен мәдениетті білу
- Өз ісіне адалдық пен жауапкершілік
- Еңбекқорлық пен білімге ұмтылу
- Туған жерін, табиғатын қорғау

Осындай көріністерді қалыптастыру келер ұрпаққа тәлім тәрбие беруден басталады. Қазақ халқы ұрпағын әрдайым ұлттық құндылықтарды қадірлеуге, ел мен жерді сүюге үйреткен. Патриоттық тәрбие – ұлттың болашағына салынған инвестиция. Отбасындағы патриоттық тәрбие (3,103-120 б.).

«Отан – отбасынан басталады» деген сөз тегін айтылмаған. Баланың бойындағы патриоттық сезім ең алдымен ата-ананың үлгісі арқылы қалыптасады. Абай Құнанбайұлы: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» деп, тәрбиенің маңызын ерекше атап өткен. Ата-ана баласына туған жердің тарихын, мәдениетін, батыр бабаларымыздың ерлігін айтып беріп, өз елін мақтан тұтуға үйрету ікерек. Ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұн: «Балаңды бес жасқа дейін

патшандай күт, он беске дейін құлындай жұмса, он бестен асқан соң досындай сырлас» деп, тәрбиенің кезең-кезеңімен берілуін дұрыс көрсеткен. Патриоттық тәлім тәрбиені тек отбасыда ғана емес мектеп қабырғасында да мұғалімдер де беру керек. Мұғалімдер оқушыларға атақты тұлғалардың өмір жолын, олардың еңбегін түсіндіріп, елге қызмет етудің маңызын ұғындыруы қажет.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болу – елге қызмет ету үшін қажет» деп айтқандай, жастардың сапалы білім алуы – олардың Отанға деген құрметінің көрінісі. Бүгінде мектептерде патриоттық бағыттағы іс-шаралар, әдеби-мәдени кештер, тарихи-танымдық сабақтар ұйымдастыру маңызды.

Қорытындылай келе, патриоттық рух – ұлттың тірегі, оның болашағы мен тұрақтылығының кепілі. Туған еліне деген сүйіспеншілік пен құрмет азаматтың бойындағы ұлттық құндылықтар мен міндеттерді орындауда маңызды рөл атқарады. Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту, әлемге таныту үшін әрбір азаматтың патриоттық рухы аса маңызды.

Патриоттық рух – елдің болашағы үшін ең маңызды құндылықтардың бірі. Қазақтың ұлы тұлғалары айтып кеткендей, нағыз патриот – туған жерін сүйетін, оны дамыту үшін аянбай еңбек ететін, тарихын білетін, мәдениетін құрметтейтін азамат.

Бүгінгі таңда патриотизм тек әскери ерлікпен шектелмейді. Ол – ана тілін қадірлеу, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, адал еңбек ету, білім алып, еліне қызмет ету. «Елің үшін еңбек ет – халқың сенен үміт күтеді» дегендей, әрбір адам өз ісінде үлгілі болуы керек.

Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деп айтқандай, ел үшін қызмет ету – әр азаматтың парызы. Біз тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді ұмытпай, оны келер ұрпаққа жеткізуіміз керек. Себебі патриоттық сана – елдің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілі.

«Отан отбасынан басталады» демекші, әрбір отбасы, әрбір мектеп, әрбір азамат патриоттық тәрбиені бірінші орынға қоюы керек. Тек сонда ғана біздің еліміз гүлденіп, болашақ ұрпақ өз Отанын мақтан тұтатын болады!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Құдайбергенова С. «Қазақ халқының патриотизмінің негіздері» Алматы, 2012-365 б.
- 2 Ысқақов М. «Патриотизм және ұлттық сана» Алматы, 2010.- 295б.
- 3 Тұяқова Ә. «Ұлттық рух және қоғамдағы патриоттық бағыттар» Алматы, 2014.-378 б.

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ, ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

А.Р. МУРАЛИМ

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери инженерлік институтының*

А.Т. НУРГАЛИЕВА

*қазақ тілі және әдебиетінің магистрі, мемлекеттік тіл
кафедрасының оқытушысы, Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

“Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері - түп қазығы, айбыны,
Туған тілі - мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт-дәстүрі-тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.” -деп Мұхтар Шаханов атамыз айтқанындай ұлттық тіліміз, егемендігі жария туған жеріміз, ұлттық салт дәстүрлеріміз, тарихымыз әрбір адамзат үшін құнды болып табылады.

Ұлттың ұлт екендігін дәлелдейтін ең негізгі мәселелердің бірі ол – тіл. Тіл әрбір халықтың ұлты үшін құнды болуы тиіс. Ежелден 1465 жылы Қазақ хандығы құрылғалы бері қазақ халқы өз ана тілін ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп, дәріптеп келе жатыр. Одан әрі, тәуелсідігімізді алу-қазақ халқы үшін ең бақытты сәттердің бірі болды, себебі, 16 желтоқсан күні Қазақстан мемлекеті – өзінің егеменді еркін ел екендігін жария қылды (1,66 б.).

Әрбір мемлекеттегі ұлттылықты сақтап отыратын негізгі күштердің бірі ол – ана тілі. Ана тілі- анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін келешек дәуірге жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Жалпы адамзат баласының әлемдегі жанды жаратылыстан басты ерекшелігі оның санасы мен тілінде екені белгілі. Мемлекеттің басты күші, тірегі - халық болса, халықтың тірегі – тіл. Сондықтан Мәңгілік ел болып қалуымызда тілдің мәртебесіне тікелей байланысты болмақ.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлтпен – ұлтты татуластыратын ерекше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да өткеніне үңіліп, бүгінгісін болжап, болашағын бағдарлауға жол ашты.

Бүгінде қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тілге деген құрмет – өз елімізге, Отанымызға деген құрмет. Сондықтан оны меңгеру – ұлтына, әлеуметтік тобына, жынысы мен тегіне қарамастан Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Ал ұлты қазақтардың ана тілін шала-шарпы ғана біле салуы жеткіліксіз, олар өз ұлтының рухын сезініп, ұлттық қасиеттерін бойына дарыту үшін тілін жетік білуге міндетті.

Бірақ, қазіргі заманда өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ өздерінің ана тілінде сөйлемейді, дегенмен қазақ тілін қолдану негізде жоқ. Туған тілдің келешегі қазіргі жастарда десек, сол жастардың бүгінгі таңда тілді қолдануы қандай жағдайда екендігін осы мақаламда зерделеп көрмекпін.

Мәселен қазір жастар бір-біріне түрлі жағдайда түрлі тілде жауап беріп жатады. Оған себеп – тілге деген немқұрайлылық. Әрі заманауи озық технологиялардың дамуымен байланысты тілдің тіпті басқалай айтылуы емес, тіпті ұмытылып кетуіне түрткі болуда. Таңның атысы, күннің батысы әлеуметтік желіде отыратын жастар ұзақ жазуға еріне ме, әлде мұның өзге бір себебі бар ма, әйтеуір, жаргондармен қысқа ғана жазуға құмар. Тіпті, ғаламтордағы кейбір жазбалардан тыныс белгілерді мүлдем таба алмайсың. Ал енді бірі сөйлемнің басын, адамның атын үлкен әріппен жазу деген ережені мүлдем ұмытқан. Бұл олардың күнделікті жазу дағдысына айналып кетсе керек. Мұны қазіргі жастар «сәнді сөйлеймін» деп мақтаныш көрсе, аға буын өкілдері «қазақ тілінің шұбарлануы» деп айыптайды (2, 216.).

Жастар қашан да жаналыққа, түрлі өзгерістерге, ерекше стильге құмартып жүреді. Жас буынның бойындағы жаңашылдықтың көріністерін тек қана олардың киім киісінен, шаш үлгісінен, өзін-өзі ұстауынан ғана емес, сонымен қатар, сөйлеу тілінен де байқай аламыз. Осы көріністер арқылы жастардың таным түсінігі мен жалпы қоғамның тынысын біле аламыз. Дегенмен, трендтің арбауында кеткен жастардың тілімізге немқұрайлықпен қарауы – қазіргі таңдағы басты проблемаға айналып отыр. Мәселен, ұялы телефонның қолданылуы көбінесе зиянды әсерін тигізеді. Қазіргі таңда жастар тұрмақ, халық әлеуметтік желілерде ұзақ уақыт отырғанның әсерінен, бір-бірімен сөйлеспей, мобильді қосымшаларда өзіне пайдалы емес ақпараттар, ойындар ойнайды. Бұл адамның психологиясын құртып қана қоймай, сөйлеу тілінің өзектілігі болмай, халық арасында тілдің жойылып кетуіне әкеп соғады.

Жастардың сөйлеу мәдениеті көретін киноларына, оқитын мәліметтеріне, тамашалайтын жаңалықтарына байланысты қалыптасады. Әзіл-сықақтан, жаңадан жарыққа шығып жатқан жеңіл мағыналы фильмдерден үлгі ала отырып заманауи сөздер пайда болады. Олардың екі сөздерінің бірінде қолданылатын сленгтер мен жаргондар тілімізді одан әрі лаптап, құндылығын күннен-күнге жоғалтып бара жатқандығы баршамызға аян.

Бүгінгі жастар сленгтер (белгілі бір аптада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздер) мен жаргондарды әртүрлі себептерге байланысты қолдануы мүмкін: әсер қалдыру, елден ерекше болу, өзгелер түсінбеу үшін, белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін, кейде әзіл ретінде де айтып жататындары бар. Бірақ мұның соңы өз тілімізді лаптап, ұмыт қып жіберері сөзсіз.

Осыған қарасты, біздің ұлттық тіліміздің ұмытпалуына, күнделікті өмірімізде қолданылып жүруіне үлкен шаралар ұсынғым келіп отыр. Әуелі тілді дамыту – қазіргі оқытудың басты мәселесі. Тіл мен сөйлеу процесін оқыту, баланың немесе оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің алатын орны ерекше. Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы көркем сөздің осы сияқты ерекшеліктерін білім алушыларды тіл мәдениетіне үйретіп жетілдірудің мықты құралы ете білуге тиіс. Білім алушының тілін дамыту жұмысы, ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады, яғни білім алушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында нақтылы тәрбиелік процесте ауызша тіл дамыту жұмыстары қай жерде, қалай жүргізіледі, оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктер қандай әдіс-тәсілдер арқылы түзетіліп отырады-мұның бәрін ойластырып, педагогикалық, психологиялық, методологиялық тұрғыдан қарап, дұрыс шешімін табатын тек қана тіл маманы болып табылады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру-қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Ал осындай іскерлік шығармашылықтың, оқытушылардың арқасында әрбір курсант өзінің тілін жоғары жетілдіруге деген ынта-жігері аялады деп ойлаймын. Әскери өмір адамды пайдалы және қажет білімдерге үйретеді. Бұған өзімнің күнделікті курсанттық өмірімнен мысал келтіре кетейін.

Практикалық қазақ тілі сабағы кезінде біздің оқытушымыз Әсел Тұрысынқызы күнделікті үй тапсырмалары ретінде өтілген тақырып бойынша баянама жасау, жанындағы жауынгер досыммен бірге диалог құру сияқты тапсырмалар береді. Бұл тапсырмалар кішкентай балаларға арналған үй жұмысы секілді көрінуі мүмкін, бірақ сіздер қателесесіздер, олар өте маңызды. Өзіндік дайындық барысында мен өзімнің жауынгер досыммен кітапханадан, ғаламтордан түрлі қызықты ақпараттар іздеп, қажетті мәселелерді белгілеп, ойымда сақтап отыратынмын. Сосын біз бұл тақырыпты бірге талқылайтынбыз. Иә, біз берілген тапсырмаларға үлкен жауапкершілікпен қараймыз. Себебі институтты бітіргеннен кейін, біз Қазақстан Республикасының әрбір әскери бөлімдерінде қызмет етеміз. Қызмет барысында әр түрлі сарбаздармен жұмыс істейміз, солардың алдында үлгілі әрі нақты сөйлеу көптің қолынан келе бермейді. Сондықтан да біз ертеңгі күні бұл дағдыларымызды іс жүзінде қолдануға дайын боламыз. Уақыт өте келе мен өзімнің сөйлеу мәдениетімнің айтарлықтай дамығанын байқадым. Яғни, тілді үйрену барысындағы ең маңызды нәрсе – ол адамның тілге деген сүйіспеншілігі және оқытушының сол сүйіспеншілікті дамытудағы рөлі. Қазіргі заман талабына сай білім беру

үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырыларды.

Қорыта келе, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтып, білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың парызы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Тіл – ата-бабаларымыздан қалған аманат. Ата-баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру мына баршамыздың міндетіміз, борышымыз.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жерінді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз. Ақиық ақын М.Мақатаев «Отан» атты өлеңінде:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем

Мен оның құдіретті үнін сүйем, – деп Отанды сүюдің, ана тілін сүюдің құдіретті биік сезім екендігін білдіреді.

Сонымен, Қазақстанда өмір сүретін әр азамат елін ойласа, ұлтының рухын ойласа, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосуы қажет. Қазақта «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана Мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса ата-бабаларымыз салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел, Мәңгілік тіл! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тілші-ғалымдардың мақалалары - «Қазақ тілінің тарихы мен дамуы» атты ғылыми жинақ. Алматы, 2007.- 579 б.
- 2 Тілеуханова С. «Тіл – ұлттың жаны» Алматы: «Ғылым», 2015.- 256 б.
- 3 Сыздықова Р. «Тіл мәдениеті» - Алматы: «Рауан», 2003. -116 б.

МӘТІН АРҚЫЛЫ ОЙ МЕН ТІЛДІ ДАМУ

А. ҚҰДАЙБЕРГЕН

*2 курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Д.А. УТЕНОВА

*Мемлекеттік тіл кафедрасының доценті-қазақ тілі циклінің
басшысы*

Тіл – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар көзі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден – бір сенімді құрал. Елімізді, туған жерімізді ана тіліміз арқылы танып білеміз, халықтың рухани байлығының сарқылмас бастауы да осында. Ана тілін оқыту тіл дамыту жұмыстарынсыз жүзеге аспайды. Тілі жақсы дамыған бала ойы да дамыған, жақсы мен жаманды толық айыра алатын, әділдік пен әділетсіздікті тани алатын азамат деуге болады. Адам тілі арқылы ойын дәл жеткізе алады. Қ.Жарықбаев өз еңбегінде: «Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған баланың сөйлеген сөзі де, жазғаны да түсінікті болатыны айқын» (1,42б.) деген болатын. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім берудің ізгілікті, дамытушылық сипаты және адамды қалыптастырудағы рөлі, жеке шығармашылық қабілеттерің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі болып отыр деген саясатты ұстана отырып, қазіргі заманға сай технологиялардың үлгілерін таңдап, сабақ барысында пайдалана білу – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді меңгерту өзекті мәселенің бірі екендігі баршаға мәлім. Бүгін заман өзгерді, қоғам алмасты, еліміз тәуелсіздік алды, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қайта жанданып жатыр. Тіл дамыту арқылы оқушылардың ақыл – ойы кеңейеді, адамгершілік, эстетикалық тәрбие, бір – бірімен достық қарым – қатынас мәселелері де дұрыс жолға қойылады. Тіл дамыту тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Тілдік норма жетілу үшін курсанттардың ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамыту керек. Осы мақсатта тіл дамыту оқушыларға еркін тақырып аясында ауызша мәтіндер құрастыруға, өздері оқыған шығармаларын мазмұндап, көркемдеп баяндауға, ертегі, әңгіме құрауға үйретіледі. Сөйлеу арқылы ауызша тіл дамыса, еркін тақырыпқа жазылған мақала, эссе, ойтолғау, әңгіме, мазмұндама, шағын шығарма жазу арқылы жазба тілді дамытуға болады (2,45 б.).

Мәтінмен жұмыс істегенде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір – бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келу керек.

Мәтін (текст; text) – 1) баспаға шығаруға арналған пішімді немесе бастапқы түрдегі бедербелгілік мәліметтер бөлшегі; 2) хабардың алмастыру хаттамасының ерекшеліктерімен байланысы жоқ ақпарат бөлігі; 3) бастапқы программаның жазбасы. Объектілік немесе жүктеменеленетін модульдің бөлігі (3, 56 б.).

Мәтін – бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлілігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән – мәтін тану, герменевтика және поэтика зерттейді. Мәтін тану қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды. Герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысады. Киелі мәтіндер герменевтикасы экзегетика деп аталады. Мәтінді қарастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Ол мәтіннің қалай құрылғанын, оның құрылымы мен композициясын зерттейді (формальды мектеп, құрылымдық поэтика, генеративті поэтика). Мәтінді қазіргі

семиотика (мәдениет мәтін ретінде) мен мәтін философиясындағыдай тым кең мағынада түсінуге болады. В.Рудневтің жасаған мәтін тұжырымы жеті баптан тұрады.

мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (өзара байланысқан) (құрылымдық поэтика тезисі).

мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотивтер ретінде айқындалады. (Мотивті талдау тезисі);

мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау);

мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт кәрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Т.Юнгтің аналитикалық психологиясы);

мәтін шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);

бір мәтіндегі ақиқат нәрсе, басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние (нәрсе) семантикасы);

Мәтін – қатып-семіп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат (Бахтин поэтикасы). Заманауи оқу сауаттылығы ұғымы түрлі мәтінді түсінумен анықталады. Сондықтан жаңа жүйеде жұмыс жасайтын мектеп оқушыларды түрлі мәтіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру керек: жазба мәтін, электронды мәтін, аудиомәтін. Шығармашыл, күзиретті мұғалімдер сабақты оқушылардың талабына сай әзірлеуі шарт. Мәтіндерді топтастыруға немесе белгілі бір тақырыптар бойынша жіктеу өте күрделі. Оқушылардың сауаттылығын арттыруда оқыту үрдісіне жаңа технологияны пайдаланудың нақты белгілері көрсетіліп отыр. Заманауи оқыту үдерісіне сай мұғалім сабақта тек бағыт беруші, ал көрсетіліп отырған жұмыс жүйесінің әр компоненті оқушы арқылы іске асырылатын және оқушының сауаттылығын арттыру мен дамытуға тікелей бағытталған нақты, нәтижесін берер жүйедеп санаймын.

Қорыта келетін болсақ тіл – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар көзі болып табылады. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден – бір сенімді құрал. Елімізді, туған жерімізді ана тіліміз арқылы танып білеміз, халықтың рухани байлығының сарқылмас бастауы да осында. Ана тілін оқыту тіл дамыту жұмыстарынсыз жүзеге аспайды. Тілі жақсы дамыған бала ойы да дамыған, жақсы мен жаманды толық айыра алатын, әділдік пен әділетсіздікті тани алатын азамат деуге болады. Адам тілі арқылы ойын дәл жеткізе алады. Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған баланың сөйлеген сөзі де, жазғаны да түсінікті болатыны айқын. Осы міндеттерді және қарастыралған әдіс – тәсілдерді мұғалім үнемі өз жұмысында жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамыту керек. Осы мақсатта тіл дамыту оқушыларға еркін тақырып аясында ауызша мәтіндер құрастыруға, өздері оқыған шығармаларын мазмұндап, көркемдеп баяндауға, ертегі, әңгіме құрауға үйретіледі. Сөйлеу арқылы ауызша тіл дамыса, еркін тақырыпқа жазылған мақала, эссе, ойтолғау, әңгіме, мазмұндама, шағын шығарма жазу арқылы жазба тілді дамытуға болады. Осы орайда бала тілін дамытудағы негізгі мақсатым – халқымның тіл байлығын ұрпақ бойына сіңіру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жарықпаев Қ. «Қазақ психологиясының тарихы» Алматы, «Қазақстан» 1996. - 197 б.

- 2 Уәлиханұлы Н., Тілемісұлы Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: 2002. - 127 б.
3 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы: Зият Пресс, 2004. –210 б.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАТТЫ ҚЫЗЫ – ХИУАЗ ДОСПАНОВА

М. ТОЙШЫ

*2-курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Д.А. ҚАЙЫҢБАЙ

*мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушысы Радиоэлектроника
және байланыс әскери-инженерлік институты*

Қазақ халқының тарихында еліне деген шексіз сүйіспеншілігімен, қайсар мінезімен, ерлігімен дараланған тұлғалар аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі – аспанды еркін шарлаған, қанатты арманы мен қайтпас рухы тоғысқан, Екінші дүниежүзілік соғыстың аңызға айналған батыр қызы – Хиуаз Доспанова. Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы Атырау облысы Ганюшкин ауылында дүниеге келген. Әкесі Қайыр – балықшы, анасы Меруерт – мұғалім болып еңбек еткен. Жас кезінен-ақ білімге құштар, жігерлі қыз болып өседі. Мектепті үздік бітіріп, Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түсу арманы болғанымен, ол оқу орнына қабылдамаған. Алайда ол райынан қайтпай, Мәскеу медицина институтына оқуға түседі. Бірақ соғыс өрті тұтанғанда, елдің тағдыры таразыға түскен шақта ол бірден майданға сұранып, ұшқыш болуға бел буады.

Запастағы ұшқыш дәрежесі бар Хиуаз атақты Марина Раскованың қыз-келіншектерден құралатын әуеполкын құрайын деп жатқаны туралы естіп, ойланбастан оған өтініш жазады. Авиациялық дайындығы болғандықтан ол Саратов облысы Энгельс қаласындағы әскери әуе училищесіне оқуға жіберілді. Осы жерден штурмандар дайындайтын арнайы курсты аяқтайды. 1941 жылы Хиуаз Доспанова Кеңес Одағының әйгілі 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы авиациялық полкінің құрамына қабылданады. Бұл полк негізінен әйелдерден құралған және «түнгі мыстандар» деген лақап аттары болған. Олар тек түнде ұшып, жаудың стратегиялық нысандарына соққы беріп отырған. Осы полк құрамында Хиуаз Доспанова 300-ден астам әскери тапсырманы сәтті орындаған. Бұл жайында: «Біз негізінен түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын авиаполк едік. Өзіміздің әскери аэродромнан 300 рет ұшып, жауға бомба жаудырған екенмін. Штурман болып жүріп, 3 рет қатты жараландым»,– деп естілігін айтқан [1]. Майдан даласында Хиуаз Доспанова бірнеше рет ауыр жарақат алғанына қарамастан, қызметінен бас тартпаған. Әскери міндетін абыроймен атқарып, ерлік пен шыдамдылықтың нағыз үлгісін көрсеткен.

1942 жылдың көктемінде әскери авиация тарихында алғаш рет түнгі шабуылдарға арналған әйелдер авиаполкі құрылып, Хиуаз Доспанова осы құраммен майданға аттанады. Бұл полк ПО-2 ұшақтарын пайдаланып, түн жамылып, жаудың қару-жарақ пен оқ-дәрі сақталған қоймаларын жер бауырлай ұшып бомбалаумен ерекшеленеді. Әрбір ұшақта екі ұшқыш қызмет атқарып, бір сағатта шамамен 120 шақырым қашықтықты еңсеруге міндетті еді. Хиуаздың алғашқы әскери тапсырмасы – немістердің Майндорф бекінісін бомбалау болған екен. Ол қызмет еткен полк Солтүстік Кавказ, Украина, Беларусь, Польша және Германия аймақтарындағы әуе шайқастарына белсене қатысты. Бұл бөлімшенің қыздары ұшқыш қана емес, сонымен қатар механик және техник рөлдерін де қатар атқарды. Полктың қарсы шабуылдары аса қуатты болғандықтан, неміс солдаттары

оларды «Nachthexen» – яғни, «Түнгі мыстандар» деп атап кеткен. Хиуаз Доспанова ол жайында «Біздің кішкентай ұшағымызды немістер «Ночные ведьмы» деп атайтын, ал бұл ұшақтан жаудың зәре-құты қалмаушы еді.», – деп жазады [2]. Хиуаз Доспанова мен оның серіктестері жау шебіне жақындағанда ұшу биіктігін әдейі төмендетіп, дәл нысанға бомбалар тастайтын. Бұл – олар пайдаланған тактиканың басты ерекшелігі еді. Жау шебіне жақындай бергенде, «Түнгі мыстандар» ұшу биіктігін барынша төмендетіп, қарсылас күштердің үстінен дәлдеп бомба тастаған. Әр ұшақ құрамында екі қыз болып, бір сағат ішінде 120 шақырымдық қашықтықты еңсеруге міндетті еді. Әрбір ұшқыш қыз түн сайын 5-тен 10 ретке дейін жау тылына шабуыл жасауға тиіс болған. Хиуаз Доспанова өз естеліктерінің бірінде былай деген: «Біз түнде ұшатын болғандықтан, жау шебіне жақын орналасатынбыз. Біздің полктің өз қағидасы болды: ешқашан да әйел екенінді ұмытпа, ұшағыңды күтіп қара дегендей. Кейде тапсырманы орындап жатқанда, бізге қарсы оқ атылатын. Сондай кездері қыз баламын ғой, фашистерге тұтқынға түскеннен гөрі, ұшақпен жерге құлап, өртенгенім дұрыс еді деген ойлар келетін». Хиуаз Доспанова жаумен бетпе-бет келіп, Отан үшін талай мәрте ажалмен арпалысты. Бір жолы кезекті әскери ұшу кезінде оның ұшағы мая шөпке соғылып, апатқа ұшырайды. Абырой болғанда, ұшақтағы бомба жарылмай, үлкен апаттың алдын алады. Бірақ Хиуаз ауыр жарақат алып, басы шайқалып, аяғынан жарақат алады. Бір ай госпитальда емделіп шыққан соң, ұрысқа қайта оралады.

1943 жылдың көктемінде ол тағы да ажалмен бетпе-бет келеді. Кубань аймағын жаудан тазарту операциясы кезінде Хиуаз Доспанова мен Юлия Пашкова ұшып келе жатып, Макогон мен Свистунова мінген ұшаққа соқтығысып қалады. Апат салдарынан үш қыз қаза тауып, ал Хиуаз ғажайыппен тірі қалады – себебі ол қауіпсіздік белдігін таппаған еді. «Қыздар мені өздері тауып алды. Мен ұшақ кабинасынан сыртқа ұшып кетіппін», – деп еске алады Хиуаз Доспанова сол сұмдық сәтті. Басында оны да қаза болды деп ойлаған қаруластары, кірпігінің қимылын байқап, бірден госпитальге жеткізеді. Дәрігерлер оның денесін түгел гипспен таңып, аяқ сүйектерін қайта сындырып, дұрыс бітуі үшін қайтадан қояды. Жарты жыл бойы ауруханада жатқан Хиуаз, сол жылдың соңына қарай полкіне қайта оралады. Кейіннен ұшуға жүріп-тұруы қиындағандықтан, майдандастары оны ұшаққа көтеріп апарып отырғызатын. Өзгелерге қиындық тудырмас үшін ол кейде тіпті кабинада қонып шығатын болған. Алайда денсаулығына байланысты оған әуеге көтерілуге тыйым салынып, Хиуаз байланыс бөлімінің басшысы қызметіне ауыстырылады. Бұл қызметте ол офицерлік дәрежесі өсіп, гвардия аға лейтенанты атағын алады. Жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болып қайтқан Хиуаз Доспанова ұшақтан 14 рет құлапты. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсете білді. Қазақтың жас қызы Ұлы Отан соғысы жылдары Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы – ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ал төсіндегі «Еңбек Қызыл Ту» ордені соғыстан кейінгі жылдардағы елеулі еңбегінің жемісі. 2004 жылы Хиуаз Доспановаға Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы атағы берілді. Қазақтың қанатты қызы – Хиуаз Доспанова жайлы Кеңес Одағының батыры Марина Чечнева «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға дәл апаратын және өзі аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын», – деп ерлігін ерекше ескерген [2].

Хиуаз Доспанованың ерлігі Кеңес Одағының батыры атағын алуға лайық болғанымен, одақ бұл атақты қазақтың ұшқыш қызына қимады. Халық жазушысы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықовтың Хиуаз туралы жазбасында «Ұлы Отан соғысында Талғат Бигелдинов жау тылына – 305, Леонид Беда – 211, Сергей Луганский – 390 рет ұшып, жауынгерлік тапсырманы орындап, үшеуі де екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Олар қуаты күшті ұшақтарды басқарды. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағының жау ұшағымен шайқасар қуаты жоқ» – деп жаза келе, Хиуаз Доспанова

кішкене ғана фанера ұшақпен 300-ден астам рет әуеге көтеріліп, жауға ойсырата соққы бергенін айтып, қанатты қыздың ерлігі соғыс жылдарында бағаланбаса да, бейбіт өмірде бағалануы тиіс деп өз ойын ашық жазған еді.

Хиуаз Доспанова – ерлермен қатар тең дәрежеде елін қорғаған қайсар қыз. Ол қазақ қыздарының қандай биікке жете алатынын дәлелдеген тұлға. Бүгінде оның есімі мектептерге, көшелерге, әуежайларға беріліп, рухы ұрпақ жадында жаңғырып келеді. Хиуаз Доспанова – тек әскери ұшқыш емес, ол – ел намысы мен аналық мейірімді, ерлік пен парасатты бойына сіңірген қайталанбас тұлға. Оның өмір жолы – қазіргі жастарға үлгі, патриоттық тәрбиенің жарқын көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қаһарман қыз Хиуаз. Алматы: «Ана тілі», – 2012. – 296 б.
- 2 Хиуаз Доспанова – Халық Қаһарманы! [Текст]: жинақ / [құраст.: Қ. Мұқтарова, М. Ернұр]. – [Қ. ж.] : [б. ж.], 2012. – 69, [1] б.

Б. МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

О. ТӨЛЕУТАЙ

*2-курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс әскери-
инженерлік институты*

Д.А. ҚАЙЫҢБАЙ

*мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушысы Радиоэлектроника
және байланыс әскери-инженерлік институты*

Жаһандық құндылықтардың маңызы артып, ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупі туындаған қазіргі кезеңде, ұлттық рух пен ұлттық танымға ден қою маңызды. Сонымен қатар, заманауи өмір салты мен ойлау жүйесін қабылдап жатқан жастардың санасында елдік сана, рухани даму және ұлттық жаңғыру қағидаларын нығайту аса маңызды. Бүгінде елімізде ұлттық құндылықтарға ерекше назар аударылып, мәдени-тарихи мұраны қайта зерделеу мен зерттеу үдерісі жандануда. Осы тұрғыда ел жадында өз ерлігімен, отансүйгіштігімен және рухани болмысымен сақталған Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы – Бауыржан Момышұлының еңбектері ерекше маңызды екені сөзсіз. Оның шығармалары нағыз патриотжас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы қайталанбас ерлігі арқылы бүкіл әлемге танылған гвардия полковнигі, қазақ халқының даңқты батыры, көрнекті жазушы Бауыржан Момышұлының өмірі – үлгі, ал оның еңбектері – патриоттық-педагогикалық мұра. Оның қайсар мінезі мен ерлігі, азаматтық ұстанымы, туған жеріне, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүріне деген терең сүйіспеншілігі оның ерекше тұлға екенін дәлелдейді. Мысалы, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар менің есімде», «Ел басына күн туса» атты туындыларында ұлттық тәрбие мен таным көрініс табады.

Адамгершілік қағидаттарға негізделген «Ұшқан ұя» шығармасында жазушы отбасы тәрбиесі, ұлттық дәстүр, рухани құндылықтар сияқты адам өміріне тікелей ықпал ететін негізгі ұғымдарды ерекше атап өтеді. Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында адамның мінез-кұлқы мен ішкі сезімдерін шебер бейнелеп, тұлғаның негізгі борышы – парыз екенін көрсетеді. Оның пайымдауынша, парыз – өз аясында ақыл, сезім, ерік-жігер, ұят, ар-

ождан, әділеттілік, шыншылдық, махаббат секілді асыл қасиеттерді қамтитын ұғым, әрі жаман әрекеттерге қарсы тұратын рухани құндылық. Демек, парыз адамды теріс қылықтардан алшақтатып, ізгілікке жетелейді. Сондықтан да Баукең: «Әлемде парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ, әрі болмайды да», – деп кесіп айтады. Ал парыз деген ұғымның аясына енетін шындық, батырдың пікірінше, ерлікке, адамгершілік жағынан кіршіксіз болуға, мұқалмас ерік жігерді шыңдауға, өз парызына сенімділікке тәрбиелеуде ең бір құнарлы құрал болып табылады, ал өтірік – барып тұрған зиянды у [1]. «Ұшқан ұя» шығармасында автор бала кезден бергі есінде қалған, өзі куә болған оқиғалары арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік, қоғамдық өмірді суреттеген. Мұнда жазушы XX ғасыр басындағы қазақ ауылының шын болмысын ашуға ұмтылады, ұсақ-түйек әңгімелердің барлығын да тізбелеп бере бермейді. Сондықтан да Бауыржан Момышұлы бұл туындысында өзі өмір сүрген дәуірді реалистік тұрғыдан суреттеп шығады. Бұл шығармаға өміріндегі ең қызықты кезеңі балалық шағын арқау етеді. Сондықтан да бұнда «жасанды деректер» емес, басынан кешкендері жазылады. Автордың балалық шағы ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерінің әлі де болса қатаң сақталатын кезеңіне сәйкес келеді, яғни Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары еді [2]. Атақты қолбасшы Б. Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі «Қанмен жазылған кітап (Соғыс психологиясы)» деп аталады. Онда соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүгінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалады. Кітапта автор оперативтік соғыс өнері және тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, сарбаздар мен офицерлерді оқытып-үйрету мәселелері зерттеледі. Қаһарман Бауыржан Момышұлы ұлттық тәрбиеге байланысты мынадай пікірді айтады: «Қай ұлттың болмасын ана тілі, ата-дәстүрі, салт-санасы – сол халықтың өзіндік қадір-қасиетін, жан-дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері. Олар – бүкіл бір халықтың өмір жолында ғасырлар бойы мысқалдап жинаған рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған ардақ мұрасы. Онсыз кара шаңырағы бар іргелі ел болып, бүгін ұлт болып қалу мүмкін емес. Ана тілі, ата дәстүр өзінен өзі жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп сен үшін көсегенді көгертіп сақтап та бермейді. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы – әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына бабалар аманатын қай сапада жеткізуіне байланысты» [2]. Азаматтық парызын ұлы даланың философиясымен үндестіре отырып, халықтық тәлім-тәрбиені бар болмысының арқауы еткен Бауыржан Момышұлы ұлттық тәрбиені азамат тәрбиелеудің негізі, өзегі деп санаған. Зерттеушілер Б.Қ. Исабек, Б.А. Амалбекова, О. Жолымбетовалар Бауыржан Момышұлының ой толғаулары мен шығармаларындағы тәрбиелік көзқарастарының мазмұнын үш бағытқа бөліп қарастырады, олар:

- ұлттық тәрбие: бала тәрбиесі бесіктен бастау алады, яғни ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыпқа сүйене отырып тәрбиелеу (қазақтың ертегілері, аңыз әңгімелері, ұлттық ойындар, батырлар жыры, дастандар, тарихи оқиғалар халықтың сүйегіне сіңген дәстүрлері);

- патриоттық: Бауыржан Момышұлы барлық әңгімелері, проза, романдары ойдан шығарылмаған, яғни тәрбиенің қайнар көзі шындық кішкентай сәбидің, жасөспірім баланың, әскердегі солдаттың жүрегін жаулаудың бірден бір жолы шынайы болу және Отанды сүю;

- отбасылық құндылықтар: тәрбиенің қайнар көзі отбасынан басталады. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілерсің». Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошақ қасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Халқымыз ұлын нарға, қызын арға балап, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған. Осылайша, өз ұлтының ізгілікті қырын басқа ұлт өкілдеріне таныта білген Б. Момышұлының әдебиеттегі үлгісі тек көркем әдебиет туындыларын туғызу, өз

көргендерін көркемдеп жеткізу мақсатында емес, керісінше адамзаттық өреге жеткізер халық тәжірибесін, еліміздің тарихын, медениетін, игі дәстүрін, салт, әдет-ғұрпын, озықтық мазмұндағы ырымдарын, әдеби арналарын, әдеби ұлттық ойындарын, ілгері дамытар қарым-қатынас қоғамдық философиялық этикаларын кейінгі ұрпаққа сабақ ретінде, құжат ретінде тұжырымдама ретінде мұра етіп қалдыруды мақсат еткен.

Батыр бабамыз әскери тәрбиенің маңызы туралы да толықтай жазып кеткен. 1942 жылы желтоқсан айында Бауыржан Момышұлы былай деп жазған: «Ұлттық мақтаныш – ұлт адамының жеке басындағы мызғымас қасиетті заң. Кімде кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтаныш етпесе (ал, әрбір ұлтта мақтаныш етерлік іс бар), ондай адам нағыз оңбаған адам». Бауыржан Момышұлы не жайында ойласа да, оның пікірлері әскери іске, өзінің кәсібі болған офицерлік іске мүлтіксіз оралып отырады [3]. «Әскери тәрбиенің мақсаттары» деген тарауда Бауыржан Момышұлы «әскери психологиядағы ұлттық мәселе» деген тезисті жеке қарастырады. Мұны былайша түсіндіреді: «Менің өз тәжірибемнен көзім мынаған жетті – жауынгерлерді әскери жағынан тәрбиелеу ісінде халық-тың соғыс жөніндегі өткендегісі және ұлттық дәстүрлері аса зор маңызды орын алады». Одан әрі Бауыржан Момышұлы қазақ халқының кейбір өзгешеліктері мен әдет-ғұрыптарына қорытынды жасайды, ол өз кезегінде қазақ солдаттарын әскери жағынан тәрбиелеу және үйрету ісіне көмек береді. Осы жазбалардан мынадай сөйлемді келтіруге болады: «Ұлттық спорт ойындары. Бұлар адамды батылдыққа орамдылыққа, ақылды қызбалыққа, тәуекелшілдікке, табандылыққа, тіпті абырой үшін өлуге әзір тұру мінездерін шыңдайды. Өз елімнен біреу, мысалы асау аттан қорықса немесе мүлде атқа мініп жүре алмайтын болса, ондай адамды мен қазақ деп атауға ұялар едім. Ұлттық ойындар жігіттерге жауынгер үшін өте қажет болған аса құрметті серілік сапа беріп тәрбиелейді». «Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр – тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілік ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» дейді [3]. Бауыржан Момышұлы әскери қызметтегі алғашқы адымын көк дәптерде былай еске алады: «армиядағы алғашқы айлар маған ауыр, өте ауыр тиді. Командирдің алдына жүгіріп келіп, оның алдында тұзу тұру, оның: «сөзді қойыңыз, жүре беріңіз» деп қысқа сөзбен бұйрық беруін тындап тұру маған намысыма тигендей боп көрінетін». «Бұл неге сөзді қойыңыз» деп бұйырады деп, іштен астанкестен ашуланып тұратынсың. Бірақ көп ұзамай мен тәртіптіліктің мәні қаншама зор екендігін түсіндім. Тәртіп – армияның басты күші екендігін сонда білдім. Екіншіден – өзің бұйрық беру үшін бағына білу керектігінде ұқтым деп ой түйген Бауыржан Момышұлы: «Дұрыс тәрбиелей білушілік, қарамағындағылардың психикасына дұрыс ықпал ете алушылық пен парасатты түрде берілген бұйрыққа қару-жарақ пен туға, жауынгерлердің өміріне қауіп төндіріп тұрған қорқыныштың алдын алудың, оған жол бермеудің, сақтап қалудың, жауынгерлерді абыройсыздық пен масқара болудан аман алып қалудың сенімді құралы» деген тұжырымға келеді. Содан бері, әскери тәртіптің мазмұны және солдаттарды тәрбиелеудің принциптері туралы пікір Бауыржан Момышұлының ойынан шыққан емес. Оның көк дәптері осы тақырып жөніндегі жазбалармен көп шимайланған. Сондықтан Бауыржан Момышұлы «Тәрбиеге бағынған құл болмайды» деп бекер айтпаған. Көк дәптердің «Солдаттың әсемдігі туралы» бөлімінде жауынгер әдемі болуға тиіс. Үсті-басы жинақы болу және тәртіптілік-міне солдат әсемдігінің бірінші белгілері осылар. Жауынгер қатарда және ұрыста жүргенде өзінің міндеттерін, оған дағдыланғандықтан, сонымен қатар, төселіп алған үйреншікті ісіндей сияқты еркін орындап отыруға тиіс. Бұл солдат мамандығының жоғарғы сатысы болады. Әскери мәдениетке жетілген адамдар мен оқиғаларға үнемі талдау жасауға қабілетті командирлер ғана өз әскерлерін осындай етіп тәрбиелей алады. Командир өте әділ және адал болуға тиіс». Солдаттың сыртқы келбеті мен жүріс тұрысы туралы бағдарбереді. Бауыржан Момышұлының шығармаларында қолбасшы бейнесі ерекше көзге түседі. Мәселен, И.В.Панфилов, И.М.Частяков, подполковник Курганов, Н.Редин, Вахалов баяндалады. Үнемі олардың іс-әрекеттерін үлгі

тұтып, олардан тәлім-тәрбие ала отырып, өз жұмысына баға беріп отырған. Алғашқы ұстаздарының бірі, әрі тәрбиешісі мен ақылшысы болған помкомвзвод Николай Рединнің тұлғасына ерекше баға береді. «Әскери өмір мектебінің бірінші рет есігін ашып, әскер өнерінің алфавитін «әліпті таяқ» деп танытып бетімді ашқан ұстазым помкомвзвода Николай Редин болатын» деп жазған. Көк дәптерде: «Командир жауынгердің жүрегіне жол таба білуі қажет, ол сарбаздың сыр сандығының кілтін өз қолына ала білгені абзал. Сарбаздың сыр сандығының үш кілті бар: олар – ақыл, ерік, сезім. Ашу-ызамен емес, ақыл-парасатпен үйрет, бірақ жөнсіз мақтама, орынсыз зекіріп сөкпе, даттама, құр босқа айғайлап, бақырма. Орынды жерде қатал бола біл. Қаталдық әділ болып, еш уақытта сарбаздың бойындағы адамгершілік сезіміне, намысына тиіп, қорламайтын болсын. Қаталдық – азаматтық мінез-құлық нормасы шетінен асып кетпеуі қажет», – деп командирдің міндетіне жан-жақты талдау жасайды. Бауыржан Момышұлы солдатты ерлікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше тоқталады. Солдат болу, командирінің бұйрығын мүлтіксіз орындаудың психологиялық жағынан қаншалықты қиын екеніне ерекше тоқталып, «Біз солдатты соғыс жағдайында өзін қалай ұстауға күні бұрын дайындаймыз. Жеңіс үшін командирге темірдей тәртіп қажет. «Командирдің бұйрығы дұрыс па, бұрыс па» деп талқыға салып жатуға соғыс жағдайы көтермейді. Ал темірдей тәртіпсіз жеңіске жету мүмкін емес» деген қорытынды жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ұлы тұлға Бауыржан Момышұлы 110 жаста. Библиографиялық көрсеткіші/Құраст.: Н.С.Мұсаева. – Тараз: М.Х.Дулати Өңірлік университеті: Ақпараттық-кітапханалық орталық, 2020. – 31 б.
- 2 Бауыржан Момышұлы және оның соғыс өнері. – [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <https://qamshy.kz/article/62175-bauyrdgan-momyshuly-dgane-onynh-soghys-oneri>
- 3 Исабек Б.Қ. Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық қызметі мен педагогикалық құндылықтары/Б.Қ.Исабек, Б.А.Амалбекова, О.Жолымбетова//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы. – 2024. – №2. – [Электронды ресурс]. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1785>

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚТЫ ГЕНЕРАЛДАРЫ

Д. ҚАЙДАРОВ

*2-курс курсанты Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Д.А. ҚАЙЫҢБАЙ

*Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік
институты, мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушысы*

Қай дәуірде болмасын адамзат тарихында әскери өнердің маңызы ерекше болғаны мәлім. Қазақ әскери тарихы сан ғасырларды қамтитыны оның әскери өнері мен тактикасының, әскери құрылымының мығым әрі берік болғанын айғақтайды. Қазақ жерінде батырлар мен қолбасшылар дәстүрі ерекше маңызға ие болғаны белгілі. Кез келген мемлекет секілді Қазақ хандығы қажет кезінде жасақтау қағидаттарына сай өз әскерін қалыптастырды. Бұл жасақтар жаудың шабуылы кезінде ұйымдастырылып, халық батырлары – Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай және басқа да қолбасшылар әскерді жүйелі басқара білді. Айбынды батырлардың арнайы әскери атақтары болмағанымен, мыңдаған сарбаздан құралған жасақтарды басқарып, «қолбасшы» деп аталды. Кей жағдайда

олардың әскері 30-40 мың адамға дейін жетіп, қазіргі заманғы дивизиялардан да ірі құрылымдарға айналған. Тарихи деректерге сәйкес, қазақ әскери жасақтары 1804-1812 жылдардағы орыс-иран соғысына қатысқан. Сондай-ақ 1812-1813 жылдары Наполеонға қарсы соғыста орыс армиясының құрамында төрт қазақ кавалерия полкі шайқасқан. Ал, нақты әскерді басқарған қазақтан шыққан алғашқы генералдар туралы мәліметтер XIX ғасырдан бастау алады. Қазақ халқынан шыққан тұңғыш генерал – Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкеев. 1840 жылдың 1 желтоқсанында император І Николай оған генерал-майор атағын береді. Жәңгір хан әскери салада ғана емес, білім мен ғылымды дамытуда да ерекше еңбек сіңірген ағартушы деп айтсақ болады. Ол мектептер мен медреселер ашып, қайырымдылықпен айналысып, ғылымға өз үлесін қосты. Осы еңбегі үшін 1844 жылы Қазан университетінің ғылыми кеңесі оған профессор атағын берген.

XIX ғасырдың 50-60-жылдарында орыс армиясында қызмет еткен тағы екі қазақ офицері – Баймұхамед Айшуақов пен Мұхамеджан Баймұхамедов генерал-майор атағына ие болған. Алайда, орыс армиясында ең жоғары әскери дәрежеге жеткен қазақ генералы – Ғұбайдолла Жәңгіров еді. Ол инфантерия генералы атағын алып, қазіргі жүйе бойынша армия генералы деңгейіне жеткен. Санкт-Петербургтегі Паж корпусын алтын медальмен бітірген Жәңгіровтің есімі Мәскеу Кремліндегі Георгиев залындағы Құрмет тақтасына алтын әріптермен жазылған. Әскери қызметінде үлкен жетістіктерге жеткен ол 28 жасында полковник атағын иеленіп, 1874 жылы Санкт-Петербург телеграф департаментінің басшысы болып тағайындалған. 1877-1878 жылдардағы Балқан соғысында ерекше ерлігімен көзге түсіп, 1878 жылы генерал-майор, 1888 жылы генерал-лейтенант, ал 1894 жылы инфантерия генералы атағын алады [1]. Бұл тарихи тұлғалар қазақ халқының әскери өнері мен жауынгерлік қабілетінің жоғары деңгейде болғанын айғақтайды.

Кейбір зерттеушілер Алаш үкіметі кезінде тағы бір қазақ офицері генерал шенін алғанын мәлімдейді. Ол Сабыр Сарығожин есімімен танымал. Бірақ оның өмірбаяны және қызметі туралы деректер аз кездеседі. Зерттеушілер оның 1888 жылы Қаратөбе ауданында дүниеге келгенін, 1918-1919 жылдары Жымпытыдағы Алашорда үкіметінің әскери комиссары болғанын жазады. Ол бұл қызметті бір жылдан аса уақыт атқарған.

КСРО дәуірінде алғашқылардың бірі болып әскери атақтың ең жоғары баспалдағына көтерілген қазақ азаматы – Шәкір Жексенбаев. Ол екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында, яғни, 1943 жылдың қазанда генерал-майор әскери атағына ие болады. Шәкір Жексенбаев 1901 жылы 18 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Шоңқай ауылында ауқатты отбасында дүниеге келген. Орта білімнен соң, 1917 жылы Ордадағы хан ставкасының жоғары бастауыш училищесін бітіреді. 1919 жылы әскер қатарына шақырылып, қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің құрамында бөлімше, взвод командирі, жеке қазақ атты әскер дивизиясында эскадрон командирінің көмекшісі қызметін атқарады. 1924 жылы М.Фрунзе атындағы Әскери академиясын, 1931 жылы Жоғары әскери-химиялық академиялық курсы бітіргеннен кейін әскери-химия басқармасы, Қиыр Шығыс ерекше армиясында командалық құрамында өте жауапты қызметтерде болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Батыс бағыт, Орталық, Брянск, Ленинград майдандарына қатысады.

1943 жылы тағы бір қазақ баласы Сабыр Рахымов генерал-майор атанған еді. Өкініштісі сол қаһарманымыз ұзақ жылдар бойы өзбек ұлтының өкілі саналып келді. Шындығына келгенде, Сабыр Рахымов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, анасымен бірге Өзбекстанға қоныс аударған. Баку қаласындағы әскери училищені үздік бітірген. Оқуын бітірген соң, Самарқан қаласындағы атты әскерлер дивизиясындағы полктің взвод командирі, эскадрон командирі қызметтерін атқарған. Соғысқа дейін түрлі әскери мекемелерде қызмет істеді. Соғыс басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды. 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққандағы батылдығы үшін 2-рет Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта,

Кавказда ұрыс жүргізді. 1943 жылы Мәскеудегі Бас штаб академиясына оқуға жіберілді. Академияны бітірген соң Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Соғыс жылдары ол басқарған дивизияның жауынгерлік туына 2 Қызыл Ту, Суворов және Кутузов ордендері тағылды. Рахимов Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Суворов ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Генерал деген ең жоғары атаққа қол жеткізгендердің бірегейі – Нұрлы Байкенов. Ол 1960-1980-жылдары Қазақ КСР-інің әскери комиссары болып қызмет еткен. Оған генерал-майор атағы 1962 жылы берілді. Бұл екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында соғыс қазақ ұлтынан шыққан үшінші генерал болатын. 1972 жылы Сағадат Нұрмағанбетов армия генералы атанды. Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Еңбек ауылында дүниеге келіп, 2013 жылдың 24 қыркүйегінде өмірден озды. Әскери қайраткер, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қораныс министрі, «Халық қаһарманы», Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы. 1968 жылы генерал атағы САВО автобасқармасы бастығының орынбасары Дәрібек Сырттановқа табысталады. Ол белгілі Алаш қайраткері Барлыбек Сырттановтың ұрпағы.

Генерал-лейтенант Жансен Кереев. Ол КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясын бітіріп, осы оқу орнын бітірген (1973 жылы) алғашқы қазақ болып саналады. Ж.Кереевке генерал-майор әскери атағы 1979 жылы берілді [2].

Қазақ халқының тарихы – ерлік пен елдікке толы. Сан ғасырлық тарихымызда ұлтымызды жаудан қорғаған, елді бірлікке шақырған батырлар мен қолбасшылар аз болмаған. Кеңес дәуірі мен тәуелсіз Қазақстан тарихында да қазақтың батыр ұлдары ел қорғау ісінде ерлігімен, білімімен, басқарушылық қабілетімен көзге түсіп, генерал дәрежесіне дейін көтерілді. Қазақтың даңқты генералдары – ұлт мақтанышы. Олар – тек қана соғыста емес, бейбіт өмірде де ел қауіпсіздігіне қызмет етіп, жас буынға патриоттық тәрбие беруде өнеге бола білген жандар. Бүгінгі Қазақстан армиясы – осы ардақты азаматтардың еңбегінің жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақтың ұлы қолбасшылары»: Алматы, 2011.[Электронды ресурс]
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1168794&simple=true#>
- 2 «Қоғам мен қолбасшы» [Электронды ресурс]
<https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1639267&simple=true#>

ENGLISH WAR CORRESPONDENTS ON THE GREAT PATRIOTIC WAR

S.R. KHASAN

*Cadet of the 1st year of the Almaty Academy of the Ministry of
Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan*

A.K. SERUBAY

*Teacher of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of
the Republic of Kazakhstan*

Introduction. The Great Patriotic War occupies a key place in the history of the 20th century, determining not only the fate of the Soviet Union, but also influencing the global geopolitical order. Beyond the scope of strategic operations and political decisions were the

personal stories of millions of people involved in the conflict. The coverage of these events by foreign journalists, including British war correspondents, is a valuable source of information about the war and the USSR's contribution to the victory over Nazism. British war correspondents played an important role in informing the Western public about the course and scale of the Great Patriotic War. Working in conditions of heightened danger, they covered the fighting, shared the hardships of frontline life with Soviet soldiers, and recorded evidence of the atrocities of the occupiers. Their task was not only to provide factual information about the battles, but also to convey information about the courage, self-sacrifice, and fortitude of the Soviet people. The reports of British correspondents influenced the formation of public opinion about the Soviet Union and its role in the anti-Hitler coalition. At a time when prejudices and stereotypes about the USSR existed, objective coverage of the events of the war contributed to the strengthening of allied relations and the provision of necessary assistance.

The work of British journalists in the USSR was associated with serious difficulties, including the language barrier, harsh living conditions and censorship restrictions. Despite this, they strove for reliability and objectivity, realizing their responsibility to the readers.

Their articles, reports, personal letters, photographs and films are a valuable historical resource. This evidence allows us to see the war through the eyes of foreigners, to understand their perception of Soviet reality and their impressions of what they saw. Correspondents wrote not only about the course of military operations, but also about the life of the civilian population, the partisan movement and the work of the rear. Their evidence helps to better understand the tragic scale of the war and the greatness of the feat of the Soviet people. The study of materials by British war correspondents enriches our understanding of the Great Patriotic War, allows us to look at it from a different perspective and assess the contribution of the allies to the overall victory. Their works, based on personal experience and professional integrity, contribute to the formation of an objective and multifaceted view of the war, help to preserve the memory of those who fought for freedom.

Materials and methods. As part of this study, a review of scientific literature on the coverage of the Great Patriotic War by foreign correspondents was conducted, with an emphasis on the work of British war journalists. Historical sources were used, including articles, reports, letters, photographs and memoirs. The research methodology includes the analysis and systematization of information, a comparative analysis of various points of view and a critical assessment of sources.

Methods and materials. One of the most significant figures in the Western historiography of the Great Patriotic War is Alexander Werth, a correspondent for the British newspaper "Sunday Times". Born in Russia but educated in Britain, Werth had the unique advantage of speaking fluent Russian and having a deep understanding of Russian culture. His book *Russia at War, 1941-1945*, first published in 1964, is still considered one of the most detailed and objective works on the war. Werth spent years in the Soviet Union, travelling along the front lines, interviewing soldiers and officers, visiting towns and villages that had suffered from the war. He not only described the course of military operations, but also wrote about the lives of Soviet people, their suffering and heroism, their faith in victory. Werth was not afraid to criticise the shortcomings of the Soviet system, but at the same time always emphasised the enormous contribution the Soviet Union had made to the victory over fascism. His work stands out for its deep understanding of Soviet reality and its desire to present events objectively, despite ideological restrictions and censorship [1].



Figure 1 – "Russia at War"

American journalist William Shirer played an important role in shaping the Western understanding of the Great Patriotic War. Although Shirer is better known for his book "The Rise and Fall of the Third Reich," in which he described in detail the history of Nazi Germany, he also touched on the topic of the Soviet-German front. His view of the war was influenced by his experience working in Germany in the pre-war years and during the first years of the war. Shirer viewed the Great Patriotic War as a key episode in the fight against fascism, emphasizing the cruelty and inhumanity of the German occupation. Unlike some other Western authors, Shirer recognized the enormous losses suffered by the Soviet Union and its decisive role in the victory. His work, based on documents and eyewitness accounts, made a significant contribution to understanding the scale and significance of the Eastern Front [2].

In addition, the contribution of the American historian John Erickson should be noted, whose works, such as "The Road to Stalingrad" and "The Road to Berlin", represent detailed and comprehensive studies of military operations on the Eastern Front. Erickson, using a wide range of sources, including Soviet archival materials, analyzes strategic decisions, combat tactics, and the impact of the war on Soviet society. His works, distinguished by academic rigor and objectivity, became an important contribution to the Western historiography of the Great Patriotic War [3,4]. One cannot fail to mention the works of the French writer and journalist Maurice Druon. Druon, as a member of the Resistance movement, made a significant contribution to the fight against Nazism. His poem "The Song of the Partisans" ("Le Chant des Partisans"), written together with Joseph Kessel, became the unofficial anthem of the French Resistance and a symbol of the fight against fascism. Although Druon did not write directly about the events on the Soviet-German front, his work, imbued with the spirit of patriotism and anti-fascism, had a significant influence on the formation of public opinion in France and other countries about the war. He emphasized the importance of the unity of all forces in the fight against the common enemy and called for solidarity with the Soviet Union.



Figure 2 – Partisan Song

In the first weeks of the Great Patriotic War, Caldwell and Bourke-White began their radio broadcasts, telling American listeners about what was happening in the Soviet Union. These programs were transmitted from Moscow to New York via the CBS (Columbia Broadcasting System) radio network. The radio reports went on the air at about two o'clock in the morning and lasted only three minutes, but during this time, American travelers, who had become unwitting participants in great historical events, managed to tell their compatriots about reports from the front, and about how life had changed in the rear, and about the propaganda war between Germany and the USSR, and about the exploits of Soviet soldiers - pilots, tankers, infantrymen, tell a new joke about Hitler heard in Russia, explain how market and store trade was organized in wartime conditions, and much more. They described the work and rest of the capital's residents, the signs of wartime that appeared in everyday life in Moscow - blackouts, curfews, air raid sirens, and civil defense work [3].

In the first months following Germany's treacherous attack on the USSR, journalists from leading North American and British print media were primarily busy in their articles with an impartial forecast of the outcome of the clash between "two dinosaurs," as the weekly Time called what was happening on the Soviet-German front in its publication of June 30, 1941. The articles in almost all Western publications, with the exception perhaps of the leftist press, were based on the postulate that the events on the Eastern Front were a clash between two of the worst enemies of the United States and Great Britain, which, having happened, brought a certain benefit to both London and Washington. Newspapers published extremely dry reports on the progress of German troops' advance deep into the USSR, and military and political analysts viewed Germany's aggression mainly in the context of its possible access to sources of raw materials located on the territory of the Soviet Union, primarily oil fields, as well as "labor resources." The latter impersonal formulation implied the Soviet people, whose tragedy and feat seemed not to exist at all in the minds of Western observers at that moment.




Figure 3 – 1941 New York Times Article

Conclusion. The presented literature review confirms the significant contribution of foreign authors, and especially English war correspondents, to the formation of Western perceptions of the Great Patriotic War. Their work, associated with risk and difficulties, provided valuable information about the scale and nature of the Soviet-German confrontation, the heroism of Soviet soldiers and the suffering of the civilian population. An analysis of reports, articles and testimonies left by journalists such as Alexander Werth, William Shirer, Hans Fritzsche and others demonstrates the diversity of views and assessments of the events of those years. A comparative analysis of their works allows us to identify common trends and differences in the interpretation of historical facts, as well as emphasize the importance of a critical assessment of sources.

The contribution of English correspondents is especially significant in the context of shaping public opinion about the Soviet Union during the war. Their truthful and objective coverage of events contributed to the strengthening of the anti-Hitler coalition and the provision of allied assistance. The study of their legacy, considered within the framework of a broader analysis of foreign literature on the Great Patriotic War, opens up new perspectives for understanding historical processes and the significance of the feat of the Soviet people in the victory over fascism. Further research in this area will allow us to more deeply reveal the role and influence of English war journalism on the formation of historical memory and ideas about the war in the world community.

List of references

- 1 Werth, A. Russia in War, 1941-1945 / A. Werth. - Moscow: AST Publishing House, 2018. - 1120 p. https://books.google.kz/books?id=2XwJAQAAIAAJ&redir_esc=y
- 2 Shirer, W. The Rise and Fall of the Third Reich / W. Shirer. - Moscow: Zakharov, 2021. - 1280 p.
- 3 Erickson, J. The Road to Stalingrad / J. Erickson. - New Haven: Yale University Press, 1999. - 594 p.
- 4 Erickson, J. The Road to Berlin / J. Erickson. – New Haven: Yale University Press, 1999. – 882 p.
- 5 Fritzsche, H. The End of My Radio Career / H. Fritzsche. - Champaign, IL: University of Illinois Press, 2017. - 256 p.
- 6 Mawdsley, E. (2005). Thunder in the East: The Nazi–Soviet War 1941–1945. London: HodderEducation.

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ: ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ

А.Р. МАХАМЕТОВ

1 курс курсанты ҚР ИМ М.Есболатов атындағы

Алматы академиясының

А.К. КАЙРАТОВА

г.ғ.м., полиция аға лейтенанты, ЖББП кафедрасының

аға оқытушысы, ҚР ИМ М.Есболатов атындағы

Алматы академиясы

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан тек әскери және экономикалық база ғана емес, сонымен қатар мәдени орталық ретінде маңызды рөл атқарды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Қазақстанның мәдениет қайраткерлері еліміздің мәдени, ғылыми өміріне, ғылымның сақталуына үлкен үлес қосты. Солардың бірі Ғылым Ордасының негізін қалаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері майданға аттанып, көптеген ғылыми мекемелер уақытша жұмысын тоқтатқанымен, Қаныш Сәтбаев бұл қиын кезеңде ғылымды сақтау мен дамыту үшін бар күш-жігерін жұмсады. Қазақстанның геология ғылымы саласындағы жетекші маманы ретінде ол соғыс жағдайында елімізде ғылыми зерттеулердің тоқтап қалмауы үшін күресті. Қиын-қыстау шақта ел тағдыры таразыға түскенде, нағыз ұлт жанашырларының бейнесі анық көрінеді. Олар алаңға шығып ұран салмаса да, жалынды сөзбен емес, нақты іспен елдің еңсесін тіктеп, халықтың үмітін арқалайды. XX ғасырдың орта тұсында орын алған Ұлы Отан соғысы – тарихтың осындай сын сағаттарының бірі

болды [2, 95 б.]. Қан майданда жауға қарсы оқ атқан жауынгерлермен қатар, тылда еңбек етіп, ғылым арқылы жеңісті жақындатуға күш салған азаматтар да аз болмады. Солардың алдыңғы қатарында – қазақ ғылымының алып тұлғасы, академик, геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тұрды.

Қаныш Сәтбаев – қазақтың ұлы ғалымы, геолог және еліміздің табиғи ресурстарын зерттеу саласындағы алғашқы мамандардың бірі. Ол өз ғылыми жолында ғылым мен патриотизмді үйлестіре білген тұлға. Оның патриоттық сезімі тек ғылыми қызметінде ғана емес, сонымен қатар Отанын қорғау және дамытуға қосқан үлесінде айқын көрінді [1, 60 б.]. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуымен Қаныш Сәтбаев соғыс майданының қажеттіліктеріне бейімделіп, ғылыми еңбектерін ел игілігіне бағыттады. Ол үшін ғылым – Отанға қызмет етудің ең асқақ жолы болды. Оның әрбір еңбегі, әрбір ізденісі елдің мүддесіне бағытталды. Соғыс басталғанда жұрт қолына қару алса, Сәтбаев геологиялық картасын, өлшеу құралдарын қолына алып, Қазақстанның қойнауындағы қазынасын жауынгерлердің қаруына айналдыру жолында аянбай еңбек етті. Қазақ даласы қазынаға бай[5]. Бірақ сол байлықты біліп, ел игілігіне жарату – оңай іс емес. Қаныш Сәтбаевтың өмірінің басты белестерінің бірі – Жезқазған кен орнын жан-жақты зерттеп, оның бүкіл Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызға ие екендігін дәлелдеуі болды. Соғыс жылдары еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру мақсатында ол геологиялық зерттеулер мен минералды ресурстарды игеру жұмыстарын үдетті. Әсіресе, кара металлургия мен көмір өндіру саласындағы зерттеулердің маңызы зор болды. Сәтбаевтың жетекшілігімен Қазақстанда жаңа геологиялық ізденістер жүргізілді, бұл соғыс жылдарындағы елдің қорғаныс қабілетін арттыруға септігін тигізді. Сәтбаевтың отанға деген адалдығы мен патриоттық сезімі, оның тек өз халқының игілігіне қызмет етуімен ғана емес, еліміздің тәуелсіздігі мен өркендеуіне қосқан үлесімен де байқалады. [1,37-38 б.] Ол Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеп, оны тиімді пайдаланудың жаңа әдістерін енгізді. Оның ғылыми жұмыстары Қазақстанның табиғи ресурстарының дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен қатар, Қаныш Сәтбаев өз қызметінде жастарды тәрбиелеу мен оларға патриоттық тәрбие беру мәселесіне де үлкен көңіл бөлді. Оның жетекшілігімен көптеген жас ғалымдар қалыптасып, еліміздің ғылыми әлеуеті артты. Қаныш Сәтбаевтың патриотизмінің көрінісі тек ғылым саласында ғана емес, ол өз туған жерінің экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген ұмтылысынан да көрінді. Ол өз ғылымын Отанға қызмет ету үшін пайдаланып, қазақ халқының әл-ауқатын арттыруға бағыттады. Сәтбаевтың өмірі мен еңбегі – отанға деген шынайы сүйіспеншілік пен адал қызметтің жарқын үлгісі болып қала береді [7, 108 б.].

Соғыс жылдары мыс – сұранысы аса жоғары металлға айналды. Техника, оқ-дәрі, байланыс құралдары – бәрі де мысты қажет етті. Осындай кезеңде Жезқазған кенін игеру – тек өндірістік қадам емес, елдің қорғаныс қабілетіне қосылған үлес болды. Сәтбаевтың табандылығы мен білімі арқасында Жезқазғандағы мыс өндірісі жаңа қарқынмен дамып, майданға үздіксіз шикізат жеткізіліп отырды. Ғалым тек кен орнын тауып қана қойған жоқ, сонымен бірге өндірісті тиімді жүргізу жолдарын ұсынды. Бұл – ғылымды нақты өндіріспен ұштастырудағы ұлы қадам еді. Сол махаббат оны үнемі алға жетелеп, туған еліне адал қызмет етуге итермеледі. Бүгінгі ұрпақ үшін Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы – үлкен өнеге. Ол өз заманының қиын-қыстау кезеңінде білім мен ғылым арқылы халқының жүгін көтеріп, жас ұлттың болашағына жол ашты. Оның артында қалған мұрасы – кен орындары мен ғылыми еңбектер ғана емес, сонымен қатар ел үшін, Отан үшін қызмет етудің, патриот болудың жарқын үлгісі. Ғылым – бейбіт өмірдің де, соғыстың да күші. Соғыс жылдарында Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарына жетекшілік етіп, еліміздің әр түкпірінен пайдалы қазбалар қорын анықтауға кірісті. Ол тылда жүріп, ғылымның найзағайдай күшін көрсете білді. Оның ғылыми ізденістері арқасында тек мыс емес, марганец, қорғасын, молибден сынды соғыс өнеркәсібіне аса қажет элементтер өндіріс көзіне айналды. Қаныш Имантайұлы тылдағы еңбегімен мыңдаған сарбаздың өмірін аман сақтап, Жеңістің жақындауына себепкер болды. Ол ешқашан өзін батыр санаған жоқ.

Бірақ оның еңбегі – нағыз ерлік еді. Ол үшін Отанға қызмет ету – міндет емес, ар-ожданның, жүрек түбіндегі сүйіспеншіліктің көрінісі болды. Патриотизм – бұл ұран емес, жүрек үні. Қаныш Сәтбаевтың Отанына деген махаббаты – туған жерінің әр түйір топырағынан, әр тасының астындағы байлығынан ізденіп, халықтың әл-ауқатын көтеруге ұмтылуынан көрінді. Ол шет елдің ғылымын меңгеріп, өз елінің мүддесіне қызмет етті. Туған халқының болашағы үшін маңдай терін, білімін, өмірін сарп етті. 1946 жылы Қаныш Сәтбаевтың бастамасымен Қазақстанда Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды. Ғылым академиясы – бұл Қазақстанның ғылымын дамытудағы маңызды қадамдардың бірі болды. [5, 57-58 б.] Ғылым академиясының ашылуы, ең алдымен, Қазақстанның ғылыми зерттеулер мен білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Бұл кезеңде Қаныш Сәтбаев жетекшілік еткен ғылыми мекеме көптеген ғылыми бағыттарда зерттеулер жүргізіп, Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеу мен тиімді пайдалану жолдарын іздестіруге басымдық берді. Сәтбаевтың академияны ашу туралы шешімі еліміздің ғылыми және мәдени орталықтарын біріктіру, жаңа ғылымдар саласын дамыту мақсатында маңызды болды. Ол ғылымды тек ел ішінде емес, халықаралық деңгейде де таныту үшін ауқымды жұмыстар жүргізді. Тарихты ұлықтау және соғыстың әсеріне тоқталсақ, Қаныш Сәтбаев үшін тарихтың маңызы өте зор болды. Соғыс кезінде елдің бірлігі мен халқымыздың батырлығын ұлықтау оның міндеттерінің бірі болды [2].

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті ретінде 1946 жылдың маусым айында, көп жылғы дайындықтан кейін, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының (Қазақстан ҒА) тұңғыш Президенті болып сайланды. Бұл оқиға 1944 жылы Қ.И.Сәтбаевтың жетекшілігімен, академияны құруға арналған Үкімет комиссиясының құрылуымен және КСРО Ғылым Академиясының Президенті С.И.Вавилов басқарған, КСРО ҒА-ның он бір академигін қамтитын комиссияның жұмысымен бастау алды. Академия құрылғанда, онда он сегіз Ғылыми Зерттеу Институты (ҒЗИ), сегіз сектор, жеті тәжірибелік станция және үш ботаникалық бақ болды. Қызметкерлердің жалпы саны 1400 адамды құрады, оның ішінде 57 ғылым докторы және 184 ғылым кандидаты болды [4].

Қорытындылай келе Қаныш Сәтбаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегі Қазақстан ғылымының дамуына, қазақ халқының рухын көтеруге және тарихи мұраны сақтауға үлкен ықпал етті. Оның жетекшілігімен құрылған Ғылым академиясы, геология ғылымындағы жаңалықтар және ғылымды насихаттауға бағытталған шаралар ұлттың мәдени және ғылыми тұрғыдан жетілуіне зор үлес қосты. Ол тек өз отанының табиғи ресурстарын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар өз ғылымын Отанның игілігіне қызмет етуге бағыттады [6, 78-79 б.]. Сәтбаевтың патриоттық сезімі соғыс жылдары айқын көрініс тапты, оның геологиялық зерттеулері еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға және экономикасын дамытуға елеулі ықпал етті. Сонымен қатар, ол Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыру мен жас ғалымдарды тәрбиелеуге де үлкен назар аударды. Қаныш Сәтбаевтың еңбектері мен өмірі Қазақстанның тәуелсіздігі мен өркендеу жолындағы маңызды қадамдарды сипаттайды. Оның ғалымдық қызметі мен патриоттық рухы бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болып, еліміздегі ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесін көрсетеді. Сәтбаевтың мұрасы бүгінгі күні Қазақстанның ғылыми жетістіктері мен даму бағыттарының негізін құрайды. Бүгінгі бейбіт күн – кешегі елге адал еңбек еткен тұлғалардың арқасы. Қаныш Сәтбаев сынды ұлылардың ғылымдағы қажырлы еңбегі мен отаншыл рухы – ұлттың тірегі. Ғылым мен патриотизм ұштасқанда ғана мемлекет мықты болады. Ал сол ұштасудың шынайы үлгісі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмір жолы. Оның артында қалған мұрасы – тек ғылыми еңбектер ғана емес, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншіліктің шынайы айғағы.

Пайдаланған әдебиет тізімі:

- 1 Әлімқұлов М., Қаныш Сәтбаев: өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007.

- 2 Қаныш Сәтбаев Тау-кен өнеркәсібінің тұлғасы. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1989.
- 3 Сәтбаев Қ. Қазақ халқының тарихы және мәдениеті. – Алматы: Жазушы, 1973.
- 4 Ерғалиев С. Қаныш Сәтбаевтың геологиялық зерттеулері және оның ғылымдағы орны. – Алматы: Ғылым, 2015.
- 5 Мәдиев Ә. Қаныш Сәтбаев және Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі. – Астана: Елорда, 2010.
- 6 Рахымжанов М., Қазақ ғылымының атасы Қаныш Сәтбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
- 7 Муханов С. Қаныш Сәтбаев: ғылым және патриотизм. – Алматы: ҚазМУ, 2011.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ: БҮГІНГІ МӘДЕНИЕТТЕГІ ТАРИХИ МҰРА

А.А. ОРАЗБЕК

*1-курс курсанты ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы
Алматы академиясының*

Г.В. КУРБАНОВА

*полиция полковнигі, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының
доценті, ҚР ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы*

Кіріспе. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының ғана емес, бүкіл әлемнің тарихында терең із қалдырды. Миллиондаған адамдар басынан өткерген шайқастар, жетістіктер, қиыншылықтар мен азаптар XX ғасыр тарихындағы маңызды кезең болды. Алайда, сол оқиғалар мен соғыс қаһармандары туралы естелік бүгінгі күнге дейін өмір сүріп, қазіргі мәдениетке әсер етуде. Ұлы Отан соғысы батырларының тарихи мұрасын, олардың көркем әдебиеттегі, кинодағы, музыкадағы және өмірдің басқа да салаларындағы бейнелері мен жетістіктерін сақтау ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және жастар арасында патриотизмді тәрбиелеу үшін зор маңызға ие.

Ұлы Отан соғысының батырлары: олар кім? Ұлы Отан соғысының батырлары – бұл Кеңес Одағының Батыры атағына ие болғандар ғана емес, сонымен қатар миллиондаған қатардағы сарбаздар, офицерлер, тыл қызметкерлері, партизандар және басқалар. Олар туралы әскери жады естеліктер, кітаптар, фильмдер мен ескерткіштер арқылы сақталады.

Бауыржан Момышұлы, Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Әзілхан Нұршайықов сияқты танымал тұлғалардың жазған шығармалары, сондай-ақ тарихта қалған көптеген батырлар батылдық пен берілгендік идеясының бейнесін қалыптастырады. Олардың әрекеттері, көбінесе жанқиярлық пен қаһармандық, төзімділік пен күштің символына айналды. Соғыс қаһармандары әртүрлі болды, бірақ оларды Отанға деген сүйіспеншілік пен оны қорғауға деген ұмтылыс, тіпті өз өмірлерінің құны біріктірді. Олардың арасында даңқ іздемеген, бірақ соған қарамастан жасаған қарапайым адамдар да болды. Олардың көпшілігі атақтар мен марапатталмады, бірақ олардың күш-жігері мен ерлігі тарихи жадында байқалмады.

Есте сақтаудағы өнердің рөлі

Соғыс батырларын мәңгілікке қалдырудың маңызды тәсілдерінің бірі-өнер. Әдебиет, кинематография, кескіндеме және музыка Ұлы Отан соғысы батырларының бейнелерін жасау мен насихаттауда шешуші рөл атқарды.

Соғыс кезінде және одан кейін жазылған әдеби шығармалар майданда және тылда өмір сүруді баяндайтын шежіреге айналды. Соғыс тақырыбына Мүсірепов «Қазақ батырын» (қазіргі – «Қазақ солдатты») жазса, Ұлы Отан соғысының ерлік істерінен бір топ поэма туып жатты. Қасым Аманжоловтың «Абдолласы», Диқан Әбіловтің «Майданбек»

поэмасы, Мәриям Хакімжанованың «Мәншүк» деген поэмасы; Қапан Сатыбалдиннің «Әлия» деген поэмасы; Илияс Есенберлиннің «Айша», «Сұлтан» деген поэмасы; Нұрлыбек Баймұратовтың «Ер Төлеген» деген поэмасын мысал етіп атауға болады. Бұл авторлардың шығармалары жастарды тәрбиелеуге негіз болған кейіпкерлердің жарқын бейнелерін қалыптастыруға көмектесті. Соғыстан кейінгі жылдары Кеңес Одағында әскери-патриоттық әдебиет жанры белсенді дамыды. Қазіргі жазушылар соғыс тақырыбын зерттеуді жалғастыруда. Мұндай шығармаларда кейіпкерлер көбінесе төзімділікті, Отанға деген сүйіспеншілікті және өз ісіне деген адалдықты білдіреді. Бұл кітаптар әлі де мектептер мен университеттерде оқылады, жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Кино. Кино соғыс батырларының жадын таратуда бірдей маңызды құралға айналды. "Сарбаз туралы Баллада" (1959), "Олар Отан үшін шайқасты" (1975), "жалғыз қарттар шайқасқа барады" (1973), "28 панфиловшы" (2016) сияқты фильмдер, сондай-ақ "Ұлы Отан" және "айыппұл" сияқты әскери эпостар айқын көрінеді сарбаздардың жанқиярлығымен батылдығы, сондай-ақ бүкіл халық үшін соғыстың қайғылы және салдарын көрсетеді. Көптеген фильмдер табынушылыққа айналды және көрермендердің көңіл-күйін көтеруді жалғастыруда. Олар соғыстың әртүрлі аспектілерін бейнелеуге бейім: қаһармандық эпизодтардан майдандағы күнделікті өмірдің сұмдықтарына дейін. Бұл фильмдер тарихи оқиғаларды қайталап қана қоймайды, сонымен қатар соғыс жағдайында батыр болу дегеннің екенін түсінуді тереңдетеді.

Музыка. Ұлы Отан соғысының мәдени мұрасының маңызды элементі-музыка. Давид Тухманов пен Владимир Харитоновтың "Жеңіс күні", "Катюша", "дұшпандар туған үйін өртеп жіберді", "қараңғы түн", сонымен қатар, "Батыс оған бұйрық берді", "Ал оны кім біледі", "Таң атқанша бәрі қайтадан қатып қалды", "Қоныс аударатын құстар ұшады", "Майдандағы орманда" сияқты әндері ұлттық музыка пантеонына енді. Бұл әндер бүгінгі күнге дейін адамдарды қатты эмоцияларға бөлейді, олар жеңіс пен батылдықтың символына айналды. Музыка Тарихи жадты сақтауда ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар арасындағы эмоционалды байланыс қызметін атқарады. Соғыс туралы әндер арқылы адамдар сол кездегі рухты сезіне алады, майданда соғысқан сарбаздардың сезімдерін бастан кешіреді және олардың жеңісіне құрмет көрсетеді.

Ескерткіштер мен мемориалдық кешендер.

Ескерткіштер мен мемориалдық кешендер Ұлы Отан соғысының батырлары туралы тарихи жадыны сақтауда маңызды рөл атқарады. Соғыстың аяғынан бастап Кеңес Одағының бүкіл аумағында қаза тапқан сарбаздар мен офицерлердің құрметіне ескерткіштер тұрғызыла бастады. Волгоградтағы "Мамаев қорғаны" мемориалы, сондай-ақ Мәскеу, Киев, Минск, Рига, Варшава және басқа қалалардағы көптеген ескерткіштер мәдениетте ерекше маңызды орын алады. Бұл ескерткіштер соғыстың ауқымын ғана емес, оның оқиғаларына қатысқандарды да еске түсіреді. Ескерткіштер салу – бұл батырларды есте сақтау және болашақ ұрпаққа бүкіл халықтардың тағдыры шешілген қорқынышты күндер туралы айту тәсілі.

Қазіргі мәдениеттегі батырлар.

Бүгін біз Ұлы Отан соғысының батырларын еске алуды жалғастырамыз. Қазіргі мәдениетте бұл оқиғаларға өнерде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да үндеулер жиі кездеседі. Көптеген деректі фильмдер, телешоулар, кітаптар мен мақалалар соғыс, батылдық және Отанға деген сүйіспеншілік тақырыбын зерттеуді жалғастыруда. "Өлмес полк" сияқты қазіргі жастар қозғалыстары соғыстың үлкен трагедия болғанын еске салады, бірақ сонымен бірге ол әлемге өзінің өмірі мен өлімімен бейбітшілік пен бостандықты қамтамасыз еткен керемет батырларды берді. "Өлмес полк" сияқты акциялар патриотизмді тәрбиелеуде де маңызды рөл атқарады, өйткені олар әр қатысушыға және көрерменге майданда соғысқан ата-бабаларын құрметтеуге мүмкіндік береді. Осылайша, Ұлы Отан соғысының батырлары тарихи жадының маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар қазіргі мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді. Біз бұл адамдар туралы, олардың басынан өткен қиындықтары мен азаптары туралы, сондай-ақ соғыс

қайғылы болғанына қарамастан әлемге жаңа құндылықтар: Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, батылдық пен төзімділік сыйлағанын ұмытпауымыз керек.

Қорытынды. Ұлы Отан соғысының батырлары – бұл өткеннің рәміздері ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамның мәдени және моральдық бағдарларын қалыптастыру контекстіндегі маңызды тұлғалар. Өнер, әдебиет, кино және музыка арқылы біз олардың жадын сақтаймыз, ұрпақтан – ұрпаққа батылдық пен патриотизм сабақтарын береміз, сондай-ақ біздің бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді қорғағандарға құрмет пен ризашылықты тәрбиелейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә., Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты. Ұлы Отан соғысы қаһармандары туралы құжаттар жинағы. – Алматы, 2010.
- 3 Қойгелдиев М.К., Алаш қозғалысы және қазақ тарихи санасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
- 4 Сорокина Г., Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. – Алматы: Өлке, 2005.
- 5 Батырлар кітабы. I–II томдар. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 6 Асылбеков М.Х., Галиева, Г.Ж. Қазақстан тарихы бойынша деректер мен материалдар жинағы. – Алматы: Дәуір, 2006.
- 7 Жанұзақов Ә., Тарих және тұлға. – Астана: Фолиант, 2012.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

С.С. МҰҚАН

Филология факультеті Аударма ісі мамандығының

4 курс студенті Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Н.Н. КОНКАБАЕВА, PhD

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі экономикалық терминологияның ерекшеліктері қарастырылады. Ағылшын тілі – халықаралық деңгейде кең қолданылатын тіл болғандықтан, көптеген экономикалық ұғымдар алдымен ағылшын тілінде қалыптасады және кейін қазақ тіліне аударылып, бейімделеді. Мақалада терминдерді аударудың бірнеше тәсілі, соның ішінде калька, транслитерация және баламалы аударма әдістері талданады. Сондай-ақ экономикалық терминдерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігі қарастырылады. Қазақ тіліндегі экономикалық терминологияны дамытуда қазақстандық ғалымдардың еңбектері де атап өтіледі.

Түйін сөздер: Экономикалық терминология, қазақ тілі, ағылшын тілі, аударма, транслитерация, калька, халықаралық стандарттар, терминдерді бейімдеу

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности экономической терминологии в казахском и английском языках. Так как английский язык широко используется на международном уровне, большинство экономических понятий сначала формируются на английском и только потом переводятся и адаптируются на казахский язык. В статье анализируются различные методы перевода терминов, включая

калькирование, транслитерацию и эквивалентный перевод. Также подчеркивается необходимость приведения экономических терминов в соответствие с международными стандартами. Особое внимание уделяется вкладу казахстанских ученых в развитие казахской экономической терминологии.

Ключевые слова: Экономическая терминология, казахский язык, английский язык, перевод, транслитерация, калькирование, международные стандарты, адаптация терминов.

Annotation. This article examines the features of economic terminology in the Kazakh and English languages. Given English's widespread international use, many economic concepts are initially formed in English before being translated and adapted into Kazakh. The article analyzes various methods for translating terms, including calquing, transliteration, and equivalent translation. The importance of aligning economic terminology with international standards is also discussed. Additionally, the contribution of Kazakhstani scholars to the development of Kazakh economic terminology is highlighted.

Keywords: Economic terminology, Kazakh language, English language, translation, transliteration, calquing, international standards, term adaptation.

Қазақстанның халықаралық қарым-қатынасының дамуы және жаһандандудың күшеюі қазақ және ағылшын тілдерінде бірқатар терминологиялық мәселелерді туындатады. Әр елдің тілдік және мәдени ерекшеліктері осы терминологияның қалыптасуына әсер етеді. Соның ішінде экономикалық терминдердің ерекшеліктерін түсіну – аудармашылар, экономистер және өзге де сала мамандары үшін маңызды. Экономикалық терминология – қаржылық, бизнес, және нарықтық ұғымдарды нақты және дәл жеткізу үшін маңызды құрал. Ағылшын тілі – халықаралық деңгейде қолданылатын тілдердің бірі болғандықтан, экономикалық ұғымдардың басым көпшілігі алдымен ағылшын тілінде қалыптасады. Осыдан кейін ғана олар қазақ тіліне аударылып, бейімделеді. Қазақ тілінде экономикалық терминдерді біріздендіру және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестенуі маңызды. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі экономикалық терминологияның негізгі ерекшеліктері талданып, мысалдар арқылы көрсетіледі.

Ағылшын тілінен тікелей аударылған терминдер:	Орыс тілінің ықпалымен аударылған терминдер:
1 Нарық үлесі (Market share) – сөзбе-сөз аударылған.	1 Хеджирлеу (Hedging) – орыс тіліндегі “хеджирование” сөзіне ұқсас.
2 Корпоративтік басқару (Corporate governance) – сөзбе-сөз аударылған.	2 Лизинг (Leasing) – орыс тіліндегі “лизинг” терминінен енген.
3 Жұмыссыздық деңгейі (Unemployment rate) – сөзбе-сөз аударылған.	3 Банкроттық (Bankruptcy) – орыс тіліндегі “банкротство” сөзіне ұқсас.
4 Валюта бағамы (Exchange rate) – сөзбе-сөз аударылған.	4 Блокчейн (Blockchain) – орыс тіліндегі “блокчейн” сөзіне сәйкес.
5 Сауда тапшылығы (Trade deficit) – сөзбе-сөз аударылған.	5 Венчурлық капитал (Venturecapital) – орыс тіліндегі “венчурный капитал” тіркесіне жақын.
6 Экономикалық өсу (Economic growth) – сөзбе-сөз аударылған.	6 Электрондық коммерция (E-commerce) – орыс тіліндегі “электронная коммерция” ұғымына негізделген.
7 Мемлекеттік қарыз (Public debt) – сөзбе-сөз аударылған.	7 Несие рейтингі (Creditrating) – орыс тіліндегі “кредитный рейтинг” тіркесіне ұқсас.
8 Капитал нарығы (Capital market) – сөзбе-сөз аударылған	
9 Қаржылық тұрақтылық (Financial stability) – сөзбе-сөз аударылған.	

Қазақ тілінде жаңа терминдерді қалыптастыру кезінде жиі транслитерация, калька тәсілі яғни, тікелей аударма және баламалы аударма қолданылады. Транслитерация – түпнұсқаның лексикалық бірлігін, оның графикалық формасын аударма тілі әріптерінің көмегімен жасау жолымен аудару тәсілі [1].

№	Термин (ағылшынша)	Термин (қазақша)	Аударма тәсілі	Түсіндірме/Негіздеме
1	Investment	Инвестиция	Транслитерация	"Инвестиция" – ағылшын тіліндегі "Investment" термині табыс немесе пайда табу мақсатында белгілі бір жобаға, мүлікке немесе кәсіпорынға қаражат салу.
2	Inflation	Инфляция	Транслитерация	"Инфляция" – ағылшын тіліндегі "Inflation" термині тауарлар мен қызметтердің жалпы бағасының ұзақ мерзімді көтерілуі.
3	Stockmarket	Қор нарығы	Калькалау	Термин қаржылық нарықтағы бағалы қағаздар айналымын білдіреді. "Stockmarket" термині сөзбе-сөз аударылғанда, "қор" (stock) және "нарық" (market) сөздері қосылып, қазақ тілінде жаңа мағынаға ие болып, "Қор нарығы" терминін құрайды. Мұндағы калькалау процесі екі сөздің тура аударылуы арқылы жүзеге асқан.
4	Public debt	Мемлекеттік қарыз	Калькалау	Термин мемлекет немесе үкіметтің қаржылық міндеттемелерінің жалпы сомасын білдіреді. Бұл жерде "Public" және "debt" сөздері бірігіп, "Мемлекеттік қарыз" деп аталатын жаңа термин қалыптасқан.
5	Crowdfunding	Ұжымдық қаржыландыру	Баламалы аударма Бұл аударма тәсілінің мәні - терминге түсініктеме беруінде, мәнін ұғындыруында.	"Ұжымдық қаржыландыру" – ағылшын тіліндегі "Crowdfunding" термині көп адамдардан қаржы жинау үдерісін білдіреді. Лексика-семантикалық талдау: Бұл аудармада "қоғамдық қаржыландыру" немесе "көпшілік қаржыландыруы" секілді нұсқаларды қолданса болар еді, бірақ олар тым қысқа немесе түсініксіз болады. Ал "Ұжымдық қаржыландыру" сөзі осы үдерістің мәнін нақты жеткізеді.
6	Shareholder	Акционер	Баламалы аударма	"Акционер" – ағылшын тіліндегі "Shareholder" термині акциялар мен үлестерге қатысты тұлғаны білдіреді. "Қатысушы" термині қарапайым және көпмағыналы болып, әртүрлі контекстте қолданылуы мүмкін (мысалы, іс-шараға, жобаларға қатысушы). Ал "Акционер" компаниядағы үлескер, акция иесі деген нақты ұғымды білдіреді.

Бір экономикалық терминнің бірнеше аударма нұсқалары:

1. "Inflation" – Инфляция (транслитерация), Баға өсуі (мағыналық аударма), Ақша құнсыздануы (сипаттама).

2. “Stock market” – қор нарығы (калька), Акциялар базары (мағыналық аударма), Бағалы қағаздар нарығы (сипаттама).

Калька болып та, транслитерация болып та аударыла алатын терминдер:

1. “Capital” – Капитал (транслитерация), Қор (мағыналық аударма, қысқартылған нұсқа).

2. “Investment” – Инвестиция (транслитерация), Салым (баламалы аударма).

3. “Monetary policy” – Монетарлық саясат (транслитерация), Ақша-несие саясаты (мағыналық калька).

Бір терминнің әртүрлі нұсқалары болуы – жүйеліліктібұзады, сондықтан:

•Ғылыми ортада бекітілген бір нұсқа қолданылуы керек.

•Аударма тәсілін таңдау кезінде терминнің контекстімен қолдану аясы ескерілуі тиіс.

Қазақстанда экономикалық терминдерді біріздендіру және стандарттау мәселесі ерекше маңызды болып табылады. Шетелдік терминологияны тікелей аудару кейде қиындықтарға әкеледі, өйткені кейбір ұғымдар қазақ тілінде нақты балама таба алмайды. Мұндай жағдайларда терминдерді біріздендіру және стандарттау үдерісі жүзеге асады. Мәселен, Қазақстанның Ұлттық Банкі мен басқа да мемлекеттік органдар кейбір экономикалық терминдерді ресми түрде бекітіп, қолдану тәртібін анықтайды.

Экономикалық терминологияны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру өте маңызды, себебі бұл түсініспеушіліктерді болдырмауға және ұғымдардың дұрыс қабылдануына көмектеседі. Мысалы:

- “GDP”(Gross Domestic Product) – “Жалпы ішкі өнім” немесе “ЖІӨ”.
- “FDI” (Foreign Direct Investment) – “Тікелей шетелдік инвестиция” немесе “ТШИ”.
- “CPI” (Consumer price index) – “Тұтынушы бағаларының индексі” немесе “ТБИ”.
- “PPP” (Public-private partnership) – “Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік” немесе “МЖС”.

Қазақ тіліндегі экономикалық терминологияның ерекшеліктері туралы бірқатар қазақстандық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, еңбектерін жариялады. Олардың кейбірі:

1. Шерубай Құрманбайұлы – Қазақ тіліндегі терминологиялық жүйені қалыптастыру бойынша бірнеше маңызды жұмыстарды жүргізді. Оның “Қазақ терминологиясының мәселелері” және басқа да еңбектерінде әртүрлі салалық терминдерді, соның ішінде экономикалық терминологияны зерттеу мәселелері талқыланады. Ш.Құрманбайұлы: “Терминдерді аудару барысында “бір сөзге – бір мағына” принципін ұстану қажет”, – деген. Ол қазақ тіліндегі терминдерді біріздендіру үшін арнайы стандарттау жұмыстарының маңыздылығын атап өтеді. Ғалымның пікірінше, бір ұғымның әртүрлі аудармасы терминологиялық түсініспеушілікке әкеледі. Мен де осы пікірмен келісемін және экономикалық терминологияны біріздендіру – мемлекеттік тілдің ғылым мен білім саласындағы орнын нығайтуға ықпал ететін маңызды процесс дер едім. Жаңа экономикалық ұғымдарды енгізуде тек халықаралық стандарттарға сүйеніп қана қоймай, ұлттық болмыс пен мәдениетті ескерген жөн.

2. Тіл комитетінің және Терминология комиссиясының еңбектері – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Термин ком комиссиясы экономикалық терминдерді қазақ тіліне аударуда маңызды рөл атқарады. Комиссия мақұлдаған терминдер сөздіктерге енгізіліп, ресми түрде қолданылады. Осы комиссияның бастамасы мен шығарылған терминологиялық сөздіктерде экономикалық терминдерге ерекше көңіл бөлінген.

3. ҚР Ұлттық аударма бюросы – “Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы аясында аударылған экономикалық пәндер бойынша оқулықтарда көптеген терминдер мен олардың қолданылу ерекшеліктері сипатталған. Бұл оқулықтарда экономикалық терминдер қазақ тілінде қалай бейімделетіні туралы маңызды ақпараттар беріледі.

Аталған ғалымдар мен мекемелердің еңбектері экономикалық терминологияның қазақ тіліндегі ерекшеліктерін зерттеу мен жүйелеуге үлес қосып келеді.

Қорытынды

Қазақстанның халықаралық қарым-қатынасының дамуымен және жаһанданудың күшеюімен экономикалық терминологияның қалыптасуы, аударылуы және біріздендірілуі маңызды мәселеге айналды. Әсіресе, ағылшын тілінен қазақ тіліне экономикалық терминдерді аудару барысында олардың мағынасын толық әрі дәл жеткізу, сондай-ақ ұлттық тілдің ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеу қажеттілігі туындайды. Ағылшын тілінде экономикалық ұғымдар қысқа әрі ықшамды түрде беріледі, бұл олардың халықаралық деңгейде тиімді қолданылуына мүмкіндік береді. Ал қазақ тіліне аударылғанда, жиі кездесетін аударма тәсілдері – калька, транслитерация және баламалы аударма. Дегенмен, бұл үдерістер кейде бірқатар күрделі мәселелерді туындатады.

Қазақстанда экономикалық терминологияның қалыптасуы мен жүйеленуінде ғалымдар мен ғылыми мекемелердің еңбектері ерекше рөл атқарады. Олардың жүргізіп отырған жобалары қазақ тіліндегі экономикалық терминдердің жүйеленуіне, сондай-ақ олардың халықаралық стандарттарға сай болуына ықпал етуде.

Қазақ тіліндегі экономикалық терминдерді біріздендіру және оларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру экономистер мен аудармашылар үшін аса маңызды. Бұл процесс, өз кезегінде, Қазақстанның ұлттық экономикасының дамуына оң ықпалын тигізеді, себебі ұғымдардың дәл және дұрыс қабылдануы қаржы, бизнес және нарық салаларында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі экономикалық терминологияның дамуы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету – жаһандық экономикалық процестерге тиімді бейімделудің және оларды ұлттың мәдени және тілдік ерекшеліктеріне сәйкес жеткізудің маңызды алғышарты болып табылады. Мұндай ұтымды аударма мен жүйеленген терминология арқылы қазақ тілі халықаралық экономикалық ортада өзіндік орны мен мәнін табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 “Қаржы және экономика саласы терминдерін қазақ тіліне аудару ерекшеліктері” (stud.kz).
- 2 Құрманбайұлы Ш. (2011). “Қазақ тіліндегі терминологияның мәселелері”, 54-61.
- 3 “Қазақ терминологиясының дамуы және мәселелері” (termincom.kz).

КАЗАХСТАНСКИЕ ГЕРОИ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, КАК ПРИМЕР ДЛЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

А.Б. АМУРЗАКОВ

*курсант 2 курса Военно-инженерный институт
радиоэлектроники и связи*

Е.Н. ЖУРОМСКАЯ

*майор запаса, старший преподаватель кафедры основ военной
радиотехники и электроники, Военно-инженерный институт
радиоэлектроники и связи*

Великая Отечественная война (1941–1945) – одна из наиболее трагических страниц в истории человечества. Триумфальная и победоносная армия фашистской Германии,

завоевавшая западную Европу, нашла свое поражение на территории Советского государства.

Уже с первых дней войны Казахстан стал важным стратегическим центром. Республика не только отправила на фронт более 1,2 миллиона сыновей и дочерей, но и обеспечивала Красную Армию всем необходимым: вооружением, продовольствием, боеприпасами. В Казахстане было сформировано более 20 стрелковых дивизий и бригад, которые сыграли ключевую роль в крупнейших сражениях. Также республика стала тыловым центром, принимая эвакуированные предприятия, госпитали и мирных жителей. Подвиги казахстанцев во время войны остаются актуальными и сегодня, служа примером патриотизма, стойкости и самоотверженности для современной молодежи [1].

В истории Казахстана немало имен которые останутся в нашей памяти. Принято считать, что война – мужское дело. Поэтому я хочу остановить свое внимание на известном легендарном командире – Бауыржане Момышулы. Это один из самых известных казахских военачальников, командир батальона 316-й стрелковой дивизии, участник битвы за Москву. Он применял тактику маневренной обороны, успешно сдерживая наступление врага. После войны Бауыржан Момышулы стал писателем и военным теоретиком, его труды о патриотизме и военном искусстве остаются актуальными и сегодня.

Далее хочется вспомнить о Талгате Бигельдинове. Это – один из самых выдающихся летчиков-штурмовиков Великой Отечественной войны, дважды Герой Советского Союза. Поступив в авиационное училище, он овладел искусством пилотирования. Особенно значимым стало его участие в битве за Берлин. Летая на предельно низких высотах, он атаковал ключевые оборонительные позиции немецких войск, разрушая укрепления, артиллерийские батареи и скопления бронетехники. Его имя навсегда вписано в историю как символ бесстрашия, мастерства и преданности своему делу.

Не стоит забывать о Рахимжане Кошкарбаеве. Это – герой, который вместе с Григорием Булатовым первым водрузил Знамя Победы на Рейхстаг, несмотря на шквальный огонь врага. Получив приказ водрузить знамя, Рахимжан Кошкарбаев и рядовой Григорий Булатов под огнем врага ползком преодолели 260 метров, пересекли площадь перед Рейхстагом, усыпанную руинами и простреливаемую со всех сторон. Рискую жизнью, они добрались до главного входа и закрепили Знамя на одном из фасадных окон здания. Имя Рахимжана Кошкарбаева навсегда вписано в историю, как первого знаменосца Победы, символа мужества и отваги, олицетворяющего неслегкаемый дух казахского народа и всей Красной армии.

В годы Великой Отечественной войны героизм проявляли не только мужчины, но и женщины, отдав свои жизни для Победы над врагом. Три девушки из Казахстана вошли в летопись Великой Победы. Они добровольно отправились на фронт и сражались наравне с мужчинами.

Алия Молдагулова – казашка снайпер, Герой Советского Союза. С детства мечтала стать военной, училась в Ленинградском военно-механическом техникуме, затем поступила в Снайперскую школу. Участвовала в сражениях на Северо-Западном фронте, уничтожив более 78 солдат и офицеров противника. Погибла в бою 14 января 1944 года, проявив героизм и сражаясь до последнего.

Маншук Маметова – героическая пулеметчица, первая казашка, удостоенная звания Героя Советского Союза. В последнем бою, оставшись одна у пулемета, уничтожила десятки фашистов, защищая позиции своих товарищей.

Хиуаз Доспанова – летчица-истребитель, участница легендарного женского полка ночных бомбардировщиков совершила более 300 боевых вылетов, была несколько раз ранена, но продолжала сражаться. После войны активно занималась общественной деятельностью. В 2004 году удостоена звания «Халык Кахарманы» за выдающиеся заслуги перед Казахстаном [2].

Уроки героев Великой Отечественной войны стали примером для современной молодежи. Подвиги казахстанских воинов служат важным ориентиром для молодых людей, вдохновляя их на патриотизм, трудолюбие и единство. Ведь мужество и вера в победу способны преодолеть любые трудности. Герои войны ставили интересы страны выше личных, жертвуя своей жизнью ради будущих поколений. Они понимали, что защита Отечества – это долг каждого гражданина.

Этот важный урок актуален и сегодня: чувство гражданской ответственности, преданность своей стране и уважение к ее истории должны оставаться главными ценностями молодежи. Патриотизм – это не только готовность встать на защиту Родины, но и повседневный вклад в ее развитие через добросовестный труд, уважение к культуре и традициям. Единство и дружба народов – во время войны на фронте и в тылу плечом к плечу сражались представители разных национальностей. Это стало примером межнационального единства, которое остается актуальным и сегодня. Казахстанцы проявили себя как народ, способный сплотиться перед лицом общей угрозы, независимо от происхождения, языка и культуры. Молодежь должна понимать, что успех в жизни зависит от их усилий, настойчивости и ответственности за свое будущее. Только упорный труд и саморазвитие позволят добиться высоких результатов. Только вместе, поддерживая друг друга, можно преодолеть любые испытания. Дружба и взаимовыручка – важнейшие ценности, которые помогают строить мирное и гармоничное общество.

Память о героях Великой Отечественной войны – это важный ориентир для современного поколения. Молодые люди должны брать пример с их патриотизма, стойкости, трудолюбия и единства, чтобы строить сильное и процветающее будущее своей страны. Только сохраняя и передавая эти ценности, можно обеспечить мирное и достойное будущее для всех последующих поколений [3,4].

Герои Великой Отечественной войны Казахстана – это не просто имена в учебниках истории. Их подвиги должны вдохновлять современные поколения на развитие, защиту Родины, уважение к прошлому и ответственное отношение к будущему. Но память о героях не должна ограничиваться лишь датами и памятниками. Важно продолжать изучать их подвиги, передавать эти знания следующим поколениям и находить способы применять их опыт в современном мире. Ведь только сохраняя связь с прошлым, мы можем строить достойное будущее.

В этом юбилейном году 80-летия победы в Великой Отечественной войне курсанты 1-го курса нашего института принимают участие в параде в нашей столице – городе Астана. Я с уверенностью могу сказать что, Казахстан находится в крепких руках защитников Отечества. Наши сердца пылают гордостью за свое государство и за то, что мы являемся его защитниками. Каждый молодой человек может внести свой вклад в сохранение исторической памяти: проявлять активность в патриотических мероприятиях, изучать историю своей страны, брать пример с героев прошлого, стремясь к личным достижениям. Смелость, трудолюбие и преданность Родине остаются актуальными ценностями, которые помогут не только сохранить наследие предков, но и сделать Казахстан сильным и процветающим.

Список использованных источников:

- 1 Хазыров Б.М. Чтобы помнили / Б.М. Хазыров. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004. – 216 с.
- 2 Казахстанцы в Великой Отечественной войне: историко-документальное исследование. – Алматы: «Онер», 2010. – 336 с.
- 3 Мы помним, мы гордимся: составитель К. Бейсебаев – Алматы: ТОО «Қайнар баспасы», 2015. – 344 с.
- 4 Тереник М.С., На защите родных рубежей / М.С. Тереник. – Павлодар: ТОО «Дом Печати», 2010. – 408 с.

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ АУДАРМАШЫЛАРДЫҢ РӨЛІ

А.А. МӘЛІС

*Филология факультеті Аударма ісі мамандығының
4 курс студенті Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті*

Н.Н. КОНКАБАЕВА

PhD

Түйіндеме. Туризм саласындағы аудармашылардың рөлі қазіргі қоғамда маңызды. Олар түрлі мәдениеттер арасындағы байланысты орнатып, туристер мен қызмет көрсетушілер арасындағы коммуникацияны жеңілдетеді. Аудармашылардың жұмысы тұтынушылардың ақпарат алуын, жергілікті мәдениетпен танысуын, және сапарларын тиімді жоспарлауды қамтамасыз етеді. Мақалада аудармашылардың кәсіби білімі, мәдени аралық коммуникациядағы рөлі және туризм индустриясындағы әсері талқыланады.

Тірек сөздер. Мәдениетаралық коммуникация, туризм индустриясы, мәдениеттер арасындағы байланыс, аудармашылардың кәсіби білімі.

Аннотация. Роль переводчиков в сфере туризма в современном обществе играет важную роль. Они устанавливают связь между различными культурами и упрощают коммуникацию между туристами и поставщиками услуг. Работа переводчиков обеспечивает получение информации клиентами, знакомство с местной культурой и эффективное планирование поездок. В статье рассматриваются профессиональные навыки переводчиков, их роль в межкультурной коммуникации и влияние на туристическую индустрию.

Ключевые слова. Межкультурное общение, индустрия туризма, общение между культурами, профессиональное образование переводчиков.

Annotation. The role of translators in the tourism sector is crucial in today's society. They establish connections between different cultures and facilitate communication between tourists and service providers. The work of translators ensures that clients receive information, become acquainted with local culture, and plan their trips effectively. This article discusses the professional skills of translators, their role in intercultural communication, and their impact on the tourism industry.

Key words. Intercultural communication, tourism industry, communication between cultures, professional education of translators.

Туризм – мәдени алмасу мен халықаралық ынтымақтастыққа ықпал ететін экономиканың ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі. Бұл саланың табысты жұмыс істеуінің маңызды элементі әртүрлі мәдениеттер мен тілдердегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін аудармашылардың жұмысы болып табылады. Бұл мақалада аудармашылардың туризмдегі рөлі, олардың функциялары, кездесетін қиындықтары және туристік тәжірибеге әсері зерттеледі. Әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ету, туристермен қызмет көрсетушілер арасындағы түсіністікті нығайту – осының бәрі аудармашылардың кәсіби міндеттері болып табылады.

Туристік аудармашылардың алдында тұрған қиындықтарға зер салып қарайтын болсақ, өз рөлдерінің маңыздылығына қарамастан, туризм аудармашылары бірқатар қиындықтарға тап болады. Олар:

Мәдени айырмашылықтар	Аудармашылар мәдени айырмашылықтарды білуі және аударма кезінде оларды ескеруі керек. Бұл қосымша зерттеулер мен дайындықты қажет етуі мүмкін.
Терминологияның ерекшеліктері	Туризм аудармасы қиын болуы мүмкін көптеген арнайы терминдер мен сөз тіркестерін қамтиды. Аудармашылар салалық терминологияны жақсы білуі керек.
Күйзеліске ұшырау кезіндегі жағдайлар	Уақыт тапшылығы кезеңінде жұмыс істегенде, аудармашылар сабырлы және шоғырланған болуы керек, бұл қиын болуы мүмкін.

[1, 45-58б.]

Саланың түрлері	Аудармашының атқаратын рөлі
Гид қызметі	Аудармашы туристерге экскурсия барысында ақпарат береді. Мысалы, шетелдік туристерге тарихи орындар туралы қазақ тілінде ақпарат жеткізу.
Қонақүйлер мен мейрамханалар	Аудармашылар қызметкерлер мен клиенттер арасындағы тілдік кедергілерді жояды. Мысалы, мейрамхана мәзірін бірнеше тілге аудару арқылы халықаралық клиенттерге қызмет көрсету.
Медициналық көмек	Шетелдік туристер ауруханаға түскенде, аудармашылар медициналық терминологияны түсіндіріп, пациенттің жағдайын дәрігерге жеткізуі қажет.
Шаралар мен фестивальдар	Халықаралық шаралар кезінде аудармашылар қатысушыларға бағдарламаны түсіндіріп, мәдениетаралық байланыс орнатады.

[2, 25-30б.]

Мысалға, Қазақстанға шетелден туристтер келді. Біз осы сәтте аудармашылардың көмегіне жүгінеміз. Өйткені туристтермен коммуникация жасау үшін, олардың тілінде түсінікті етіп жеткізуіміз керек. Аудармашылардың туризм саласындағы рөлін қазақ ауылына экскурсия жасау барысында аудармашы мен турист арасында орын алған ситуациялық жағдайдан байқауымызға болады. Киіз үйдің ішінде отырған туристтерге қазақтың ұлттық сусыны ұсынылады, сол кезде оларға ішіп отырған сусынның қалай жасалу жолы, оның дәмінің ерекшелігі қызық болды. Осы сәтте аудармашы өз ісінің маманы ретінде, туристерге киіз үй жабдықтарының аудармасын өз зерттеулері бойынша ұсынып, қымыздың жасалуы мен атауын толықтай түсіндірме жұмыстарын жүргізумен қатар аудармасын ұсынды.

Tourist: What is «kymyz»? I keep hearing about it.

Translator: Kymyz is a traditional drink made from fermented mare's milk, deeply rooted in kazakh culture and history. It is not just a beverage but a significant part of the kazakh identity.

The practice of making kymyz dates back centuries, with the domestication of horses and the use of their milk by the kazakh people. Kymyz has been cherished for its health benefits and is often served during special occasions.

Tourist: That sounds interesting! How is it made?

Translator: The process of making kymyz: saumal (fresh milk) after milking, the fresh mare's milk is called «saumal». It is rich in nutrients and has slightly sweet taste. Fermentation: the fresh milk is then fermented in special containers, a process that typically takes 6 to 12 hours. During fermentation, lactic acid and alcohol are produced, creating the distinctive tangy flavor of

kymyz. Preparation: once fermented, kymyz is ready to be consumed. It is often stored in wooden or metal containers to maintain its quality.

Tourist: Is it healthy?

Translator: Yes, it is considered very nutritious. It contains vitamins, which are good for digestion. The preparation of kymyz requires significant effort. This includes caring for the horses, milking them, and ensuring proper fermentation. Each step demands skill and knowledge, often passed down through generations.

Tourist: Great! So interesting! How well you explained everything to us.

Translator: If you have more questions, feel free to ask!

Туристерге түсіндіру барасында көмектесетін сөздердің баламалары:

Балама сөз	Транслитерация	Түпнұсқа атауы	Анықтама
Fermented mare`s milk	Kymyz	Қымыз	Ашытылған бие сүті
Fresh milk	Saumal	Саумал	Жаңадан сауылған сүт
Mare's milk	Saumal	Саумал	Бие сүті
Yurt (a portable, circular dwelling used by nomadic people).	Yurt /Jurt	Киіз үй	Қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй.
Lattice wall (framework), yurt wall frame немесе expanding latticed frame of yurta.	Kerege	Кереге	Жас қайың мен талдан тор көздеп жасалған киіз үйдің жиналмалы қабырғасы
Roof poles, yurt ribs немесе stakes of dome.	Uiktar	Уық	Кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш
Roof ring (the central crown of the yurt) немесе round upper part of the dome of yurta.	Sanyrak	Шаңырақ	Киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі. Оның пішіні күмбез тәріздес, шаңырақ уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады.
Roof cover (yurt skylight), elements of felt covering of yurta.	Tundyk, tuirlyk, uzyk	Түндік, туырлық, үзік	Төрт бұрышты ақ киізден жасалып, шаңырақ үстіне жабылады.

Түпнұсқа	Ағылшын тілінде баламасы	Транслитерация
Ағаш есік	Woodendoor	Agash esik
Ошақ	Hearth	Oshak
Бесік	Cradle	Besik
Ағаш төсек	Wooden bed	Agash tosek
Сандық	Trunk	Sandyk
Түскиіз	Wall carpet	Tuskiiz
Текеметтер, сырмақтар, алаша	Carpets	Tekemetter, sirmaktar, alasha

Кестедегі сөздер қазақ тілінен ағылшын тіліне аудармасы Есмаханов А мен Кайрбеков Б «Kazakh yurta national image of the world» атты кітабынан алынған. [3, 77-786.]

«Иоанн Георгийдің киіз үйге қатысты «юрта» атауын қолданған еңбегі – оның 18-ші ғасырда жазған көп томдық еңбегі «Описание всех в Российском государстве

обитающих народов» (толық атауы латынша: «Bemerkungen einer Reise im Russischen Reich») деп аталады. Бұл еңбекте ол Ресей империясының аумағында өмір сүрген түрлі халықтардың мәдениеті мен тұрмысын сипаттайды. Георгий өз еңбегінде Орталық Азия көшпенділерінің, соның ішінде қазақтардың да тұрмысы мен салт-дәстүрлерін зерттеп, киіз үйді сипаттап, оны «юрта» деп атаған.

Лоуренс Венути (Lawrence Venuti) аударма теориясында өзге мәдениетке деген көзқарас пен аударманың жасалу үдерісіне ерекше назар аударады. Ол көбіне аударманың шетелдік мәдени элементтерді қалай жеткізетіні және аудармашының бұл рөлде қалай көрінетіні туралы пікір білдіреді. Венутидің негізгі тұжырымдамаларының бірі – «domestication» және «foreignization» әдістері. Оның бұл тұжырымдарын аудармашылардың туризмдегі рөлін түсіндіруде қолдануға болады:

«Domestication» (доместикация) әдісі – аудармашы туристік материалдарды (мысалы, гид кітаптары, жарнамалар) мақсатты аудиторияға түсінікті әрі жақын ету үшін түпнұсқа мәтіннің кейбір мәдени ерекшеліктерін өзгертіп береді. • Табиғат туризмі • Мәдени туризм • қонақ үй • Демалыс аймағы • Тіркелу • Шығу рәсімі • Теңіз саяхаты • Аралық аялдама • Экскурсия жетекшісі • Мерекелік туризм • Іскерлік туризм	Eco-tourism Cultural tourism Hostel Resort Check-in Check-out Cruise Layover Tour guide Festival tourism Business tourism	«Foreignization» (форенизация) әдісі – түп нұсқа мәтіндегі мәдени элементтерді барынша сақтай отырып, оқырмандарға шетел мәдениетін шынайы және түп нұсқалық күйінде жеткізу. Экотуризм Культур туризм Хостел Резорт Чек-ин Чек-аут Круиз Лэйовер Тур гид Фестиваль туризм Бизнес туризм
---	--	---

Бұл әдіс туризмде жиі қолданылып, туристер үшін материалдардың ыңғайлы әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Туризмде мәдени әртүрлілікті дәріптеуде маңызды рөл атқарды. Венутидің тұжырымдамасынан туризм саласындағы аудармашылардың рөлін талдай отырып, олардың міндеті тек тілдерді аудару емес, сонымен қатар мәдениетті жеткізу және оны жаңа аудиторияға бейімдеу екенін көруге болады. Венутидің тұжырымдамалары негізінде аудармашылардың таңдауы (түпнұсқаны дәл сақтау немесе бейімдеу) туристердің сол ел туралы қабылдауына әсер етеді. Лоуренс Венути аударма теориясында туризмге тікелей бағытталған зерттеулер жүргізбегенімен, оның негізгі тұжырымдамалары туризмдегі аудармаға қолданылуына болады. Әсіресе, аудармашының мәдениетаралық делдал ретіндегі рөлін талдау оның идеяларымен үндеседі.

Туризм саласындағы аудармашылардың рөлін зерттей келе, туризм саласы мен аудармашылардың рөлі жаһандану дәуірінде қарқынды дамып келе жатқанын байқадық,

бұл мәдениеттер арасындағы байланыстарды нығайтады. Аудармашылар осы процесте маңызды рөл атқарады, өйткені олар түрлі тілдер мен мәдениеттер арасындағы байланыстырушы көпір болып табылады. Аудармашылар тиімді коммуникацияны қамтамасыз ететін және мәдени алмасуды жеңілдететін туризм индустриясында таптырмас рөл атқарады. Олардың жұмысы туристерге жаңа жерлерді жақсы түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесу үшін қолайлы жағдай жасайды. Кездескен қиындықтарға қарамастан, аудармашылар туристік индустрияның негізгі ойыншылары болып қала береді және олардың рөлі болашақта арта түседі. Туризмнің табысты болуы үшін аударма қызметтерінің сапасы мен кәсібилігіне ерекше назар аудару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сатыбалдин А. (2019). Аударма және мәдениет: туризм контексіндегі мәселелер. Журнал «Аударма», 45-58б.
- 2 Касымова Ж. (2021). Туризм индустриясындағы аудармашылардың рөлі. Халықаралық ғылыми журнал «Туризм», 25-30б.
- 3 Yesmakhanov A, Kairbekov B (Gafu) (1998). Kazakh yurta national image of the world. Almaty, Kazakhstan. Publishing company DIDAR, 77-78б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТІКЕЛЕЙ ТӘРЖІМЕЛЕНГЕН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАҒА АУДАРМАШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Н. ТАНИРБЕРГЕН

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология және көптілді білім беру институты*

Н.Р. ШЕНГЕЛБАЕВА

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Түйіндеме. Мақала ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылған көркем шығарманы аудармалық талдауға арналған. Ол аударма процесіндегі теориялық негіздерді, аудармашыны таңдауды, аударма кезінде туындайтын мәселелерді және аударманың мәтінді қабылдауға әсерін қоса алғанда, тәжірибелік аспектілерді де қарастырады.

Тірек сөздер: тікелей аударма, көркем шығарма, мәдени алмасу, аударма тәсілдері, мәдени аспектілер, мәдени контекст.

Аннотация. Статья посвящена переводческому анализу художественного произведения, переведенного непосредственно с английского на казахский язык. Он также рассматривает практические аспекты процесса перевода, включая теоретические основы, выбор переводчика, проблемы возникающие при переводе, и влияние перевода на восприятие текста.

Ключевые слова: прямой перевод, художественное произведение, культурный обмен, переводческие методы, культурные аспекты, культурный контекст

Annotation. The article is devoted to the translation analysis of artwork, translated directly from English into Kazakh. it examines the practical aspects of the translation process,

including the theoretical foundations, the choice of translator, the problems encountered in translation, and the impact of translation on the perception of the text.

Keywords: direct translation, artwork, cultural exchange, translation methods, cultural aspects, cultural context

Көркем аударма әртүрлі мәдениеттер арасындағы ойлар мен эмоциялар алмасуға ықпал ететін мәдени қарым-қатынастың маңызды аспектісі болып саналады. Жыл сайын шет тілдердегі шығармаларға деген қызығушылық артып, сапалы аударма қажеттілігі ерекше өзектілікке ие бола түсуде. Ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударма жасау әлемдік әдебиетке қолжетімділікті ашып қана қоймай, мәдени контексттерді түсіну мен түсіндіруге жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Шетел кітаптары, әсіресе әдеби жанрдағы кітаптар жастар арасында үлкен қызығушылық пен танымалдылыққа ие. Бүгінгі таңда олардың тікелей қазақ тіліне аударылуы біздің қоғам үшін тиімді. Осы күнге дейін тек орысша аудармасы бар кітаптар, бүгінде қазақ тілінде де қолжетімді болғаны біздің тіліміздің дәрежесінің жоғарылағанының көрсеткіші.

Кітаптарды ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аудару барысы мазмұны мен мәдени контекстін неғұрлым сапалы беруге ықпал ететін бірнеше негізгі артықшылықтарға ие. Ең алдымен – түпнұсқа мағынаны сақтау: тікелей аударма аралық тілдер арқылы бірнеше аудармада жоғалуы мүмкін мағыналардың нюанстары мен реңктерін сақтауға мүмкіндік береді. Одан әрі – тілдің бірегейлігі, қазақ тілі өзінің лексикасына, грамматикасына және стилистикасына ие. Тікелей аударма мәтінді ерекше мәнерлі құралдарын ескере отырып, қазақ тілі мен мәдениетінің ерекшеліктеріне дәлірек бейімдеуге мүмкіндік береді. Кей кездерде мәдени элементтерді, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар басқа тіл арқылы аударылған кезде дұрыс түсіндірілмеуі немесе жіберілмеуі мүмкін. Аударма сапасын жақсарту да тікелей аударма мәтінді тереңірек түсінуге ықпал етеді, бұл басқа тілдер арқылы түсіндіруге байланысты қателіктерді болдырмайды. Сонымен қатар, тікелей аударма қазақ тіліне жаңа сөздер мен сөз тіркестерін енгізеді. Ол қазақ оқырмандарына ағылшын тіліндегі әдебиетте көрініс тапқан заманауи идеяларға, ғылыми жетістіктерге және мәдени трендтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, кітаптарды ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аудару бүгінгі таңда халықаралық контекстті тереңірек түсінуге ықпал ете отырып, мәдени және тіл алмасуда тікелей маңызды рөл атқаруда [3, 46].

Мақалаға көркем аударма таңдалып, аудармаға талдау жасау барысында лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерді анықтап, түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінін салыстыру және аударма тәсілдерін анықтау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, автордың өзіндік стилін анықтап, аудару шеберлігіне де назар аударылды.

- Таңдалған шығармаға сипаттама

Аудармашылық талдау барысына негіз ретінде ағылшын ғалымы Питер Франкопанның 2023 жылы жарық көрген “The Earth Transformed” қаз.аудармасы “Жердің айтылмаған тарихы” шығармасы алынды.

Жанр: тарихи-географиялық

Тематика: Автор адамзат тарихы басталғаннан бастап қоғам мен қоршаған әлемнің байланысы, және адамзатқа экология мен климаттың қалай әсер етуі жайлы.

Қазақ тіліне ағылшын тілінен тікелей аударған – Назгүл Қожабек.

Қысқаша мазмұны: Шығарма ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі кең уақыт кезеңін камтиды, әртүрлі мәдениеттердің, діндердің және экономикалардың жаһандық контексттің қалыптасуына әсерін талдайды. Франкопан көптеген заманауи мәселелердің терең тарихи тамыры бар екенін атап көрсетеді және оқырманға әлем тарихы туралы таныс түсініктерді қайта қарастыруды ұсынады.

- Лексикалық және стилистикалық талдау

Лексикалық ерекшеліктер

When God created the first human, He took him and led him round all the trees of the Garden of Eden and said to him [1, 1].

Рақым жауған әулие тұңғыш адамды жаратқанда, Оны жетектеп жүріп Жаннат бақтарын аралатып шығып, оған айтты [2, 5].

Берілген мысал иудаизмдегі “Мидраш Рабба” кітабынан, аудармада бірден көзге түсетіні “God”сөзінің Құдай, Тәңір, Жаратушы деп емес, жаңаша “Рақым жауған әулие” болып аударылуы. Мағыналық жағына келсек, түпнұсқаны оқымаған адам үшін бұл кішкене түсініспеушілік танытуы мүмкін. Алайда, бұл аудармашының жаңа сөз арқылы, яғни үйреншікті емес сөз арқылы аударылған сөзге жаңа көрініс беруі. Берілген аударманы лексикалық жағынан сәтті деп айтуға келмейді. Себебі, кез-келген сенімде Құдай ол ең жоғары, оны ешкім жаратпаған және жаратылмаған болып есептелінеді. Ал, мұнда “Рақым жауған әулие” сөзі ол өзінен де бір жоғары жаратылыс бар екенін көрсетіп тұрғандай. Түпнұсқаны оқымаған оқырман бұл сөздің Құдай туралы айтылғанын ұға қоймайды. Әрі бұл діни кітаптың үзіндісі болғандықтан, біршама түсініспеушіліктерге алып келуі мүмкін.

- Стилистикалық әдістер

These misgivings were compounded by a fear of devastation that was a hallmark of my childhood.[1, 21]

Көңілімдегі қауіпті жаһанға нәубет төніп тұр-ау деген үрей ушықтырып, күшейте түсетін. Сол үрей бала кезімнің айнымас серігі іспетті еді [2, 14].

Аударылған жолды өте сәтті деп айта кетсе болады, автор сөйлемдердерді бөлу арқылы оның мағынасын қазақ аудиториясына дәл бір аударылмаған, қазақ тіліндегі ой секілді етіп, әсірелеп, оған ерекше реңк беріп тұр.

Автордың өзіне тән ерекше стилі бар. Оны тағы бір жолдардан байқауға болады.

As it happened, my preparations were never needed – although it turns out that this was often because of luck rather than skill [1,23].

Сол дайындап қойған нәрселерімнің қажеті болмай қалды. Әйтсе де бұған адамдардың соған жол бермейін деген әрекеті емес, жай ғана Құдай оңдағаны сеп болса керек [2,15].

Сөйлемдерді бөлу арқылы әсірелеуді қосу, бұл автордың ағылшын тілінен тікелей аудару кезінде қолданатын ерекше методикасы. Ол қазақ тілді аудиторияға мәтінді өте жеңіл әрі түсінікті етуге өте тиімді. Аудармашы шеберлігімен, мәтін аударылғанын анықтау күрделі, әрі мағынаны, аударма сапасын жоғалтпай аудиторияға беру шеберлігі десе болады. Ағылшын тілінде сөйлемдер күрделі болып келеді, оны қазақ тіліне тікелей аударғанда біршама қиындықтар туындауы мүмкін болғандықтан, сөйлемдерді бөлу әдісі қазақша аудармада кеңінен қолданылады.

Аудармашының тікелей аудару барысында кейбір географиялық атауларды қазақ тіліне ыңғайлы етіп, ал кейбір атауларды тіпті қазақша нұсқасында жазғанын айта кетсек болады. Мысалы: Иерусалим-Құдыс; Вавилон-Бабыл. Қала атауларын көпшілік қоғам білетін атауларынан бөлек атаулармен таныстыру. Ары қарай Гималай-Хималай; Джордж-Жордж; Генри-Хенри әріптерді жеңіл етіп беруі. Қазақ тіліне тікелей аударған кездегі транслитерация орыс тілінен өзге, оның айырмашылығы әріптердің қазақ тіліне бейімделуінде. Бұл нұсқалардан аударманың тікелей екені бірден байқалады.

Ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылған көркем шығарманы аударма талдауы барысында біз аударманың сапасы мен дұрыстығына әсер ететін негізгі аспектілерді анықтадық. Тікелей аударма мәтіннің өзіндік мәні мен мәдени нюанстарын сақтауға мүмкіндік береді. Сәтті аударма тек тілдерді терең білуді ғана емес, сонымен қатар мәдени контексттерді түсінуді де қажет ететінін атап өттік, бұл мағына мен эмоционалды бояудың жоғалуын болдырмайды. Нақты аударма шешімдерін талдау түпнұсқаның кейбір элементтері, мысалы, мәдени реалиялар қиындық тудыруы мүмкін екенін көрсетті, бірақ олардың барабар берілуі сөздік қорды байытады және оны әр тараптандырады.

Осылайша, көркем шығарманы ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару мәдени алмасуға ықпал етіп қана қоймай, ұлттық тіл мен әдебиеттің дамуында да маңызды рөл атқарады. Аударма тәсілдерін жақсарту және лингвистикалық-мәдени аспектілерді тереңірек түсінуге ықпал ету үшін осы салада қосымша зерттеулер жүргізу ұсынылады, бұл өз кезегінде көркем шығарма аудармалардың сапасы мен оқырмандардың қабылдауын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жердің айтылмаған тарихы П.Франкопан, Қазақ тіліне аударған – Назгүл Қожабек-Алматы: CAPS Unlock, 2024.-712 бет.
- 2 The Earth Transformed: An Untold History P.Frankopan, Bloomsbury Publishing – 2023
- 3 Диплом жұмысы “Ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аудару тәжірибесі” ҚазҰУ университеті, Ғылыми жетекші: Филолог, ғыл.кандидаты, Аға оқытушы Мұсалы Л.

ЛИЦА ПОБЕДЫ: КАК ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОМОГАЮТ МОЛОДЁЖИ СОХРАНЯТЬ ПАМЯТЬ О ГЕРОЯХ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

А.А. БЕРИККАЗИНОВ

курсант 1 курса военной кафедры,

Международный университет информационных технологий

С.Ш. ШУКАНОВ

старший преподаватель, полковник

Аннотация. В данной работе рассматривается значимость современных цифровых решений в деле увековечивания подвигов героев Великой Отечественной войны для молодого поколения, с особым акцентом на Россию и Казахстан. Изучается, как виртуальные хранилища документов открывают доступ к военным материалам, помогая молодежи исследовать прошлое своих семей, а платформы с элементами взаимодействия, включая соцсети и инициативы наподобие "Лица Победы" или "Бессмертный полк", вдохновляют на обмен личными рассказами. Образовательные проекты, такие как приложения с дополненной реальностью и курсы в интернете, превращают знакомство с историей в увлекательный и глобально доступный процесс. Эти инструменты делают исторические сюжеты более личными, укрепляют чувство гордости за нацию и помогают противостоять попыткам переписать прошлое, предоставляя доступ в любое время суток. Анализ демонстрирует, что цифровая среда с ее динамичным и индивидуализированным подходом успешно дополняет классические способы сохранения наследия героев ВОВ, передавая его будущим поколениям.

Ключевые слова: цифровое увековечивание памяти, наследие Великой Отечественной войны, участие молодежи, онлайн-хранилища данных, динамичные цифровые платформы, мультимедийные образовательные проекты, укрепление национального самосознания, борьба с искажениями истории

Введение. Память о героях Великой Отечественной войны – фундаментальный элемент исторической идентичности для постсоветских стран, включая Казахстан. Однако с каждым годом всё меньше остаётся живых свидетелей той эпохи, и для молодёжи события 1941–1945 гг. становятся далёкой страницей учебника истории. Чтобы связь поколений не прервалась, необходимо адаптировать формы сохранения памяти к реалиям XXI века. Цифровые технологии в этом деле выступают мощным инструментом: они

позволяют собирать и распространять информацию о ветеранах в новом формате, привлекать внимание молодёжи интерактивным и доступным способом. Настоящая статья рассматривает, как современные цифровые платформы, архивы, образовательные и мультимедийные проекты помогают увековечить подвиг героев войны и сделать историю живой и близкой для нового поколения.

Цифровые архивы и базы данных памяти

Одним из первых шагов в оцифровке памяти о войне стало создание электронных архивов документов и сведений о участниках боёв. В Российской Федерации за последние два десятилетия были реализованы масштабные проекты по рассекречиванию и публикации архивных данных периода Великой Отечественной войны в открытом доступе. Например, электронные банки документов «Подвиг народа» и ОБД «Мемориал» содержат миллионы сканов приказов о награждениях, списков погибших и пропавших без вести солдат, донесений с фронтов. Эти ресурсы позволяют любому желающему найти информацию о своем родственнике – участнике войны по фамилии, проследить боевой путь части, узнать о наградах. По сути, государство создало цифровые базы данных военных лет, чтобы потомки могли непосредственно прикоснуться к подлинной истории своей семьи.

Такие проекты вдохновляют молодёжь на самостоятельные поиски. Многие школьники и студенты, особенно в России и Казахстане, в последние годы использовали эти архивы для подготовки исследовательских и конкурсных работ, восстанавливали утраченные имена своих родных, погибших на фронте. Это стало важной частью личного патриотического воспитания и гражданской ответственности.

Важно, что доступ ко всем этим данным обеспечен онлайн и полностью бесплатен. Если раньше поиск требовал посещения архивов и работы с бумажными делами, то теперь достаточно зайти на портал «Память народа», где интегрированы поисковые механизмы по множеству архивных источников. Всё больше документов снабжаются аннотациями, географической привязкой (можно посмотреть места боёв на карте), фотографиями и карточками с краткими описаниями. Таким образом, сухие данные становятся частью живой, осмысленной картины истории.

Для молодёжи цифровые архивы становятся отправной точкой в изучении истории своей семьи и страны. В ряде стран СНГ проводятся школьные конкурсы, посвящённые памяти войны, в которых задание напрямую связано с анализом электронных баз. В Казахстане, к примеру, на официальном сайте Министерства обороны Республики Казахстан имеется база данных, где можно найти сведения о казахстанцах – Героях Советского Союза, полных кавалерах ордена Славы и других выдающихся участниках войны. Эта база доступна всем желающим и является важным ресурсом для школьных и студенческих проектов, посвящённых памяти народа. Подобная цифровизация продолжается и в других государствах, формируя общедоступный, оцифрованный фонд памяти о Великой Отечественной войне.

Платформы и проекты «живой» памяти

Помимо сухих архивов, в цифровой среде появились интерактивные платформы, где память о войне сохраняется в формате личных историй, фотографий, видео. Один из крупнейших проектов – всенародный исторический депозитарий «Лица Победы». Это уникальная инициатива, запущенная Музеем Победы в Москве в 2019 году, цель которой – собрать в единой цифровой базе до 150 миллионов судеб участников войны. На сайте «Лица Победы» любой желающий может разместить информацию о своем герое – родственнике или знакомом ветеране: загрузить фотографию, написать биографию, описать его военный путь. Каждая такая история проходит модерацию и становится доступна всем посетителям. В результате формируется народный архив живых воспоминаний – не только о солдатах и офицерах, но и о тружениках тыла, детях войны, всех, чей вклад приблизил Победу. В Музее Победы создана мультимедийная экспозиция, где в интерактивном режиме можно найти портрет своего предка-участника войны среди

миллионов других. Проект «Лица Победы» наглядно демонстрирует, как цифровая платформа объединяет поколения: молодёжь, собирая материалы для размещения на сайте, общается со старшими родственниками, расспрашивает о прошлом, а затем, увидев историю своего героя опубликованной, ощущает гордость и личную причастность к великой летописи войны.

Аналогичные проекты развиваются и в Интернете на общественных началах. Например, сайт «Бессмертный полк» (moypolk.ru) появился из инициативы одноимённого движения, когда миллионы людей стали делиться историями своих родных – участников войны. Сейчас на официальном портале движения собрано почти миллион имен и биографий. Пользователь может создать страницу своего героя с фотографией и описанием его боевого пути. В преддверии Дня Победы эти данные используются для организации как офлайн шествий, так и онлайн-акций памяти. Так, во время пандемии COVID-19, когда массовые мероприятия были ограничены, акция «Бессмертный полк – онлайн» позволила людям виртуально «пронести» портреты ветеранов: их фотографии и имена транслировались в Интернете и по телевидению. В Казахстане, например, 9 мая 2021 и 2022 годов проводились онлайн-трансляции шествия «Бессмертного полка» на национальных новостных порталах и в социальных сетях, чтобы каждый желающий мог увидеть и почувствовать единство памяти, не выходя из дома. Молодые люди активно подключались к этой акции, размещая в сети рассказы о своих дедах и прабабушках, погибших на фронте, и ощущая сопричастность к общему делу памяти.

Также заслуживает внимания проект «Мой герой», реализованный в формате интернет-портала и серии мультимедийных публикаций. В его рамках подростки и студенты публикуют очерки о своих семейных героях войны: выкладывают отсканированные письма с фронта, фронтовые фотографии, аудиоинтервью с ветеранами. Такой контент затем распространяется через социальные сети, привлекая сверстников. Например, в 2020–2021 гг. в российских и казахстанских соцсетях набирал популярность флешмоб с хэштегом #Мой Герой, где молодые пользователи выкладывали короткие видеоролики в TikTok и Instagram, рассказывая о подвиге своего предка. Эмоциональная, искренняя подача материала в привычном для молодежи формате вызывала отклик – ролики собирали тысячи просмотров и комментариев. Несмотря на общее развлекательное назначение соцсетей, такие инициативы доказывают, что и через них возможно донести серьезный исторический контент, если он персонализирован и подан креативно.

Отдельно стоит упомянуть усилия государственных и общественных организаций, обращённые специально к молодежной аудитории в цифровой среде. Общероссийский народный фронт (ОНФ) в 2021 году запустил проект «Обыкновенные герои» на платформе TikTok. Команда ОНФ записала интервью с десятью ветеранами войны и подготовила короткие видеоролики их рассказов, адаптированные для восприятия в TikTok (субтитры, динамичный монтаж). Первые выпуски, приуроченные ко Дню Победы, сразу получили широкий отклик – молодежь смотрела и оставляла тысячи комментариев благодарности. Представитель TikTok Александр Кишинец отметил, что один из роликов про ветерана за сутки набрал огромную аудиторию и массу позитивных отзывов. Этот опыт показал, что короткий видеоформат, популярный у поколения Z, может быть успешно использован для рассказа о войне. Истории живых людей – непосредственных участников событий – в комбинации с современными алгоритмами соцсетей делают память «вирусной», распространяют её органично среди той аудитории, которую сложнее всего привлечь традиционными методами.

Образовательные и мультимедийные проекты

Цифровые технологии также внедряются в систему образования и музейного дела, помогая сделать изучение истории войны более наглядным и интерактивным. Широко используются мультимедийные проекты: виртуальные музеи, онлайн-выставки, исторические реконструкции в формате дополненной реальности. Например, к 75-летию Победы был создан виртуальный тур по залам Музея Победы (Москва) с панорамными

фотографиями экспозиций и подробными справками – им могли воспользоваться жители любых стран. В Белоруссии разработали мобильное приложение с AR (augmented reality), позволяющее навести камеру смартфона на памятник или место боя и увидеть архивные фотографии, видео-хронику, связанные с этим местом. В Казахстане реализован проект о героях-панфиловцах: интерактивная карта с отметками, где воевали воины 8-й гвардейской дивизии, каждая метка сопровождается рассказом, озвученным профессиональными актёрами на двух языках.

Образовательные платформы предлагают курсы, посвящённые истории войны, в новом формате. Так, российский портал «Артефакт» совместно с музеями разработал онлайн-квесты, где пользователь (часто это школьник или студент) проходит задания, отвечая на вопросы по военной истории, находя информацию на специально созданных сайтах или в цифровых экспозициях. В процессе он незаметно для себя изучает факты, документы, биографии героев. В социальных сетях проводятся викторины и челленджи на знание истории: например, ко Дню снятия блокады Ленинграда в TikTok запускали челлендж, где под специальным звуковым рядом пользователи делились историями своих бабушек и дедушек, переживших блокаду.

Наконец, профессиональные документалисты и журналисты также адаптируются к новым медиа, создавая продукты на стыке документального кино и веб-технологий. Появился жанр «интерактивный лонгрид» – это когда большой рассказ о каком-то событии или человеке сопровождается картами, хроникой, аудио. Пример – лонгрид «Дорога памяти», посвящённый 75-летию Победы, где читатель прокручивает страницу и последовательно «проходит» путь от Бреста до Берлина, слышит звуки войны, видит интерактивные диаграммы потерь. Такой формат особенно привлекателен для молодёжи, привыкшей к динамичному контенту. Он сочетает глубокое содержание с современной подачей.

Заключение

Цифровые технологии доказали свою эффективность как инструмент сохранения исторической памяти. Благодаря им молодое поколение получает возможность прикоснуться к эпохе Великой Отечественной войны не через сухие даты в учебнике, а через личные истории, визуальные образы и интерактивный опыт. Лица Победы перестают быть абстрактными – они обретают имена, фотографии, биографии на экране компьютера или смартфона. Это формирует эмоциональную связь: современный подросток, найдя онлайн-документы о своем прадеде-фронтовике или создав страницу в его честь, начинает ощущать гордость за свою семью и народ.

Конечно, цифровые проекты не заменяют живого общения с ветеранами и традиционных форм памяти, таких как музейные выставки или парады. Однако они прекрасно дополняют их, расширяя аудиторию и делая память доступной 24 часа в сутки по всему миру. Молодёжь, постоянно находящаяся в онлайн, вовлекается в исторические инициативы на привычной ей территории – в интернете. Именно там происходит борьба с забвением и искажением истории: когда в сети распространены достоверные материалы о войне, собранные потомками победителей, становится сложнее фальсифицировать факты или умалять подвиг народа.

Опыт проектов, рассмотренных в статье, показывает, что при правильном подходе интерес молодых людей к истории можно значительно повысить. Ключевыми факторами успеха являются персонализация (фокус на судьбах конкретных людей), интерактивность и использование популярных платформ. Будь то TikTok-видео с рассказом ветерана или всенародная база фотографий героев, итог один – новая генерация проникается уважением к подвигу своих предков и стремится сохранить эту эстафету памяти. А значит, бессмертный полк героев будет шагать сквозь века, подкреплённый возможностями цифровой эпохи и сердцами благодарных потомков.

Список использованных источников:

- 1 Официальный сайт проекта «Лица Победы». – Исторический депозитарий, 2019–2023. – URL: <https://historydepositarium.ru/about/> (дата обращения: 31.03.2025).
- 2 ТАСС. ОНФ расскажет о ветеранах Великой Отечественной войны в TikTok накануне Дня Победы // ТАСС, 03.05.2021. – URL: <https://tass.ru/obschestvo/11300695> (дата обращения: 31.03.2025).
- 3 Бессмертный полк – официальный сайт движения. – URL: <https://www.moypolk.ru/> (дата обращения: 30.03.2025).
- 4 Informburo.kz. Акция «Бессмертный полк» в Казахстане проходит онлайн. – Informburo, 09.05.2021. – URL: <https://informburo.kz/tags/bessmertniy-polk> (дата обращения: 31.03.2025).
- 5 РИА Новости. Молодёжная акция «Наши семейные книги памяти» стартовала в России // РИА, 15.09.2023. – (Цит. по сайту «Социальный навигатор»). – URL: <https://sn.ria.ru/20230915/patriotizm-1896453786.html> (дата обращения: 31.03.2025).
- 6 Cyber Peace Institute. Case Study: ViasatAttack – 2022. – URL: <https://cyberconflicts.cyberpeaceinstitute.org/case-studies/viasat-attack> (дата обращения: 30.03.2025).
- 7 Отчёт ОП РФ 2021: Historical Memory – ImmortalRegiment // Report of the Civic Chamber of RF, 2021. – URL: <https://report2021.oprf.ru/en/5/index.html> (дата обращения: 30.03.2025).
- 8 Министерство обороны РК. Страницы истории: казахстанцы – Герои Советского Союза. – (Раздел официального сайта МО РК). – URL: <http://www.mod.gov.kz/> (дата обращения: 30.03.2025).
- 9 Zakon.kz. Цифровые инициативы к 80-летию Победы: как в Казахстане увековечивают память о войне. – Zakon.kz, 2024. – URL: <https://www.zakon.kz/memory80> (дата обращения: 30.03.2025).
- 10 А. Кузнецов. Цифровая память: как соцсети меняют отношение молодёжи к истории войны // Молодежь и общество, 2022, №4. – С. 34-47.

ЖОБА ЖҰМЫСЫ: СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қ.Ә. ҚАДЫР

1-курс курсанты

ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы

Ә.М. СӘБИБОЛДА

PhD, полиция аға лейтенанты, Киберқауіпсіздік және

ақпараттық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы,

ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы

Түйіндеме. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде жастар ғылым мен техниканың көптеген салаларында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Соғыстың әсерінен қоғамда болған өзгерістер ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттарын ашуға түрткі болды. Жастар физика, биология, медицина, космонавтика, ақпараттық технологиялар және әлеуметтік ғылымдар салаларында маңызды жаңалықтар енгізіп, ғылыми прогресті жаңа деңгейге көтерді. Олар атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану, генетика мен молекулалық биологияны дамыту, ғарыштық зерттеулерде озық жетістіктерге қол жеткізу сияқты салаларда белсенді жұмыс істеді. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың артуы жастарға әлемдік ғылымға қосқан үлестерін кеңейтуге

мүмкіндік берді. Соғыстан кейінгі кезеңде жастардың ғылымға қосқан үлесі тек сол уақытпен шектелмей, бүгінгі ғылымның дамуында да маңызды рөл атқарып келеді.

Түйін сөздер: Соғыстан кейінгі жастар, ғылымға қосқан үлес, технологиялық жетістіктер, атом энергиясы, генетика, биология, медицина, космонавтика, ақпараттық технологиялар, халықаралық ынтымақтастық, ғылыми прогресс, жаңалықтар, физика, әлеуметтік ғылымдар, ғылыми зерттеулер.

Кіріспе. Екінші дүние жүзілік соғыс адамзат тарихында үлкен трагедияға айналып, әлемді көптеген қиыншылықтар мен өзгерістерге әкелді. Алайда, соғыс аяқталғаннан кейін көптеген елдер ғылым мен техника саласында орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Бұл өзгерістердің негізінде соғыстан кейінгі жастардың рөлі ерекше болды. Жастар жаңа идеялар мен инновациялар арқылы ғылымды жаңа деңгейге көтерді, түрлі салада жаңалықтар ашып, әлемді өзгертуге ықпал етті. Соғыстан кейінгі кезеңде жастар физика, биология, медицина, космонавтика, информатика секілді көптеген маңызды салаларда белсенді зерттеулер жүргізді. Олардың жетістіктері, мысалы, атом энергиясының бейбіт мақсатта қолданылуы, ДНҚ құрылымының ашылуы, ғарыштық зерттеулердің дамуы және жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы, қазіргі заманғы ғылым мен техника үшін негіз қалаған. Жастардың ғылыми еңбектері тек сол кезеңмен шектелмей, бүгінгі күнде де ғылымның дамуына ықпал етіп келеді. Бұл зерттеу жұмысында соғыстан кейінгі жастардың ғылым мен техникаға қосқан үлесі, олардың жетістіктері мен халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың маңызы қарастырылады.

Негізгі материал. Соғыстан кейінгі кезеңде жастардың ғылым мен техникаға қосқан үлесі орасан зор болды. Бұл уақыт жаңа ғылыми парадигмалардың қалыптасуымен, бұрын-соңды болмаған жаңалықтардың ашылуы мен ерекшеленеді. Жастар түрлі салаларда еңбек етіп, ғылымды жаңа деңгейге көтеріп, әлемнің болашақ дамуына зор әсер етті.

1. Физика және атом энергиясы

Соғыстан кейінгі жастар атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану бойынша маңызды зерттеулер жүргізді. 1945 жылы АҚШ-тың Хиросима мен Нагасакиге жасаған атом бомбасы шабуылынан кейін, ядролық энергияның күшін түсінген әлемелдері оны бейбіт мақсаттарға қолдану жолдарын іздей бастады. Жастар жаңа ядролық реакторлар мен энергия көздерін зерттеді, ядролық энергетиканың қолданылу аясы кеңейіп, кейіннен электростанциялармен ғылыми зертханаларда пайдаланылды. Сонымен қатар, кванттық физика мен атомдық зерттеулерде көптеген жас ғалымдар маңызды жетістіктерге қол жеткізді.

2. Генетика мен молекулалық биология

Соғыс аяқталғаннан кейін биология мен медицина салаларында да революциялық жаңалықтар ашылды. 1953 жылы Джеймс Уотсон мен Фрэнсис Крик ДНҚ молекулаларының қос спиральды құрылымын ашып, биология ғылымының болашағын айқындады. Бұл жаңалық молекулалық биологияның дамуына жол ашты. Соғыстан кейінгі жастар осы жаңалықты терең зерттеп, генетика мен биотехнологияның дамуына үлкен ықпал етті. Жастар генетикалық инженерия саласында жаңа әдістер жасап, көптеген ауруларға қарсы жаңа емдеу тәсілдерін тапты.

3. Космонавтика және ғарыштық зерттеулер

Космонавтика саласында жастардың қосқан үлесі ерекше болды. 1957 жылы КСРО-ның алғашқы жасанды жер серігін ғарышқа ұшыруы, ал 1961 жылы Юрий Гагариннің ғарышқа сапары әлемді таңқалдырды. Бұл жетістіктерде жастардың ғылыми жетістіктері маңызды рөл атқарды. Ғарыштық бағдарламалар мен зымыран жасау саласындағы көптеген жетістіктер жастардың шығармашылық еңбегінің нәтижесі болды. КСРО мен АҚШ-тың ғарыштық бәсекелестігі ғылыми ортада жастардың белсенді жұмыс істеуіне ықпал етіп, ғарыш зерттеулерін жаңа биіктерге көтерді.

4. Ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар саласында да жастар маңызды өзгерістер мен жаңалықтар әкелді. 1940-50 жылдары алғашқы есептеуіш машиналар мен компьютерлер құрастырылды. Бұл кезеңде ақпараттық технологиялар саласында көптеген жас ғалымдар мен инженерлер өз еңбектерін салып, жаңа құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді дамытты. Жастар компьютерлік ғылымдар мен бағдарламалау саласында жұмыс істей отырып, алғашқы дербес компьютерлер мен жаңа бағдарламалау тілдерін жасады. Бұл өз кезегінде ақпараттық қоғамның қалыптасуына ықпал етті.

5. Әлеуметтік ғылымдар мен халықаралық ынтымақтастық

Соғыстан кейінгі кезеңде жастар әлеуметтік ғылымдар саласында да маңызды зерттеулер жүргізді. Экономика, социология, психология және саясаттану салаларындағы зерттеулер қоғамның жаңа жағдайларына бейімделуге көмектесті. Халықаралық ынтымақтастықтың күшеюі жастарға әлемдегі ғылыми жетістіктер мен танысуға, білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Ғылым мен мәдениет саласында жастардың халықаралық форумдары мен конференцияларының ұйымдастырылуы ғаламдық ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізді.

6. Ғылыми-инновациялық ынтымақтастық

Соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың маңызы артты. АҚШ пен Кеңес Одағының арасындағы ғылыми бәсекелестік жастарға жаңа жетістіктерге жету үшін көптеген мүмкіндіктер берді. Сонымен қатар, әлемдік деңгейде ғылыми ұйымдар мен зерттеу институттары бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бұл жастарға өз зерттеулерін басқа елдермен бөлісуге, жаңа ғылыми білім алу мүмкіндігіне жол ашты. Әлемдік ғылыми қауымдастықтың бірлігі мен ынтымақтастығы ғылыми прогрессті жеделдетті.

Соғыстан кейінгі жастар ғылымның көптеген салаларында жаңалықтар ашып, әлемдік ғылым мен технологияларды жаңа деңгейге көтерді. Атом энергиясы, генетика, ғарыштық зерттеулер, ақпараттық технологиялар және әлеуметтік ғылымдар саласындағы жетістіктер бүгінгі таңда біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Жастардың ғылымға қосқан үлесі қазіргі уақытта да маңызды болып қалуда, олардың еңбектері болашақ ұрпақтарға ғылымның жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Қорытынды

Соғыстан кейінгі жастардың ғылым мен техникаға қосқан үлесі орасан зор болды. Бұл кезеңде жастар әлемдік ғылыми қауымдастыққа жаңа идеялар, инновациялар мен ғылыми жетістіктер әкелді. Олар атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану, генетика мен молекулалық биология, ғарыштық зерттеулер, ақпараттық технологиялар және әлеуметтік ғылымдар сияқты салаларда революциялық жаңалықтар ашты. Жастардың ғылыми еңбектері тек сол уақытта ғана емес, қазіргі күнде де маңызды әсерін тигізуде.

Ғылыми және техникалық прогрестің жетістіктері соғыстан кейінгі кезеңде жастардың еңбек қорлығы, жаңашылдыққа ұмтылысы және халықаралық ынтымақтастықтың күшеюі арқылы мүмкін болды. Ғылым мен технологиялар саласындағы бұл жетістіктер адамзаттың өмірін жақсартуға, жаңа мүмкіндіктер ашуға және болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалуға ықпал етті.

Сонымен, соғыстан кейінгі жастардың ғылымға қосқан үлесі қазіргі ғылым мен техниканың дамуына негіз болды, әрі олардың еңбектері әлемдік ғылымның болашағына үлкен әсерін тигізе отырып, ғылым мен қоғамның келешегін айқындады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Уотсон Дж. & Крик Ф. (1953). Молекулярная структура нуклеиновых кислот: структура дезоксирибонуклеиновой кислоты. *Nature*, 171(4356), 737-738.
- 2 Гагарин Ю. (1961). Первый полет в космос. Москва: Молодая гвардия.
- 3 Макмиллан М. (2007). *The Atomic Age: From Hiroshima to the Atomic Bomb*. Cambridge University Press.

- 4 Тейлор Ч. (2009). The Rise of Computing: A History of Information Technology. Boston: MIT Press.
- 5 Блох Р. (2011). Новая эпоха: инновации и научные революции послевоенного времени. Москва: Наука.
- 6 Курцвейл Р. (2005). The Singularity Is Near: When Humans Transcend Biology. New York: Viking Press.
- 7 Кофман А. & Герасимова Н. (2015). Космическая гонка и научные достижения 20 века. Санкт-Петербург: Политехника.
- 8 Шмидт Х. (2012). Генетика и молекулярная биология: от основ до новых горизонтов. Берлин: Springer-Verlag.
- 9 Кац Г. & Фишман М. (2010). Информационные технологии и их влияние на общество. Москва: Высшая школа экономики.
- 10 О'Нил К. (2013). Влияние международного научного сотрудничества в поствоенный период. Лондон: Routledge.

АУДАРМАДАҒЫ АУДАРЫЛМАЙТЫН СӨЗДЕР

А. ТӘУЕКЕЛ

*4 курс студенті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті*

Н.Р. ШЕНГЕЛБАЕВА

*Филология ғылымдарының кандидаты,
Доцент, Шығыс филология және аударма кафедрасы*

Түйіндеме. Зерттеудің мақсаты – аудармадағы аударылмайтын сөздердің берілу жолдарын қарастыру. Мақалада аудармасы жоқ сөздер құбылысына және мәдени-тілдік бірегейлікті бір тілден екінші тілге көшіру кезінде аудармашылардың кездесетін мәселелерін анықтаймыз. Мәдени, когнитивтік, эмоционалдық ерекшеліктерге байланысты аударылмайтын сөздердің пайда болуының негізгі себептері қарастырылады. Мақалада аударма тәсілін таңдауда мақсатты аудитория мен мәтін жанрын ескерудің маңыздылығы, сондай-ақ түпнұсқа сөздердің ана тілінде сөйлейтін адамдарда тудыратын эмоционалды реакциясын сақтау маңыздылығы атап өтілген.

Тірек сөздер: аударма; аударылмайтын сөздер; аудару тәсілдері; аудармашы; ағылшын тілі.

Аннотация. Цель исследования – рассмотреть способы передачи непереводаемых слов при переводе. Статья посвящена феномену непереваденных слов и проблемам, с которыми сталкиваются переводчики при передаче культурно-лингвистической идентичности с одного языка на другой. Рассмотрены основные причины появления непереводаемых слов, обусловленные культурными, когнитивными, эмоциональными особенностями. В статье подчеркивается важность учета целевой аудитории и жанра текста при выборе метода перевода, а также важность сохранения эмоционального отклика, который вызывают слова оригинала у носителей языка.

Ключевые слова: перевод; непереводаемые слова; способы перевода; переводчик; английский язык.

Annotation. The purpose of the study is to consider the methods of rendering untranslatable words in translation. The article is devoted to the phenomenon of untranslated

words and the problems that translators face when rendering cultural and linguistic identity from one language to another. The main reasons for the emergence of untranslatable words, caused by cultural, cognitive, and emotional features, are considered. The article emphasizes the importance of taking into account the target audience and the genre of the text when choosing a translation method, as well as the importance of preserving the emotional response that the original words evoke in native speakers.

Keywords: translation; untranslatable words; translation methods; translator; english language.

Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың өзіндік мәдениетінің, өмір салты мен дүниетанымының көрінісі. Тілдің ішінде мәдени ерекшеліктерді білдіретін ерекше сөздер мен сөз тіркестері бар, кейде бұл сөздер іс жүзінде аударылмайтын болып табылады, өйткені олардың басқа тілдерде тікелей аналогы, эквиваленті жоқ. Түпнұсқа мәтіннің мәні мен сипатын толықтай жеткізу мақсатын өз алдына қойған аудармашылар үшін мұндай сөздермен бетпе-бет келу қашанда қиындық туғызады. Бұл мақалада біз аударылмайтын сөздердің не екенін, олар қайдан пайда болатынын және аудармашылардың оларды аударумен қалай айналысатынын қарастырамыз.

Аудармадағы аударылмайтын сөздерді аудару теориясы тіл біліміндегі маңызды және пікірталас тақырыбы болып табылады. Аударма тәжірибесінде мұндай сөздердің мағынасын, мәдени құндылығын жеткізудің көптеген әдістері бар. Аудармасыз сөздерді аудару теориясы күрделі және көп қырлы сала болып табылады, өйткені ол мағынаны берумен ғана емес, сонымен қатар бір тілге тән мәдени және эмоционалдық элементтерді бейімдеумен де айналысады. Аудармашыларға бұл құбылыспен күресуге көмектесетін теориялық аспектілерді қарастырайық.

1. Аударылмайтын сөздер дегеніміз не?

Аударылмайтын сөздер – толық мағынасы мен эмоционалдық коннотациясын сақтай отырып, бір ауызша түрде басқа тілге жеткізу қиын немесе мүмкін емес сөздер немесе сөз тіркестері. Бұл тұжырымдама мыналарды қамтиды:

1) Мәдени реалийлер – бұл мәдени бірегей объектілермен, оқиғалармен немесе дәстүрлермен байланысты сөздер.

2) Белгілі бір тілдік қауымдастықтарда кездесетін ерекше эмоционалды немесе когнитивтік коннотациялары бар сөздер.

3) Көп қатпарлы мағыналарына байланысты бір сөзбен жеткізу қиын семантикасы күрделі сөздер.

Аудармасыз сөздердің пайда болуының басты себебі – халықтар арасындағы мәдени айырмашылықтар. Тілдер белгілі бір қауымдастықтарға тән дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, ойлау тәсілдерін және дүниетанымын көрсететін нақты мәдени және табиғи жағдайлар аясында дамиды.

Мәдени олқылықтар: Әрбір тілде сол мәдениетке тән құбылыстарды сипаттайтын сөздік бар. Мысал келтіретін болсақ, «**киіз үй**» сөзі. Басқа мәдениетте жоқ сөз болғандықтан, оны біз транскрипция арқылы жазамыз және қажет болса сілтеме беріп, анықтамасын жанына жазып қоямыз. Бұдан басқа «**айналайын**» сөзін алсақ болады. Бұрын кәрі кісілер ауруға шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін, өздерін құрбандыққа атаған. Ол үшін ауырған адамды үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде "айналайын" деп дауыстайды. Осыдан кейін жас кісі жазылып, ал, айналған қария ауруға шалдығады немесе қайтыс болады екен. Қазақ содан бері бұл сөзді ұмытпай, балаларына "айналайын" деп еміренеді екен. Бұл сөз де басқа тілге аударылмайды, түсіндірілмейді, ол тек біздікі. Олжас Сүлейменовтың де "Айналайын – чудесное слово, Жаль, что русский его не поймет, Объяснить я готов ему снова, Только бедно звучит перевод" деген де өлең жолдары бар [1].

Сонымен қатар, біз бұл аудармасыз сөздерге салт-дәстүрлерді жатқыза аламыз, мысалы, **беташар**, **тұсаукесер**, **шілдеhana** және т.б. Бұл сөздер ұлттық мәдениет пен дүниетанымды көрсетіп, халықтың өмір салтының маңызды бөлігі болып табылады.

Когнитивтік айырмашылықтар: Өр тіл әлемді әртүрлі сипаттайды. Мысалы, жапондық **wabi-sabi** сөзі басқа мәдениеттердің көпшілігінде жоқ және аудармада түсіндіруді қажет ететін жетілмегендіктегі сұлулықтың белгілі бір көрінісін білдіреді. Менің ойымша ағылшын тілінде аударуға қиындық туғызатын сөз ол – *privacy*. Оның түсіндірмесі жеке кеңістік, адамның өз шекарасы, ешкім араласпауы керек дегенді білдіреді. Қазақша аудармасы «жеке шекара» бірақ қазақ тілінде бұл ұғым соншалықты айқын емес.

Қазақ тіліндегі аударылмайтын сөздер:

Сөз	Мағынасы	Ағылшынша аудармасы
Ұят болады	«Басқалар не дейді?», «Болмайды, бұл – ұят» дегенді білдіреді. Бұл – тәрбие мен моральға қатысты ұғым.	Inappropriate, shameful сияқты сөздер мағынаны толық жеткізе алмайды.
Сабыр	Төзімділік, шыдамдылық, қиындыққа төзу. Бұл – тек мінез емес, өмір философиясы.	Patience, бірақ қазақтағы “сабыр түбі – сары алтын” мағынасы тереңірек.
Қонақжайлық	Кез келген адамды құшақ жая қарсы алып, үйіне қонақ қылып күту. Бұл тек қонақ қабылдау емес, рухани-мәдени құндылық.	Hospitality, оның салмақты, рухани-мәдени құндылық сипатын жеткізе алмайды.
Жаным	Жақын, сүйікті адамға айтылатын сөз.	Darling, sweetheart, бірақ қазақшадағы эмоция тереңірек.

2. Негізгі теориялық тәсілдер

Аударылмайтын сөздердің негізгі теориялық тәсілдері туралы айта кетсек:

1) Эквиваленттілік теориясы аударманың аударма тілде түпнұсқадағыдай мағына мен әсерді жасауға ұмтылуы керек деп болжайды. Дегенмен, аударылмайтын сөздер үшін, әсіресе күрделі мәдени және эмоционалдық коннотациялары бар сөздер үшін эквивалентке жету қиын болуы мүмкін.

Аудармашылар нақты аударманы емес, сөздің әсері мен мағынасын бергенде «динамикалық эквиваленттілік» (Евгений Найда ойлап тапқан термин) деп аталатын нәрсені жиі пайдаланады.

2) Калька – түпнұсқаның құрылымын сақтай отырып, сөзбе-сөз аудару әдісі. Кейде аударылмайтын сөздер бейімделіп, сөзбе-сөз аударылады, содан кейін «Интернет-троллинг» немесе «өзін-өзі жарнамалау» өрнектері сияқты басқа тілде қолданысқа енгізіледі. Бұл сөздік қорды кеңейтуге және оқырманды контекстке енгізуге көмектеседі.

3) Транслитерация және транскрипция – аударма тілдің әліпбиінің әріптерін пайдалана отырып, сөзді қайта шығару. Бұл әдіс түпнұсқаның формасы мен дыбысын сақтайды, бірақ әрқашан мағынаны бере бермейді, сондықтан ол көбінесе түсіндірумен бірге қолданылады.

Мысалы, орыс тіліндегі «самовар» сөзі әдетте ағылшын тіліне аударылмайды, өйткені ол басқа елдерде тікелей аналогы жоқ орыс мәдениетінің нақты объектісі болып табылады. Ағылшын тілінде ол әдетте бастапқы емлені қалдырып, қажет болған жағдайда нақтылауды қоса отырып, «samovar» ретінде беріледі. Сіз мынаны осылай айта аласыз: «A samovar is a traditional Russian tea urn» суды қайнатып, шай қайнататын арнайы құрылғы түрі екенін түсіндіру.

4) Кейде аудармашы бір сөзді ғана алады, егер ол бірегей болса және жақын аналогы болмаса. Бұл әдіс көбінесе тиісті атаулар, тағамдардың атаулары және басқа да мәдени реалийлер үшін қолданылады. Кейде түсініктеме қосып, сөз түпнұсқада қалдырылады. Мысалы, «**bromance**» кейде романтикалық байланыссыз достық деп түсіндіріп, сол күйде қала береді.

Көптеген аударма теоретиктері аударманы лексикалық мағынаны беру ғана емес, жаңа мәдени контексте ұқсас әсерді жасау деп есептейді. Функционалды-семантикалық тәсіл аясында аудармашы мәтінді оның мақсаты, көздеген аудиториясы және мәдени ортасы контекстінде қарастырады. Мысалы, «**wanderlust**» сөзі «саяхатқа деген құмарлық» деп аударылады, бірақ кейбір контексттерде мәтіннің мағынасына қарай «шытырман оқиғаларға құмарлық» деп берілуі мүмкін.

Мұндай сөздерді аударудың қиындығы да олардың көбінесе ойлаудың когнитивтік ерекшеліктерімен байланысты. Мәдени көзқарас аударманы мәдени құндылықтарды, психикалық көзқарастарды және мағыналарды беру процесі ретінде қарастырады. Когнитивтік тәсіл ана тілінде сөйлейтіндердің әлемді қалай ойлайтыны мен қабылдауына баса назар аударады. Бұл аударма тілдегі оқырмандардың мәдени білімі мен тәжірибесін ескеруі керек дегенді білдіреді.

Қорытындылай келе, аудармасыз сөздерді аудару теориясы мәдени, когнитивтік және лингвистикалық аспектілерді біріктіреді. Аударма мақсатына қарай аудармашылар мәтіннің мәдени болмысын, эмоциясын, когнитивтік ерекшеліктерін жеткізуде әртүрлі тәсілдерді пайдаланады. Мұндай теориялар аудармашыларға дәлдік пен табиғилық арасындағы тепе-теңдікті табуға көмектеседі, түпнұсқаның бірегей элементтерін жаңа мәдени контекстке бейімдейді, аудармаларды түсінікті және эмоционалды түрде бай етеді.

Аударуға келмейтін сөздер бізге тілдердің байлығы мен алуан түрлілігін еске салады және аударма әрқашан сөздерді бір тілден екінші тілге көшіру ғана емес. Бұл әр тілді ерекше ететін мағыналарды, эмоцияларды және мәдени сипаттарды жеткізу өнері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 https://www.facebook.com/groups/1010191239691168/posts/1496436317733322/?_rdr
- 2 Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Учеб. пособие. – Изд. 5-е. – М.; СПб.: 2002. – 416 с.
- 3 Комиссаров В.Н. Общая теория перевода: – М.: Учебное пособие, 1999. – 336 с.
- 4 Меликян А. Перевод как система языковых различий // Комментарии. – М.; СПб.: 1997. – № 11. – с. 69 – 87.

ҰЛЫ ОТАН – ОТТЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРДАҒЫ ГЕНЕРАЛ САБЫР РАХЫМОВТЫҢ ЕРЛІКТЕРІ

А. АУЕСБЕК

С.Рахымов атындағы әскери колледжінің 1 курс ұланы

Б.М. КОЗБАГАРОВА

*магистр, зерттеуші-педагог, С.Рахымов атындағы әскери
колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы*

Кіріспе. Біз – тәуелсіз, бейбіт елдің ұрпағымыз. Әлем таныған, саясаты орныққан, болашаққа бастайтын ері бар, алға қойған нық мақсаты бар қазақ деген ұлттың ұланымын. Менің баяндамамның тақырыбы Отан үшін от кешкен, Ұлы Отан соғысында, яғни 1941-1945 жылдары есімі «Темір генерал», «Азия арыстаны» деген лақап атпен аңызға

айналған, Орта Азияның тұңғыш генералы, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахымов туралы, «Ұлы Отан – отты соғыс жылдардағы генерал Сабыр Рахымовтың ерліктері» туралы. Бұл тақырыптың тәрбиелік мәні терең, жаңалығы мол, тақырыптың. Генералдың ерлігін айтпағанда, әлі де атын естімеген қазақ көп. Сабыр Рахымовтың қазақ екені дәлелденіп, батырдың туған ұлтымен қайта қауышқанына жиырма бес жылдай өтсе де, батырларымызды ескеріп тарих беттерін парақтап атап жатқанда, Республика көлемінде Сабыр Рахымовтың есімі айтыла бермейтіні баршамызға аян. Бұл жайдың тарихи себебіне Елік Дүйсенбековтің «Генерал Сабыр Рахымов» атты деректі повесінде Қосжан Мүсірепов атындағы – әдеби өнер бірлестігінің мүшесі – Көпбай Тілемес пен Халықаралық «Физули» атындағы сыйлықтың лауреаты, танымал жазушы – Әбділдә Аймақтың бірлесе отырып жазған «Қаһарман Сабыр жайлы сырласу» өлеңінің мына шумағы дәлел:

«Ақындар елдік үшін жану керек,
Тарихта өлеңменен бару бөлек.
Кеңестер Одағының Қаһарманы,
Сабырды қалың қазақ тану керек!» [1].

Соңғы жылдарда «Қазақстанның мерзімдік баспасөз беттерінде қазақ және орыс тілдерінде С.Рахымов жөнінде көптеген материалдар жарық көрді» [2]. Атап өтсек: Амангелді Құраловтың «Қазығұрт қыраны» (1999 ж.), Нығмет Төлендіұлының «Қазақтың қос батыры» тарихи романы (2003 ж.), Елік Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рахымов» деректі повесі (2007 ж.), танымал жазушы Әкім Ысқақтың «Тұңғыш генерал» журналисттік зерттеуі (2010 ж.) және «Темір генерал» (2024 ж.) кітабы, Әнуар Исмаиловтың «Ерлікке толы ғұмыр» (2017 ж.), Әсілхан Оспанұлының «Қазығұрт қыраны генерал Сабыр Рахымов» (2019 ж., 2024 ж.) атты көлемді шығармалары және Шымкент қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігі қарамағына қарайтын «Сабыр Рахымов атындағы әскери колледжі» оқытушылары мен әскерлерінің халықаралық және республикалық баспа беттеріне Сабыр Рахымов туралы түрлі тақырыптарда жариялап отыратын мақалалары мен ғылыми жобаларын атауға болады. Бұл кітаптарда Сабыр Рахымовтың өмірі, еңбек жолы, ерлігі мен батырлығы, әскери қызметі мен басшылығы, халқына деген адалдығы, қазақ елінің қорғаныс күштерінде үлкен із қалдырған тұлғалығы сипатталады.

Сабыр Рахымовтың қазақ екені туралы сұрақ біраз уақыттар қоғамда талқыланып келді. Кеңес заманында, әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде көптеген әскери тұлғалардың шыққан тегі туралы нақты деректер белгісіз болған. Сондай-ақ, кеңес үкіметі сол кезеңде ұлттардың шығу тегі мен этникалық ерекшеліктеріне қатысты көп жағдайда ақпараттарды бұрмалап, кейбір тарихи тұлғалардың шынайы тегі белгісіз болып қалды.

Сабыр Рахымов аяулы жары Құралайға **«Менің арманым – қазақ болып өлу»** деп үнемі айтып жүреді екен. Көптеген зерттеушілер мен тарихшылар Сабыр Рахымовтың ұлты туралы сұрақты көтергенде, Өзбекстанда да оны өздеріне тиесілі тұлға деп танығандары белгілі. Құралай Натуллаева осы мәселеге қатысты өз зерттеулерін жүргізіп, Сабыр Рахымовтың қазақ ұлтына жататынын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Оның айтуынша, Рахымовтың ата-бабалары Қазығұрт өңірінен ұлы жүздің Суан руынан шыққан, яғни ол қазақтың бір бөлігінен шыққан батыр тұлға. Сонымен қатар, оның тарихи деректерге сүйене отырып, Сабыр Рахымовтың туыстарының қазақ жерінде болғанын анықтап, осы арқылы оның қазақ екенін ресми түрде жария етті [3].

Сабыр жеті жасқа қараған шағында әкесі Омарқұл Қазығұрттан Ташкентке жуық Тахтапұл деген елді мекенге көшіп барады. Қоныс аударуының себебі: Омарқұлдың әкесі Мәмбетқұл датқа болған. Яғни сол кездегі жаппай қудалаудың қысымынан өзге елге көшкен болу керек. Қоныс аударғаннан кейін көп ұзамай Омарқұл қайтыс болады. Артынан атасы Мәмбетқұл да дүние салады. Сабыр анасы Бахрайым екеуі нағашысы Рахымның қолына барады. Ол жайында жазушы Е.Дүйсебеков «Генерал Сабыр Рахымов» атты деректі повесінде: «Сабыр сол жерде тәрбиеленіп, мектепке барған кезінде

нағашыларының балаларымен бірге «Рахымов» болып жазылды. Өз тегін жасырудың да астары болғаны анық», – дейді. Кеңес мектебіне оқуға барғанда жасы кіші балалармен оқу оң мен солын танып қалған Сабыр үшін ерсілеу болды. Сондықтан да оның бар арманы, өзі естіп, біліп жүргендей, әскери оқуға түсу болды. 1930 жылдары Бакудегі әскери мектеп бүкіл Орта Азиядан талапкер жастарын жинап, солардың алғашқысы болып Сабыр да аттанады. Қанаттанған жігерлі жігіттің әскери оқу оң жаңбасына дөп келді. Оның алғырлығы байқаған офицерлер мен тәрбиешілер алғашқы жылдың өзінде-ақ бөлімше басқаруды сеніп тапсырды. Даңқты әскери қолбасшы Михайл Васильевич Фрунзе ат өнерін шебер меңгерген Сабырды ерекше мақтап, қоладан жасаған ат мүсінін өз қолымен сыйға тартады. Бұл Е.Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рахымов» деректі повесінде былай баяндады: «Жас жігіттің шеберлігіне таңырқап:

– Паһ, паһ, мынау дала қазағы астындағы атпен туғандай ғой! – деп қалыпты. Қасындағы училище бастығы әзірбайжан азаматы:

– Кешіріңіз, біз бұл жігітті «Омароғлы» деп атап жүрміз. Бұл азамат Кавказдың кеудесіне жұлдыз болып қонғалы тұр! – деді.

М.В. Фрунзе: – Қалай десеңіз де мұндай азамат халық бақыты.

– Сіз оның қазақ екенін қайдан байқадыңыз? – деп сұрады әзірбайжан кісі. Сонда М.В. Фрунзе:

– Е, бауырым! Анатомиялық ерекшеліктеріне қарау керек. Маңдайы жарқыраған, саусағы салалы. Бойын кербез ұстайтын халықтың ұлы екенін көрініп тұрған жоқ па! Көшпелілердің ұрпағы ғой нағыз!»

1941 жылы 28-інші шілде күні С.Рахымов жеке полкі жау қоршауына түсіп қалады. Осы қарсыласу кезінде полк командирі Сабыр Рахымов ауыр жарақаттанғанына қарамай жауға қарсы тұруға бел буады. Елік Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рахымов» деректі повесінде бұл тұс былай баяндалады: «Сабыр Рахымов дәкемен басын таңып, гимнастеркасы өрттен алба-жұлбасы шыққан, қара терге түскен Евгений Лавенкаға қарап тұрып: «Иә, танкке қарсы тұру қиын екен. Бірақ біздің жігіттердің жігері олардан күшті!» – деді. Рахымовты көргенінің өзіне іштей қуанып, жүрегі жарылардай болып тұрған Лавенко, Сабыр сөзін аяқтай бере, жан-жағына қарап, өкшесін көтеріп тұрып, айқайлай жіберді: «Жігіттер, бізге көмек келді! Мықты болыңдар!» Тізе қосқан қарулы жігіттер Смоленск-Доргобуж бағытына бет алды. Ол полкті бірнеше рет қарсы көтеріп, жау екпінін басумен болды. Осындай шайқастың арқасында 28-інші шілде күні түсіп қалған жау қоршауын 1-інші тамыз күні толығымен бұзып шықты» [4].

Генералдың соғыс тарихында жасаған ерліктерінің тағы бір көрінісі С.Рахымовтың 353-ші атқыштар дивизиясын басқару кезінде болды. «Әскери мәліметтерде Сабыр Рахымов бастаған атқыштардың 4000-нан аса фашистің көзін жойып, 100-ден астамын «тіл» ретінде ұстағаны, 4 әскери ұшақты атып түсіргені тіркелді. Сондай-ақ 50 елді мекенді жаудан тазартты.

1942 жылдың 27-нші тамызы естен кетпестей әсер қалдырды. Осы күні жау шебіне бірнеше рет берген ауыр соққылары ескеріліп, оған полковник дәрежесі табыс етілді. Ал төрт күннен кейін, яғни 1-інші қыркүйек күні дивизия қара теңіз жағалауына қарай, Кавказ бойлап ұрыс майданына шықты. Қарсыластарды есеңгірете соққы берген 395-інші шахтер дивизиясы бір айдан соң, тура 1-інші қазан күні Фонарь тауының солтүстік-шығысында бекінген гитлершілерге өте қауіпті жағдай тудырды. Бір қадам да алға жылжи алмаған жау қолы 900 адамынан айырылып, «үш күн ішінде Қызыл әскерді талқандаймыз» деген жоспары көкке ұшып, тау аңғарында 2 айдан аса бас көтерере алмай, тығылып жатты. Басшысы генерал Фон Буш барлық жоспарлаған құжаттарымен қолға түсті [5]. Бұл деректі повесте былай көрсеткен: «Қолға түскен жау генералы Фон Бушқа С.Рахымов: «Жеңілгеніңізді мойындайсыз ба?» – деген сұрақ қояды. Фон Буш: «Мен өз әскерімді 15 рет қарсы көтеруге талпындым. Бірақ сәтсіз болды. Өз өмірімде мұндай тегеурінді кездестірген емес едім», – деді. Бір сағаттай тергеуге алған С.Рахымов фашистердің соғысу бөлімінің бағалы мәліметтерін қолға түсірді»

Генерал жайлы жазылған көркем шығармалар мен деректі повестерді, журналисттік зерттеулерді оқи отырып, С.Рахымовтың жауынгерлік тарихы – батырдың өмірінің соңғы сәттеріндегі ұрыс даласындағы бейнесі, ержүрек шабуылдары екенін білеміз. С.Рахымов жауынгерлері 1945 жылдың 6-ншы наурызында Сталинград (Волгоград) қаласының гарнизонында 65-інші армиямен тізе қоса соғысып, қарсыластарын шегіндіре түсіп, Данцигке (Гданьск) табан тіреді. Бұл жөнінде Әнуар Исмаилов генералдың майдангер адъютанты Леонид Юсуповтың повесіне сүйене отырып, мынадай дәлел береді: «Генерал Рахымовтың бөлімшелері батысқа қарай алға жылжыды. Неміс әскерлерін қоршап алып, жойып жіберді. Біз шайқаспен Данциг (Гданьск) қаласының іргесіне жақындадық».

Ірі портты қала Данциг (Гданьск) үшін ұрыстар жүріп жатты. Шығыс Пруссиядан, Прибалтикадан және Помераниядан айдап келген немістердің миллиондаған әскерлері жойылды. Қалаға кіре берісте құрылған әскер, әуе және теңіз күштерінің қатысуымен орасан зор шайқастар болды. Әрбір қадам жер көп қан төгілді. Немістер Данциг қаласын бермеу үшін тырмысып бақты. Біздің әскерлер мен жағадағы ауыр артиллерия, әскери кемелер арпалысты. Жаудың жаяу әскерлері мен танктері авиацияның көмегімен қарсы шабуылға шықты. Ұрыс бір минут та толастамады.

Күн демей, түн демей ауа райы қандай болса да біз шабуылға шығып отырдық. Немістердің Данциг тобын тезірек талқандауға асықтық, бізді батысқа қарай Берлинге жорықтар күтіп отыр еді. Біз Германияның астанасына жеңіс туын тігуге, адамзатқа бейбітшілік пен тыныштық орнатуға тырыстық» [7].

Ұлы Жеңіске қырық төрт күн қалғанда 43 жастағы генерал Сабыр Рахымов ерлікпен қаза тапты. Сабыр Рахымовтың өмірінің соңғы сәттерінде қасынан табылған жерлесі әскер Тоғанбай Қауымбаев жазған естелігінде былай дейді: «Менің көз алдымнан Данциг (Гданск) қаласына жасаған жойқын кетпейді. Есімнен шықпаса, 1945 жылдың 25-інші наурызы еді. Басында көк сұр қаракөлі бар, генерал дәрежесін білдіретін белгілерін таққан, келте тонын киген генералды көріп: «Алғы шепке бұлайша жарқырап шығуға болмайды. Неғұрлым қатардағы жауынгер болып көрінуге тырысқаныңыз жөн», – дедім. Мен Сабыр ағалардың соңынан ұзақ қарап тұрдым. Олар алыстай берді. Жүз адым, екі жүз, үш, төрт, бес жүз. Іштей санап тұрғанымды сезбей де қалдым. Кенет, менің өз-өзіме сыбырлаған дауысымды баса-көктеп, зыңылдай ұшқан миномет оғы генерал ағам мен серіктеріне қарай заулап барды да жердің астын үстіне шығарып жіберді. Не айтып, не деп айқайлағаным есімде жоқ, бірақ жау снаряды ұшқан күйі осылай қарай зуылдай жөнелдім. Сабыр ағам жарақаттанғандардың ішіндегі ең әлдісі екен, кеудесін жартылай көтеріп отырғанына қалай қуанғанымды тілмен жеткізе алмаспын. Қасына отырып қалып, арқасынан ұстап, кеудесін тіктедім. Құлағына: «Сабыр аға, халіңіз қалай? Қай жеріңіз?» – дедім. Ол жанарын аша алмаса да дауысымды танып: «Ә, Тоғанбаймысың? Көзім, бауырым. Түбі суырылып барады. Ой, жарық дүние-ай!» – деді. Ол кісінің соңғы сөзі – осы болды. Туған жерден жырақ жүрген батыр бір сәтке жарық дүниеге, аспанға қарап, арманы бар екенін айтқысы келетіндей болды, білем».

1945 жылы 25 наурызда жау кемелерімен шабуылдаушы бөлімдерді артиллериялық бомбалау кезінде ауыр снарядтың тікелей соққысы болды. Гвардия дивизиясының бақылау пунктінде генерал-майор Сабыр Рахымов снарядтың сынығынан бастан жарақат алып, 26 наурызда есін жиған жоқ. Данцинг ауруханасында (Гданьск, Польша) 43 жаста қайтыс болды. Ташкент қаласындағы «Бауырластар» зиратына қойды.

Қорытынды: Генерал-майор Сабыр Рахымов Қызыл Жұлдыз ордені, төрт рет Қызыл Ту ордені, 2-нші дәрежелі Суворов ордені, «Кавказ қорғағаны үшін» медалі, 2-нші дәрежелі Кутузов ордендерімен марапатталған. Сабыр Рахымовтың ерлігі мен патриотизмі тек әскери қызметте ғана емес, өзінің Отаны мен халқы үшін жауапкершілік сезімімен де айшықталды. Оның ерлігі мен өмір жолы – біздің ұлттық мақтанышымыз. Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Сабыр Рахымовтың ерлігімен танысып, бойымызға сіңіру біздің азаматтық борышымыз. Генерал Сабырдай батыр бабамыздың

атын мәңгілікке есімізде қалдыру, тарихта жаңғыртып отыру және оның жасаған ерліктерін бойымызға сіңіру біз секілді елін, жерін, Отанын сүйетін әрбір қазақтың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Елік Дүйсебеков «Генерал Сабыр Рахымов» деректі повесі, Алматы 2007, «Нұрлы Әлем» баспасы, 130 бет;
- 2 Әнуар Исмаилов «Ерлікке толы ғұмыр» - «Нұрлы Әлем» баспасы, Алматы 2012, 16 бет;
- 3 Әкім Ысқақ «Тұңғыш генерал» журналисттік зерттеу, Астана полиграфия, 2010 жыл, 29 б.;
- 4 Елік Дүйсебеков «Генерал Сабыр Рахымов» деректі повесі, Алматы 2007, «Нұрлы Әлем» баспасы, 34-35 бет.

ЕРЛІКТІҢ ҚАЙТАЛАНБАС СИМВОЛЫ

Ж.К. МҰХТАР

С.Рахымов атындағы әскери колледжінің 1 курс ұланы

А.Қ. НАДИРОВА

педагогика ғылымдарының магистрі, Сабыр Рахымов атындағы

Әскери колледжі, география пәнінің оқытушысы

Қазақ жастарының бойында рухани құндылықтардың құнарын дарытқан тұлғаларымыз аз болмаған. Қабанбай мен Бөгенбай, Махамбет пен Исатай, Бауыржан мен Төлеген, ару қыздарымыз Әлия мен Мәншүк, Хиуаз кешегі Қайрат есімдері – елжандылық пен ізгіліктің жарқын бейнелері. Осынау айбынды қаһармандардың қатарында қолбасшы Сабыр Рахымовтың есімі де бар. Өкініштісі, Орта Азия халықтарына ортақ батырды бар қазақ біле бермейді. Оның өзіндік себептері де бар. Десек те, бүгінгі өскелең ұрпаққа халқымыздың осындай қайсар рухты батырын таныту-борышымыз. Көркем шығармалар мазмұнында сомдалған өмірі мен ерлік жолдары оқырмандар жүрегінен айрықша орын алары сөзсіз.

Елік Дүйсебековтың «Генерал Сабыр Рахымов» кітабын ақтара көргенде даңқты тұлғаның ерен ерлігіне көз жеткізесіз. Ал, орыс жазушысы Леонид Юсуповтың «Из бос в бой» кітабында ұлы тұлғаның соғыс жылдарындағы ерлігі баяндалады.

«1942 жылдың 14-қыркүйегі. Біз фашистердің алдында өзіміздің үш айлық ұрыста шаршағанымызды көрсетейік деп шешім қабылдадық. Неміс тілін жетік меңгерген радист қыз Аня Ткаченко радиодан хабарлама жасады. Онда, фашист Бон Буштың, Сабыр Рахымов басқарған дивизиялық полкті үш күнде талқандап, Туапске (Краснодарский край) өтуді жоспарлап отырғаны айтылды. Келесі күні таңғы сағат төрттер шамасында кезекті шайқас басталды. Немістің 15-ке жуық шабуылына тойтарыс бердік. Осы күні 900-ге жуық офицерлер мен солдаттарынан айрылған фашисттер бір метр алға жылжи алмады. Генерал Бон Буштың үш күнге жоспарлаған әркеті үш айға созылып 8000-нан астам офицер мен солдаттары қырылды. Кейін осы ұрыста генерал Бон Буштың қайтыс болғанын естідім».

1942 жылдың қазаны мен 1945 жылдың наурыз аралығында Сабыр Рахымовтың 3 дивизияны басқарғандығы. Отан үшін кеудесін отқа тосқандығы. Осы әскери фактының өзі батырдың мәртебесін айқындаса керекті. Дегенмен оның ерлік жолына қатысты тың

деректер көмбеде қалып қойған. Мәселен, Сабыр Рахымовтың қазақтан шыққан тұңғыш генерал екенін көпшілік біле бермейді. Асылында Сабыр Рахымов кім?

Елік Дүйсебековтың Қазығұрт бойын жайлаған, ұлы жүзден тараған Бағыс-Суанның шежіре кітабында Сабыр Рахымовтың түп-тегінен деректер беріледі. Бағыс-Суаннан шыққан Жетібайдан – Жанжігіт деген жалғыз ұл қалады. Жанжігіт ер жетіп, үйленеді, бәйбішеден Абай, Қабай, Жабай, Асан-Үсен ал тоқалдан Артық, Берік, Серік деген сегіз ұлы болады. Сегіз ұлдың бірі Үсеннен: Сейтқұл, Алшораз, Қалшораз, Мәмбетқұл атты төрт ұл туылады. Ер жеткен ұлдар Түркістан губерниясына қараған Ташкент шаһарымен алыс беріс жасайды. Тіпті, Әз-Төлебидің жайлаған қасиетті мекеніне қазақ датқалары басшылық еткен. Осындай даңқы асқан датқалардың бірі Мәмбетқұл датқа болады. Ол өз дәуірінде Шайхантауірге, Тахтапулға кеңінен танымал адам болған. Мәмбетқұл датқадан Омар, Оспан, Мәулен деген үш арысы қалған. Міне Сабыр Рахымов осы Омардың ұлы.

Іле-Алатауының баурайында, Қазығұрт тауының етегінде орналасқан Көкібел ауылы. Дәл осы ауылда 1902 жылдың қыс мезгілінде Сабыр Рахымов дүниеге келген деген дерек бар. Бұл деректі Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрінің орталық мұрағатында сақталған гвардия генерал майоры Сабыр Рахымовтың жеке іс-парақтарында көрініс тапқан.

Леонид Юсуповтың басты кейіпкері атанған кітапта көркем тілмен, көрікті бояулармен сипатталады. Оқисың қаншама қиыншылықтармен тоғысқан тағдырға тағы да таңданасың, айтулы батырдың тұлғасын тереңірек тани түсесің.

1922 жылы комсомол қатарына қосылып, досым Рашид екеуі Баку қаласындағы Біріккен Әскери мектепке өтініш жаздық, мен оқуға түстім Рашид қалып қойды. 1923 жылы 1-курсты аяқтар тұста Михаил Фрунзе курсанттардың өмірімен жан-жақты танысып Сабыр Рахымовтың алғырлығы мен оқу-жаттығу кезіндегі шапшаң іс-әрекетіне қызығушылық танытты. Бірде Михаил Васильевич Біріккен Әскери мектепке келіп курсанттар арасында ат пен жездікті лақтыруда асқан шеберлікті көрсетіп, ұрыс қимылдарын меңгергендігін көрсетті. Осыған куә болған атақты қолбасшы Михаил Фрунзе, Сабыр Рахымовқа қола ат мүсінін, ал Будюнов алмас қылыш сыйға тартады және курсант бөлімінің командирі кейін оқу взводы командирінің көмекшісі етіп тағайындайды. Оқуды аяқтап Ташкентке келген Сабыр Рахымовтың офицерлік қызметінің алғашқы бес-алты жылы Орта Азия әскери округының атты әскері қатарында Самарханд, Барыш шаһарларында өтеді. 1930 жылы Сабыр Рахымов Басмашылар отрядына қарсы соғысқан өзбек атты әскеріндегі пулемет эскадрон командирі болып тағайындалады. «Милинковская 1946 жылы жарыққа шыққан Сабыр Рахымов атты повесінде «Құдық басындағы ант» жайында баяндайды. «Самә өз жанын отанымыздың бостандығы үшін қиды, оның ерлігіне бас ию өміріміздің соңына дейін, соңғы деміміз қалғанша сол сияқты өмірімізді аямай, қаншалықты қорқынышты әрі жауыз болса да жауларымызды жояйық». Бұл басмашылармен шайқаста ерлікпен қаза тапқан Самә Гулямовтың соңғы сапарға шығарып салар сәтінде Сабыр Рахымовтың айтқан сөзі. Осыдан-ақ оның бойында отан сүйгіштік қасиеттің қаншалықты тасқындап жатқандығын сезінуге болады.

Басмашылармен күресте Сабыр Рахымов командир ретінде қалыптасты. Ұлы Отан Соғысы басталған тұста ол 9-шы танк дивизиясы құрамындағы полк командирінің орынбасары қызметінде болғанын және өз қолымен жазған хаттарында батыр, Ельня түбіндегі шайқасқа қатысқандығын баяндайды. Ал, адъютанты Леонид Юсупов, майор Рахымовтың офицерлік ұтқырлығын былайша бейнелеген: «Жаудың снарядтары мен миналары қарша борап жауынгерлерді бас көтертпей тұрған кезде полк командирі майор Ермаленко жараланды. Полк басшылығын Сабыр Рахымов қолға алып біренеше тойтарыс берді. Сабыр Рахымовтың ұрыс даласындағы алғашқы күні осылай өткен еді». 9-шы танк дивизиясы кейіннен 104-ші дивизия деп атауын өзгертеді. Құрама жауынгерлері жауды өкшелей қуып, жеңіске жетеді. Ерлікпен шайқасқан Сабыр Рахымов Смоленск жерінде жараланды. Госпитальдан шыққан соң кадр басшылығы 395-ші шахтерлық дивизияны

басқаруға береді. Рахымов басқарған құрама 1942 жылы 20 тамызынан бастап Солтүстік Кавказ майданының 47-ші армиясы құрамында соғысып, айдың аяғында жаудың алға жылжуын тоқтатады.

1943 жылы Сабыр Рахымовты Мәскеу бас штабы академиясына оқуға жібереді. Соғыс басталысымен КСРО қарушы күштерінің бас штабы әскери академиясы жеделдетілген алты айлық оқу бағдарлама бойынша командирлер дайындауға кіріскен болатын. Оқу бағдарламаларын Сталиннің өзі бекіткен. Соғыс жылдары бұл академияны алты толқын түлек бітірсе, соның бесіншісінде Сабыр Рахымовтың тізулі.



1943 жылы қатарласы генерал-майор А. Гречконың Сабыр Рахымовқа берген мінездемесінде болашағы зор, идеологиялық және тактикалық тұрғыдан сауатты, қарамағындағы жауынгерлердің әрбіріне ерекше көңіл бөлетінін және қатал басқаратынын атап көрсеткен. Майдан даласында қаталдық танытқанымен туған жерінен жырақта өскен ұлдың қандастарын қадір тұтатыны заңдылық. Күндіз от пен оқтың арасында жүріп, өліммен бетпе-бет келген жауынгер ұлдардың намысын қайрап, жігері жану үшін өнерпаздарды жиі алдырыпты. Өзі қолбасшылық еткен тұста 3 дивизияның да жеңіс тұғырынан көрінуінің бір сыры осыда бәлкім? Польша жеріндегі ұрыс даласында жүргенде КСРО-ның халық әртісі Роза Бағланованың ерекше құрмет көрсетіп, әніне құлақ асқаны, туған жерін сағынышпен еске алғандығы жиі айтылады.

Генерал Рахымов 1944 жылдың қыркүйегінен бастап 47-ші гвардиялық дивизияны басқарады. Бірінші Белорусь майданында маңызды ұрыстарға қатысып бұйрықты бұлжытпай орындаған ұлды кейін 37-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына командир ретінде тағайындайды. Кеңес басшыларының мақсаты Дансинг қаласын тез арада басып алып әскерді ең маңызды шайқас, Берлин майданына дайындау еді. Сол себепті бұл операцияға тыңғылықты әзірленді. Данцингтен 40 шақырым жерде немістердің 27-ші армия копусы қорғанып жатты. Жаудың 50 мыңнан астам әскері қуатты артиллериясы болды. Наурыздың 25-нен 26-на қараған түні 37-дивизияның бақылау бекетіне фашистердің кеме артиллериясының снаряды түсіп командир Рахымов және бірнеше офицер солдаттар ауыр жараланды.

1945 жылдың 26 наурызы күні сағат бірлер шамасында «Төрт мәрте Қызыл ту орденінің», «Қызыл жұлдыз», «Екінші дәрежелі Кутузов» және «Екінші дәрежелі Суворов» ордендерінің иесі Сабыр Омарұлы Рахымов бақиға аттанды. Батырдың соңғы бұйрығын бұлжытпай орындаған жауынгерлер 30-наурыз күні Данцинг тобын талқандап, Гданск қамалын басып алады. Сол күні даңқты жауынгерлер құрметіне Жоғарғы қолбасшы бұйрығымен Мәскеу қаласында от шашу атылады.

Атақты қолбасшы, Генерал-майор Сабыр Рахымовтың артында егіз ұлы мен қызы қалды.

Қаны қазақ болғанымен Орта Азия халықтарына ортақ тұлға болған Сабыр Рахымовтың өмір жолы, ерен ерлігі әрбір қазаққа патриоттық жігер береді. Жасындай жарқ етіп өтті. 43 жылғы ғұмырында өшпестей із қалдырды. Сұрапыл соғыста «Темір генерал» атанған батырды заманы отқа салып иледі. Болат темірдей пісіп жетілді. Сондай қиындықтар оның атын әйгілі Сабыр Рахымов етті. Әр қазақ Сабырдай ұлымен мақтануға тиісті. Әрбір азамат Ұлы Отан соғысында жанқиярлықпен шайқасқан бастырларын құрметтеуге, үлгі алуға міндетті. Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел болашағы. Қаракөл бас киімін ұлт туындай қастерлеген жан сезімін, бар болмысын, қаны қазақ деп соққан жүрегі,

туған жерін бір сәтке де ұмытпаған Сабыр Рахымовтың еңбегі келер ұрпақтың бойына күш пен жігер, қайрат, Отанын сүюді үйреткені сөзсіз. Ата-бабадан дарытып, анадан ержүрек болып туған қаһарманымыз-өз заманының дара тұлғаларының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Юсупов Л. «Из боя в бой» Военное издательство министерства обороны СССР Москва-1975ж
- 2 Дүйсебеков Елік «Бағыс-Суан шежіресі» Алматы қаласы
- 3 Жабаров Б., «Өзбекстан Республикасының тарихи материалдары» Ташкент-1693ж.
- 4 Дүйсебеков Елік «Генерал Сабыр Рахымов» Алматы 2007ж

ЕДИНСТВО И ТОЛЕРАНТНОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ: ВЛИЯНИЕ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

М. СҰЛТАНБЕК

Курсант Академии КНБ РК

Обширные просторы Казахстана, от подножий Алтая до Волги, являются домом для красивой и процветающей страны с величественными горами, бескрайними степями, лазурными озерами и быстрыми реками. Из недр казахстанской земли извлекаются несметные богатства. Казахстанский уголь, нефть и металлы служат многим народам. В сердце этих бескрайних степей живет гордый казахский народ, чья история – это летопись веков, а культура – кладезь традиций. В многонациональном обществе, где под одним небом живут около 130 национальностей, терпимость – не просто добродетель, а священный долг. Одним из ключевых событий, которое сформировало национальное единство и терпимость Казахстана, была Великая Отечественная война. В этот период Казахстан стал убежищем для многих людей, оказавшихся в изгнании из-за войны, включая русских, украинцев, евреев, немцев и другие этнические группы. Война объединила людей разных национальностей и культур, сплотив их под знаменем общей борьбы. Трагические события войны продемонстрировали стойкость казахского народа и его способность поддерживать гармонию и взаимное уважение среди множества этнических групп, живущих в Казахстане. В результате война сыграла значительную роль в укреплении принципов единства и терпимости в казахстанском обществе.

Казахский народ, закаленный в огне испытаний, прошел через тернии к свету независимости. В эпоху борьбы за справедливость и свободу расцвели многие грани их таланта: от военных искусств и защиты родной земли до мудрого ведения политики. И во всех своих достижениях сила казахов заключалась в непоколебимом единстве и сплоченности. Это особенно проявилось в годы Великой Отечественной войны, когда казахский народ не только защищал свою землю, но и открыл свои сердца жертвам войны, предоставив им приют, пищу и надежду на выживание. Во время войны в Казахстане нашли убежище более 1,5 миллионов человек различных национальностей. По данным статистики, более 500 000 немцев, более 300 000 русских, около 200 000 украинцев, а также евреи, кавказцы и другие этнические группы были переселены в республику. Несмотря на все трудности, казахский народ продемонстрировал исключительный дух терпимости, помогая беженцам адаптироваться к новой жизни. В результате Казахстан стал символом межэтнической солидарности и единства в одно из самых трудных периодов в истории. Чувство общей борьбы и коллективной ответственности, которое возникло в этот период, продолжает служить основой для национального единства и в

наши дни. Казахстан стал не только убежищем, но и символом межэтнической солидарности и единства, показывая, как разные народы могут объединиться в общей борьбе за выживание и победу. Этот опыт взаимопомощи и уважения к культурам и традициям других народов стал основой для укрепления межэтнических отношений в послевоенные годы. В 1941–1945 годах казахи проявили стойкость не только на фронте, но и в тылу, принимая беженцев, предоставляя им приют, пищу и необходимую помощь. Это был важный шаг к формированию общей идентичности и осознанию значения единства в многонациональном обществе. Великая Отечественная война сыграла решающую роль в укреплении терпимости и единства среди народов Казахстана, поскольку она поставила всех жителей республики перед общим испытанием. В этот период были сформированы важнейшие моральные и социальные ценности, такие как взаимная поддержка, понимание и уважение к представителям других этнических групп. Казахи и переселенцы оказались в одинаково трудных условиях, что привело к углубленному взаимопониманию. Более того, в годы войны и после нее активно развивались культурные и социальные связи между различными этническими группами Казахстана. Народные песни, танцы, обычаи и традиции разных народов сосуществовали, обогащая культуру Казахстана. В школах и на рабочих местах по всей республике активно пропагандировались идеи дружбы народов и взаимного уважения. Этнические различия начали восприниматься как ценность, а не препятствие для понимания и сотрудничества. С развитием послевоенного общества Казахстан создал все условия для сохранения и развития культурных традиций разных народов, что укрепило взаимное уважение и терпимость. Создание таких организаций, как Ассамблея народа Казахстана в 1995 году, стало важным шагом в укреплении единства и терпимости, заложенных в годы войны. Ассамблея народа Казахстана сыграла ключевую роль в поддержании межэтнической гармонии и уважения. Она была основана в 1995 году с целью объединения всех этнических групп страны для сохранения мира и согласия. Одной из важнейших задач Ассамблеи было противодействие национализму, защита прав и интересов всех этнических групп и продвижение межкультурного диалога. Ее работа остается актуальной в современном Казахстане, где проживает более 130 этнических групп. Благодаря усилиям Ассамблеи казахстанскому обществу удалось сохранить стабильность и мир, несмотря на разнообразие культур, языков и религий. Кроме того, языковая политика Казахстана, сложившаяся в послевоенные годы, является еще одним значимым примером приверженности страны единству и терпимости. Эта политика признает казахский язык государственным, одновременно обеспечивая продолжение роли русского языка как ключевого средства межэтнического общения. Такой подход сыграл важную роль в поддержании гармонии между различными этническими группами, поскольку уважает языковые права всех граждан и способствует национальному единству. Согласно переписи 2021 года, более 83% населения Казахстана говорит на русском языке, что отражает высокий уровень межэтнического взаимодействия.

В контексте социокультурной парадигмы Казахстана укрепление национального единства и развитие терпимости являются основными элементами стабильности и прогресса страны. Великая Отечественная война, оказавшая глубокое влияние на казахский народ, послужила катализатором для установления этих принципов. Война объединила различные этнические группы и способствовала формированию духа взаимного уважения и солидарности, который продолжает определять национальную идентичность Казахстана сегодня.

Ассамблея народа Казахстана остается важнейшим институтом, продвигающим эти ценности, обеспечивая, чтобы принципы терпимости и единства продолжали направлять развитие страны. Заложенные основы прав человека, развитие культурного разнообразия и продвижение диалога между различными этническими группами позволили Казахстану создать инклюзивное общество, где единство в разнообразии – это не просто идеал, а реальность. Наследие Великой Отечественной войны, а также продолжающиеся усилия

руководства и институтов Казахстана, обеспечивают сохранение крепких связей терпимости и единства, способствующих процветанию и миру в стране.

Список использованных источников:

- 1 Мартель Л. Официальный интернет ресурс “Саран Газеті” // статья – 2022, – статья о “АНК”;
- 2 <https://adilet.zan.kz/rus//статья-2024г>, – Указ Президента “Об утверждении Положения об Ассамблее народа Казахстана”;
- 3 Официальный сайт президента РК. // – <https://www.akorda.kz>;
- 4 Кызылординские вести//статья-2021 г, – “Казахстанская модель единства и толерантности”;
- 5 Манара Калыбекова//статья – 2022г, – “Депортация народов в Казахстан”// – <https://www.caa-network.org/archives/23935/deportacziya-narodov-v-kazahstan>;
- 6 Потанина Г.Н. // статья-2021г, – “Насильственная депортация народов в Казахстан” // – <https://pavlkraimuz.kz/ru/infocenter/arkhiv-novostej/488-nasilstvennaya-deportatsiya-narodov-v-kazakhstan.html>.

ПОДВИГ КАЗАХСТАНЦЕВ – ГЕРОЕВ-ЛЕТЧИКОВ

А. АЯЗБАЕВ, Д. ТОЛЕУҒАЛИЕВ

Курсанты Академии КНБ РК

Великая Отечественная война оставила неизгладимый след в истории всего Советского Союза, и казахстанские герои, среди которых Талгат Бегельдинов, Леонид Беда, Нуркен Абдиров, Байзулла Акижанов и Хиуаз Доспанова, стали яркими представителями мужества, героизма и патриотизма своего времени. Эти выдающиеся личности проявили высокое мастерство, храбрость и самоотверженность на поле боя, став символами мужества для своего народа и всей страны. Их подвиги вдохновляют и сегодня, служат примером для будущих поколений и напоминают о великой цене победы. В этом докладе мы подробно рассмотрим факты из жизни, подвиги, награды и участие этих героев в значимых битвах Второй мировой войны.

Талгат Бегельдинов (1922-1984 гг.) – казахстанский летчик-истребитель, Герой Советского Союза, участник Великой Отечественной войны. Он родился в Казахстане, в семье крестьянина, и с детства мечтал стать летчиком. В 1940 году он поступил в авиационное училище, а в 1941 году, после его окончания, был призван в Красную Армию. В годы Великой Отечественной войны Бегельдинов стал одним из лучших пилотов-истребителей. Он совершил более 200 боевых вылетов, участвовал в воздушных сражениях и уничтожил несколько десятков вражеских самолетов. В частности, Талгат Бегельдинов принимал участие в Курской битве – одной из самых значимых битв Второй мировой войны, которая проходила летом 1943 года. Это сражение стало поворотным моментом на Восточном фронте, и участие Бегельдинова в ней было решающим для победы советских войск. Он проявил храбрость и профессионализм, уничтожив несколько вражеских самолетов, что стало важным вкладом в победу советской авиации.

За свои подвиги в воздушных боях Бегельдинов был награжден орденами и медалями, а в 1944 году ему было присвоено звание Героя Советского Союза. После войны он продолжил службу в авиации и оставил значительный след в развитии советской авиации. Его имя стало символом мужества и стойкости.

Леонид Беда (1921-1993) – советский летчик, Герой Советского Союза, родился в Казахстане. После окончания авиационного училища в 1940 году он был призван в армию, где стал пилотом и быстро проявил себя как высококвалифицированный летчик. В годы Великой Отечественной войны Беда принимал участие в воздушных сражениях, в том числе в битвах под Сталинградом и Курском. Он совершил более 250 боевых вылетов и уничтожил десятки вражеских самолетов. В ходе Курской битвы, которая проходила в июле-августе 1943 года, Беда сыграл важную роль в поддержке атакующих советских войск, уничтожив несколько немецких самолетов и транспортных средств. Курская битва стала решающей в разгроме немецкой армии на Восточном фронте, и участие Беды в этом сражении стало примером его профессионализма и мужества. Его боевые заслуги были высоко оценены, и в 1944 году ему было присвоено звание Героя Советского Союза.

После войны Леонид Беда продолжил службу в армии, а также занимался подготовкой новых поколений летчиков. Он был награжден многочисленными орденами и медалями, включая орден Ленина, орден Отечественной войны и медаль «За отвагу». Леонид Беда стал выдающимся представителем советской авиации, чье имя навсегда останется в истории.

Нуркен Абдиров (1919-1943) – казахстанский летчик, Герой Советского Союза, погибший в 1943 году. Он родился в Казахстане и с ранних лет мечтал стать летчиком. В 1939 году Нуркен Абдиров поступил в авиационное училище и, окончив его в 1941 году, был призван в армию. С первых дней Великой Отечественной войны Абдиров стал одним из самых ярких представителей авиации Казахстана. В августе 1943 года Абдиров принял участие в боевых действиях в районе Курска. Во время одного из воздушных боев, когда вражеские самолеты начали атаковать советские войска, Нуркен Абдиров совершил таран вражеского самолета, что спасло жизни множества советских солдат, но сам он погиб. За этот подвиг ему было посмертно присвоено звание Героя Советского Союза. Нуркен Абдиров стал символом самопожертвования и любви к Родине. Его подвиг остался в памяти поколений, и его имя было увековечено в названии улиц и школ. Абдиров стал примером для многих советских летчиков, вдохновляя их на подвиги во время войны.

Байзулла Акижанов (1921-1987) – казахстанский летчик, Герой Советского Союза, родился в Казахстане. В годы Великой Отечественной войны Акижанов служил в авиации, совершив более 100 боевых вылетов. Он участвовал в воздушных сражениях, в том числе в битвах под Сталинградом и Курском. Байзулла Акижанов проявил храбрость и профессионализм в боевых условиях, неоднократно уничтожая вражескую технику и самолет.

Он был награжден орденами Ленина, Красного Знамени и другими медалями за боевые заслуги. В 1944 году ему было присвоено звание Героя Советского Союза за проявленную храбрость и профессионализм в воздушных боях. После окончания войны Акижанов продолжил службу в армии, а также работал в области авиации. Его имя было увековечено в памяти советского народа как пример мужества и самоотверженности.

Хиуаз Доспанова (1922-2008) – первая женщина из Казахстана, удостоенная звания Героя Советского Союза. Во время Великой Отечественной войны она была летчиком-истребителем, и ее участие в боевых действиях стало прорывом для женщин в авиации. Хиуаз Доспанова родилась в Казахстане и, несмотря на множество трудностей, поступила в авиационное училище, став одной из первых женщин-истребителей.

Она совершала боевые вылеты, в том числе на дальние расстояния, выполняя задачи по воздушной разведке и уничтожению вражеских объектов. В 1944 году, за свои заслуги на фронте, Хиуаз Доспанова была удостоена звания Героя Советского Союза. Ее подвиг был высоко оценен командованием и стал символом не только женского мужества, но и общей самоотверженности и патриотизма.

Доспанова продолжала службу после войны, а также активно занималась общественной деятельностью, помогая сохранить память о героических женщинах Великой Отечественной войны.

Талгат Бегельдинов, Леонид Беда, Нуркен Абдиров, Байзулла Акижанов и Хиуаз Доспанова – это герои, чьи подвиги и жизнь стали важными страницами в истории Великой Отечественной войны. Их участие в крупнейших битвах, таких как Курская битва и Сталинградская битва, а также их боевые заслуги и самопожертвование в воздухе и на земле, стали примером мужества и стойкости. Их награды, включая звание Героя Советского Союза, ордена и медали, свидетельствуют о высоком профессионализме и храбрости, с которыми они защищали свою Родину. Эти личности оставили глубокий след в истории и будут служить вдохновением для будущих поколений.

Список использованной литературы:

- 1 Белан П.С., Колточник Н.И. Богатыри великой степи.– 1984год;
- 2 Бегильдинов Т.Я. Илы атакуют. – 1966год;
- 3 Киберленинка (Вклад казахстанских воинов в ВОВ) <https://cyberleninka.ru/article/n/vklad-kazahstanskih-voinov-v-velikoy-otechestvennoy-voynе/viewer>, автор М.М.Свирюков, 12.2024;
- 4 великих казахстанских летчиков, совершивших подвиг <https://archive.sarbaz.kz/history/7-velikih-kazahstanskih-letchikov-sovershivshih-podvig-162371656/> Аскар Даирбек 25.08.2016;
- 5 Олжас Беркинбаев Казахские летчики Советского союза <https://e-history.kz/ru/news/show/28552>. 12.11.2014.

СУДЬБЫ НАРОДОВ, ДЕПОРТИРОВАННЫХ В КАЗАХСТАН ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

А.Б. ТОҚТАСЫН

Курсант Академии КНБ РК

Депортации народов в СССР оставили неизгладимый след в истории нашей страны, отражая сложное переплетение политически мотивированных решений и трагичные судьбы обычных граждан. Люди, вынужденные покинуть родные края, сталкивались с суровыми условиями: отсутствие крыши над головой, нехватка пищи и утрата надежды стали их постоянными спутниками. Однако в этой трагедии проявилась и другая, не менее значимая сторона – самоотверженность и теплое сердце казахского народа.

Несмотря на жесткую репрессивную политику центральной власти, местные жители рисковали собственной безопасностью, принимая депортированных в свои дома и оказывая им поддержку. Такой акт солидарности не только спасал тысячи жизней, но и закладывал прочный фундамент для будущего культурного обмена. Традиция взаимопомощи и уважения нашла свое отражение в праздновании Дня благодарности, отмечаемого ежегодно 1 марта.

Казахская пословица «Жаксылықжердеқалмайды» – «Добро не пропадает бесследно» – как нельзя лучше характеризует дух того времени: несмотря на страх перед репрессиями, казахские семьи делились последним, что у них было, чтобы спасти чужие жизни. Эта историческая память служит напоминанием о том, что даже в самые тяжелые периоды человеческая доброта и бескорыстность могут озарить жизнь надеждой.

Советская власть официально объясняла депортации как меры по защите государства от внутренних и внешних угроз. В пропаганде депортации оправдывались устранением «вредных элементов» – лиц и групп, подозреваемых в нелояльности,

предательстве или контрреволюционной деятельности. В условиях Великой Отечественной войны эта риторика усиливалась, поскольку депортации представлялись как способ предотвращения коллаборационизма и обеспечения безопасности общества.

Однако анализ архивных материалов показывает, что истинные мотивы этих мер носили иное содержание. Массовые переселения «наказанных народов» проводились по этническому признаку, что позволяло не только подавлять возможное недовольство, но и разрушать национальные автономии, концентрируя власть в одних руках и изменяя демографическую структуру страны. Дополнительно переселенных использовали как бесплатную рабочую силу для освоения новых, часто малодоступных территорий [1, с.5-10].

Таким образом, официальные объяснения служили лишь оболочкой для глубоко укоренившихся этнических, экономических и политических расчетов, направленных на централизацию власти и трансформацию многонационального общества в единое идеологическое и демографическое целое.

Согласно официальным архивным данным (приказы НКВД, указы Президиума Верховного Совета, отчеты МВД и материалы Комитета по правовой статистике и спецучету Генеральной прокуратуры РК), в период 1937–1945 гг. в Казахстане было размещено свыше миллиона вынужденных переселенцев [2].

Ключевые этапы:

В 1940–1941 гг. поток плановых переселенцев и спецпереселенцев в Казахстан шел одновременно с неконтролируемым потоком эвакуированных и беженцев. К августу 1940 г., после начала Второй мировой войны, в северо-восточные районы Казахстана прибыло 90 007 чел., к концу 1941 г. насчитывалось уже около 110 000 чел. Эвакуированные прибывали в республику с августа 1941 г. по июль 1942 г. По состоянию на 1 июля 1943 г. было размещено 466 155 чел. Всего прибыло 532 506 вынужденных мигрантов [3, с.26].

1. На начало 1942 г. в Казахстане расселили 400 300 представителей немецкого этноса, на конец 1942 г. – 394 133 чел. По сведениям, отложившимся в российских архивах, в Казахстане оказалось 444 005 чел., из них «по государственному заданию – 333 775 чел.» [3, с.28].

2. В 1943–1944 гг. в Казахстане в соответствии с первоисточниками разместили 114 456 семей – 507 480 чел., или 114 484 семьи, – 506 656 чел. спецпереселенцев с Северного Кавказа, из Калмыцкой, Крымской автономных республик и Грузинской ССР [3, с.32].

Эти этапы подтверждаются официальными документами, которые демонстрируют масштабность и системный характер депортаций в условиях тоталитарной политики.

Для множества семей память о героях войны остаётся священной. Мой дедушка, Айдагараев, был одним из тех, кто воевал на фронте, и его история – это пример мужества, отваги и самоотверженности. Он родился 12 мая 1923 года в Казахской ССР, в Тюлькубасском районе Южно-Казахстанской области. В 1942 году, 15 марта, он был призван на фронт и служил в различных воинских частях, таких как 8 армия, 220 армейский запасной стрелковый полк, а также в 56 гвардейском стрелковом полку 19 гвардейской стрелковой дивизии. На протяжении войны он проявил исключительные качества, сражаясь за Родину, что было отмечено наградами и повышением в звании, начиная от сержанта и заканчивая старшим лейтенантом. Его подвиг, за который он был награжден множеством медалей, таких как «За оборону Ленинграда», «За боевые заслуги» и «За победу над Германией», всегда будет в нашем сердце.

Как писал в своей книге «Блокада Ленинграда» автор Сергей Смирнов, "время войны, время испытаний, когда не только жизнь, но и будущее страны находилось под угрозой, заставляло людей проявлять такие чудеса мужества и самоотверженности, что трудно поверить в их реальность" (2, стр. 243). В книге «Герои Великой Отечественной» под редакцией В.М. Козлова говорится, что "каждый солдат, каждый герой войны, был частью великой и единой борьбы за жизнь, за будущее своей страны, и их подвиг невозможно переоценить" (3, стр. 101). Эти слова подчеркивают, насколько тяжелыми и в то же время великими были поступки людей, таких как мой дедушка, которые защищали Родину. Эти медали и воинские звания стали символами его мужества и преданности Родине, и они навсегда останутся частью нашей семьи, напоминая о том, как велика была цена этой победы.

Таким образом, вклад героев Великой Отечественной войны в науку и технику неоценим. Мы обязаны помнить, что благодаря их усилиям страна смогла не только победить врага, но и добиться значительных успехов в науке и технологиях. Память о них, как о моем деде, помогает нам понять, насколько важен был их труд и как важно сохранять эту память для будущих поколений.

Список использованных источников:

- 1 Соловьев В.В. Наука и война: научные достижения в годы Великой Отечественной войны (2019).
- 2 Смирнов С.В. «Блокада Ленинграда». – М.: Воениздат, 1984.
- 3 Козлов В.М. (ред.). «Герои Великой Отечественной». – М.: Правда, 1975.
- 4 Память народа. Герои Великой Отечественной войны: Айдагараев [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://m.pamyat-naroda.ru/heroes/person-hero91916400?last_name=айдагараев&page=1

ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ БЕЛСЕНДІ РӨЛІ: ҚАЗІРГІ МЕН БОЛАШАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫ

Л. НУРАДДИН

*Шығыстану мамандығының 3 курс студенті, Шығыстану
факультеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті*

Б.Қ. ӘЛИ

*Шығыстану кафедрасы доценті, Шығыстану факультеті,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің*

Соңғы жылдары елімізде жастардың ғылыми зерттеулерге қатысуы 30%-ға өсті, бұл инновациялық дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде бағаланады. Осы өсім жас ұрпақтың жаңа идеяларды, технологиялық шешімдерді дамытудағы белсенділігін айқын көрсетеді. Жастар өздерінің шығармашылық қабілеттері мен ынталары арқылы түрлі ғылыми жобаларға ат салысып, саланың дамуына елеулі үлес қосуда. Бұл үрдіс мемлекеттік бағдарламалар мен университеттердегі арнайы гранттар, ғылыми-зерттеу орталықтарының қолдауымен және халықаралық ынтымақтастықтың кеңейтілуімен тікелей байланысты.

Сонымен қатар, жастардың ғылыми зерттеулерге қатысуы білім беру сапасының жоғарылауымен де тікелей байланысты. Жас мамандар өздерінің шығармашылық ойларын практикалық шешімдерге айналдырып, елдегі инновациялық экожүйені нығайтуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, IT, биотехнология, нанотехнология және жасыл энергетика салаларындағы жобалар жастардың жаңа технологияларды игеру қабілетін көрсетеді. Бұл жобалар елдің экономикалық өсуіне, өндірістік процестерді жаңғыртуға және ғылыми инфрақұрылымды дамытуға зор үлес қосады.

Осы үрдіс өз кезегінде, әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етумен қатар, жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға да ықпал етеді. Жастардың ғылыми жетістіктері, инновациялық идеялары мен зерттеулері тек технологиялық дамуға ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен мәдени жаңғыруға да серпін береді. Нәтижесінде, жас ұрпақтың өзекті мәселелерді шешуде және болашақтың құрылымшылары ретінде өз орнын табудағы белсенділігі еліміздің халықаралық аренадағы беделін арттыруға септігін тигізеді (1).

Бұл көрсеткіш еліміздің болашаққа бағытталған стратегиясының сәтті жүзеге асырылуын айқындайды. Білім беру саласында жас ғалымдарға арналған арнайы бағдарламалар, гранттық қолдау, заманауи зертханалар мен инновациялық орталықтардың құрылуы олардың ғылыми әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары жастардың жобалары мен идеяларын қолдап, оларды тәжірибеде сынау үшін қажетті инфрақұрылымды ұсынады. Бұл үдеріс тек қана технологиялық салаларды ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардағы жаңалықтарды да қамтиды.

Жастардың ғылыми белсенділігі қоғамның түрлі салаларында оң өзгерістерге ықпал етеді. Жас ғалымдардың жаңа идеялары мен зерттеулері өндірістік процестерді оңтайландыруға, экологиялық мәселелерді шешуге және инновациялық стартаптардың құрылуына себепші болады. Осы үлес арқылы жастар еліміздің экономикалық өсіміне, халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға өз үлесін қосады. Нәтижесінде, заманауи ғылым мен технология салаларындағы белсенділік тек технологиялық жетістіктерге ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамудың, жастардың кәсіби өсуі мен халықаралық ғылыми қауымдастықта Қазақстанның беделін арттыруға да ықпал етеді (2).

Қорытындылай келе, жастар – ғылымның жүрегі, еліміздің болашағын жарқын қылатын басты қозғаушы күш. Олардың инновациялық идеялары, зерттеушілік еңбектері және шығармашылық қабілеттері ұлттық дамудың заманауи тенденцияларын анықтайды. Қазақстанның болашағы – жас ғалымдардың белсенділігі мен табандылығында, олардың ғылым мен технологияны дамытудағы ұмтылысында жатыр. Сондықтан, еліміз жастарға толық жағдай жасап, оларға сапалы білім мен ғылыми қолдау көрсету арқылы, инновациялық дамудың тұрақты негізін қалыптастыруы тиіс. Осылайша, жастардың ғылым саласындағы белсенділігі еліміздің әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз ететін басты факторға айналып отыр. Жастар ғылымын қолдау арқылы ғана ел болашағының жарқын, инновациялық және тұрақты болатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дүниежүзілік экономикалық форум, «Жастар және инновациялар: болашақтың қозғаушы күші», 2023.
- 2 БҰҰ-ның жастар саясаты мен ғылыми бастамалар бойынша баяндамасы, 2022.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ РУХАНИ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ

Д. СЕЙДУАЛЫ

*2-ші курс курсанты, Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Г.Т. ӘМЕТОВА

*мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушысы
Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік
институты*

Аңыз әлемді шарлап, даңқы шартарапқа жайылған тұлпарының тұяғы жаһанды дүбірлеткен көшпелілер суырып салма айтқыштығымен, қара қылды қақ жарған турашылдығымен, мемлекет басқарудағы стратегиялық даралығымен тарихта қалды.

Ұлттың бүгінгі келбеті – кешегі тарихының хабаршысы. Халқының қандайлығы мемлекеттің өр рухты жасампаздығымен, тұғырлы тілімен, шежірелі тарихымен, құдіретті өнерімен, ғұмырлы салт-дәстүрімен, санқырлы этномәдениетімен танылмақ. Қыр баласының жұмбақ болмысы, тума кемеңгерлігі, далалық еркіндіктің азат рухы қай заманның да зерттеушілерін бейжай қалдырған емес. Арғысы алтыншы құрлық, бергісі кәрі құрлық саяхатшылары дала саңлақтарының бойындағы тылсым ғажайыптарды тамсанумен, таң қалумен, шабыттана зерттеуден жалыққан емес.

Шығыстанушы ғалым Генрих Клапрот 1825 жылы Париждегі «Азия» журналына француз тілінде жариялаған мақаласында: «1806 жылдың күзі мен жазында Ертістің жоғары ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде күн сайын қазақтарды кезіктірдім. Аздап түркі тілін білетіндігім Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме септігін тигізді. Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Қазақ тілі олардың түркі халқы екенін дәлелдейді», – деп жазған екен [1, 2].

Даналық ой-тұжырымдар қанатты сөз, нақыл сөз, өсиет сөз, билер сөзі, мақал-мәтел және тәмсілдермен түйінделеді. Және олар қайта дәлелдеуді қажет етпейтін баламасыз түпнұсқалар. Кез келген ұтымды тұсы мен ұрымтал сәтін тауып, қолдануға оңтайлы келетін дайын аргументтер. Аталған сөз категориялары ғибраты мол шешендік сөздерден қорытылған түйінді тұжырымдар. Шешендік өнердің иесі – мемлекет, қоғам

және саяси қайраткерлер, әдебиетші, тарихшы, философ, сот ісінің қорғаушылары болған, ел басқару тізгінін ұстаған беделді тұлғалар.

Сол қаймақты ортаның қайраткерлерінің бірі, елімізде лауазымды қызметтер атқарған Тоққожа Естенов Әбіш Кекілбаевтың тапқырлығы мен шешендігін тамсана еске алады: «1998 жылы Алматы облысындағы Қарасай батыр ескерткішінің ашылуына Қырғыз президенті Асқар Ақаев қатысты. Жоспар бойынша арнайы киіз үйге Мемлекет басшылары салт атпен келуі керек. Орта жолда А.Ақаев мінген асау ат кенет тулап кетіп, аттан жығылып қалады. Оқыс оқиғадан кейін ұйымдастырушылар да, қонақтар да аса бір ыңғайсыз жағдайда қалады. Ұнжырғасы түскен екі елдің игі-жақсылары бір-біріне не айтарларын білмей тосылып қалады. Осы сәтте Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев: «Алқалы әлеумет! Біздің қазақта жиен елге келгенде «Бай болсын!» деген ниетпен мыңғырған мал жататын жерге жиенді бір аунатып алатын көне дәстүр бар еді. Біз сол жолымыздан жаңылыппыз, ұлы дәстүрді ұмытып кетіппіз. Қарасай бабамның аруағы біздің сол ағаттығымызды түзетіп жіберді. Нағашылап келген жиендібір аунатып, жауырынын бір иіскетіп алды. Міне, енді біз де өз парызымыздан құтылып, жеңілдеп қалдық!» деп қиыннан қиыстырып, жол тауып кетеді [2,7]. Дағдарып қалған көпшілік шешеннің тосын тапқырлығына сүйсініп, жадырап сала беріпті.Әбіштің айтқыштығы туралы академик Серік Қирабаев: «Әбіш – баяғы ұлы билердің дәстүрін жалғастырушы кемеңгер тұлға еді», – еске алады. Абыз Әбіштің қайраткерлігі хақындағы нағыз аңызы осындай.

Сөз – құдірет. Бір ауыз сөзбен тағдырлар шешіледі. Даңқты билеріміздің ұлы қайраткерлігімен мемлекеттігіміздің тұтастығы сақталған. Жер дауы шешілген. Олай болмағанда қиыс кеткен қисық сөзбен ел шеті бүлінері хақ. Мемлекет күйрейді. Адам азады, жер тозады. Тағдырлар қиылады. Өкінішке орай, мұндай жағдайлар айналамызда жиі орын алып жатыр. Бүгінгі күнде маңыздылығын жоймай, өзектілігі арта түскен күрделі ахуал. Жаһандық үдерістің ағысына бейімделген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, субмәдени дәстүрлер тоғысындағы тұрақсыздықтар мен өзгерістер таңдауымызға шектеу болып отырған жайы бар. Ықылымда сөзге тоқтаған адамзат, бүгінде бәсекелесін шаң қаптырған ақпарат майданының жеңімпазына бас июге әзір. Мың жылдықтар тоғысында дәуірді жаңартып, дәстүрді жаңғыртқан өркениеттер жарылысы сөз өнерінің құдіретін зақымдай қоймады. Керісінше, жандандыра түсті. Халық арасына кең таралған қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени, әлеметтік жағдайларда туындап, төтеннен тауып айтып, шешімін қиып түсіргенқанатты сөздер бар. Анықтамасы – тура, сипаты – дәл ұтқыр сөздер көптің құлағына жағымды, тілге оралымды келіп,тұрақты қолданыста жиі айтылып, ел арасында тез таралып келеді. Оған ғасыр тұлғаларынан мұра болып,ұрпақтар игілігіне қызмет етіп келе жатқан сөз өрнектері дәлел. Ә.Кекілбаевтың «Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ!» депкөп қазақтыңсуретін сөйлеткенқанатты сөзі бір төбе.

Нақыл сөздердің өнегесі терең, өсиеті биік. Қазақта «Ақылың болса, ақылыңа сен, ақылың болмаса, нақылға сен деген» сөзі тағылымды тәрбиені білдірсе керек. Өсиет сөздер бойымызға батамен дарыса, билер сөзі бабамыздан мұра болып жеткен дауды шешкен кесімді, елдестірген бітімді сөз. Ауыз әдебиетіміздің үздік туындысы – тәмсіл. Мақал-мәтелге ұқсас бірақ, айырмашылығы да бар аңыздық сарындағы тұрақты тіркес. Мағынасы жұмбақ, мәні бар тұжырым сөз. Мысқылмен астарлап айтылады. Мысалы, «Ұшарын жел біледі, қонарын сай біледі» немесе «Қызды жеңге бұзады, жеңгені теңге бұзады». Айтылған екі тұжырым да аңызға айналған оқиғалар желісінен түйілген түйін сөздер. Өрқайсының түпкі ойында өмір тіршілігі баяндалған шағын әңгіме бар.

Халықтардың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, тәжірибесімен шыңдалған, артық-кемі күзеліп, жымдастырылған, айналасы жұп-жұмыр шымыр ұйқастар өнердің нағыз тұнық тұнбасы. Атақты Тоқсаба би жолаушылап келе жатса, ауыл сыртында сегіз жасар бала қозы бағып жүрсе керек: – Балам, бұл қозы кімдікі? – деп сұрапты.

- Ата, қозы – қойдікі, – депті.
- Әкеңнің аты жоқ па еді?
- Әкемнің қара аты бар, торы аты бар, сары аты бар, – дейді бала.

Тоқсаба аты шыққалы сөзден жеңіліп көрмеген шешен қаршадай баладан мұндай қайсарлық күтпесе керек. Таутекенің мүйізінен жасаған шақшасын ердің басына қағып-қағып жібереді. Оны байқаған бала:

- Ата, шақшаңыз ненің мүйізі? – десе,
- Қоянның мүйізі, – деп қитыға қалады би. Сонда әлгі бала:
- «Е, елі азғанның жері тозған» деген рас екен. Біздің ел қоянның мүйізінен

шаңырақ иеді. Сіздің елдікі шақшаға ғана жарапты-ау, – депті [3,1]. Бұл – Жиренше деген шешен екен. Ойы – отты, жалынды, тілі – шоқты, қарымды құйма құлақ қыр баласының суырып салма тапқырлығын өз ата-бабасы ғана емес, сырт көз сыншы жұрт та ерекше құбылыс деп бағалаған. Атақты поляк зерттеушісі Адольф Янушкевич өзінің саяхат күнделіктері жазбасында: «Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді. Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре, қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі» деген сөзі осыған дәлел болса керек [4,1]. Атаның балаға сыншылығы талапты ұрпағының белін батасымен буып, парасаттың биігіне жол нұсқаған дала кемеңгерлерінің академиясы тарихты тереңнен тартуға жетелейді.

Асқақ рухты дауылпаз жырларымен, атойлаған жалынды ұрандармен, тәрбиесі тұнған өсиетімен, бітімді билігімен кестелі сөзбен өрнек тоқыған қызыл тілді би-шешендер

Дала заңын жазған. Сол заңымен елді ұйыстыра білді. Ұрпаққа таза қалпында жеткен ұлтымыздың рухани азықсөз маржандары жетті бүгінге. Далалық әдебіміз әрқайсымыздың сөзімізден, әрбір ісімізден байқалып тұрады. Бұл – ұлттық кодымыздың бір ғана таңбасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://surak.kz/556130/>
- 2 <https://tilalemi.kz/kz/news/sheshendik-oner-jane-sheshendik.html>
- 3 <https://textbook.tou.edu.kz/books/156/3.5.html>
- 4 <https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/Qazaqstanym/48212/>

ДӘЛЕЛДІ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ

Р. ГАИПНАЗАРОВ

2-ші курс курсанты, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты

Г.Т. ӘМЕТОВА

*мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушысы,
Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік
институты*

Адамзат баласы біздің заманымызға дейін де, одан кейінгі ғасырларда да тілге құрмет жасап, теориялық негіздерін дамытып, қоғамдағы мәртебесін айқындап, өнердің іргелі саласы ретінде қарады. Тілдік институттар, шешендік мектептер қалыптастырды. Қоғамдағы түрлі категориядағы алқалы жиындар, саяси науқандар, әлеуметтік сипаттағы салтанатты басқосулар сөз жәрмеңкесінде талқыға түсті.

Көпшілік ортада әрқайсымыз да белсенді субъектіміз. Айтушының тыңдаушыға, жазушының оқырманға айтар ойының дәл, түсінікті, әрі нанымды жетуі акустикалық заңдылықтарға, лигвистикалық ережелерге, әдеби нормаларға, айғақты мәліметтерге тікелей тәуелді. Сөз иесінің шаршы топты баурап алуы аса шеберлік пен ыждаһаттылықты талап етеді. Шаршы топ бар икемділігінді шындайтын сайыс алаңы. Мұндай аламанда сөз өнерінің қыр-сырын тану, шебер сөйлеудің ережелерін қамту, шешендік өнердің тарихынан хабардар болу маңызды. Қиыннан қиыстырар қатаң талаптың кәсіби ортадағы жауаптылығы тағы бар. Кез келген мамандық иесі жағдайға өз түйгені мен өзіндік ұстанымы қалыптасқан таным-түсінігі, тәжірибесі тұрғысынан баға береді. Ғылым тілінде, сот ісінде, тіпті күнделікті өмірде де нақты аргументтер мен дәлелдер маңызды.

Шәкірт алдындағы ұстаздың біліктілігі, сот алдындағы қорғаушының дәйектілігі, ел алдындағы саясаткердің көшбасшылық тектілігі, қоғамдағы қайраткердің парасаты, дінтану саласының ағартушылығы, мемлекеттік қызметкерлердің сөз ептілігі жоғарыда айтылған талаптарға жауап беруі тиіс. Наполеон: «Сөйлей алмаған адам мансап жасай алмайды» деген екен. Әр тұлға өз қабілет-қарымынша шешендік өнердің қырын игермей, кәсіби ортада өзін таба алмайды. Дәлелді сөйлеудің түп негізі шешендік өнердің ғаламат құдіретінде жатыр. Адам ойы тіл арқылы айтылады. Ой діттеген мақсатына дөп түсу үшін сұлу өрнекті, көркем бейнелі, әуезді, сазды ырғағымен жүрекке жылы енуі керек. Ол үшін мынадай талаптарды орындаған нәтижелі болады деп ойлаймын.

Басты талап – сөз иесінің (сөйлеушінің) тақырып көлемінде ғана емес, барлық саладан хабары бар жалпы интеллектуалды терең білімі. Мысалы, Түрік Республикасының негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүрік 1927 жылдың 15-20 қазаны аралығында 36,5 сағатты құраған «Түркия тек түріктерге тиесілі» деген ұранымен төңкеріс жасаған халыққа жолдауы кейін қырық баспа табақ болып жарияланды. Венесуэла президенті Уго Чавес тікелей эфирде «Алло, президент!» атты бағдарламада сегіз сағаттан аса үздіксіз сөз сөйлеген. Шешендігімен халықты ұйытқан сөз жарыс кейін сол елдегі рейтингі ең жоғары хабарға айналған. Куба басшысы Фидель Кастро төрт жарым сағат бойы БҰҰ мінберінде сөйлеген сөзі ұйым тарихындағы ең елеулі оқиға болып тіркелді [1, 4].

Екінші талап – сөйлеу әдебі. Қимыл қозғалысы мен ым-ишараларды сыпайы, әрі орынды қолдану – шарша топқа бастайтын өте маңызды өткел. Көпшілік назарын өзіңізге қарата алсаңыз ең басты қадамның жасалғаны. Бұл ішкі кедергілерді жоюдың жемісі. Келесі қадам публикамен араласып, публикамен өмір сүру. КСРО-ның белгілі саясаткері Эдуард Шеварднадзенің танымал қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахмановқа берген сұхбатында: «Маргарет Тэтчер қырық минутта жиырма бес сұраққа жауап берді. Әр сұраққа бір минуттан. Кез келген күрделі мәселенің түйінін екі ауыз сөзге сыйғызып жібереді екен» деп таң қалғанын айтады [1,5]. Бұл жөнінде америкалық БАҚ саласының жүйрігі, жазушы Джей Хайнрихс: «Сторителлинг. Жақсы баяндалған әңгіме, әсіресе олардың өткен әсерлеріне сүйенсе және оны өз атыңыздан баяндап берсеңіз, аудиторияға виртуалды әсерлену береді» деп сипаттайды [3, 108].

Үшінші талап – орфоэпиялық заңдылықтарды: дыбыс, екпін, ырғақ, кідіріс, тұрақты тіркестердің тұтастығын сақтау. Сөздің дәлелді болуына сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөз саптау мәнері, тақырыпты дұрыс тандай білуі талап етіледі. Осы ұстанымдар қалыптасқан айтушының сөзі әлбетте, әсерлі болады. Бірсыдырғы дауыс ырғағы тыңдаушыны жалықтырып алады. Дауыс түрлі толқыныста шыққаны дұрыс. Екпін мен сөз арасындағы кідіріс үйлесімдігі тыңдаушыға тікелей әсер етеді. Сол арқылы айтылған ойдың іске қатыстылығын ажырата аламыз. Мысалы, бейнелі сөздермен ауыстыра отырып, істің тура мағынасын дөп жеткізу ұтымды шығады. Ал, қазақтың арда зиялыларының рухшыл, жалынды сөздері ұлт негізіне ұйытқы болды. Саяси көшбасшы Мұстафа Шоқайдың «Түркістан жастарына» атты таспаға басылған жалынды сөздері, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері бүгінгі күнге мұра болып жетті [1, 4].

Төртінші талап – сөздің дәйектілігі. Тақырыпты толық зерттеу. Тақырып шеңберінде тек сенімді ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге сілтеме жасау. Нәтиже еңбек пен ойданшығады, жүйелі дайындықпен келеді. Толық ақпарат сенімділікке жол ашады. Сенімді сөйлеу жетістікке жетелейді. Қазақ саяси мінберінің көрнекті өкілі, мемлекет қайраткері, Қазақ, Өзбек, Тәжік Республикаларының Халық ағарту комиссары, Қаржы комиссары лауазымдарын қатар атқарған бірегей тұлға, Темір нарком, Темірбек Жүргенов 1927 жылы мамыр айында САГУ-ді (Среднеазиатский государственный университет) үздік бітіріп, «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыру мәселесі» тақырыбында диплом жұмысын қорғады. САГУ профессоры Н.Н.Фиолетов кітапшаға: «Сынақ комиссиясы бұл жұмысты дипломдық жұмыстарға қойылатын дағдылы талаптар дәрежесінің шеңберінен жоғары» деп бағалады [2, 27]. Жалынды жас жігіт темірдей мықтылығымен, бұлтартпас ғылыми негіздемелерімен өзекті тақырыптарды көтеріп қана қоймай, өте қысқа мерзім ішінде жүзеге де асырды. Темірбек Жүргенов 1935 жылы 26 желтоқсанда «Қазақстанда сауатсыздықты жою туралы» баяндамасын жасап қана қоймай, өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырған. «30-жылдар басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 4000 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарский» атанған ағарту комиссары [2,11]. Т.Жүргенов ұйымдастырған 1936 жылғы Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігі қазақ мемлекеттігін қалыптастыруға тікелей ықпал етіп, тарихи бағасын алған ауқымды іс-шара болды.

Азды-көпті ізденістерден, келтірген мысалдардан түйгеніміз біршама. Кейде адамдардың айтқаны мен жасағаны үйлеспей жататыны, негізсіз жалған ақпараттардың үлкен пендешілікке бой алдыратыны, ақ-қараны ажыратпай асығыс түйін жасағаннан үлкенді-кішілі дау туындайтыны бар. Олай болса, дәлелді сөйлеуге талпынып, сөйлеу шеберлігіне машықтану жолын таңдап, зиялы ортаны қалыптастырсақ деймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://tilalemi.kz/kz/news/sheshendik-oner-jane-sheshendik.html>
- 2 Иманғалиев Б. Темірбек Жүргенов. – Алматы. «Полиграфкомбинат» баспасы. 2012 ж.
- 3 Хайнрихс Джей. Дәлелді сөйле. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022 ж.

БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВТІҢ ӘСКЕРИ-ПАТРИОРТТЫҚ РУХТАҒЫ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

А. АЛТЫНБЕК

2-курс курсанты

Г.Т. ӘМЕТОВА

мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушы,

Радиоэлектроника және байланыс

әскери-инженерлік институты

Майдангер-жазушы Баубек Бұлқышевтің балауса ғұмыры Ұлы Отан соғысында бар болғаны 28 жасында қиылды. Сонау сұрапыл соғыс жылдары Баубектің қуатты қаламынан туған «Өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат», «Адамзатқа хат», «Тыңда, Кавказ!» сияқты туындылары үміті солған Кеңес халқының рухын жігерлендіре түскен еді.

«Өмір мен өлім туралы» публицистикалық толғамасында: «Мен – ұлы жиырмасыншы ғасырдың жасымын!» деген жалынды сөздерімен ұрандатты. «Жауыздық

пен махаббат» атты романтикалық драмасымен философиялық ой түйді. «Тыңда, Кавказ!» деп бауырластық үндеу тастады. Арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, қару мен қаламды қатар сермеген майдангерлердің әдеби мұралары, көзсіз ерлігі мен жанкешті еңбектері ғалымдар тарапынан әлі де зерттелуде.

Баубек Бұлқышевтің 1939 жылы 13 наурызда өз қолымен жазған өмірбаяны Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты дерегінде сақталған. «1916 жылы Қарағанды облысының Қарсақпай ауданындағы 9-шы ауылда тудым, әкем революцияға дейін де, одан соң да мал шаруашылығымен айналысты. 1931 жылы колхоз мүшесі болды. Ата-анам өлген соң, мен Қарсақпайдағы ФЗУ-ға (фабрика-завод училищесіне) оқуға кірдім, 1934 жылы бітірдім, 1935 жылдың 1 сентябрінен 1938 жылдың 1 октябріне дейін Алматыдағы Экономика техникумында оқыдым. 1938 жылдың 1 октябрінен Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы жас жазушылар мен ақындардың курсына оқыдым. 1938 жылдың 1 декабрінен «Лениншіл жас» газетінің редакциясында әдеби қызметкермін» деп филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов зерттеу мақаласына сілтеме жасаған екен [1,5]. Б.Бұлқышевтің әскери қызметі туралы мәлімет КСРО Қорғаныс министрлігі Әскери-медицина мұражайының мұрағатында: «810-атқыштар полкінің саперлар взводының командирі аға лейтенант Бұлқышев Баубек 170-ші атқыштар дивизиясы 391-атқыштар полкі рота командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасарлығынан 1943 жылдың 16 ноябрінде келді», – деп көрсетілген [2,42]. Қайраткер тұлға әдебиет, саясат, соғыс майдандарында қатар еңбек етіп, қан төкті.

Баубек Бұлқышев қолтаңбасында ұлттық әдебиетпен қатар әлем әдебиеті үздіктері туындыларының бай колобрациясы қамтылған. Философиялық танымы терең, стилі бөлек. Тынысы кең, бірегей қаламгер. «Мен жиырмадамын, бірақ мендегі ой ақсақалды, байсалды, талай белді артқа салған адамның ойындай. Мен толып жатқан өнер жайын ойлаушы ем. Алдымен ақын болғым келетін. Пушкин мен Лермонтовты, Гете мен Гейнени, Байрон мен Шиллерді, оқығанда, біржола сүңгіп кетуші ем. Мен күйші болғым келетін. Чайковский мен Глинканы, Бетховен мен Шопенді ерекше құмартып тыңдаушы ем. Мен өзімшіл екем, әрі ақын, әрі күйші болғым келетін. Жоқ, шынын айтсам, маған ол да аз еді. Менен гөрі ересек жолдастарым мен бір туған ағаларым институт бітіріп, біреу – инженер, біреу – тарихшы болып шыққанда, осы мамандықтар түгелімен менде де болса деуші едім» деген кіршіксіз арманын қалдырып кетті [3,35]. Баубек өз атынан осы үндеуімен барлық жастың да, адамзаттың да арманын жеткізді. Өршіл жастың келешекке жолдаған өнегелі ісін қалай өзімшіл дей аламыз? Махаббат пен мейірімге толы жастық жалын.

Баубек Бұлқышевтің шығармаларын оқыған сайын өмірге деген құлшынысың арта түседі. Терең философиялық танымына таң қалмасқа болмайды. Балауса балғын жас Баубек Гетенің: «Біздің тәңірден алған ең үлкен сыйымыз – өмір» деген ұстанымын ту еткен терең ойшылдығымен де таң қалдырады. Баубектің: «Осы ғажап қырғын, сұрапыл соғыс үстінде жаныңа сүйеу болатын нәрсе – біздің жігіттер ерлерше өліп жатыр деген берік сенім! Олардың өлімінде де өмір бар» деген қорғасындай салмақты мына сөздері барша халықтың отаншыл рухын оятты. «Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Мен жаспын, мен өмір сүргім келеді. Бірақ бұл күресте сол өмірімді аямаймын да! Аяуға қақым да жоқ деп білемін» деп бұлқынған жүректің сұрапыл дауылға қарсы қайратын танытады [3,37].

Баубек Бұлқышевтің публицистикасы XX ғасырдың 40-жылдарында одақ көлемінде үлкен резонанс тудырған ерекше құбылыс болды. Жалынды жас қаламгердің «Өмір мен өлім туралы» толғамасына Совет Журналистикасының ардагері, Социалистік Еңбек Ері Жуков Юрий Александрович тебірене баға береді: «бұл хатты жай қатардағы жас жігіт емес, терең білімді және ең бастысы, жазғанының болмысына көзі жеткен адам жазғанын байқадық. Хат тек майдангер жолдастары мен тылда еңбек етуші құрдастарына емес, сонымен бірге, болашақ ұрпаққа жолданған. Мәселен: Мүмкін, бұл қайран жастығымды кейін қайтара да алмаспын. Бірақ балауса інілерімнің жас өмірлерін сақтап

қалатыныма, ал бұлардың осы сұрапыл соғыс жылдарында жаумен шайқасқан ағаларын әр кезде мақтан етіп жүретініне кәміл сенемін. Жас жеткіншек інілерім! Сендер әлем тарихы білмеген ең бақытты жастар боласыздар» дейді. Қандай күш жатыр десеңізші осы бір жолдарда!» [2,25]. Баубектің үні таза, болмысы табиғи. Қаламгер досы Мұқан Иманжановқа жазған хатында: «Мен бұл кішкентай статьямен жастардың жүрегіне қобыз ойнатсам керек. Мені хат деген басып кетті. «Өмір сүргім келеді» туралы Совет Одағының бұрыш-бұрышынан 200-ден аса хат алдым» деп жүрек жарды қуанышымен бөлісіпті [3, 25].

Майдангер-жазушының ақындығы өз алдына бір кесек дүние. Белгілі сыншы В.Г.Белинскийдің: «Ақын тамаша, сүйкімді жанға, ғашық болғандай, идеяға ғашық болады, оған жан-тәнімен құмартады» деп ақын жанына берген бағасын Баубек ақын жадына байыппен түйген екен [3,4]. Тұңғыш туындысы «Айсұлу» поэмасын әскерге аттанар алдында 1940 жылы «Әдебиет майданы» журналына тапсырып кетеді. Алайда, түрлі себептермен жарияланбай қалады. Кейін 1948, 1965, 1977 жылдары толықтырылып басылған «Адамзатқа хат» жинағына енген. Патриоттық сезімнің жалыны лаулаған отты жырдың негізгі тақырыбы ретінде жаңа өкімет келіп еркіндік алған, өнер-білімге қол жеткізген Айсұлу мен Айман сияқты қазақ қыздарының адал достық пен қоғам ісіне берілген шынайы бейнелерін сомдаған. Қос құрбының зұлымдықпен арпалысқан қайсар күрескерлігін зор мақтанышпен жырлаған.

Баубек Бұлқышевтің қаламына тән ерекше құбылыс «Ер жеткенде» өлеңінде айқын көрініс тапқан:

«Ер жеткенде есейіп,
Ел болмасқа немене!
Ерке өсіп білімді,
Кен болмасқа немене!
Өткір алмас болатқа
Тең болмасқа немене!
Осы істерді істемей
Ер жеттім деген ерлердің
Сөзіне кісі сенер ме?!» [3, 285].

Дауылпаз ақын Махамбеттің жарқылдаған найзағай жырының сарыны. Бүгінгі ұрпаққа тиесілі отаншылдық рухтағы ұлттық идеологияның терең тамыры осында жатыр. Адамға күш-қайрат, жігер беретін кіршіксіз – тұнық, жастық – албырт сезімге толы өмірге құштар, күрескер, арманшыл бейне. Айта кетерлік жай, хас таланттың әу баста жоспарлаған «Алматылықтар» роман-трилогиясы аяқталмай қалған. Сондай-ақ, көлемі 27 беттік орыс тілінде жазылған «Алтын сағат» әңгімесінің тағдыры әлі белгісіз. Ал, 1978 жылы жас журналистерге арналған Баубек Бұлқышев атындағы республикалық сыйлық тағайындалды.

Біз – ХХІ ғасырдың жастарымыз. Біз ата-бабаларымыз аңсаған білек пен жүректі бірдей қаруландырған зайырлы қоғамның салаутты, саналы ұрпағымыз. Баубектің өмірге құштар өміршең мұрасы қазақ руханиятының кеңістігінде мәңгілік жастықтың алауы болып жалындай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://qazaqadebieti.kz/7467/zharaly-zhyldar-zhyrshysy>
- 2 <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=21834>
- 3 Бұлқышев Б. Заман біздікі. – Алматы: Жалын, 1984 ж.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ БАТЫР БЕЙНЕСІ

Д.Ғ. МОЛДАБЕК,

*2-курс колледжден кейінгі,
Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Г. ЕСИРКЕПОВА

*ф.ғ.к., Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабі қазақ әдебиетіндегі маңызды шығармалардың бірі болып табылады. Бұл шығармада автор қазақ халқының батырлық дәстүрін, ұлттың рухын және ұлттық қаһармандығын ерекше суреттейді. Шығармада басты кейіпкер, Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлының бейнесі ашылады. Момышұлының батырлық жолы тек әскери ерлікпен шектелмей, оның ішкі әлемін, рухани күшін, адамгершілік қасиеттерін де көрсету арқылы, батырлықтың шынайы бейнесін суреттейді. Рухани құндылықтардың болашаққа берері мол.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабі қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Бұл шығарма қазақтың батыр ұлы, Бауыржан Момышұлының өмірін, ерлігін және мінезін баяндайды. Шығарма тек әскери ерекшеліктермен шектеліп қоймай, Бауыржан Момышұлының тұлғасын жан-жақты ашып көрсетеді.

Бұл шығарманың басты ерекшелігі – батыр бейнесінің тереңдігінде. Шығарма барысында Момышұлының тек физикалық күш қуаты ғана емес, сондай ақ оның ішкі рухы, әділеттілік пен ұлтжандылық қасиеттері де айқын көрсетіледі. Момышұлы өз елі мен халқын сүйген жан ретінде, ұлттың намысын қорғап, олардың болашағы үшін күреседі. Осы тұрғыда батыр бейнесі, әсіресе ұрпақ тәрбиесінде үлкен маңызға ие.

Бұл кітап арқылы оқырман батыр тұлғасының адамдық, моральдық және рухани қырларын да көруге мүмкіндік алады. Бауыржан Момышұлы бейнесі кез келген адамға үлгі болатын терең адамгершілік құндылықтарын дәріптейді. Бұл жағдай оқырманды ойлануға, өз өмірін талдауға, адам болмысының жоғары стандарттарына ұмтылуға итермелейді.

Бауыржан Момышұлы – XX ғасырдағы ең танымал қазақ батырларының бірі. Оның батырлығы мен қаһармандығы тек соғыс алаңында ғана емес, сонымен қатар өміріндегі әрбір сәтте көрініс тапқан. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романында Бауыржан Момышұлының ерлігі мен қаһармандық бейнесі жан-жақты сипатталады. Момышұлының ерлігіне қатысты көптеген аңыздар мен шындықтар бар, бірақ оның басым қасиеті – қайсарлығы, батылдығы және халқына деген сүйіспеншілігі.

Батыр бейнесінің қалыптасуы «Ақиқат пен аңыз» кітабында батыр бейнесі әскери ерлік пен жауынгерлік дағдымен ғана емес, солардың астарындағы адамгершілік құндылықтарымен, рухани күштермен тығыз байланысты.

Бауыржан Момышұлының батырлығы сыртқы қару-жарақ пен күштер емес, ішкі рухани батырлықтан тұрады. Ол жауынгер ғана емес, өзінің азаматтық, рухани ерлігімен де алдыңғы қатардан орын алады. Шығармада батырдың әскери шеберлігі мен қайсарлығы, Отанға деген адалдығы, оның жүрегіндегі ұлтқа деген махаббат көрсетіледі. Момышұлының әскери әрекеттері мен жауынгерлік тактикасы ғана емес, оның адамдық қасиеттерімен моральдық принциптері де назарға алынады. Батыр өз жолында тек жауға қарсы емес, өзінің қорқынышы мен күмәніне де қарсы тұрады. Ол әрдайым халықтың мүддесі үшін, елдің тәуелсіздігі мен болашағы үшін күрескен нағыз ер адам ретінде сипатталады.

«Ақиқат пен аңыз» шығармасының басты ерекшелігі – Бауыржан Момышұлының батырлық бейнесінің шынайы әрі жан жақты көрсетілуінде. Автор тек әскери қимылдарды суреттеу ғана емес, сонымен қатар, батырдың өміріне философиялық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Шығармада батырдың адамгершілік қасиеттері басты рөл атқарады. Бауыржанның ұлттық рух пен патриотизмге деген көзқарастары, оның басшылығындағы әскери бөлімшелердің моральдық жағынан мықтылығы көрсетіледі. Ол жауынгерлеріне тек әскери тәртіп пен әдіс тәсілдерді ғана үйретіп қоймай, оларды Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдыққа тәрбиелейді. Оның патриоттық көзқарастары мен ұлттық рухты көтеруге бағытталған іс-әрекеттері осы бейненің маңызды қырларына айналады.

Бауыржан Момышұлының ерлігінің ең көрнекті кезеңі – Ұлы Отан соғысы. Ол Мәскеу түбіндегі шайқастарда, Сталинград, Курск және басқа да маңызды соғыстарда жауынгерлік ұрыстарға қатысып, ерекше батырлық танытты. Оның өзіне тән соғыс жүргізу әдістері мен тактикалары өзге командирлердің назарын аударды. Оның батырлығы тек шайқастарда ғана емес, сонымен қатар моральдық, психологиялық тұрғыдан да ерекше болды. Ол сарбаздарын қиын кезеңдерде рухтандырып біріккен күш арқылы жеңіске жетуге ұмтылдырды. Б.Момышұлының айтуынша «батыр болу үшін ең бастысы-өзіңе сену керек». Оның батырлығы дәл осы сенімнен шыққан деген ой түйдім.

Қайсарлық және қиындықтарға төзімділік; Бауыржан Момышұлының ерлігі тек жауынгерлік алаңда ғана емес, өмірде де айқын көрінеді. Ол әскери қолбасшы ретінде сарбаздарына қарағанда әлдеқайда қиын жағдайларда, жанкешті ұрыстарды тұрып, өз халқының еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресті. Ол ауыр қиыншылықтарға төзді, көптеген жарақаттарды бастан өткерді, бірақ ешқашан рухын сындырып, соғысты тоқтатпаған. Осы тұрғыда, оның ерлігі – қиындықтар мен сынақтарға төзімділігінде, әділдік үшін күресуінде жатыр.

Б.Момышұлының батырлығы тек соғыс алаңында ғана емес, ұлттың болашағына деген сенімінде де болды. Ол ұлттық рухты көтеріп, өзінің сарбаздарына тек әскери дағдыларды ғана емес, халықтың тарихын, дәстүрін де үйретті. Батыр өз өмірінде «ел үшін туған азамат» болуды ең маңызды нәрсе деп санады. Оның ерлігі ұлттың болашағы үшін күрестен, өзінің азаматтық борышын адал орындаудан тұрды.

Бауыржан Момышұлының қахармандық бейнесі оның өміріне тән. Оның өмірі, ерлігі мен қайсарлығы, әділдігі мен адамгершілігі арқылы қалыптасқан қахармандық бейнесі ұрпаққа үлгі боларлықтай. Момышұлы өзінің ерлігін көрсеткен бірқатар жауынгерлік шайқастарда қаза тапқан мыңдаған әріптестері мен достарына жанашырлық танытып, оларды ұмытпады. Әрбір ұрыс оның қахармандығын шыңдап, оның тұлғасын биік деңгейге көтерді. Сонымен қатар, оның әскери тактикасы мен стратегиясы көптеген замандастарының көмекке жүгінетін негізгі көзі болды.

Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі ұлттық рухтың ең жарқын көрінісі болды. Ол әрқашан өзінің халқын, оның тарихын, мәдениетін және тілін жоғары бағалаған адам. Б. Момышұлы үшін ұлттық рух дегеніміз – халықтың өзіне тән қасиеттерін сақтай отырып, оның болашақ ұрпаққа жеткізу, ұлттық сананы жеткізу, ұлттық сананы ояту және дамыту болды. Ол өз халқына деген адалдықты, ұлттың тәуелсіздігін қорғауды басты мақсат етіп қойды.

Бауыржан Момышұлының патриотизмі – оның барлық іс әрекетті мен көзқарастарының негізі болды. Патриотизм – бұл өз елін, ұлтын, жерін сүйіп, оны қорғауға дегеншексіз адалдық. Момышұлының патриотизмі тек сөзбен айтылатын нәрсе емес, ол оның өміріндегі нақты іс-әрекеттермен дәлелденген. Ұлы Отан соғысы кезінде оның жауынгерлерін тек әскери дағдыларға ғана емес, Отанға деген сүйіспеншілік пен оның болашағы үшін күресуге үйретті. Ол өз сарбаздарына тек жеңіс үшін ғана емес, елдің тәуелсіздігі мен болашағы үшін күресуге үйретті. Патриотизм оның жүрегінде өмір бойы сақталды, бұл өз кезіндегі оның бүкіл өмірінде, әсіресе соғыс жылдарындағы ерліктерінде көрініс тапты.

Бауыржан Момышұлының өмірі мен қызметі ұлттық рух пен патриотизмнің шынайы үлгісі болып табылады. Оның өз ұлттына деген сүйіспеншілігі, батырлығы мен ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі ретінде мәңгі есте сақталады. Бауыржан Момышұлының ерліктері мен ұлттық рухы, оның патриоттық көзқарастары-әрдайым біздің жүрегімізде патриотизмнің асыл қасиеттерін сақтау мен дамытуға бағытталған күш-жігер болары сөзсіз.

Шығармадағы батыр бейнесі өскелең ұрпақ бойына батылдық пен ерлік, адами адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына негіз болары сөзсіз.

«Ақиқат пен аңыз» шығармасының тағы бір ерекшелігі – бұл шығарманың тек батырлар туралы емес, ұлттық рух пен патриотизмнің мәнін терең түсіндіретін туынды болуы. Бауыржан Момышұлының батырлығына деген көзқарасы соғыс кезіндегі ерлігімен ғана шектелмейді. Ол өз жауынгерлерінің елінің тәуелсіздігі мен болашағы үшін құрбадыққа баруға тәрбиелеп, олардың жүрегінде Отанға деген махаббатты оятты. Бұл кітап әрбір оқырманға Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігі арқылы ұлттық рух пен патриотизмнің маңыздылығын түсіндірді.

Қорытынды

«Ақиқат пен аңыз» Бауыржан Момышұлының батырлық бейнесін терең және жан-жақты ашып көрсеткен шығарма. Бұл кітап арқылы біз батырдың әскери ғана емес, рухани, адамгершілік, азаматтық қасиеттерін де толықтай танып білеміз. Өзілхан Нұршайықов шығармасында Бауыржан Момышұлының тұлғасын тек тарихи және әскери жағы тұрғысынан ғана емес, оның адами болмысы, ішкі дүниесі, ұлттық рух пен патриотизмге деген көзқарастары тұрғысынан да суреттейді. Оның батырлығының өзі ұлттық рухты сақтап қалуға деген ұмтылысының көрінісі. Қазақ халқының рухани мұрасының бір бөлшегі болған Бауыржан Момышұлының бейнесі бүгінгі ұрпақ үшін өте маңызды. Оны үлгі тұтып, оның тәлімдерін өмірде қолдану – бұл біздің ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен қорғаудың басты жолы. Оның бойындағы рухани күш, ұлттық мүдде үшін күресуге деген сенім мен табандылық бүгінде әрқашан да жаңғырып, жастарға патриоттық тәрбие мен ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады. Сондай-ақ, бұл кітап тек батырлық туралы ғана емес, сонымен қатар адамның өз жеріне, еліне деген жауапкершілігі мен сүйіспеншілігі туралы үлкен ой салатын шығарма. Бауыржан Момышұлының іс-әрекеттері мен көзқарастары ақылы батырлықтың қандай болу керектігін, нағыз патриоттық сезімнің мәнін және әр азаматтың ел алдындағы міндетін тереңірек түсінеміз.

«Ақиқат пен аңыз» кітабындағы батыр бейнесі – бұл тек тарихтағы бір тұлғаның ғана бейнесі емес, ол бүкіл қазақ халқының ерлігі мен даңқын, рухын бейнелейтін образ. Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлігі бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлкен тағылым терең. Бұл кітапты оқыған әр адам өз Отанына, ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, болашақ үшін жауапкершілігін сезінеді деп сенемін. Бауыржан Момышұлының батыр бейнесі ғасырлар бойы ұлттың мақтанышы мен ұлттық рухтың тірегіне айналатыны сөзсіз.

Біздер әскери қызметте, еңбек жолындағы түрлі қиындықтарды жеңуде сабырлық, адалдық, әділдік қаншалықты маңызды екендігін сезіндік. Шығарманың өн бойынан батырдың нағыз айқын бейнесін автордың жеткізу шеберлігін аңғардық. Өмір деген түзу жол емес. Сол жолда кездесетін түрлі кедергілерді жеңуде ер азаматтық, батыр бойында болу керек қасиеттерге қанықтым. Батыр бейнесі – бүкіл қазақ халқының ерлігі мен даңқын, рухын көтеретін образ. Бүгінгі өскелең ұрпақтың бой түзеп, қалыптасуына тәлімі терең тұлға.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

- 1 Өзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз».-Алматы .2009ж . -280б

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САЯТШЫЛЫҚ ӨНЕР (ҚЫРАН БҮРКІТ, ЖҮЙРІК АТ)

Д.С. МОЛДАХАНОВ

*2-курс курсанты, Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Г. ЕСИРКЕПОВА

*ф.ғ.к., Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институты*

Қазақ халқының ғажайып өнерінің бірі – осы саятшылық, яғни құс алу арқылы аңшылық құру. Бұл өнер тіршілік қамы ғана емес, көңіл көтеру, бойға күш алу, қызықтау әрі спорт ретінде қазақ даласында тым ерте дамыған. Саятшылық негізінде аңды құс салу арқылы аулайды. Саят құстарына бүркіт, сұңқар, қаршыға, тұйғын, ителгі сияқты алғыр құстар жатады. Саят өнері ептілікті, білгірлікті, табиғат тылсымын жете білуді, сондай-ақ аталған құстарды ұстау, баулу сияқты «бір сырлы, сегіз қырлы» болуды талап етеді. Саятшылар ел ішінде өте сыйлы, құрметті адамдар қатарына жатады. Олар кезінде осы құс салу арқылы ел-жұртты тамақпен (етпен), қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілерімен қамтамасыз еткен ел қомқоры, асыраушысы деп те санаған. Саятшылардың ең негізгі құралы – қыран бүркіт. Бүркіт – текті құс. Оны сол бүркіттей жігіттер ғана ұстап, бабын келтіріп аңға салады. Бүркітті балапан кезінде тай басынан, құз қиясынан әдейі барып алады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ сөз өнерін жаңа биікке көтерген ұлы тұлға Абай. Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Шыңғыстау бөктеріндегі Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген. Жасынан зерек болған Абай ауылда әжесі Зеренің бауырында туған халқының мәдениетінен терең білім алған. Ел ішіндегі беделді би-шешендер мен ақын-жыршылардың өнегесін құлағына құйып өскен. Шығыс, Батыс ақындары мен ғұламаларының еңбектерін оқиды.

Ұлы ақынның мол әдеби мұрасы, көркемдік пішіні мен мазмұн байлығы қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік туынды. Сондықтан да Абайды қазақ халқының дана ақыны, қазақ әдебиетінің классигі, данышпан ойшылы деп ардақ тұтамыз.

Абай – қазақ халқының тарихи көшін ілгері бастауда, ой-пікірлердің шеңберін кеңейтуде, ұлттық болмысымызға дара біткен жарық жұлдыз. Абай тағылымы оның даналығында, данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде.

Абай шығармашылығы – бүгінде бүкіл адамзаттың рухани байлығы, арзымас игілігі. Біздің міндетіміз – алдымен оның өлмес мұрасын танып, түйісініп, көңілге түю, сосын адамдық ғұмыр жолымыздың желкенді жетекшісі, адастырмас темірқазығымызға айналдыру. Құстың қырағысы бүркіттің және жүйрік аттың жолаушысын жолда қалдырмайтын қасиеттерін ерекше суреттейді. Олай болса, хакім Абай сөзіне құлақ түрелік.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда (1.14).

Шығармада ыңғайлы ықшам киінген аңшы адамға бүркіттің аң аулауда қаншалықты қыран құс екенін сипаттайды. Бүркітті баптау, ертеден қырағылықты, ептілікті, шыдамдылықты қажет етеді. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Аңшылықтың үміт, қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір.

Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болған айналасына, құсшының ебіне арналған талай шешен сөздер бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелер көп» деп жазғандай, «қазақтың болмыс-бітімі, тұрмыс-тіршілігі осы қыран құсқа ұқсаған ба, әлде қыран құс қазақтың болмысына бейімделген бе» деген ой келеді. Қарға-құзғыннан қалған жемтікке көз тікпейтін, таза өз еңбегімен ұстаған аң-құсының етімен ғана қоректенетін талғамы жоғары, текті құстың мінезі – қазақтың өз болмысы секілді. Ер жігіттің жігерлігі, батылдығы, адалғы биік шыңдарға жетелері сөсіз.

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құста, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма. Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнерімен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін біле тұрып, жерге кіргендей, я бір арамдығы шыққандай, жамандығы білінгендей болып несіне ұялып, қорланады екен? (Жиырма алтыншы сөз.) (2.65)

Абайға дейінгі поэзияның шыңы – жыраулар шығармасы десек, олардың басым көпшілігі мемлекеттік проблемаларды айтып, әміршісінің қасиеттерін жырлады. Олай болса, мына жазған шығармасын тындап көрелік...

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.
Күшік ит бәрі ала ма жабылса да?
Тәңрі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.(1.132)

Бұл шығарма да Абай: Өмірдің жақсы мен жаманы, ақ пен қарасын дұрыс ажырата білу керектігін астарлап жеткізген. Тұлпардан тұғыр ешқашан озбаған, ал көк бөріні қаншама ит жабылса да жене алмаған деп астарлап жеткізеді

Абай тұлғасы мен оның мұрасы қазақ мәдениеті үшін мәңгі құбылыс десек те, оларды тура түсіну үшін тарихи таным, және көзқарас қажет. Яғни Абай шығармашылығын ол өмір сүрген тарихи уақыт және ортамен тығыз байланыста ғана қарап түсінуге болады.

Абай поэзиясы ол шыншылдығы мен даналық ойларымен ерешеленеді. Адам мен табиғат арасындағы байланысты жүйелі жүйрік ойлармен оқырманына жеткізе білген. Қазақ елінің иманды, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиесінде рухани құндылықтардың алар орны ереше. Абайды оқыған сайын батырлықтың, қаһармандықтың аңдақтысы да, асылы-жүректің батылдығы мен білімнің тозбайтындығын аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Абай шығармалары, өлеңдері.-Алматы.1994. 414б
- 2 “Қазақтың бас ақыны”: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Құр. С.Қорабай – Алматы: Дәуір, 2004 – 120 бет.

ИЗУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА: ПЕРСПЕКТИВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Г.Р. СЕТАН

*курсант 2 курса Военно-инженерного института
радиоэлектроники и связи*

С.М. БАЛТАБАЕВА

старший преподаватель кафедры иностранных языков

В статье рассматриваются перспективы и трудности изучения английского языка. Подчеркивается преимущество использования Интернета в процессе обучения языку. В настоящее время английский язык занимает значимое место в жизни любого человека. Всего лишь несколько лет назад он воспринимался всеми как иностранный. Но со временем его роль настолько возросла, что теперь он считается международным. Другими словами – это глобальный язык всего мирового сообщества. Английский язык уже давно стал международным средством общения, инструментом для бизнеса, науки, образования и культуры. С развитием глобализации и цифровых технологий, английский продолжает сохранять свое значение и открывает перед людьми новые горизонты. В статье рассмотрим, какие перспективы и возможности предоставляет изучение английского языка. Сегодня английский язык является официальным или широко распространенным во многих странах мира. Он используется как первый или второй язык для более чем 1,5 миллиардов человек. Этот язык стал основным средством общения в международных организациях, таких как ООН, Всемирная торговая организация и Европейский Союз, а также в бизнес – среде и научном сообществе. Благодаря этому, английский язык играет ключевую роль в глобальных коммуникациях и вносят значительный вклад в развитие мировой экономики. Знание английского языка – важнейший актив для карьерного роста.

